

Н.Оразахынова, Е.Мұхтарова, Р. Шалова, М.Абдукодирова

**«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІ
(Әдістемелік құрал)**



Астана 2015

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

(Әдістемелік құрал)

Оразахынова Н.А, т.б.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал /Н.Оразахынова, Е. Мұхтарова, Р.Шалова, М.Абдукодирова/. – Алматы: 2015. – 236бет.

Бұл әдістемелік құралда мектеп мұғалімдеріне Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» (ОСКО) технологиясының ұстанымдары, ерекшеліктері мен тиімділігі және әдістемесі жөнінде мәліметтер, әр пән бойынша құрастырылған сабақ үлгілері берілді.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТАМАСЫ

Білім алушыларымызға сапалы, ұлттық сипатта заманауи білім береміз десек, Алаш арыстарының педагогикалық, психологиялық, әдістемелік ой-тұжырымдарын білім беру жүйесінде басшылыққа алып жұмыс жасаудың мерзімі жетті деп ойлаймыз. Оған дәлел – олардың аталған ғылым салалары бойынша қалдырған мол мұралары. Алаш арыстарының білім беру мен ұлттық тәрбие саласындағы тың ойлары бүгінгі күннің сұранысын толық қанағаттандыратындығы ешқандай күмән туғызбасы анық. Ол үшін олардың әр айтылған ой-тұжырымдарына ерекше зерделілікпен, ұқыптылықпен қарап, қажетіне қарай ұстаздарымыз іс-тәжірибесіне ықыласпен енгізіп отыруы бүгінгі заманауи білім берудің басты қағидасы болу керек. Ең алдымен Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына бір қағидасын бұлжытпай орындауға міндеттіміз: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» [1, 357-б.]. Сондықтан ұлттық оқыту жүйесін А.Байтұрсынұлының осы пікірін басшылыққа ала отырып, бастауыш мектептің бірінші сыныбынан, тіпті балабақшаның мектеп алды дайындық тобынан бастап мына пікірін қалтқысыз орындау бүгінгі біздің басты мақсатымыз болуға тиіс: «...Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы [1, 434-б.]. Оған біздер биылғы бір жылдық тәжірибелік жұмыстың барысында көз жеткіздік.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясына екінші бір тірек болар теория Ж.Аймауытовтың комплексті оқыту жүйесі. Ол комплексті оқытуға былайша анықтама береді: «Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды комплекс деп атайды. Одан да дәлдеп айтқанда:

Өмірде шын жолығатын нәрселерді, құбылыстарды байланыстырып, ол құбылыстарды байланысқан, іліктескен, бір-біріне әсер еткен қалпында араларындағы қатынасын зерттеуді комплекс дейді. Комплекстің бірден-бір мәнісі – «түйдек», «жуымық», «топ» деген сөздерге тура келеді. Ненің

түйдегі, ненің жуымығы десеңіз, әр алуан нәрселердің түйдегі, жуымығы болу керек. [2, 5-том, 22-б.].

Ж.Аймауытов Комплекс тақырыбы қандай болу керек дейді де, оны былай санамалап көрсетеді:

Бірінші, «Тақырып кездейсоқ болмасын, оның мәнісі: не болса соны тақырып қып ала салма деген сөз», – дейді де, оған мынадай уәж айтады. ...Сондықтан алғашқы жылы мағлұмат үй іші мен мектеп маңынан беріледі. Үй ішін зерттеп болған соң, аулына, одан кейін аймағына, бара-бара мемлекетіне көшеді...[2, 5-том, 18-б.]. Біз оны оқу құралдарымызда былайша жүйелеп жүрміз. Мысала **ана** деген сөзге сөзсазындық талдау жасата отырып, осы сөздің қадір-қасиетін баланың түсінуі, өздерінің аналарын құрметтеп, ардақ тұтып жүруі үшін жаттығуларды «түйдектеп», әрі лексикалық материалды кездейсоқ алмауды мақсат еттік. Бұл бір ғана сөзді талдауда емес, кез келген тілдік талдауда осы жүйені сақтап отырамыз.

Екінші, тақырыптың бөлімдері (тараулары) бір-біріне жалғасып, тіркесіп, тетелес келіп отырсын, шатасып, араласып, былығып кетпесін. Жоғарыдағы үлгі кейінгі тақырыптарды да сақталып отырады. Бұл талапты орындауға да «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы өте тамаша үйлесім табады. Мысалы, тірек сызба арқылы жүргізілетін талдау жұмысында өткен материалдар міндетті түрде кейінгі өтетін тақырыптармен жалғасып, тіркесіп отырады.

Үшінші, тақырып пұшықтың танауындай, тыныстар болмай, білімнің әр тарауынан мағлұмат бергендей, жан-жағы кең суат көлдей болу керек...

Тақырып қолма-қол мағлұмат беріп, баланың білімін іске орайын арттырғандай болу керек. «Комплекс», «пәнге» қарсы қойылған сөз болғандықтан, нәрсенің соқа басын ғана емес, өмірдегі нәрселердің түйдегін толық зерттеу керек. Бір, екінші кішкене тақырыптарға қайраңдап, оқудың көлемін тарылту баланың табиғатына да қиын соғады. Тұсаулы малдай, баланың қол-аяғы бір уыс боп, тыпырлап, тырбаңдап қалады. Мұғалімнің тынысы тарылатыны өз алдына. Ғалымның бұл пікірін біз технологияның білімді меңгертудегі бірінші деңгейі бойынша кез келген пәннің мазмұнын белгілі бір тірек сызбалар арқылы әуелі жазылым бойынша сатылап талдап үйретеміз. Бұл деңгейде мұғалімге көбірек күш түседі. Егер осы деңгейде мұғалім бар күш-жігерін салып, балаға білімді мұқият, сауатты меңгертсе, қалған тоғыз деңгейде бала өз бетімен жұмыс жасайды да мұғалім тек бақылаушы, бағыт беруші қызметін атқарады. Онда әр пәннің ерекшелігіне қарай тірек сызбалар басшылыққа алынады.

Төртіншіден, тақырып барлық баланы жұмысқа етпеттеп жұмылдырғандай, бәріне де қызық, бәріне де қызмет табылғандай болсын.

Дайын мағлұматты мұғалім айтып беріп, балалар жадағай отырып, таңдағандай болмасын, мұғалімнің жәрдемімен өмір мәселесін бала өздігінен ойлап, ізденіп шешкендей болсын. Ж.Аймауытовтың бұл қойып отырған талабы да «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында жақсы үйлесім табады. Тірек сызбалар арқылы теориялық материалды сауатты

меңгерген оқушы өз алдарына жеке-жеке жұмыс жасап, алған білімдерін практикалық тұрғыда сауатты қолдана алдады. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегідей бір ережені бәрі бірдей қайталап шықпайды. Өзі талдап отырған тақырыпты жан-жақты ғылыми тілде баяндап шығады. Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау машықтығы қалыптасады.

Бесіншіден, әрбір тақырып өзге тақырыптар қатарынан оғаш, шешек шыққан үйдей оңаша тұрмасын. Барлық тақырып көгеннің бұршағындай тізіліп, ол тізілісте тетелестік болсын. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында өткен барлық тақырыптар сызбаның өн бойында сақталып, жаңа өтілетін материалға тірек болып, сабақтастықта байланыстыра түсіндіруге негіз болады. Сондықтан білім оқушының санасында қайталау және дағды арқылы тұрақталып, ұзақ уақыт естерінде сақталады. Бұл мұғалімнің өткен материалды олардың естеріне қайта жаңғыртып түсіру кезінде қиындық туғызбайды. Білім оқушының санасында берік байланатындығы соншалық, алдыңғы сыныптарда өтілген материалдар да олардың жадында сақталып қалады.

Алтыншыдан, бір тақырыпқа керекті, керексіз көп дерекерді шоқытпап тығып, тақырыптың басынан асырып тұншықтырмасын. Басы тақырыптан, кіндік пікірден алыстап, қияға шығып кетпесін, артығының бәрі қырнанып, алып тасталсын. Бүгінгі таңдағы мектеп партасында отырған оқушыларға нағыз керек тәсіл. Сондықтан «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында балаға әр тақырыптың ең керекті өзегі сызбаға салып меңгертіледі. Көзімен көріп, жазып, есту арқылы меңгерген білім оқушыға әлде қайда жеңіл, тұрақты болады.

Жетіншіден, тақырып таңдап алып, оны жұмыстанғанда жаттығу есеп, тіл ұстарту, жазу, оқу, еңбек қылу, өнер жасауы деректері жеткендей толық болсын (барлық сабақ уақытының 40 проценті немесе тең жарымы жаттығу жұмыстарына арналған жөн). Сызба арқылы теориялық материалды сауатты меңгерген оқушылар бұл айтылған мәселелерді өз беттерінше орындауға толық мүмкіндіктерінің жететіндігін тәжірибе дәлелдеп отыр. Ол оқушылардың бірінші сыныптан бастап жазған жеке жұмыс дәптерлері мен жасаған қоржындарынан (портфолио) көрініс тапқан.

Ж.Аймауытов комплекс жүйесінің пән жүйесінен артықшылығын былайша көрсетеді:

Пән жүйесімен оқыту

- Пән жүйесімен оқытқанда, пәндер жеке-жеке өз жолымен жүреді, бірінің арбасына бірі соқтықпайды, ең ұқсатқанда аз-маз жарыса үзеңгі қағыса оқылады.
- Пән жүйесінде мұғалімдер әрқайсысы өз пәнін оқытып, өзгеге бұрылмайды, жазаласа, бірінің сабағына бірі қайшы келіп, бірінікін бірі өтірік қып отырады, әсіресе, дін молдасы мен пән молдасы шартпа-шұрт түсе береді.
- Пән жүйесінде өмірді, құбылысты қолма-қол зерттеу деген жоқ, барлық білім кітапта болады, білімді тәжірибе арқылы баланың өз көзі жетіп таппайды, мұғалімнің сөзіне сенеді, оқу заманнан аулақ қалады.

- Пәндерді бөлшектеп оқыту баланың жан жүйесіне қарсы. Бала нәрсені тұтас түрінде, іске пайдалы жағынан қарап, ұғып біледі, бөлшегін, тарауын, қимылын елемейді.
- Пән жүйесінде сағат сайын пәндер алмасып, ауысып отырады да, баланың ынтасын бірде-біріне тұрақтатпай, алаң қылады.
- Пән жүйесінде адамның тіршілігіне керекті, керексіз көп сөздермен, пікірлермен баланың басын тығындап, миқата қылады.

Комплексті оқыту

- Комплекс жүйесінде мұғалімдер арасында алауыздық болмайды, дін молдасы мектептің қарасын көрмейді. Молда балаға икемденеді, баланың сұрауын қызық көргенін еске алып, баланың өзіне тапқызады, істеуге тырысады.
- Комплексте бала өмірді, құбылысты өзі бақылайды, зерттейді, тәжірибе қылады, оқуды заманға тіреп, заманмен байланыстырып оқиды.
- Комплекс тұтас, түйдек түрде ұқтырады, баланың жан жүйесіне тура.
- Комплекс жүйесімен оқытқанда, пәндер бірігіп бір жолмен, бір арнамен ағып, айқасып, араласып оқылады.
- Комплексте сабақ үздіксіз бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып отырады, бір сағатта бітпеген нәрсе екінші сағатта зерттеледі. Тыныс деген сабақтың арасын жіктеу үшін емес, дем алу үшін, бой көтеру үшін істеледі. Баланы бірден-бірге алаңдатпайды.

Комплексте керексіз көп материалдар шағындалады, сұрыпталады, тек еңбек пен жаратылысқа, қоғамға қатынасы бар, өмірге керектілері алынады. [2, 5-том, 24-24-б.].

Ж.Аймауытовтың осы салыстыруын негізге ала отырып дәстүрлі оқыту мен сатылай кешенді оқытудың айырмашылығын төмендегідей салыстыра отырып көрсетуге болады.

Дәстүрлі сабақ:

Мазмұндағы басымдылық: Мұғалім: түсіндіреді, тыңдайды, сұрақ қояды, көрсетеді, жазады, тексереді, бағалайды. Оқушы: кедергі келтірмей, тып-тыныш отырып тыңдайды.

Мақсаты: Оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастыру.

Бастапқы мазмұны: Факторлар, мысалдар, тақырыптар, дәлелдемелер.

Оқытудың формалары: Жеке, топтық.

Оқытудың әдістері: Ауызша түсіндіру, көрнекілік, практикалық жұмыстар.

Бақылау, бағалау: Оқытудың нәтижесін мұғалімнің бақылауы, бағалауы.

Сатылай кешенді оқытуда:

Мазмұндағы басымдылық: Мұғалім: мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетелейді. Оқушы: белсенді субъектіге айналады.

Мақсаты: Байқампаздығын, ойлаудың практикалық әрекетін дамыту.

Бастапқы мазмұны: Заңдылықтарды, теорияларды, ұғымдарды, ережелерді қорыту.

Оқытудың формалары: жұптық, топтық, бірлескен ұжымдық әрекет.

Оқытудың әдістері: Баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылық, зерттеушілік.

Бақылау, бағалау: Оқушылар бірін-бірі, өзін-өзі бақылау, бағалау, сын, пікір айту.

Қорыта келгенде, Алаш арыстарының педагогика, психология, әдістеме саласындағы еңбектері бүгінгі қоғамның білім беру талаптарына толық жауап бере алады. Сондықтан оларды білім беру жүйесіне мақсатты түрде енгізу біздің азаматтық борышымыз болуы керек.

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГОИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы халыққа Жолдауында жас ұрпаққа білім беру ісі кезек күттірмес көкейтесті мәселелердің бірі ретінде аталып өтті.

Жолдауда атап көрсетілгендей, озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру қажет.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Сол арқылы білім алушының рухани жан дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

Әлемдік бәсекеге төтеп бере аларлық мұндай зияткер тұлғаларды тек жоғары сауатты, дарынды мұғалімдер ғана тәрбиелеп шығара алады. Сондықтан мұғалімдерді конструктивтік-технологиялық жұмысқа бағыттау- маңызды мәселе. Оқу жүйесіне тиімді технологиялардың енуі – бүгінгі күннің өзекті де басты талаптарының бірі. Қазіргі таңда балама технологиялардың саны көп. Әр технологияның өзіндік ерекшелігімен қатар айырмашылығы бар.

Соңғы кезде мектептерде кеңінен қолданысқа енген технологиялардың бірі – Н.А.Оразаханованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын бүгінгі таңда балабақшаның мектепалды даярлық топтары мен мектептерде, жоғары оқу орындарында қолдану өз нәтижесін беруде. Технология авторы Н.А.Оразаханованың пікірінше: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі», – деп сипатталады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі психология, педагогика ғылымдарының қағидаларымен, Алаш арыстарының білім беру, тәрбиелеу

жөніндегі ой-тұжырымдары және әр түрлі пәндердің теориялық негіздерімен тығыз байланысты.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістері – білім алушының қажетті материалды жеке-жеке салаларға жіктемей, тұтас игеріп, толық қабылдауына мүмкіндік жасайды. Бұл тұрғыда автор Ж.Аймауытовтың комплексті оқыту жүйесіне жүгінетіндігін айтады.

Педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі түрі – сабақ. Сабақ дегеніміз не? Оған «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша анықтама берсек:

- сабақ – мұғалімнің шығармашылық орта қалыптастыруы;
- сабақ – білім алушыны субъект ретінде дамуын үнемі назарда ұстауы;
- сабақ – әр баланың ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындауы;
- сабақ – оқушыға деген құрмет, ізгі қатынас;
- сабақ – өзара әрекет жасау, жанды жұмыс.

Сабақтың құндылығын арттыратын талаптар:

1. Сабақтың мақсатын, міндеттерін хабарлау, материалды оқып-үйренудің практикалық қажеттілігін көрсету.
2. Сабақ типіне, берілген тақырыпқа арнап оқытудың тиімді формаларын, әдісі мен тәсілдерін дұрыс таңдау.
3. Сабақтың кезеңдеріндегі оқушы мен мұғалімнің барлық іс-әрекеттерін жоспарлау.
4. Сабақтағы оқушылардың өзіндік жұмысының түрі мен көлемін анықтау (дербес тұрғыдағы танымдық әрекеттер).
5. Оқушының өздігінен білім алуына толық жағдай жасау (оқушы-өзімен-өзі форматы).
6. «ОСКО» технологиясында диалог арқылы үйрену, яғни «Мұғалім-оқушы», «Оқушы-оқушы», «Оқушы-өзімен-өзі» басты әрекеттердің бірі екенін үнемі назарда ұстау.
7. «ОСКО» технологиясында – білім беруде ұлттық құндылықтарды бірінші кезекке қою, рухани-адамгершілік құндылықты бала бойына сіңіру басты мәселе.

Жалпы «ОСКО» технологиясына байланысты сабақ жоспарын құрғанда сабақтың үш негізгі мақсатын анық та айқын көрсетуді басты назарда ұстаған дұрыс. Себебі, бүгінгі таңда жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы қоғамда алаңдаушылық туғызуда. Сол себепті әр ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін жоғары деңгейдегі, жан-жақты білімді адам болуға баулу. Әрбір пән, әрбір сабақ, әрбір тақырып осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы керек. Осы тұрғыдан алғанда «ОСКО» технологиясының басты ұстанымы – тәрбиелік ұстаным. Дәстүрлі сабақтарда үш мақсаттың біріншісі – білімділік болса, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында тәрбиелік мақсат алдыңғы орынға шығарылған. Себебі, әл-Фараби бабамыз

айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұстанымы басты мақсаты. Ұлттық тәрбие негізінде ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақталған құнды тәжірибелері мен тәлім-тәрбиесін, адамгершілік қағидаларын оқушы бойына сіңіру – әр сабақтың басты мақсаты, ол әр сабақтың өн бойында көрініс табады (сабақтың үлгі жоспарларынан көрінеді). Дәстүрлі сабақтарымызда берілетін жаттығулар, тапсырмалар, өзіндік жұмыстар, қосымша материалдар тақырыпты жан-жақты ашуға, оқушының логикалық ойлауына, танымдық дүниесінің баюына толық мүмкіндік бермеумен қатар олардың арасында бірін-бірі толықтыратын, сабақтастыратын байланыс, үйлесімділік жеткіліксіз. Сондықтан білім алушылардың кез келген мәселе жайында жоғары деңгейде ой қозғауға, көркем тілде баяндауға өресі жете бермейді. Ал, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында теориялық білім ғылыми тілде терең меңгертілумен қатар баланың мұғаліммен, өз бетінше орындайтын барлық тапсырмалары ұлттық құндылықтарға негізделген. Сол арқылы бала тәрбиемен қатар білім де алады.

Енді, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша құрылған сабақтың жобасына тоқталсақ. Сабақ 3 кезеңнен тұрады.

I кезең. Өткен материалды еске түсіру.

Бұл кезеңде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының жүйелілік, сабақтастық ұстанымдары және жалғастық заңдылығы ескеріледі. Өйткені білім алушыға жаңа білімді бұрынғы берілген біліммен байланыстыра, үйреткен түсінікті болады. Бұрынғы білім қайталанады, бекітіледі, жаңа білім тез меңгеріледі. Бұл кезеңде мұғалім сабақ байланыстарын орнату мәселесіне ерекше мән беру керек. (Басқа пәндермен, өткен тақырыптармен)

Бұл жағдайда мұғалім білімді игерудің тиімді тәсілдерін ойластыруы керек.

Мысалы, солардың бірі – «Тірек тапсырмалары». Бұл тапсырмалар өткен тақырыптардан бүгінгі сабаққа тірек, негіз болатын тапсырмалар (күні бұрын үйге беріледі).

Нәтижесі:

Бала бұрынғы білімге сүйене отырып, жаңа білімді жеңіл меңгереді.

II кезең. Жаңа білімді меңгеру.

1. Бұл кезеңде білім алушылар дербес (жеке) тұрғыда танымдық әрекеттер атқарады және оған уақыт беріледі.
2. Білім алушылар жеке, жұппен, топпен жұмыс жасау арқылы жаңа ақпаратпен танысады.
3. Жаңа ақпарат туралы өзіндік пікір қалыптастырады.
4. Білім алушылар іздену-зерттеу жұмыстарын атқарады.

Бұл кезеңде мұғалім білім алушыға білім алудың тиімді тәсілдерін

ұсынады.

Тәсіл: «Жартылай жазылған парақ». Мысалы: Білім алушы бүгінгі сабақтың тақырыбы бойынша үйде өздігінен дайындалып, туындаған сұрақтарын, түсінбеген жерлерін айқындайды. Сабақта мұғалімнің басшылығымен, сыныптағы басқа оқушылармен бірлесе отырып, білгендерін талқылап, толықтырып, дамытып, жауап пен шешімін табуға ұмтылады. Осылайша сабаққа «Жартылай жазушы» болып келген оқушы өзін-өзі «толықтыру» мүмкіншілігіне ие болады.

Оқу үдерісінде оқушы өзіне керекті, өз өмірінде қажетіне жарата алатын ақпаратты талдай біліп, оны өздігінше игеруге көмек болатын тәсілдерді үйренеді. Мұндай өзіндік тұрғыдан үйрене білу дағдысы мына өзгермелі әлемде әр адам үшін өмір бойы қажет болатын білімге айналатыны сөзсіз. (Егер оқушы «таза парақ» сияқты «жазылмаған» күйде келсе, онда оқушының білімді игеруі екі талай). Сабақтың бұл кезеңінде мұғалім тапсырма бергенде білім алушылар «жеке-жүппен-топпен сыныппен» формаларында жұмыс жасағаны тиімді. Бүгінгі күні интербелсенді (интерактивті) оқыту әлемдік білім беру жүйелерінің басты әдістемесі болып отыр. Интербелсенді оқыту «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында диалог арқылы жүзеге асады, яғни мұнда «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы», «оқушы-өзімен-өзі» басты әрекеттердің бірі. Әрекет арқылы оқыту жақсы нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе, өйткені адамның жадында бірінші кезекте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне Қытай ғұламасы Конфуций

(Кун-цзи) былай деген екен: «Маған айтып берсең, ұмытып қаламын, көрсетсең есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң, үйренемін».

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын сабақта қолданғанда тілдік қатынас теориясының бірнеше іс-әрекеттері қатар жүзеге асады. Олар: жазылым, тыңдалым, оқылым, айтылым, тілдесім. Аталған іс-әрекеттер арқылы теориялық материалды өз бетінше талдап түсінген оқушы материалдың мәнін, мазмұнын жете меңгеріп, көзімен көріп, құлағымен естіп, іштей қайталап санасына тоқып алу үшін еңбектенеді. Оқушы санасында тұрақталып қалған білімді ұзақ уақыт естерінде сақталумен қатар оны өзгерту де мүмкін емес.

III кезең. Сабақты бекіту.

1. Мұғалім: білім алушылардың жаңа материал бойынша ойланып, ол туралы өзара пікір алмасу және талқылауын ұйымдастырады.
2. Оқушы: материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, оларды талқылайды, алған деректер арқылы ол жаңа түсініктер құрастырады. Міне, бүгінгі конструктивтік білім дегеніміз осы.

Сабақтың дұрыс өтуі оның типінің дұрыс таңдалып, кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылуында. Төменде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен өткізілетін сабақтарға тоқталсақ:

1. Жаңа білімді меңгеру сабағы (теориялық сабақ). Мұндағы сабақтың негізгі мақсаты: өтілетін тақырып бойынша терең де тиянақты теориялық білім алу.

Сабақ кезеңдері:

- Өткен материалды еске түсіру (жаңа сабаққа тірек, негіз болатын білім);
- жаңа білімді меңгеру;
- бекіту.

2. Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабағы (практикалық сабақ).

Бұл сабақтағы мақсаты: білімді практикада іске асыру.

Кезеңдері:

- Ұйымдастыру кезеңі;
- теориялық білімдерді еске түсіру;
- тәжірибелік жұмыстар орындау, бақылау, жаттығу жұмыстарын жасау, т.б
- үйге тапсырма;
- бағалау.

3. Аралас сабақ. Сабақтың мақсаты: материалды тұтас игеріп, баланың толық қабылдауына мүмкіндік жасау.

Кезеңдері:

- ұйымдастыру;
- үй тапсырмасын тексеру;
- өткен материалдар бойынша білімдерін тексеру немесе қайталау;
- жаңа материалды меңгеру;
- жаңа материал бойынша түсінгендерін зерделеу;
- бекіту;
- үйге тапсырма;
- бағалау.

4. Қайталау-жинақтау сабағы (тарау соңында). Мақсаты: бұрынғы сабақтарда алған білімдерін тереңдету, нақтылау, қайталау, оқушы санасына тұрақтандыру.

5. Білімді есепке алу сабағы. Мақсаты: бала біліміндегі олқылықтарды анықтау, білім, білік, дағдыларының деңгейін тексеру.

- Деңгейлік тапсырмалар.
- Тест

«ОСКО» технологиясының түрлі әдістерін пайдаланып өткізген сабақтарда сыныптағы оқушылар түгел қатысады. Себебі, онда нені оқытамыз, оқушы нені білу керек, нені істей алу тиіс? деген мақсат айқын. Дәстүрлі сабақтарға қарағанда қызықты өтетіндіктен, балалар жылдам ұғып, тез сабаққа кіріседі. Әсіресе, талдау кезеңдерінде олар ерекше ықыласпен қатысады. Жазбаша талдау кезінде бірінің білгенін бірі толықтырып көп нәрселерге үйренеді, әрбір сөзді жаңа қырынан таниды. Мұғалім сабақтың барысын алдын ала ойлап, оны жүйелі түрде ұйымдастыруы қажет: қандай іс- әрекеттер арқылы, оқушының қай қабілетін қалай дамыту керек? Бұл – «ОСКО» технологиясында әр сабақтың жауапты кезеңі. Баланың білімді өз бетімен ізденуі арқылы

сөздік қоры, тіл байлығы, танымдық қабілеті, логикалық ойлауы артады. Өз ойларын, пікірлерін еркін білдіреді. Пәндерді оқыту барысында оқушылардың материалды жылдам, орта, төменгі деңгейде қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызылады. Әр деңгейдің өзінің алдына қойған мақсаттары бар:

Бірінші деңгейде жазылым башылыққа алынады. Бұл деңгейде мұғалімнің қызметі бірінші орында болады. Яғни, мұғалім жазылым әрекеті арқылы тірек сызбаларды басшылыққа алып, теориялық материалдың алғашқы нұсқасын толық жазып оқушылардың саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Онда білім алушылар біріншіден, сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады; екіншіден, материалды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады.

Екінші деңгейде тыңдалымға ерекше мән беріледі. Екінші деңгейден бастап оқушының іс-әрекетіне басымдық беріледі. Мұғалім бағыттаушы, көмекші қызметін атқарады. «Тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынғаны дұрыс». (Ғалымның пікірі) Себебі, қазіргі балаларда алаңдаушылық басым, ойлары шашыраңқы, зейіндері тұрақсыз, бұл технология зейінді тұрақтандыруға көп көмектеседі. Оқушыларда сынптастарының жауаптарын мұқият тыңдау, ондағы жіберілген қателіктерін дер кезінде аңғару, оны сауатты түрде түзету сияқты іс-әрекеттерге машықтанады. Дәстүрлі сабақтарда бұл мәселелер жауап беруші оқушыға ғана қажетті болып көрінетін. Себебі дәстүрлі оқыту жүйесінде белгілі бір мәселеге әр оқушы өз түсінігі, өз тұжырымы бойынша жауап береді. Ал, «ОСКО» технологиясында әр пәннің тірек сызбалары бойынша жүйелі, сауатты, ғылыми тілде баяндау талап етіледі. Бұл – аталмыш технологияның басты қағидаларының бірі.

Үшінші деңгей. Бұл деңгейдегі көзделген мақсат – оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесінің баюына жол сілтеу.

Төртінші деңгейдегі мақсат – оқушылардың алдыңғы игерген білім, білік, дағдыларын жинақтаумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін сауатты меңгеру және өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысы қалыптасады.

Бесінші деңгей. Мақсат: бұл деңгейде оқушылар талдау арқылы аңғарымпаздыққа, мұқият тыңдауға, ойын әрі жалғасытырып кетуге машықтанады. Талдау үлгілері көбінесе ауызша орындалады, мұндағы іс-әрекет көбінесе ойын түрінде жүргізіледі.

Алтыншы деңгей. Жат жазу. Мақсат: Оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімдерін жатқа жаздыру. Сол арқылы әр оқушының теориялық материалды қаншалықты тиянақты меңгергендігін анықтау, орфографиялық, пунктуациялық сауаттылық деңгейінің қаншалықты артқандығына көз жеткізу.

Жетінші деңгей. Уақытқа талдау. Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын

айтуға дағдыландыру. Егер алдыңғы деңгейлерде жұмыс тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз нәтижесін береді. Тез, әрі қатесіз талдап үйренген бала уақытқа талдау кезеңін қызыға орындайды. Уақыт мерзімінен шығу мұғаліммен талдауды жүйелі, үздіксіз жүргізіп отыруды талап етеді.

Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау. Бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары білімді нақты, қысқа, компьютермен алуды мақсат етеді. Сондықтан мұғалімдерге өмірдің ағымынан қалмай сабағын компьютермен оқытуды жолға қоюы тиіс. «ОСКО» технологиясымен білім алған әр оқушының компьютермен жұмыс жасау машықтығы қалыптасады. Компьютерді мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдырады. Мүмкіндігіне қарай екінші деңгейден бастап компьютерлік талдауды енгізе беруге болады. Бұл білім алушылардың ақпараттық құралдармен сауатты әрі жұмыс жасау машығын қалыптастырады.

Тоғызыншы деңгей. Тест. Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест жұмысын ұйымдастыруда дидактикалық шарттар дұрыс орындалып отыру керек. Тестің түрлері көп, оны біздің технологиямыздың талаптарына сәйкес келетін түрін мұғалім өзі тандайды.

Оныншы деңгей. Шығармашылық – бұл адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық – адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі дамытуына көмектеседі.

«ОСКО» технологиясының негізгі әдістерінің бірі ойын – әдіс. Баланың даму үрдісінде ойын әрекетінің тәрбиелік маңызы зор. Ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл-ойы дамып, қоршаған ортаны тани біледі. «ОСКО» технологиясындағы кейбір ойынның түрлеріне тоқталып өтейік:

1. «Телефон» ойыны. Бұл ойынды мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларымен жиі өткізеді. Телефонмен сөйлесу ойыны арқылы оқушыларды әр пәннің теориялық материалдарын сауатты баяндаумен қатар сөз мәдениетіне баулу, іскерлік қатынас орнатудың алғышарттары жүзеге асады.
2. «Арқан тартыспақ» (ұлттық ойын). Ұнтаспадан ырғақты күй ойналады. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген мақалдың мән-мағынасы ашылады. Мұнда оқушылар алты-алтыдан 2 топ шығып , екі түрлі сөз алып, талдаудың белгілі бір түрі бойынша бірінші сатыдан бастап, екі топ кезек-кезек талдауды баяндайды. Қай топтың мүшесі талдау барысында қате жіберіп алса, сол оқушы ойыннан шығып отырады. Нәтижесінде қай топтың баласының саны азайып қалса, сол топ жеңілген болып есептеледі. Бұл арқылы білім алушылардың ұлттық ойындарды жаңғыртумен қатар ұжымда түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс жасау, жолдастарының жауабындағы жіберілген қателіктерді түзеу арқылы сыни көзқарастары қалыптасады.
3. «Орамал тастамақ» (қазақ халқының ұлттық ойыны) ойынында бірнеше бала ортаға шеңбер жасап отырады. Орамалдың ұшына жеке-жеке

сөздер байланып, тапсырмалары көрсетіледі де, ұнтаспадағы жылдам орындалатын әуен тоқтаған сәтте қолында орамал қалған оқушы орамалдағы байланған тапсырманы ауызша орындайды. Егер талдауды дұрыс жүргізе алмаса, ойыннан шығып қалады. Ойындағы көзделген мақсат білім алушының кез келген жағдайда іс жүзінде көрсете алу құзыреттілігі қалыптасады. Осы арқылы тұлғаның өз біліміне деген сенімділігі, оны сауатты баяндау жауапкершілігі артады.

4. «Жалғастыр» ойынын бірнеше бала ойнайды. Талдаудың бірінші сатысын бір бала айтады, екінші бала келесі сатыны жалғастырып кетуге дайын болуы керек. Егер бірден жалғастырып кете алмаса ойыннан шығарылады. Осы ойын арқылы оқушының байқампаздығы, ой шапшаңдығы, тыңдау қабілеті артады.

«ОСКО» технологиясының негізгі құралы – тірек сызба. Бұл сызбада бірнеше сатыдан тұратын алгоритм беріледі. Сол алгоритм арқылы «ОСКО» технологиясында мұғалімнің әр оқушымен жеке-жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туады, себебі мұғалім алғаш талдаудың үлгісін бірінші деңгей бойынша толық жазып береді (талдау үлгісін өзгертуге болмайды). Мұғалім ұсынған осы алгоритмді оқушылар басшылыққа алып, берілген сөйлемді, сөздерді жеке-жеке сабақ үстінде де, үй жұмысын орындау барысында да өз бетінше талдауға машықтанады.

«ОСКО» технологиясының қазіргі заманға лайықты тиімді оқу құралының бірі – компьютер. Тірек сызба арнайы компьютерлерге алдын ала жазылып қойылады. Оқушылар өздеріне берілген дыбыс, сөз, сөйлемдерді, тіл білімінің салалары бойынша талдау үшін көрсетілген сызбаны басшылыққа алып, талдау жұмысын компьютерде еркін жүргізе алады.

Сатылай кешенді оқытуда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, өз бетінше білім алуға әрекеттенеді. Кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады.

Мұғалім сабақ үдерісінде шығармашылық әрекет пен оқу әрекетінің ара-жігін ажырату керек. Оқу әрекеті – баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет – нақты жағдай шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Егер ұстаз оқушы құлшынысын ұдайы дамытып, әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастырып, оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білсе, бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен орындай алады.

Ол үшін төмендегі шарттар орындалуы тиіс: Біріншіден, баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Екіншіден, баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер жағдайында болуы. Үшіншіден, шығармашылық жұмыстардың баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі, осындай тынымсыз ой

қызметі ғана бала дамуында үлкен нәтиже береді. Төртіншіден, бала әрекеттердің әртүрімен айналысуға және оны таңдауына деген еркіндігінің болуы. Бесіншіден, балаға өз күшімен, өз ойымен қиындықты жеңе отырып «жаңалық» «іздену», « шығару», «ойлап табу» ашуға жағдай жасау.

Оқушыны шығармашылыққа баулу оның бойындағы талант көзін ашу, ол үшін мұғалім проблемалық, іздену, зерттеу әдістерін пайдаланғаны жөн. Оқушы шығармашылығын дамытуда төмендегідей шығармашылық тапсырмалар ұсынамыз (сабақтың үлгі жоспарларында баяндалған):

- ✓ сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- ✓ жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- ✓ нақыл сөздердің мәнін ашу;
- ✓ мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу;
- ✓ өз сыныптастарының (т.б) портретін суреттеу;
- ✓ өлең құрастыру, ойдан ертегі, әңгіме құрастыру
- ✓ еркін тақырыптарға шығарма,ойтолғау, эссе жазу;
- ✓ ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ✓ ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
- ✓ өлеңді қарасөзге айналдырып мәтін құрау;
- ✓ ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
- ✓ тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
- ✓ оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- ✓ автордың көзқарасы туралы өз ойын әдеби тілде баяндай білу, т.б

Бүгінде философтар мен педагог-ғалымдар білім беру саласында педагогикалық технологияларын енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде. Сондықтан да оқу үрдісіне ұлттық инновацияны (ОСКО) енгізудің маңызы зор. Себебі, ұрпақ тәрбиелеуде осы ұлттық инновациялық оқыту жүйесі басты құрал болатынына ешкім күмән келтірмейді. Мектеп бітірген шәкірт тек қана ғылым негіздерін меңгеріп қана емес, бірінші кезекте адам болып, тұлға болып шығуы қажет. (Бұл адамның ең басты мақсаты мен міндеті). Өмірдің басты заңдылығы «Кім болу?» емес «Қандай болу». Осы тұрғыда біз сөз етіп отырған төл технологиямыз (Н.А.Оразахынованың) оқытудың ұлттық құндылықтарына негізделгенін қайталап айтқанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, бұл технология білімнің нәрін береді. Қазіргі таңда бұл технологияға сұраныс та, қызығушылық та күннен-күнге артып келеді. Бұл өміршең технология, осы жүйе бойынша оқыған балаға ҰБТ-ге арнайы дайындықтың қажеті жоқ, себебі бұл технологияның өн бойында үйретілетін, оқытылатын жүйелі білімнің өзі соған дайындық.


Бүгінгі таңда ынталық пен белсенділікті арттыруда осындай қосымша бағалау әдістері өзін-өзі ақтап отыр. Оқушыларымда даму, өсу байқалады. Оны ата-аналарымның берген бағасынан және пікірінен байқауға болады. Бағалау үрдісінде үйретуші, үйренуші, ата-аналар және мектеп әкімшілігі қатысуы тиіс. Мұғалімдер оқушылардың өсіп жетілуін және білім алуын үнемі бақылап отыруы тиіс. Үздіксіз бағалау

мұғалімдерге балалар мен олардың жасаған жұмыстары жайлы сөйлесіп, осы мәліметті оқу бағдарламасына бағыттау үшін негіз етіп қолдануына мүмкіндік береді.

Тілдік материалдарды сатылай кешенді талдау бойынша жеткен жетістік немесе қорытынды баға төмендегі кесте мен диаграммада нақты көрсетіліп отыр.

Жиынтық бағалау (Негізгі бағалау)

№	Аты-жөні	1-д	2-д	3-д	4-д	5-д	Балл	Баға
1	Оңталап Елнұр	1	2	1	3	4	11	5
2	Құрбанбай Назерке	2	2	1	3	4	12	5
3	Тәни Сағжан	2	2	2	3	4	13	5
4	Мырзай Тоғжан	1	1	1	3	4	10	5
5	Айтбаев Аман	2	1	1	2	3	9	4
6	Әуесбек Сымбат	1	1	1	2	3	8	4
	Жұмыстың орындалуы	15%	15%	11%	20%	30%		



ҮЛГІЛІК САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Қазақ тілі пәнінен үлгілік сабақ жоспарлары

1-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сөйлем.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу.

ә) Білімділік: Сөйлем, оған қойылатын тыныс белгілерді сөйлемді сатылап талдату арқылы меңгерулеріне мүмкіндік жасау.

б) Дамытушылық: Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқару арқылы есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерінің қалыптасуына жағдай жасау.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Оқыту формалары: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, көңіл-күйді бейнелеген суреттер.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Біз, біз біргеміз,

Сөгілмесін іргеміз.

Сапалы білім басты мақсат,

Ұмтыламыз бірге біз!

Суреттер бойынша үш топқа бөлінеді. (Нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі).

II. Жаңа сабаққа бағыттау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Кіші, белгісі, пейілділік, кісілік сөздерін қатыстырып қанатты сөздер, мақал-мәтелдер құрастыру.

Мысалы: Кішіпейілділік – кісілік белгісі.

Сөз бен сөйлемнің ара-жігін ажыратуға жағдай жасау.

а) **Сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.**

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу.

III. Жаңа тақырыпты өзбеттерінше меңгеруге жағдай жасау.

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Тапсырма. Екі бағанды салыстырып оқиды.

Сары, алтын, түбі, сабыр.

Сабыр түбі – сары алтын.

Ақыл, серігі, сабыр.

Сабыр – ақыл серігі.

Ереже шығару: Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлемнен соң не нүкте (.), не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.

Топтық тапсырма: Көңіл-күйді бейнелеген суреттерді тарату. Сурет бойынша сөйлем құрайды.

а) Сөйлемге айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша ойтолғау. 2 мин 2ұпай.

б) Талдаудың бірінші сатысы. Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

I. Синтаксистік талдау: (Жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асады. Үйретуші жазады, айтады; үйренуші жазады, тыңдайды, айтады.) 5 мин 2 ұпай.

Сабыр – ақыл серігі. (Мақал)

1.1. Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: нүкте және сызықша.

а) Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

ә) Сызықшаның қойылу себебі – бастауыш пен баяндауыш есім сөздерден болғандықтан бастауыштан кейін сызықша қойылып

тұр.

IV. Дәптермен жұмыс. Сс әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

1-тапсырма. Сабыр сөзіне сөзсазындық қысқаша жазылым бойынша талдап жазады. Жеке орындайды. (Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

Үлгі:

Сабыр

-
1. Бұл сөз жуан буынды сөз.
 2. Бұл сөз: са-быр
а.б б.б
 3. Бұл сөз: са- болып бір жағдайда тасымалданады
быр
 4. Сабыр
 5. О
 6. О

Түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

Кішіпейілділік – кісілік белгісі

Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге әзір тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін да халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік», - деп, оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген.

Сіз кіші пейілділік дегенді қалай түсінесіз?
Сіз өзіңізді кіші пейілмін деп ойлайсыз ба? Неге?

Мәтіннің ішінен адамгершілікке жататын сөздерді теріп жазыңы

V. Топпен жұмыс.

2-тапсырма.Топтық тапсырма. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар. 1-топ бірінші сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. 2-топ екінші сөйлемге, 3-топ үшінші сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Топтар бірін-бірі бағалайды. 3 мин. 3ұпай.

VI. Сергіту сәті. Слайд көрсетілімі арқылы қимылдарды жасайды.

3-тапсырма. Жеке орындау.

Әр қатардағы артық сөзді сызыңыз.

- Наурыз, сәуір, сабыр, мамыр.
- Әдемі, көркем, сұлу, кішіпейіл.
- Батырлық, батылдық, әдепті, өжеттілік.

Кез келген артық сөзді қатыстырып бір сөйлем құрайды.

Синтаксистік талдау: (Талдаудың бірінші сатысын толық жазады. Жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

4-тапсырма. Ауызша орындалады. «Телефон» ойыны (диалог)

«Әдепті» сөзіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. (Айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асады).

VII. Шығармашылық жұмыс.

Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ізденеді, ойтолғайды.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. Экрандағы суреттерді қатыстырып сөйлем құрау.
2. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері арқылы). 4ұпай

VIII. Рефлексия.

1. Сабақ сізге ұнады ма?
2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? неге?
4. Берген бағаңыз? ...

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалау.

Бағалау критерийлері:

- 1.Тірек тапсырмасын орындауы;
- 2.Жаңа тақырыпты меңгеруі;
- 3.Топтық белсенділігі;
- 4.Жеке тапсырмаларды орындауы;
- 5.Ойын еркін жеткізуі.

Х. Үй тапсырмасы.

1. Адамгершілік қасиеттерге байланысты ойтолғау жазу.
2. Кез келген сөзге сөзсаяндық талдау.
- 3.Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Хабарлы сөйлем.

Сабақтың мақсаты:

а)Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу.

ә) Білімділік: Хабарлай, баяндай, суреттей айтылатын сөйлемдерді өздігінен меңгеруге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Кесте, сызба, табиғат көріністерінің суреттері.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Әрбір адам: туысым, досым, жұрағат,

Әрбір сабақ: үйрену, ұғу, ұлағат.

Әрбір ісім: тірлік, тірек, адамдық,

Әрбір сөзім: шындық, бірлік, адалдық.

II. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Ұлағатты сөздер – ұрпаққа аманат. (Мақал).

а) Сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау. Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу.

ә) **Талдаудың бірінші сатысы.** Айтылым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау. Сөйлемде екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте және сызықша. Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр. Сызықшаның қойылу себебі бастауыш атау тұлғалы зат есімнен. Баяндауыш нөлдік тұлғалы зат есімнен болғандықтан, бастауыштан кейін сызықша қойылып тұр.

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

1-тапсырма. Ата өнері – балаға мұра. (Мақал).

а) Сөйлемге айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша ойтолғау.

б) **Талдаудың бірінші сатысы. Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау.**

I. Синтаксистік талдау: **Ұжымдық жұмыс.** (үйретуші жазады, үйренуші жазады, тыңдайды, айтады.)

Ата өнері – балаға мұра.

1.1. Екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте (.) және үтір (,).

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем.** Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. **Хабарлы сөйлем дегеніміз** – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

IV. Дәптермен жұмыс.

2-тапсырма. Көркем жазу. Хх әрпі мен дыбысын жазу. Халық даналығы – өшпес мұра. Мақалды жазып, ойтолғау және айтылым бойынша синтаксистік талдау жасау.

3-тапсырма. Кестемен жұмыс. «Адасқан сөздер» ойыны. Ұжымдық жұмыс.

тәлім көргеннен ал тәрбие	
сынбайды ағаш жерден ұстаған	
ұстазы кітап - көптің	

4-тапсырма. Суретпен жұмыс. Интерактивті тақтадан табиғат көрінісінің суреті көрсетіледі. Оқушылар мәтін құрастырып, мәтінге ат қояды. **Тыңдалым әрекеті бойынша** құрастырылған мәтінді оқып, талдайды. Сөйлемнің қай түрі екендігі сұралады. (Синтаксистік талдаудың екі сатысы бойынша бір сөйлемді айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша талдайды)

V. Сергіту сәті.

VI. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

Шығармашылық тапсырма. Сызбамен жұмыс. Топтық жұмыс.
(Айтылым, тыңдалым әрекеттері арқылы).

Сұрақ-жауап.

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Неге?
- Нені үйрендіңіз?
- Қай тапсырмада қиындық туды? Неге?
- Осы тақырып бойынша ойыңыз.

VII. Бағалау. Әр оқушы өзін-өзі бағалайды.

«5» - 10-13 ұпай

«4» - 6-9 ұпай

«3» - 1-5 ұпай

VIII. Үйге тапсырма.

3-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сұраулы сөйлем.

Сабақтың мақсаты:

- Тәрбиелік:** Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге жетелеу .
- Білімділік:** Сұраулы сөйлем туралы білім алу.
- Дамытушылық:** Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала
отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Оқыту формалары: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық
Көрнекілігі: Сызба, суреттер
Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.
Техникалық құралдар: интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Өзім еккен гүлдерім,
Мен сендермен біргемін.
Сән беріп тұр аулама,
Қызыл-жасыл түрлерің.
Бүгінгі күніміз сәтті өтсін!

Суреттер бойынша төрт топқа бөлінеді.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Мысалы: Сәлем – сөздің анасы.

а) Сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған мақал-мәтел, нақыл сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу. «Жалғастыр» ойыны арқылы **жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау.**

Үлгі:

Сәлем – сөздің анасы.

1.1. Екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте (.) және сызықша (-). Нүктенің қойылу себебі, Сызықшаның қойылу себебі,

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем**. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. **Хабарлы сөйлем дегеніміз** – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

III. Жаңа білімді меңгеру.

Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, көкейіңізде сақтаңыз.

Сәлем – сөздің басы

Сәлемдесуден кейін хал-ахуал сұрасу да әдепке, көргенділік, естілікке жатады. Мұнда да әр халықта әр басқа қалыптасқан жорасалттар бар. Мысалы, орыстар: «Денсаулығың қалай?» – дейтін болса,

ертедегі мысырлықтар: «Қалай, сіз терлейсіз бе?» – дейтін болған. Гректер «қуаныңыз» сөзін айтса, қытайлықтар: «Бүгін тамақтандыңыз ба? Қарныңыз тоқ па?» – деп сұрайды екен. Орта Азия халықтарында сол жақ кеудесін оң қолымен басып, кеудесін иіп сәлемдесу қалыптасқан да, одан кейін хал-жағдай сұрасатын болған. Бізде болса: «Бала-шаға, үй іші аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма? Мал-жаныңыз сау ма?» – деп бастап, біраз жерге дейін апаратыны белгілі.

Міне, мұның бәрі әр елдің тұрмыс-тіршілік ерекшеліктеріне, өмір сүру жағдайлары мен салт-ғұрыптарына байланысты сәлемдесу әдептерінің өзгешеліктері болатынын көрсетеді.

Тапсырма:


1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Әр халықтың сәлемдесу әдебі әртүрлі болу себептері қандай?
3. Жауап алу мақсатында айтылған сөйлемдерді атаңыз.

а) Мәтін мазмұнына байланысты айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша ойтолғау.

б) Талдаудың үш сатысы. Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Үйретуші жазады, айтады, үйренуші де жазады, айтады, тыңдайды).

I. Синтаксистік талдау:

Үлгі:



IV. Дәптермен жұмыс.

Көркем жазу. Сс әрпін көркем жазу.

V. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.

1-тапсырма. Екі бағандағы сөйлемдерді салыстырып оқыңыз. Айырмашылығын дәлелдеп, түсіндіріңіз. Жеке орындайды.

Бүгін ауылға **барма**.
Әдепсіздік **жасама**.
Үйге жүгіріп **кірме**.

Сіз киноға барасыз **ба**?
Ағам ауылға **кетіп пе**?
Бүгін сабаққа дайынсың **ба**?

Кез келген сөйлемді алып, синтаксистік талдаудың бірінші сатысын толық жазылым бойынша талдап жазыңыз.

2-тапсырма. Топтық тапсырма «Кім жүйрік?» Шарты: Қима қағаздарға сөздер жазылған, сол сөздерді қатыстырып, екі топ хабарлы сөйлем, ал екі топ сұраулы сөйлем құрайды. Сол сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды. (Жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асады). Топтық бағалау.

Мысалы: (Ассалаумағалайкүм, көп жаса, сәлемі түзу, рұқсат, жылы шырай парыз, т.б)

3-тапсырма. Жұптық жұмыс.



Мақалдарды жалғастырып жазыңыз.

Сәлем түзелмей,

... .. .

Сәлем беру де парыз,

... .. .

Әдепті елдің баласы,

... .. .

Адам сөйлескенше,

Жылқы

Жұптық жұмыс. Мақалдың мағынасын ашып, мақалдың ішіндегі кез келген сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме береді. (үйренуші-үйренуші, диалог). «Телефон» ойынын ойнайды.

VI. Сергіту сәті.

VII. Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жұптық жұмыс.

1.Сызба бойынша диалог құру. 2 мин.

-

			?
--	--	--	---

-

--	--	--	--

-

				?
--	--	--	--	---

-

2. **Сөйлемге** синтаксистік талдау жасау.(Айтылым, тыңдалым әрекеттері арқылы). 3мин. 4ұпай

VIII. Рефлексия: 2 мин.

1. Сабақ сізге ұнады ма?
2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? неге?
4. Берген бағаңыз?

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалау. 1 мин.

Бағалау критерийлері:

1. Тірек тапсырмасын орындауы;
2. Жаңа тақырыпты меңгеруі;
3. Топтық белсенділігі;
4. Жеке тапсырмаларды орындауы;
5. Ойын еркін жеткізуі.

Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады.

«5» - 10-13

«4» - 6-9

«3» - 1-5

X. Үй тапсырмасы.

4-тапсырма. Әңгіме құрау.

- 1.Кез келген сөзге сөзсазындық талдау;
- 2.Кез келген сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру;
- 3.Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Бір тапсырманы орындаған оқушы -3;

Екі тапсырманы орындаған оқушы -4;

Тапсырманы толық орындаған оқушы -5 баға алады.

4-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Лепті сөйлем.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай білуді бойларына сіңіру.

ә) Білімділік: Лепті сөйлем туралы білім алу.

б) Дамытушылық: Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, кесте.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Суреттер бойынша үш топқа бөлінеді: нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. Мысалы: **Нақыл – саған ақыл.**


а) Сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.

Ата-бабаларымыздан ұрпақтап-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу, нақыл сөздердің мәнін түсінуге жетелеу.

б) Талдаудың үш сатысы. **Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Ойындар арқылы амалға асыруға болады).**

Үлгі:

Нақыл – саған ақыл.

- 
- 1.1. Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: нүкте және сызықша.
 - а). Нүктенің қойылу себебі
 - б). Сызықшаның қойылу себебі -
 - 1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – хабарлы сөйлем. Себебі,
 - 1.3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі,

III. Жаңа материалды өз беттерінше меңгерулеріне жағдай жасау

Мәтінді түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

Жақсы сөз жан жадыратады

Адамға керегі алдымен жылы сөз. Жылы сөз адамның көңілін көтеріп, қуантады.

Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім – білік, мәдениет, өнер бастауы, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігері, әсемдік қазынасы. Қалай да сөздің адамға жағымды немесе жағымсыз әсері орасан зор екені даусыз. Біздің халқымыздың: «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», – деген тамаша мақалы жылы да жағымды сөйлеудің қаншалық керемет күшке ие екендігін аңғартады.

Тапсырма:

1. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», – дегенді қалай түсінесіз?
2. Жылы сөздерді атаңыз.
3. Адамның көңіл-күйін білдіретін суреттерді пайдаланып, сөйлемдер құрау.

Мысалы: Алақай, ауылдан атам келді!

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Тапсырмалар.

1-тапсырма.

Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз. Құрастырылған мәтініңізде сөйлемнің қандай түрлері бар?

Тірек сөздер: Алақай, тамаша, қаладан, досым.

I. Синтаксистік талдау: **Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Үйретуші жазады, айтады; үйренуші жазады, тыңдайды және айтады. Ұжымдық жұмыс).**

Мысалы:

Үлгі:

Алақай, қаладан досым келді!

1.1. Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: үтір және леп белгісі.

а) Үтірдің қойылу себебі, ...

ә) Леп белгісінің қойылу себебі – ...

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **лепті сөйлем.**

Себебі, адамның көңіл күйін, сезімін білдіріп тұр.

1.3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі,

IV. Дәптермен жұмыс. Лл әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, лепті сөйлемдерді көшіріп жазу.

Итжейде

«Қой бөпешім, бұлқынба», –

Көндірді әжем ырқына.

Әйбәт жейде кигізді,

Тігісі тек сыртында.

Ғұмыр тілеп,

Жол тілеп,

Айтуда жұрт оң тілек:

«Жасың ұзақ болсын!..» – деп,

«Итжейдең тез тозсын!..» – деп...

Істі көріп бүгінгі,
Қабағым сәл түйілді:
Итжейде деп неліктен,
Атады екен киімді?!

Өтепберген Ақыпбекұлы

1. Ақын өлеңді қандай сезіммен жазған?
2. Жас нәрестеге не үшін ырымдап «итжейде» көйлегі кигізіледі?
3. Тағы да қазақ халқының қандай әдет-ғұрыптарын білесіздер?
4. Жан жадыратар қандай жақсы тілектерді білесіздер?

V. Алған білімдерін зерделеу.

3-тапсырма. Топтық тапсырма.

Жан жадыратар жақсы сөздерді топтап жазады.

1-топ: Сол сөздерді қатыстырып лепті сөйлем құрайды.

2-топ: Сұраулы сөйлем құрастырып жазады.

3-топ: Хабарлы сөйлем құрап жазады.

Құрап жазған сөйлемдеріне синтаксистік талдау жасайды. (Жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады). «Тірек сызба» ойыны арқылы баяндауға болады. Шарты: Топ мүшелері біріне-бірі тірек болып тұрады. Талдаудың келген жерінен жалғастырып айтады. Топтар бірін-бірі бағалайды. Мақсат: Бірін-бірі тыңдауға, қателіктерді түзетіп, нақты әділ баға беруге баулу.

4-тапсырма. Жеке жұмыс. Сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қойып жазу. Тыныс белгісіне сай ырғақпен оқу.

1. Абылай хат жазды

2. Алтынай қоянға неше сәбіз берді

3. Айнала қандай тамаша

Өз таңдауы бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. (Талдаудың үш сатысын жазады).

VI. Сергіту сәті. Слайд көрсетілімі арқылы қимылдарды жасайды.

VII. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. Экрандағы суреттерді қатыстырып сөйлем құрау.

2. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері арқылы).

VIII. Рефлексия:

1. Сабақ сізге ұнады ма?

2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? неге?
4. Берген бағаңыз? ...

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалау.

X. Үй тапсырмасы.

1. Жан жадыратар жылы сөздерді қатыстырып өлең немесе мақал-мәтел құрастырып келу.
2. Кез келген сөзге сөзсазындық қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеп талдау
3. Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау жасау.
Бір тапсырманы орындаған оқушы -3;
Екі тапсырманы орындаған оқушы -4;
Тапсырманы толық орындаған оқушы -5 баға алады.

5-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өткенді пысықтау.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, төрт түліктің маңызын жете түсінуге баулу.

ә) Білімділік: Сөйлемді дұрыс құрастыру, тиісті тыныс белгісін қою және тиісті дауыс ырғағымен оқуға, алған білімдерін өмірде қолдана алуға жетелеу.

б) Дамытушылық: Мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сабаққа біз даярмыз,
Жалқаулықты қоямыз.
Үздік оқып әрқашан,
Кілең бестік аламыз!

II. Алған білімдерін амалда орындау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін жүйелеу және пысықтау.

Өленді жаттап алыңыздар.

Төрт түлік төлдері

Ұмытпағайсың, ұлым,
Жылқы баласы – құлын.
Баладай баққан аталар,
Түйе баласы бота бар.
Біліп жүр, ұл мен қыз-ау,
Сиыр баласы – бұзау.
Момақан-ақ өзі,
Қой баласы – қозы.
Құлақтары шұнақ,
Ешкі баласы – лақ.

М. Әлімбаев

1. Төрт түлік малдың қандай пайдасы бар?

2. Төрт түліктің пірлерін атаңыз.

Тірек тапсырма:

Қима қағаздарға жазылған сөздерден төрт түлік туралы мақал-мәтел құрастыру.

Мысалы: Басы, малы, түгел, аманның. Басқа, не көтерер, қойдан, семіздікті? Түлікке, бір, болғанша, бай, Төрт, сай бол, түлікке!

Сөйлем түрлерін ажыратады.

Басы аманның малы түгел. (хабарлы сөйлем)

Семіздікті қойдан басқа не көтерер? (сұраулы сөйлем)

Бір түлікке бай болғанша

Төрт түлікке сай бол! (лепті сөйлем)

а) Мақалға айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.


Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты, мақал-мәтелдердің мәнін жете түсініп, күнделікті өмірде қолдана алу, төрт түлікті қадір тұту.

Сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. 1-топ: лепті сөйлемге; 2-топ: хабарлы сөйлемге; 3-топ: сұраулы сөйлемге талдау жасайды.

«Көрші» ойыны арқылы (диалог). Ауызша айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Топтар бірін-бірі бағалайды.

Ойынның шарты: Талдаудың әр сатысын кезектесіп, бір-біріне қол берісіп талдау жасайды.

Үлгі: **Басы аманның малы түгел.**



а) Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем**. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. Хабарлы сөйлем дегеніміз – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

3. Құрылысына қарай – **жай сөйлем**. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

4. Жай сөйлемнің түрлері.

5. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз. Ол үшін ең алдымен сөйлемнің баяндауышын табамыз. Себебі:

а) Баяндауышсыз сөйлем болмайды.

ә) Баяндауыштың орны шартты түрде тұрақты.

б) Баяндауыш арқылы бастауышты табамыз.

в) Бастауыш пен баяндауышты қатыстыра отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табамыз.

Екінші кезең: Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

III. Дәптермен жұмыс. Тт әрпін көркемдеп жазу.

1-тапсырма. Жеке жұмыс.

Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыз.

Халқымыз ерте заманнан мал өсірумен шұғылданған.	
Жылқы, түйе және сиырды ірі қара деп атаған.	
Қой мен ешкіні ұсақ мал деп атаған.	

2-тапсырма. Топтық тапсырма: Суреттерді тарату. Сурет бойынша 3-4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрайды. Сөйлем түрлері толық болуы шарт.

1-топ: Хабарлы сөйлемді синтаксистік талдап жазады. 2-топ: Сұраулы сөйлемге синтаксистік талдап жазады. 3-топ: Лепті сөйлемге синтаксистік талдап жазады. Жат жазады.

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйретуші - үйренуші) құру. «Арқан тартыс» ойыны.

Үлгі:

Табиғат қандай тамаша!

1. Сөйлемде неше тыныс белгісі бар?

- Сөйлемде бір тыныс белгісі бар.
- Ол қандай тыныс белгісі?
- Ол леп белгісі.

- Леп белгісінің қойылу себебі...?
 - Леп белгісінің қойылу себебі – айтушының көңіл-күйін білдіріп тұр.
2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай қандай сөйлем?
- Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – лепті сөйлем.
 - Неге?
 - Себебі, сөйлем қуану мағынасында айтылып тұр.
3. Құрылысына қарай қандай сөйлем?
- Құрылысына қарай – жай сөйлем.
 - Неге?
 - Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

Сергіту сәті. Слайд көрсетілімі арқылы қимылдарды жасайды.

3-тапсырма. Жеке жұмыс.

Ребусты шешіңіз. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құраңыз.



””



”

””



(Құлын)

IV. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. **Құлын** туралы мәлімет іздейді.
2. **Құлын** сөзіндегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеңіз.
3. Проблемалық сұрақ:
Егер біздің тілімізде бір ғана тыныс белгісі қызмет ететін болса, не болар еді деп ойлайсыз? Ойыңызды еркін ақ паракқа түсіріңіз.

V. Рефлексия.

VI. Бағалау. Өзін-өзі бағалау.

VII. Үй тапсырмасы.

1. Төрт түліктің бірімен диалог құрып келу.
2. Кез келген сөзге сөзсазындық талдау.
3. Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау жасау.
Бір тапсырманы орындаған оқушы -3;
Екі тапсырманы орындаған оқушы -4;
Тапсырманы толық орындаған оқушы -5 баға алады.

6-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жаңылтпаш, шағын мәтіндердің тәрбиелік мәнін түсініп, сол арқылы салт-дәстүрлерімізді бағалауға, құндылықтарын жете түсінуге мүмкіндік тұғызу.

ә) Білімділік: Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру арқылы олардың ұқсастықтарын, айырмашылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін саралап, терең түсінуге мүмкіндік тұғызу.

б) Дамытушылық: Алынған жаңылтпаштарды, мәтіндерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай тұғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Тірек сызба, жаңылтпаш.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Бір, екі, үш

Сынып іші тып-тыныш.

Жалқаулықты тастаймыз,

Сабақты біз бастаймыз.

II. Тірек білімдерін жетілдіру.

Сұрақ-жауап әдісі. (диалог)

- Әріп дегеніміз не?

- Дыбыс дегеніміз ше?

- Дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ережесін естеріне түсіреді.

Дауысты және дауыссыз дыбыстар болып екі топқа бөлінеді.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл,

ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың алған

білімдерін естеріне түсіріп, берілген жаңа сабаққа негіз болатын

тапсырмалармен жұмыс. «Кім жылдам?» ойыны. Құрамында у дыбысы бар сөздерді атау.

Мысалы: Ауа, сусын, сауысқан, елу т.б (оқушылар)

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

IV. Дәптермен жұмыс.

Уу әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Сусын сөзін жазып, сөз құрамындағы у дыбысының дауысты дыбыс болып тұрғанын дәлелдейді. Ереже шығарады. Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады. У дыбысы дауысты болып тұрған сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Оқыту формасы: ұжымдық. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей)

Мұғалім жазады, оқушы жазады. Оқушы жазғанын дауыстап айтады.

Қазақ халқында қандай сусын түрлері бар? Олар туралы не білесіздер?

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған салт-дәстүрлерді бағалауға баулу.

Мысалы: Берілгені: **Сусын** сөзінде қанша дыбыс бар. Оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін бізден сұрайды.

Ол былай өрнектеледі:

Берілгені: Сусын = $\bigcirc = \frac{\square}{\triangle} = ?;$

Шешуі: Сусын сөзінде бес дыбыс бар. Оның екеуі – олар: у,ы дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай ауа еркін шығады. Үшеуі – олар: 2с, н дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$$5\bigcirc = \frac{2(\text{у, ы})\text{дауысты}}{3(2\text{с, н})\text{дауыссыз}};$$



а) Тілдің қатысына қарай екі дауысты дыбыстың екеуі де – олар: у,ы тіл арты немесе жуан дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді. Сөзде тіл алды немесе жіңішке дауыстылар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

$$2\square = \frac{2(\text{у, ы})\text{тіл арты немесе жуан } \square}{\square \bigcirc};$$

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай екі дауысты дыбыстың екеуі-олар: у,ы қысаң дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ тар ашылып, ауа қысылып шығады. Сөзде ашық, жартылай ашық дауыстылар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

$$\text{ашық} + \text{жартылай ашық } \square \bigcirc$$

«Адасқан әріптер». Ойынның шарты: Балалар адасқан әріптерден мағыналы сөз жасауы тиіс.

- 1) қ,з,ы,м,ы,- ...
- 2) б,а,т,ұ,ш- ...
- 3) с,м,у,а,л,а- ...
- 4) а,р,а,й,н - ...
- 5) р,і,м,і,ш,к,і -... .

1. Мағыналы сөздердің жалпы атауы не деп аталады?

2. Олар туралы қандай мәліметтер білесіздер?

3. Саумал сөзіндегі у дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?

Сергіту сәті.

3-тапсырма.

Жаңылтпашты оқып, мағынасына назар аударыңыздар. Жаңылтпашты жаңылмай айтып, дәптеріңізге жатқа жазыңыз.

Батырға қай көлік сай көлік?

Батырға сәйгүлік сай көлік.

Асты сызылған сөздердегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып, сол дыбыстарға жұптасып дыбыстық мінездеме беру.

VI. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке орындайды.

1. «Жылқы - киелі жануар» тақырыбына шағын ойтолғау жазу (мақал-мәтел, өлең құрастыруға да болады).
2. Жоғарыда жазылған кез келген сөздегі дауысты дыбыстарға математикалық тісілмен дыбыстық мінездеме беріңіз.

VII. Рефлексия.

VIII. Бағалау (Өзін-өзі бағалау).

IX. Үйге тапсырма.

7-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, еңбексүйгіштікке, адалдыққа баулу.

ә) Білімділік: Дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру арқылы олардың ұқсастықтарын, айырмашылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін саралап, терең түсінуге мүмкіндік тұрғызу.

б) Дамытушылық: Алынған мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Тірек сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі оқылса.

Шәкәрім Қ.

II. Өткен материалдарды еске түсіру. Мақсаты: алған білімдерін іс жүзінде пайдалана алуға жағдай жасау.

Тірек тапсырма: Мысалы: Еңбек пен бақыт – егіз. (Мақал)

а) Мақалға айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу, мақал-мәтелдердің мағынасын жете ұғынуға жетелеу.


б)Талдаудың төрт сатысы. Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беру.

(Ойындар арқылы амалға асыруға болады).



Үлгі:

Бақыт сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беру.

Тілдік материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау.Топтық жұмыс.Топтық бағалау.



4. Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай- ерін дауыссызы.



III. Алған білімдерін зерделеу.

Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Мәтінді оқып, түсінгеніңізді өз сөзіңізбен баяндаңыз.

Еңбекпен ел көгерер

Еңбек – адамның рухани және дене күшін жұмылдыру арқылы, өзіне дейін жасалған тәжірибені пайдаланып, тиісті құрал-саймандар мен жұмыс тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылатын іс-қимыл әрекеті.

Даналығы түпсіз терең, тарихи тәжірибесі ұшан-теңіз халық:

Асық ойнаған - азар,

Доп ойнаған - тозар, -

деп, шамадан тыс ойын-сауықшылдық, ырду-дырдуға құмарлық адамды бұзатынын, ал оны дене және рухани бүлінуден аман алып қалатын бірден-бір құдіретті күш – еңбек екенін баяғыда-ақ білген, соны келешек қауым, кейінгі ұрпаққа өсиет еткен:

Еңбек деген байлық бар,
Ерінбеген жететін.

Ынта болса адамда,
Қиын іс жоқ ғаламда.

Бейнет,
Бейнет түбі –зейнет.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Асық ойнаған - азар,
Доп ойнаған - тозар, - дегенді қалай түсінесіздер?
3. Еңбек туралы тағы да қандай мақал-мәтелдер білесіздер?

IV. Дәптермен жұмыс.

Бб әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Еңбек сөзін жазып, сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Оқыту формасы: ұжымдық. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей)

Үйретуші жазады, үйренуші жазады. Үйренуші жазғанын дауыстап айтады.

Үлгі:

Берілгені: **Еңбек** сөзінде қанша дыбыс бар. Оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін бізден сұрайды.

Ол былай өрнектеледі:

Берілгені: Еңбек = $\bigcirc = \frac{\square}{\triangle} = ?;$

Шешуі: Еңбек сөзінде бес дыбыс бар. Оның екеуі – олар: 2е дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай ауа еркін шығады. Үшеуі – олар: н, б, к дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$5\bigcirc = \frac{2(2e)\text{дауысты}}{3(н,б,к)\text{дауыссыз}} ;$



Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

а) Үн мен салдардың қатысына қарай үш дауыссыз дыбыстың біреуі- ол: к қатаң дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбыс тек салдырдан тұрады. Біреуі– ол: б ұяң дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда, үннен гөрі

салдыр басым. Біреуі– ол: н үнді дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда, салдырдан гөрі үн басым.

Ол былай өрнектеледі:

$$3_{\Delta} = \frac{1(\text{к})\text{қатаң } \Delta + 1(\text{б})\text{ұяң } \Delta}{1(\text{н})\text{үнді } \Delta};$$

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай үш дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: б,к шұғыл дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады. Біреуі – ол: н мұрын жолды дауыссызы. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа мұрын арқылы шығады. Сөзде ызың, діріл және ауыз жолды дауыссыз дыбыстар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

$$3_{\Delta} = \frac{9(\text{б,к}) \text{ шұғыл } \Delta \text{ } \emptyset + \text{ызың } \Delta \text{ } \emptyset}{\text{діріл } \Delta \text{ } \emptyset + \text{ауыз жолды } \Delta \text{ } \emptyset + 1(\text{н})\text{мұрын жолды } \Delta \text{ } \emptyset};$$

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай үш дауыссыз дыбыстың біреуі - ол: б ерін дауыссызы. Біреуі- ол: к тіл ортасы дауыссызы. Біреуі – ол: н тіл арты дауыссызы. Сөзде тіс, ерін мен тіс, тіл алды, тіл мен тіс, көмей дауыссызы жоқ.

$3_{\Delta} = 1(\text{б})$ ерін $\Delta + 1(\text{к})$ тіл ортасы $\Delta + 1(\text{н})$ тіл арты

1-тапсырма. Жеке жұмыс. Көп нүктенің орнына п, әріптерінің тиістісін

қойып жазыңыз.

То..., шала..., клу..., қалы..., шта..., кәуа..., кіта..., мекте... .

Сөз соңындағы п әрпінің б болып естілу себептерін анықтайды. П,б дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырыңыздар.

2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Өлеңді түсініп оқыңыздар.

Менің күн тәртібім

Қазір жасым сегізде,
Көп ұйықтайтын ерке мен.

Ешкімге «тұр» дегізбей,

Қарғып тұрам, ертемен.

Мектептен соң - түскі асым,

Сосын – ойын далада.

Сосын – жұмыс, қысқасы,

Көмектесем мамама.

Енді ертеңгі сабаққа

Дайындалу – борышым.

Тойып алып тамаққа

Отырамын сол үшін.

Кеште болар, күн батып

Теледидар бар тағы.

Ертегісін тыңдатып,


Ол да өзіне тартады.

Уақыт неткен тез еді,

Болып қалар айлы түн.
Дейді мамам:
- Сен енді
Жақсы жатып жайлы тұр!

- 1.Сіздің күн тәртібіңіз қандай?
- 2.Осылай әр күніңізге жоспар құрасыз ба?
- 3.Еңбектену деген не?
- 4.Жұптасып бір күндік жоспар құрыңыздар.
- 5.Өлеңнің ішіндегі кез келген сөздегі дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер. (Қысқаша жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады).

3-тапсырма. Топтасып орындайды. Беті ашық жатқан мына кітапта бір мақал жасырылған,соны табыңыздар!



Нұсқау.Бұл есепті қосу амалын қолдана отырып қана шеше аласыздар. Есептегі жасырылған мақалды табу үшін алдымен жеке әріптерді тауып алып, оларды құрастырып оқу керек.

Мысалы. 12 санымен жасырылған әріпті табу үшін кітаптың оң қол жақ бетінен қосындысы 12-ге тең болатын екі санды іздеу керек.Сол екі санның көлденеңі мен тігінен түйіскен торкөздегі әріп – іздеген әріпіңіз болады.

Бірнеше еңбек туралы мақал құрап жазыңыздар. Мағынасын түсіндіріңіздер.

IV. Сергіту сәті.

V. Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. «Көз қорқақ, Қол батыр» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.
- 2.Тақырыпқа байланысты кез келген сөзді алып, сөздегі дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіз.

VI. Рефлексия.

VII. Үйге тапсырма. 5-тапсырма. Ребустың шешуіндегі сөздерге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

VIII. Бағалау (Өзін-өзі бағалау).

8-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сөз. Сөзге сөзсазындық талдау жасау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, оқу-білімге, өнерге, адамгершілікке баулу.

ә) Білімділік: Сөзге сөзсазындық талдау жасау арқылы сөздердің айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай түрлерін толық түсініп меңгеруге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға мүмкіндік жасау.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгеру.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Тірек сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.


«Күлкі» дидактикалық ойын. Оқушылардың бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында, бір-біріне қарап, ыңғайланып отырып, бір-бірінің жүзіне қарап, күледі. Мұндай әрекет күн ұзаққа көңіл-күйлерінің жақсы болуына әсер етеді.

II. Жаңа білімге бағыттау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың алған білімдерін естеріне түсіріп, берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Тапсырма: «Жүйесін тап» ойыны.

Ойынның шарты: Шеңбер бойында орналасқан әріптерді жүйесін тауып оқығанда, оқу-білім туралы айтылған халық мақалы шығады. Ол қандай мақал?



(«Кітап – білім бұлағы»)

а) Мақалға айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу, нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің мәнін түсінуге жетелеу. Оқушылар «кітап», «білім», «бұлақ» болып үш топқа бөлінеді.

«Серпілген сауал» ойыны. Орамалды кім тосып алса, сол оқушы берілген сұраққа жауап береді.

Сұрақтар:

- Кітап сөзі қандай буынды сөз?
- Білім ше?
- Бұлақ сөзі ше?
- Буын түрлерін атап, дәлелдеп беріңіз.
- Тасымал дегеніміз не?

III. Жаңа сабақ.

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Өлеңді түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

Білім ал

Біле алмаса тылсым сырын ғаламның,
Хайуаннан несі артық адамның?!
Не нәрсенің табу үшін лажын
Алдыменен оқып білген лажым.
Әлем түні Күнмен ғана түрілген,
Адам жаны жарық алар ілімнен!
Білімсіз жан аттай алмас бір адым,
Ата-ананың ақтай алмас мұратын!
Шыңыраудай шындық сырын кім ұғар? –
Ұғу үшін ілім ізде, білім ал!

Хамза

- 1.Өзбек ақыны не үшін білім алу керек дейді?
- 2.Ал өзіңіз білімнің қажеттілігі неде деп ойлайсыз?


IV. Дәптермен жұмыс.

Кк әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Кітап сөзін жазып, сөзге сөзсазындық талдау жасау. Оқыту формасы: ұжымдық. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей. Тілдік материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау).

Үйретуші жазады, үйренуші жазады. Үйренуші жазғанын дауыстап айтады.

Үлгі:

- Кітап**
- 
1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай аралас буынды сөз. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан, жіңішке болып араласып келіп тұр.
 2. Бұл сөз: кі-тап болып екі буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында екі дауысты дыбыстар бар. **Кі** буыны - ашық буын. Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр. **-тап** буыны – бітеу буын. Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.
 3. Бұл сөз:


Кі-		болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі, сөз екі
тап		буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес
		тасымалданған.
 4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **тап** буынындағы **а** дауысты дыбысына түсіп тұр.

^{x /}
Кітап


5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі, бұл түбір сөз.
6. Сөзде дыбыс үндестігі де жоқ. Себебі, түбір сөз.

Тілдік материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдап жазыңыз. Топтық тапсырма. Мақсаты: Жаңа материалды бірлесе отырып меңгереді. Пікірлеседі, ой бөліседі, бірін-бірі үйретеді. Білім, бұлақ сөздерінің кез келгенін алып жазбаша толық жазады және кезектесіп ауызша талдау жасайды. Топтық бағалау. (Топтар бірін-бірі бағалайды).

Үлгі:

- Білім**
- 
1. Бұл сөз жіңішке буынды сөз. Себебі,...
 2. Бұл сөз: бі-лім болып екі буынға бөлінеді. Себебі,...
 3. Бұл сөз: бі- | болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі, ...
лім |
 4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін
- ^{x /}
Білім
5. Түбір мен қосымшаның аралығында буын үндестігі жоқ. Себебі,...
 6. Түбір мен қосымшаның аралығында дыбыс үндестігі жоқ. Себебі,...

Бұлақ

- 
1. Бұл сөз жуан буынды сөз. Себебі,...
 2. Бұл сөз: бұ-лақ болып екі буынға бөлінеді. Себебі,...
 3. Бұл сөз: бұ-| лақ болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі,...
 4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін
x /
Бұлақ
 5. Түбір мен қосымшаның аралығында буын үндестігі жоқ. Себебі,...
 6. Түбір мен қосымшаның аралығында дыбыс үндестігі жоқ. Себебі,...

V. Алған білімдеріңізді зерделеу.


Тапсырмалар орындау

1-тапсырма. Ұйқасын тап. Топтық тапсырма.

1. Қорқақ өз көлеңкесінен де
2. ... - ынтымақ.
3. Оқу инемен құдық
4. ... құдығыңа түкірме.
5. Өлімнен
6. Талап – талмас
7. Ата – бәйтерек,
Бала -

Нүктенің орнына қойылған кез келген сөзге сөзсазындық талдау жасаңыздар. (Қысқаша жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Топтық бағалау). Ұлттық ойындарды қолдануға болады.

Үлгі:

- Құрақ**
- 
1. Бұл сөз жуан буынды сөз.
 2. Бұл сөз: құ-рақ
a.б б.б
 3. Бұл сөз: құ-| рақ болып бір жағдайда тасымалданады.
 4. Құрақ
x /
 5. ○
 6. ○

2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Жұмбақты түсініп оқып, шешуін табыңыздар.

Дүниеде бір құдық бар беті қатқан,
Бетінде бетегесі шығып жатқан.

Қараса сол құдыққа көз жетпейді,
Құр қалмас сол құдықтың дәмін татқан. (Оқу,білім)

Ескерту: Жұмбақты шешу қиынға соқса, кішкене бағыт-бағдар сілтеуге болады. Өз қалаулары бойынша жұмбақтың ішіндегі кез келген сөзді тандап, жұптасып сөзсаяндық талдау жасайды. (Қысқаша жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады. Жұптық диалог. Бірін-бірі бағалайды).

3-тапсырма. Жеке жұмыс.

Нүктенің орнына керекті сөздерді өз қалауыңызбен тандап жазыңыз.

Мен ... сыныпта оқимын. Болашақта ... болғым келеді. Сондықтан да мен көп уақытымды ... өткіземін. Күш – білімде, Білім -
Болашақ сөзіне сөзсаяндық талдау жасаңыз. (Ауызша)

VI. Сергіту сәті.

VII. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма.

1. Кітап, білім, өнер туралы мақал-мәтел құрастырып жазыңыз.
2. Жоғарыда жазылған кез келген сөзге қысқаша жазылым бойынша сөзсаяндық талдау жасаңыз.

VII. Рефлексия (Кері байланыс жасайды)

VIII. Бағалау (Жұптық бағалау).

IX. Үйге тапсырма.

- 1.4-тапсырма.
2. Кез келген сөзге сөзсаяндық талдап жазу. (Толық жазылым).
3. Кез келген сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. (Қысқаша жазылым).

9-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сөз. Тілдік материалдарды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және сауаттылыққа жетелеу.

ә) **Білімділік:** Сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу жолдарын түсіну.

б) **Дамытушылық:** Сөзсазындық талдаудың қыр-сырын меңгеру; есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамуына жағдай жасау; алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Тірек сызба,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сүйкімді балғын бала шақ

Сендердікі болашақ,

Озат болып оқыңдар.

Ойға білім тоқыңдар!

Қима қағаздарға жазылған сөздерден жаңылтпаш құрастыру.

Мысалы: Қылық, жаман, та, шағынымпаздық, жағынымпаздық, та, қылық, жаман. (Шағынымпаздық та жаман қылық, Жағынымпаздық та жаман қылық).

II. Өткен материалдарды еске түсіру.

Тірек тапсырма:

а) **Жаңылтпашты жаңылмай айтып, айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.**

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу, жаңылтпаштың мәнін түсінуге жетелеу. Оқушылар үш топқа бөлінеді.

Тапсырма: Ұлттық ойындарды пайдалануға болады. («жалғастыр», «орамал тастамақ», «көрші» т.б)

1-топ: «жақсы» сөзіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме береді. (Қысқа жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады).

2-топ: «жаман» сөзіне сөзсазындық талдау жасайды. (Қысқа жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады).

3-топ: «қылық» сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме береді. (Толық жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады).

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

Адал бала

Келе жатыр еді жолда жас ұлан,
Екі кісі шыға келді қасынан.
Деді бірі: «Айтар болсаң өтірік,
Тиын берем бір қалтаға толтырып».
Деді бала: «Емеспін мен кембағал,
Аға, байқап сөз сөйлеген жөн болар.
Кім сенеді жалған сөйлеп тұрғанға,
Айтыңызшы, өтірікте құн бар ма?
Өтірікті салып жүрген саудаға,
Өзіңізді жын ұрғаннан сау ма, аға?
Жалған сөзге жалаң сөзді қосыңыз,
Жетпей жатса, қарыз берер досыңыз...»
Аппақ, адал балаға айтса алғысын
Екі кісі риза боп қалды шын.

Түйін:

Кімде болса туралық пен адалдық,
Жалған сөзбен жолай алмас жамандық.

Хамза

1. Өлеңде не туралы айтылған?
2. Үлкендер неге балаға өтірік айт деді?
3. Бала неге ақша үшін өтірік айтпады?
4. Сол баланың орнында сіз болсаңыз не істер едіңіз?
5. Неге жалған сөйлеуге болмайды? Сіз қандай түйін түйдіңіз?

III. Дәптермен жұмыс.


Жж әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.


Өлеңдегі асты сызылған сөздерді жазып, сөзсазындақ талдаудың қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу. Оқыту формасы: ұжымдық. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей Тілдік материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау).

Үйретуші жазады, үйренуші жазады. Үйренуші жазғанын дауыстап айтады.

Үлгі:

Сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу





IV. Алған білімдерін зерделеу.

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

Мағыналас сөздерді жалғастырып жазыңыздар.

Өтірік, ...

Адалдық, ...

Жомарт, ...

Сараң, ...

Осы сөздерге қатысты мақал-мәтел құрастырыңыздар.

Өтірік, адалдық, жомарт, сараң сөздерін сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеңіздер. (Жазбаша

орындалады, топтар бір-бірінің жұмыстарын кезекпен тексеріп шығады).

2-тапсырма. Жеке жұмыс.

Мақалды толықтырып жазып, жаттап алыңыз.

Жомарт дос көбейтеді, -

Сараң ... көбейтеді.

Өз ойыңызды жазыңыз.

Жомарт адам

Сараң адам

3-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге қатысты мақал немесе сөйлем құраңыздар.

””



”



””



”””



ТІ

(Әдепті)

Мақалдағы немесе сөйлемдегі сөздерді сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеңіздер.(Жазбаша орындалады).

V. Сергіту сәті.

VI. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. Адал сөзіне қысқаша сөзсазындық талдап жазу.
2. Кез келген төрт сөзге қысқаша ықшамдау принципімен сөзсазындық талдап жазу.

VII. Рефлексия.

- 1.Сабақ сізге ұнады ма?
- 2.Не үйрендіңіз?
- 3.Не қиын болды? неге?
- 4.Берген бағаңыз? ...

VIII. Бағалау. Өзін-өзі бағалау.

Бағалау критерийлері:

- 1.Тірек тапсырмасын орындауы;
- 2.Жаңа тақырыпты меңгеруі;
- 3.Топтық белсенділігі;
- 4.Жеке тапсырмаларды орындауы;

5.Ойын еркін жеткізуі.

IX. Үйге тапсырма.

10-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзінді-өзің тексер!

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және сауаттылыққа тәрбиелеу.

ә) Білімділік: Өтілген тақырыптар бойынша білімдерін есепке алу.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, дербес тұрғыда орындау

Көрнекілігі: Тірек сызба,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Тіл мен Ұлт –

Егіз деп ұқ бұларды.

Ұлт – бәйтерек,

Тіл- нәр берер құнары...

Ана тілін,

Ұлттық қаны болса егер,

Тас керең де, саңырау да ұғады...

Өтепберген Ақыпбекұлы

II. Алған білімдерін зерделеу.

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

1-деңгей:

1. Тілдік бірліктерді толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау.

2. Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдау.

3.Тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу.

4. Толықтыру тесті.

1-тапсырма.

Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы

III. Жазбаша жұмыс.

Форма: Жеке жұмыс.

Бағалау. Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады. Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

Бағалау көрсеткіші: Қатесіз жұмысқа -5; 1-2 қатеге – 4;

Ескерту: Білім алушыларды партаға тізбектеп отырғызу, оларды екі нұсқаға бөлу.

2-тапсырма.

1-нұсқадағы оқушылар «Ана» сөзіндегі дауысты дыбыстарға толық жазылым бойынша дыбыстық мінездеме береді.

2-нұсқадағы оқушылар «Ана» сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға толық жазылым бойынша дыбыстық мінездеме береді. (2 ұпай)

3-тапсырма.

1-нұсқа «Анамыздың» сөзіне қысқаша жазылым бойынша сөзсазындық талдау жасайды. (2 ұпай)

2-нұсқа «Тілімізді» сөзіне қысқаша жазылым бойынша сөзсазындық талдау жасайды.

4-тапсырма. 1-нұсқа (Ақ, сүтімен, бойымызға, дарыған) сөздеріне сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу. (3 ұпай)

2-нұсқа (Бүкіл, тарихымызды, ұмыту) сөздеріне сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу.

5-тапсырма.

Ескерту: Тестік тапсырманы жұптық жұмыс формасында орындайды. Толықтыру тестін алу.

Ана тілің – қазынаң. (Мақал)

1. Сөзсазындық талдау. (1 ұпай)

- ...
- Қазынаң
 - 1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай - ... Себебі, ...
 - 2. Бұл сөз: ... болып, ... буынға бөлінеді. Себебі, ...
 - 3. Бұл сөз ... | болып жағдайда тасымалданады. Себебі, ...
 - 4. Қазақ тілінде
 - 5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында Себебі, ...
 - 6. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында Себебі,

2. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (1 ұпай)

- Ана тілің – қазынаң.
- 1. Сөйлемде ... тыныс белгісі бар. Ол - Нүктенің қойылу себебі

2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - ... сөйлем. Себебі,
3. Құрылысына қарай - ... сөйлем. Себебі, ...

Тексеру экраннан тексереді.

III. Сергіту сәті.

6-тапсырма.

Шығармашылық тапсырма. Форма: Жеке жұмыс. (4 ұпай)

Жоғарғы қиындықтағы тапсырма. Сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Жазылым іс-әрекеті жүзеге асады. (Дарынды және талантты балалар)

IV. Бағалау: Мұғалім бағалайды.

Мысалы:

1-нұсқа: Берілгені: Сүтімен= $\text{O} = \frac{\square}{\triangle} = ?;$

2-нұсқа: Берілгені: Дарыған= $\text{O} = \frac{\square}{\triangle} = ?;$

13 балдық жүйе арқылы бағаланады.

Аты-жөні	Толық жазылым	Қысқаша жазылым	Қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу	Тестік тапсырмалар 1+1	Шығармашылық тапсырма	Қорытынды баға
	2	2	3	2	4	13б «5»

Бағалау: Өзін-өзі бағалау.

Диагностикалық кесте

Оқушының аты-жөні	Дыбыстарға мінездеме беру	Сөзсаяндық талдау	Қысқаша ықшамдау принципімен өрнектеу	Синтаксистік талдау	Балл жиынтығы
	13	13	13	13	13

11-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу.

Сабақтың мақсаты:

а) **Тәрбиелік:** Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және сауаттылыққа тәрбиелеу.

ә) **Білімділік:** Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеудің жолдарын түсіну.

б) **Дамытушылық:** Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Тірек сызба,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Бар асылын халықтың,

Құйған сана ойыңа.

Туған тілім өркенде,

Бола бер күшті көркем де! *С. Мұқанов*

Суреттерді құрастыру арқылы екі топқа бөлінеді. (Мысалы: түймедақ, қызғалдақ)

Метаграмма

Екі жағым «Н» болса,

Қасиетті тағаммын!

Екі жағым «А» болса,

Ел қадірлер адаммын.

(Нан- ана)

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың алған білімдерін естеріне түсіріп, берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

а) «Нан», «Ана» тақырыбына айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу.

б) «Кім жылдам?» ойыны. «Нан», «Ана» сөздеріне қатысты айтылатын сөздерді атау.

Мысалы: Ардақты, асыл, қасиетті т.б. (оқушылар)

Аталған сөздердің кез келген үшеуін алып 1-топ: сөзсазындық қысқаша ықшамдау принципімен өрнектейді. 2-топ: сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме береді. (Қысқаша жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады.) Топтар бірін-бірі бағалайды.

III. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

Ақ мамам

Еркелесем, күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін,
Маңдайымнан иіскеп менің,
Кұлыншағым, күнім, - дейтін.

Әлемдегі ақылды адам,
Бәрінен сол жақын маған.
Ол жанымда жүрсе, мен де
Батырларша батылданам.

Жамандықтан сақтандырып,
Жақсы ісімді мақтан қылып,
Мәпелеген ақ мамамды
Жүрсем деймін шаттандырып.

Ф. Оңғарсынова

1. Сізді анаңыз қалай еркелетеді?
2. «Жамандықтан сақтандырып, Жақсы ісімді мақтан қылып», - дегенді қалай түсінесіз?
3. Сіз анаңыз үшін не істер едіңіз?

IV. Дәптермен жұмыс.

Ее әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу.

Ескерту. Талдауда төмендегі шартты белгілер негізі алынады.

О – жалпы дыбыс

□ – дауысты дыбыс

Δ – дауыссыз дыбыс

Ø – жоқ деген белгі

U – қосудың белгісі

/ – бөлшектің белгісі

Өлеңдегі асты сызылған сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу. Оқыту формасы: ұжымдық. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей)

Мұғалім жазады, оқушы жазады. Оқушы жазғанын дауыстап айтады.

Үлгі:

Б: Еркелесем = О = □/Δ = ?

Ш: Еркелесем = 90 = 4(4e)□/5(p,к,л,с,м)Δ;

□

а) 4□ = 4(4e)□/Ø□;

б) 4□ = 4(4e)□ U Ø/ Ø ;

в) 4□ = Ø□/4(4e)□;

Δ

а) 5Δ = 2(к,с)ΔU ØΔ/3(p,л,м) Δ;

б) 5Δ = 1(к)ΔU1(с)Δ/1(p) Δ U1(л) Δ U1(м) Δ ;

в) 5Δ = 1(м)ΔU1(с)ΔU1(к)Δ U2(p,л) Δ .

V. Алған білімдерін зерделеу.

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

Мақалды дұрыс ұйқастырып жазыңыздар.

Анасыз ақын да болмайды,
Нан болса - ойнап күлеміз,
Ана – отбасының ұйытқысы,
Нан – ардақты, асыл ас,

Әке –шаңырақ иесі.
Аттамас, одан кәрі-жас.
Батыр да болмайды.
Нан барда – еркін жүреміз.

Жоғарыдағы үлгі бойынша асты сызылған сөздердегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеңіздер (жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша сатылай кешенді талдайды, топтық форма. Топтар бірін-бірі бағалайды).

1-топ: Б: Отбасының = О=□/Δ=?

2-топ: Б: Шаңырақ = О=□/Δ=?

2-тапсырма. Жеке жұмыс.


Жұмбақтың шешуін табыңыз.

Ұзын мұртты сарылар,
Көрінбейтін наны бар.

Ол не?...

Жұмбақтың жауабындағы сөзге қысқаша сөзсазындық талдау жасаңыз.(Жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Жіптің ұшын тап» ойыны.



Ойын шарты: Жіптің ұшын тауып әріптерді ретімен оқысаңыз, керемет мақал шығады.Мақалдың мағынасын ашыңыздар.

Мақалдағы сөздердегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеңіздер. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша сатылай кешенді талдайды, жұптық жұмыс, бірін-бірі бағалайды).

VI.Сергіту сәті.

VII. Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. «Ана», «Нан» тақырыптарының бір-біріне қандай байланысы бар? Сіз қалай ойлайсыз, оларсыз өмір сүруге бола ма? Неге? Өз ойыңызды ақ паракқа түсіріңіз.(Сурет салу арқылы баяндауға болады).

2. **Ардақты** сөзіндегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеңіз.

VIII. Рефлексия.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалау.

X. Үйге тапсырма.

- 1.4-тапсырма. Әңгіме құрау.
- 2.Кез келген сөзге сөзсаяндық қысқаша ықшамдау принципiмен өрнектеу.
- 3.Кез келген сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципiмен өрнектеу.

12-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Дыбыстарды белгiсiздiкпен өрнектеу, теңдеудi шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелiк: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей бiлуге, адамгершiлiкке және сауаттылыққа тәрбиелеу.

ә) Бiлiмдiлiк: Дыбыстарды белгiсiздiкпен өрнектеу, теңдеудi шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау жолдарын түсiнулерiне жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, логикалық ойлау қабiлеттерiн дамыту; Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердi негiзге ала отырып, пiкiрталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешендi оқыту.

Сабақтың түрi: Искерлiк пен дағдыны қалыптастыру

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекiлiгi: Тiрек сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тiлi, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивтi тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдерi:

I. Ұйымдастыру кезеңi. Сабаққа бағыттау.

Ақ жүрек ана – бұлақ,
Ақ жүрек әке – күншуақ,
Жақсы қыз- жағадағы құндыз,
Жақсы ұл – аспандағы жұлдыз.
Әрқашан жақсы болайық,
Үмiттердi ақтайық!

II. Бiрiншi кезең: Өткен материалдарды еске түсiру. **Мақсаты:** жаңа бiлiмдi бұрынғы бiлiммен байланыстыра отырып, өтiлетiн материалды жеңiл, ұғынықты меңгерту. **Тiрек тапсырма:** Бiлiм алушылардың алған бiлiмдерiн естерiне түсiрiп, берiлген жаңа сабаққа негiз болатын тапсырмалармен жұмыс. Оқушылар үш топқа бөлiнедi.

Жұмбақ шешу

Бiр балуан өзi күштi, қайраты мол,

Өзінен үлкен затты көтерер ол.
Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе,
Қайқаңдап аса берер бәрінен сол.
Бұл қай жәндік? (Құмырсқа)

- Құмырсқа қандай жәндік?
- Дана халқымыз оны қалай сипаттаған?

а) «Құмырсқа» тақырыбына **айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау.**

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің, жұмбақ, жаңылтпаштардың қадірін, тәрбиелік мәнін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу.

б) «Кім көп айтады?» ойыны. Әдеп, тәлім-тәрбие туралы айтылатын сөздерді атау.

Мысалы: Еңбекқор, инабатты, қанағатшыл т.б. (оқушылар)

Аталған сөздердің кез келген үшеуін алып 1-топ: сөзсазындық қысқаша ықшамдау принципімен өрнектейді. 2-топ: Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектейді. 3-топ: сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме береді. (Қысқаша жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады). Топтар бірін-бірі бағалайды.

III. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Мәтінді түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

Қанағат

Әзірет Әліден бір жігіт келіп сұрады дейді:

- Толық байлық қайтсең табылады?

Әзірет Әлі айтты:

- Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп болмайды; қанша мал аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады. Сондықтан байлық - қанағатта –деді Әзірет Әлі.

Ы. Алтынсарин

1. Қанағат деген не?
2. Байлық дегенді қалай түсінесіз?
3. Бай болғыңыз келе ме? Неге?
4. Әзірет Әлінің сөзін қалай түсінесіз?

IV. Дәптермен жұмыс.

Ққ әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу,

дыбыстардың мәнін орнына қойып,баяндау.

Нұсқау. Талдауда төмендегі шартты белгілер негізге алынады:

x - дауысты дыбыс

y - дауыссыз дыбыс

Үлгі:

Б: Қанағат, сабыр, еңбек = O=x/y=?

Ш: $17_0=7x/10y$;

а) $7x=5(5x)/2(2x)$;

ә) $7x=4(4x) \cup 2(2x)/1(x)$;

б) $7x = x\emptyset/7 (7x)$.

а) $10y=4(4y) \cup 3(3y)/3(3y)$;

ә) $10y=5(5y) \cup 2(2y)/1(y) \cup \emptyset (y) \cup 2(2y)$;

б) $10y= 2(2y) \cup 1(y) \cup 2(2y) \cup 1(y) \cup 3(3y) \cup 1(y)$.

V. Тапсырмалар орындау.

1-тапсырма.Топтық жұмыс.

Мақалды жалғастырып жазыңыздар.

Көптен дәмектен,

Аздан (күр қалады)

Еңбек ерлікке жеткізер,

Ерлік (елдікке жеткізер)

Еңбексіз іс бітпейді,

Еріншектің (қолы жетпейді)

Жоғарыдағы үлгі бойынша дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеңіздер, дыбыстардың мәнін орнына қойып баяндаңыздар.

(Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша сатылай кешенді талдайды, топтық форма. Топтар бірін-бірі бағалайды).

1-топ: Б: Көптен = O=x/y=?

2-топ: Б: Ерлікке = O=x/y=?

3-топ: Б: Елдікке = O=x/y=?

2-тапсырма. Жұптық жұмыс орындалады, бірін-бірі бағалайды.

Абайдың жетінші қарасөзінен

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іһәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, «Ол немене?», «Бұл немене?», «Бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап,

тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Не түсіндіңіз, қандай ой түйдіңіз?

Асты сызылған сөздегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеңіздер, дыбыстардың мәнін орнына қойып баяндаңыздар. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша сатылай кешенді талдайды).

3-тапсырма. Жеке жұмыс ретінде жазбаша орындалады. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері бойынша сатылай кешенді талдайды).

Жоғарыдағы айтылған қарасөздің мағынасына байланысты мақал-мәтел құрап жазыңыз.

Мысалы:

Талаптыға нұр жауар!

Сергіту сәті.

VI. Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. «Жақсыдан үйрен, Жаманнан жирен» тақырыбына ойтолғау жазу.
2. Өз таңдауыңыз бойынша кез келген сөздегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеңіздер, дыбыстардың мәнін орнына қойып баяндаңыздар.

VII. Рефлексия. (Бүгінгі сабақ туралы өз ойын жазу)

VII. Бағалау. (Өзін-өзі бағалайды)

IX. Үйге тапсырма.

13-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Сөз таптарын сатылай кешенді талдау. Зат есім

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалап, ата-баба салт-дәстүрлерімізді құрметтеуге, оның құндылықтарын жете түсінуге жетелеу.

ә) Білімділік: Морфологиялық бірліктерді сатылай кешенді талдауға, сөздердің грамматикалық мағынасын жете түсінуге жағдай жасау;

- жұмыс істеу дағдыларын;
- сауаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу;

- шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау жолдарын түсінулеріне жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, ойлау қабілеттерінің дамуына, алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Тірек сызба, суреттер

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сұрасаң, атам – қазақ, түбім – түрік,

Мойнына шу асаудың салған құрық.

Дәстүрін ел-жұртымның ардақтаймын,

Ежелгі ата-баба салтын құрып.

Қазақтың халық өлеңі

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Суретпен жұмыс.

Сурет бойынша шағын әңгіме құрап, мәтінге ат қойыңыздар.

Кім? кімдер? не? нелер? – деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді атаңыздар. (Сурет ұлттық салт-дәстүріміз «Тұсау кесер» туралы болады. Тірек сөздер: Күрмеуінді шешейін, тұсауыңды кесейін, тақымыңды жаз, қаз-қаз).

Ереже шығару: Зат есім дегеніміз – кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.

Ардақтайық ата-баба дәстүрін!

Дүние жүзіндегі әр елдің өзіне ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың рухани келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты. Бұл мирас ата-бабалардың сан ғасырлық көш керуені арқылы ұрпақ алмасқан сайын үзілмей жалғасып, асыл аманаттай ұласып отырған.

1. Ата-баба салт-дәстүрлерінің маңызы қандай?
2. Қандай ұлттық салт-дәстүрлерді білесіздер?
3. Салт-дәстүрлердің қайсысы сізге қатты ұнайды? Неге?

II. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.



III. Дәптермен жұмыс.

Аа әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

Ата сөзін жазып, сөзге морфологиялық талдау жасау. Оқыту формасы: ұжымдық. (1-деңгей Тілдік материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау).

Үйретуші жазады, үйренуші жазады. Үйренуші жазғанын дауыстап айтады.

Зат есімді сатылай кешенді талдаудың сызбасы



IV. Сергіту сәті.

V. Тапсырмалар орындау.

1-тапсырма. Жеке жұмыс. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып сөйлемдерді көшіріп жазыңыздар.

1). Қа... ақ халқы – са ... т – д ... стүрге ө ... е б ... й ха ... ық.

2). Әд... т - ғ... рып ұ... ттың мыз... ымас б... йлығы.

3) Са... т – дәс... үріміз... і ба... алау, құр... еттеу б... здің пер... енттік мін... етіміз.

1. Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді атаңыз.

2.Дәстүр сөзін лексика-грамматикалық мағынасына жазбаша талдап жазыңыз. (Үлгіге қарап жазады).

2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Төменде берілген ұлттық киімдерді тиісті топтарына теріп жазыңыздар.

Бешпет, жейде, көйлек, камзол, шалбар; жадағай шапан, күпі, сырмалы шапан, тон шапан, ішік; бөрік, қалпақ, құлақшын, малақай, тақия, шалма; жаулық, желек, орамал, шәлі, кимешек, қарқара, сәукеле; кебіс, көк етік, мәсі, саптама етік.

Іш киімдер:

Сыртқы киімдер:

Ерлердің бас киімдері:

Әйелдердің бас киімдері:

Аяқ киімдер:

Жұптасып жоғарыда берілген зат есімдердің кез келгенін алып, морфологиялық талдау жасаңыздар. (Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Салт-дәстүрлерге байланысты суреттер тарату. Сол суреттерге байланысты сөйлемдер құрайды. Салт-дәстүрлердің маңызы туралы ойтолғау жасайды. Сөйлемдердің ішінен зат есімді анықтап, лексика-грамматикалық мағынасына талдау жасайды. (Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. «Қамшы», «Тірек сызба» ойындарын қолдануға болады).

Бата беріп үйренейік!

Ал, батамды берейін,

Арта берсін мерейің.

Қойға толып өрісің,

Алшы түссін кенейің.

Құлын-тайың шұрқырап,

Тассын бағың, мерейің.

Басыңа бұлт қонбасын,

Өмір гүлің солмасын!

Немере, шөбере, шөпшегің

Көзіңіз көрсін өскенін.

Немене мен туажатты

Көруді алда көксегін!

Үмітіңді ақтар,

Ұрпағың болсын жақтар!

Батамды есте сақта, ал,

Әумин, аллау әкпар!

VI. Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы

ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

1. Қандай ырым-тыйым сөздерді білесіздер? Оның тәрбиелік мәні қандай?
2. Өз таңдауыңыз бойынша кез келген зат есімге қысқаша морфологиялық талдау жасаңыз.

VII. Рефлексия. (Бүгінгі сабақ туралы өз ойын жазу).

VIII. Бағалау. (Өзін-өзі бағалайды).

IX. Үйге тапсырма.

14-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзінді-өзің тексер!

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және сауаттылыққа баулу.

ә) Білімділік: Өтілген тақырыптар бойынша білімдерін есепке алу.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, дербес тұрғыда орындау

Көрнекілігі: Тірек сызба,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды қаламыз,
Жайнай түсті даламыз,
Қайырлы таң, балалар!
Күніміз сәтті өтсін!

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

2-деңгей:

1. Тілдік бірліктерді жазылым бойынша символдар арқылы ықшамдау принципімен өрнектеу.
2. Жат жазу.

3. Тестік тапсырмалар. Мысалы:

1). Толықтыру тесті 2). Сәйкестендіру тесті.

1-тапсырма.

Тәлім өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, -

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек.

Абай

Жазбаша жұмыс.

Форма: жеке жұмыс.

Бағалау: Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады. Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

Бағалау көрсеткіші: Қатесіз жұмысқа -5; 1-2 қатеге – 4;

Ескерту: Білім алушыларды партаға тізбектеп отырғызу, оларды екі нұсқаға бөлу.

2-тапсырма.

1-нұсқадағы оқушылар «Адамның» сөзіндегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеңіз.

2-нұсқадағы оқушылар «Адамның» сөзіндегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеңіздер. (2 ұпай)

Биік ағаштың түбірі берік. (Мақал)

3-тапсырма. Жат жазу. 3 ұпай

1-нұсқа «Ағаштың» сөзіне лексика-грамматикалық мағынасына морфологиялық талдау жасайды.

2-нұсқа мақалға синтаксистік талдау жасайды.

4-тапсырма. Тестік тапсырмалар.

1.Толықтыру тесті. 2 ұпай.

Адам деген ардақты ат. (Мақал)


1-нұсқа. Мақалға синтаксистік талдау.

2-нұсқа. Адам сөзіне морфологиялық талдау.

Адам деген ардақты ат.

1. Сөйлемде ... тыныс белгісі бар. Ол - Нүктенің қойылу себебі...
2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - ... сөйлем. Себебі, ...

3. Құрылысына қарай - ... сөйлем. Себебі, ...



1. Бұл сөз ... құрамнан тұр:

2. Тұлғасына қарай- адам - түбір. Себебі,

3. Құрылысына қарай-..... Себебі,

4. Адам – деген сұраққа жауап береді.

Ендеше, бұл – Зат есім дегеніміз –

5. Мағынасына қарай:

а) есім. Себебі,

ә) Жанды. Себебі,

б) Деректі. Себебі,

в) Нақты. Себебі,

1-нұсқа.

Ақылды
он
балалардың
Астана
Адамның күні адаммен
Жетінші
дос
Анадан артық дос бар ма
шағала
кітап
аға
егінші
Айнала қандай тамаша
әдемі
барма
адам

құрамында ұяң, үнді дауыссызы бар сөз
құрамында 3 а дауысты дыбысы бар сөз
аралас буынды сөз
3 жағдайда тасымалданатын сөз
тасымалданбайтын сөз
екі буынды тасымалданбайтын сөз
лепті сөйлем
екі құрамды сөз
сапалық сын есім
болымсыз етістік
қатыстық сын есім
реттік сан есім
есептік сан есім
жалқы есім
сұраулы сөйлем
хабарлы сөйлем

2-нұсқа

Бесінші
сөз
Білімді
сегіз
Адамға адам жат емес
Алматы
сөз
сабақтың
қызыл
Қыран жүйрік пе, Қиял жүйрік пе
ана

құрамында қатаң, үнді дауыссызы бар
лепті сөйлем
болымсыз етістік
құрамында 2 ы дауысты дыбысы бар
жіңішке буынды сөз
4 буынды 2 жағдайда тасымалданатын
тасымалданбайтын сөз
екі буынды тасымалданбайтын сөз
жалқы есім
екі құрамды сөз

жазба
қызыл
егін
гүл
Су ішкен құдығына түкірме
ақыл

сапалық сын есім
сұраулы сөйлем
қатыстық сын есім
реттік сан есім
есептік сан есім
хабарлы сөйлем

5-тапсырма.

Шығармашылық тапсырма. (4 ұпай)

Жоғарғы қиындықтағы тапсырма. Сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Жазылым іс-әрекеті жүзеге асады. (Дарынды және талантты балалар)

Бағалау: Мұғалім бағалайды.

Мысалы:

1-нұсқа: Берілгені: Жылы = $\text{○} \frac{\square}{\triangle}=?;$

2-нұсқа: Берілгені: Жүрек = $\text{○} \frac{\square}{\triangle}=?;$

13 балдық жүйе арқылы бағаланады.

Аты - жөні	Тілдік бірліктерді жазылым бойынша символдар арқылы ықшамдау принципімен өрнектеу.	Жат жазу	Толық тыру тесті	Сәйкестендіру тесті	Шығармашылық тапсырма	Қорытынды баға
	2	3	2	2	4	136 «5»

Бағалау: Өзін-өзі бағалау.

15-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзіңді-өзің тексер!

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және сауаттылыққа баулу.

ә) Білімділік: Өтілген тақырыптар бойынша білімдерін есепке алу.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамуына жағдай жасау; Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала

отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға мүмкіндік туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, дербес тұрғыда орындау

Көрнекілігі: Тірек сызба, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезендері:

Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Туған жердей жат жердің болмайтыны- ақиқат,

Оған көңлің ешқашан толмайтыны – ақиқат.

Алтын торда алтын құс өсірсен де, бұлбұл құс

Өскен бағы болмаса, қонбайтыны - ақиқат.

Физули

Ауызша тапсырма. Мақсаты: Теориялық білімді меңгеру деңгейін және ой жүйріктігін есепке алу. Айтылым сауаттылығын бағалау.

1-тапсырма. «Қамшы» ойын. Оқыту формасы: Ұжымдық. Бағалау: бірін-бірі бағалайды.

Ойын шарты: Оқушылар шеңбер болып тұрады. Ұлттық әуен ойнап тұрады. Әуен тоқтағанда қамшы кімнің қолына түссе, сол оқушы берілген сұраққа жауап береді.

Оқушылар топтарға бөлінеді.

2-тапсырма.

Қанатты сөзді түсініп оқып, көкейіңізге тоқыңыз.

- Алтын анам, **Отаным**, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ, деп, ер қайратына мін-дағы, өрге бас!

М.Әуезов

1-топ: Асты сызылған сөзге сөзсаяндық талдау жасайды. «Тірек сызба» ойыны арқылы талдайды. (Оқушылар тірек сызба болып тұрады. Талдауды кезекпен жалғастырып талдайды).

2-топ: **Отаным** сөзіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме береді. «Арқан тарту» ойыны арқылы талдайды.

3-топ: Сол сөзге морфологиялық талдау жасайды. «Серпілген сауал» ойыны арқылы талдайды. (Бірінші оқушы талдаудың бірінші сатысын айтып болып, қолындағы допты кез келген оқушыға лақтырады. Ол келесі оқушыға лақтырып талдайды. Ойын дәл осылай жалғаса береді).

3-тапсырма. Мақалды жалғастырып айтыңыздар. Мағынасын түсіндіріңіздер.

- ❖ Кісі елінде сұлтан болғанша,
..... (Өз елінде ұлтан бол)
- ❖ Отансыз адам -
..... (Ормансыз бұлбұл)
- ❖ Сағынған елін аңсайды,
..... (Сары-ала қаз көлін аңсайды)
- ❖ Ел іші - (алтын бесік)
- ❖ Туған жердің қадірін
..... (Шетте жүрсең білесің)
- ❖ Көппен көрген - (ұлы той)

Уақытқа талдау. Кез келген мақалды синтаксистік талдау жасайды.

Ескерту: Өте жылдам - 3 мин.

Жылдам - 5мин.

Баяу - 7мин.

Сергіту сәті. Қимылдармен көрсетеді.
Отаным менің Қазақстан!
Таулары қандай биік!
Көлдері сондай терең!
Алтын дәні жерден өніп,
Көк аспанмен таласқан!

4-тапсырма. Түрлі шығармашылық тапсырмалар беруге болады.

ӘДЕБИЕТ

Ұлттық білімнің қайнар көзі - ұлылардан бүгінгі күнге жеткен шешендік сөздер, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді оқыту үрдісіне пайдалану бүгінгі заман ағымы ғана емес, ол бүгінгі таңдағы ең бір зәру қажеттілік, себебі білім нәрінің тұнығына терең бойлау, адам баласына қажетті мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлерін меңгеру, тану, білу арқылы білім алушы рухани қажеттілігін жетілдіреді, туған елінің, өскен жерінің, өзінің ұлтының, ата-бабасының тегін, өзіндік ерекшеліктерін үйренеді, оны құрметтеп, сақтауға тырысады.

Ауыз әдебиет үлгілері, ұлы ғұламалар сөздері мен нақыл сөздер, даналық сөздер білім алушыларды халқының өткені мен бүгінгісін салыстыра отырып сараптай білуге жетелейді.

ОСКО технологиясын әдебиет сабағында пайдалану білім алушылардың сөздік қорын молайтуға, атадан қалған асыл қазына - мақал-мәтелдердің мағынасын аша білуге, поэзия тілін ұғынуға үйретеді. Сонымен қатар, белгілі ақын-жазушылардың еңбектерін саралай алуға дағдыландырады. Берілген көркем мәтіндер, өлеңдер білім алушылардың тілдік қорын молайтып, қабілетін арттырады. Шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады.

Көркем шығарма - тәрбиенің басты құралы. ОСКО технологиясында тәрбие мен білім қатар жүргізіліп отырады. Бала алдымен ұстазынан тәрбиенің үлгісін алса, бірте-бірте жолдастарының жағымды қасиеттерінен үлгі-өнеге алады, жүре келе өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыланады. Ол өзіне-өзі сын көзімен қарап, өз бойындағы кемшіліктерді, өзі жасаған ағаттықтарды байқап, оны түзетуге әрекеттенеді.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі теңдесі жоқ тәрбие. Елге-жерге, тілге деген құрметті жас ұрпақтың бойына сіңірудегі басты құралдың бірі - әдебиет.

Сіздерге ұсынып отырған осы әдістемелік құралда ОСКО технологиясын әдебиет пәніне енгізуге сәйкес тірек сызба нұсқалары ұсынылып отыр.

Әдебиет пәнінен үлгілік сабақ жоспарлары

1-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Үйретеді кім оған Ана тілін. Тұманбай Молдағалиев

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топтасып өз бетінше білім алуға, бірін-бірі дамытуға, көмектесуге және ана тілін сүйуге баулу.

ә) Білімділік: Өлеңді поэзиялық талдау жолдарын үйренуге және өлеңнің мәнін түсінуге, қорытынды жасай білуге бағыт-бағдар сілтеу.

б) Дамытушылық: Мақал-мәтел, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы сөйлеу тілдерінің, пікірлесу, талқылау және ойлана білу қабілеттерінің жетілуіне жағдай жасау.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, бағалау парағы, тірек сызба, ребус, мақал-мәтелдер.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, бейне көрсетілім.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды күніміз,
Жайнай түсті даламыз.
Қайырлы таң балалар!
Бір-біріне сәттілік тілейді.

Сабаққа бағыттау.

Ана тілім - ұраным,
Ана тілім - құралым.
Ана тілім болмаса,
Болмас еді жыр, әнім.

Суреттер бойынша үш топқа бөлінеді.

II. Жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерулеріне жағдай жасау.

Ой қозғау.

Ребусты шешіңіздер.



„БІЛІМ (Ана тілім)

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болады деп ойлайсыздар?

- Ана тілі дегенді қалай түсінесіздер?

- Ана тілі сіздерге қаншалықты қымбат? (Білім алушылар өз ойларын ортаға салады, талқылайды, ой толғайды).

Олай болса, бүгінгі танысатын өлеңіміз Т. Молдағалиевтың «Үйретеді кім оған Ана тілін», - деп аталады.

III. Жаңа білімді меңгеру. Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады. **Өлеңді түсініп, тиісті дауыс ырғағымен мәнерлеп оқыңыздар.**

Үйретеді кім оған Ана тілін

Қызғалдақтай атылған қара түрін,
Ата-ананың дегендей қанатымын.
Сен екеуің сөйлейсің басқа тілде,
Үйретеді кім оған ана тілін.

Сол емес пе күні-түн қарайтының,
Бақытына өміріңнің балайтының.
Інім, өзің сөйлейсің басқа тілде,
Кім оған үйретеді Абай тілін.

Ол да өзіндей дегбірсіз күтті әр күнін,
Ержеткен соң өмірдің құптар құнын.
Басқа тілде сөйлейсің інім өзің,
Үйретеді кім оған Мұхтар тілін.

Үйретеді кім оған қазақ тілін,
Еркін құстай елім де азат бүгін.
Жаманбыз ба сонша біз, ойлашы өзің,
Шылауында кетердей боз аттының.

Саған айтам қазақтың қара көзі,
Басталды ғой заманның жаңа кезі.
Үйрет оған өз тілін, ана тілін,
Басқа тілді үйреніп алады өзі.

Т. Молдағалиев

1. Өлең шумақтарын жеке-жеке оқып шығады.
2. Дауыстап кезектесіп оқиды.
3. Түсінгендерін топта талқылайды.

Сұрақтар:

Өлеңде не туралы айтылған?

Өлеңнің өзегі, идеясы қандай?

Ақын не үшін «Үйрет оған өз тілін, ана тілін,

Басқа тілді үйреніп алады өзі», - дейді.

Ақынның көкейіндегі жауап іздеген сұрағы қандай деп ойлайсыздар?

Өлеңді сатылай кешенді талдау жолдарын үйренулеріне жағдай жасау.

Өлеңді поэзиялық талдау үлгісі:



Ұжымдық жұмыс. (үйретуші жазады, үйренуші жазады, тыңдайды, айтады.) (Үлгі ретінде интерактивті тақтаға жазып көрсетуге болады).

Ескерту: Алғашқы сабақ болғандықтан өлеңді сатылай кешенді талдаудың төрт сатысымен таныстырылады. Жалғасы келесі сабақтарда көрініс табады. Дәптермен жұмыс.

Үйретеді кім оған Ана тілін

1.Авторы - Тұманбай Молдағалиев 20.03.1935 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында, Жарсу ауылында дүниеге келген. Ақын 1956 жылы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. 1956-1971 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналында әдеби қызметкер, «Жазушы» баспасында редактор, 1971-1973жылдары «Балдырған» журналында жауапты хатшы қызметтерін атқарған. Тұңғыш өлеңі «Украина қызына» 1954 жыл, «Коммунизм таңы» (қазіргі «Жетісу») газетінде жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Студент дәптері» 1957 жылы жарық көрген.



2.Тақырып – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл шығарма. Әдеби шығарма дегеніміз – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – Ана тілімізді мақтан ету туралы.

3.Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Өлеңнің идеясы - өз ана тілінде сөйлеуге, оны бағалауға үйренуге және болашаққа, жастарға деген сенім көзқарасы әсерлі етіп суреттелген.

Тапсырма. Топ мүшелері кезектесіп жазғандарын ауызша талдап шығады. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады).

IV. Жаңа материал бойынша алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу

Шығармашылық тапсырма. Топтық жұмыс. Мақалды жалғастырып жазып, мағынасын ашады.

Мақал-мәтелдің жалғасын айту.

1-топ: 1.Тіл тәтті, ... (бауыр қатты)

2.Тіл тас жарады, ... (тас жармаса бас жарады)

3.Шебердің қолы ортақ, ... (шешеннің тілі ортақ)

2-топ: 1. Бал тамған тілден ... (у да тамар)

2.Бас кеспек болса да, ... (тіл кеспек жоқ)

3.Тұз ... (астың дәмін келтірер)

3-топ: 1.Ана сүті бой өсіреді, ... (ана тілі ой өсіреді)


2.Қол шешпегенді, ... (тіл шешеді)

3.Жақсы байқап сөйлейді, ... (жаман шайқап сөйлейді)

V. Сергіту сәті. «Ана тілі, ғажап тілі» өлеңін айту.

Жұптық жұмыс.

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші- үйренуші) құру.(жұппен)



V. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды.

Бейне көрсетілім. (Мақсаты: бүгінгі тақырыпты өмірмен байланыстыру, өмірде дұрыс шешім қабылдау).

(Бейне көрсетілім өз ана тілінің қадіріне жете білмейтін жандар және оның салдары туралы).

Тапсырма. Жеке жұмыс. (Дарынды, талантты). Бүгінгі өлеңнің негізгі идеясы мен бейне көрсетілімдегі оқиғаны салыстыра отырып, қорытынды шығару, ойтолғап жазу.

Кері байланыс

Сіздерге бүгінгі сабақ ұнады ма? Несімен?	
Нені үйрендіңіз?	
Қай тапсырмада қиындық туды? Неге?	
Осы тақырып бойынша ойыңыз.	

VI. Үйге тапсырма. 1.Өлеңді жаттап, сатылай кешенді талдауға ауызша айтылым бойынша дайындалу.

2. «Жарты парақ» әдісі бойынша ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірбаяны туралы ізденіп, кез келген өлеңін поэзиялық талдап жазып келу.

2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Туған жер. Мағжан Жұмабаев

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Өзара ынтымақтастыққа, бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға, әділ баға беруге және туған жерді қастерлеуге үйренеді.

ә) Білімділік: Өлеңді поэзиялық талдауға үйрену, жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттерінің қалыптасуына жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Түрлі тапсырмалар орындау арқылы логикалық ойлау, талдауды сауатты жеткізе білу дағдылары дамиды.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Суреттер.

Пәнаралық байланыс:

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық (Интерактивті тақтада көрсетіледі).

- Қайсы бұлт сіздерге ұнайды? Неге?

Бір-біріне тілек айтады.

Сабаққа бағыттау.

Білім алушыларды жігерлендіру.

Жақсы болу - өзіңнен,

Жаман болу - өзіңнен.

Өзінді өзің ая да,

Өзің үйрен өзіңнен.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Білім алушыларды шағын топтарға бөлу. (Мысалы, төрт топ)

1.Өлеңді поэзиялық талдап береді. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері іске асырылады).

2.Қосымша тапсырма, ақын Мағжан Жұмабаевтың кез келген өлеңін поэзиялық талдап жазып келгендерін оқып береді.

III. Өтілген тақырыпты пысықтау арқылы жаңа тақырыпқа жол сілтеу.

Әр топтан екі баладан ортаға шығуын өтіну. Қима қағаздарға сұрақтар жазылған. Сол қима қағаздарды оқушылар біреуден алады. Астындағы сұраққа жауап береді.

Сұрақтар:

1. «Үйретеді кім оған Ана тілін» өлеңін поэзиялық талдаудың бірінші сатысын айтып беріңіз. (Авторы туралы мәлімет)
2. Өлеңнің бірінші және екінші шумағын мәнерлеп айтып беріңіз.
3. Өлеңнің үшінші шумағынан жалғастырып айтыңыз.
4. Өлеңнің төртінші шумағын айтыңыз.
5. Өлеңнің бесінші шумағын айтыңыз.
6. Екінші сатысын талдап беріңіз. (тақырып)
7. Үшінші сатысын талдаңыз.
8. Төртінші сатысын талдаңыз.

Қима қағаздың екінші жағында әріптер жазылған, сол әріптерді ретімен қойсаңыздар бүгінгі сабақтың тақырыбы шығады.

ТУҒАН ЖЕР

Ой қозғау.

- «Туған жер» дегенде көз алдарыңызға не елестейді?
- Туған жердің күні де, түні де ыстық дегенді қалай түсінесіздер?

Демек, бүгінгі танысатын өлеңіміз Мағжан Жұмабаевтың «Туған жер» - деп аталады.

IV. Жаңа материалды меңгерулеріне жағдай жасау.

Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқыңыздар.

Туған жер

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын- шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен - түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!


Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағыңда тең құрбымен алысып.
Түнде - ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы - Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Ақынның айтайын деген негізгі ойы қандай?
- Ақын өлеңді қандай сезіммен жырлаған?
- Өлеңнің соңғы шумағындағы «Адам басы - Алла добы», - дегенді қалай түсінесіздер? Ақын онымен не айтқысы келді?

Топтық тапсырма. (Тірек сызба үлгі ретінде интерактивті тақтада көрсетіледі).



V. Дәптермен жұмыс. 1-топ автордың өмірбаянын тірек сызбаға салады. (үйге тапсырма ретінде берілген)

2-топ екінші сатысын жазады.

3-топ үшінші сатысын жазады.

4-топ төртінші сатысын жазады.

Жазып болған соң, ауызша талдап, талқылайды. Топтар бірін-бірі бағалайды.

Үлгі:

Туған жер

1. Авторы - Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының Сасықкөл басында туған. Әуелі ауыл молдасынан сабақ алды. Одан соң әкесі Бекен Мағжанды Қызылжардағы Бегішев медресесіне оқуға береді. 1910-1913 жылдар аралығында Уфа қаласында «Ғалия» медресесінде оқыды. «Садақ» журналын шығарысып жүріп, өзінің өлеңдерін жариялайды. 1923-1926 жылдары Мәскеуде көркем әдебиет институтында оқыды. Абай өлеңдерімен танысады. Арап, парсы, түрік тілдерін оқуды жалғастырады. Саяси жаламен 1938 жылы қайтыс болды.

2. Тақырып – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл шығарма.

Әдеби шығарма дегеніміз – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – Атамекен туған жердегі бақытты балалық шақ туралы.

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Өлеңнің идеясы - туған жерге деген махаббат, мақтаныш және сағыныш сезімі әсерлі етіп суреттелген.



Поэзиялық талдаудың келесі сатыларын үлгі ретінде экраннан көрсету. (Өлеңді әрі қарай ұжыммен бірге талдау. Үйретуші жазады, үйренуші де жазады, айтады, тыңдайды).

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.

5 шумақты.

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы, 20 тармақты.

7. Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты.

8. Буын саны – 11 буынды. 5-еуі ашық буынды, 5-еуі бітеу буынды, 1-еуі тұйық буынды.

9. Ұйқас – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған

ерекше саз, әуен беретін өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі, қара өлең ұйқасы. (а,а,б,а)

10.Әдеби-теориялық ұғымдар:

Метафора –жастық - алтын, ... (сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, ажарландыра түсу)

11.Түсіндірме сөздік: Бұл жарыққа – **бұл жерде:** бұл өмірде, бұл дүниеде дегенді аңғартып тұр, кіндік кескен жер- туған жерді айтады.

12.Тәрбиелік мәні – бұл өлең арқылы ақын жастарды туған жерін сүйеге, мақтан етуге тәрбиелейді.

VI. Сергіту сәті.

VII. Жаңа материал бойынша алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

а) Топтық жұмыс. Қима қағаздарға тапсырмалар жазу. Тапсырманы әр топтан бір оқушы шығып алады. Тапсырманы орындау үшін уақыт беру. Интерактивті тақтада Тұманбай Молдағалиевтың «Туған жер» өлеңі жазылып тұрады.(Тірек сызба көмекші құрал ретінде ілініп тұрады).

Тапсырмалар:

1. Поэзиялық талдаудың бірінші және екінші сатысын талдап жазу.
2. Поэзиялық талдаудың үшінші, төртінші және бесінші сатысын талдап жазу.
3. Поэзиялық талдаудың алтыншы, жетінші сегізінші және тоғызыншы сатысын талдап жазу.
4. Поэзиялық талдаудың оныншы, он бірінші және он екінші сатысын талдап жазу.

ә) Жұптық жұмыс. Шығармашылық тапсырма.

Туған жер туралы өлең немесе мақал-мәтелдер жазу.

VIII. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды. Төмендегі критерийлер бойынша бүгінгі сабаққа ойтолғау жазу.

- 1.Бүгінгі сабақ не туралы болды?
- 2.Мен не үйрендім?
- 3.Тағы да не үйренгім келеді?
- 4.Менің қорытынды ойым.

IX. Үйге тапсырма. 1.Өлеңді жаттап, сатылай кешенді талдауға ауызша айтылым бойынша дайындалу.

2. Кез келген өлеңді поэзиялық талдап жазып келу.

X. Бағалау. «Өзін-өзі бағалау».

3-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Практикалық сабақ (қайталау)

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Ұжыммен жұмыс жасау, бірін-бірі тыңдау, өзара пікір алмасу, көмектесу сияқты адами қасиеттерінің бойларына сіңіуіне жағдай жасау.

ә) **Білімділік:** Алған білімдерін пысықтау, өмірде, амалда қолдана білуге жетелеу.

б) **Дамытушылық:** Түрлі тапсырмалар арқылы ой-өрісінің, сөйлеу тілінің және іскерлік қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Жүйелеу сабағы

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Жұмбақтар, бағдаршам көздері, тірек сызба, түрлі кестелер т.б.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, музыка

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Сабаққа бағыттау.

Білім деген биік шың,
Бақытқа сені жеткізер.
Білім деген ақылшың,
Қиындықтан өткізер.

Ой шақыру.

Жұмбақты шешіңіздер.

Бір көзім, кідір - дейді,
Бір көзім, жүгір - дейді.
Бір көзім, абайла - дейді,
Қарап ал маңайға, - дейді. **(Бағдаршам)**

Бағдаршам көздері жол тәртібін реттеп тұрады. Біз де, өмірде өзімізді реттей білуіміз және тәртіпке бағына білуіміз қажет. Сонда біліміміз мол, өміріміз көңілді болады.

Олай болса, бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін!



Бағдаршам түстері бойынша үш топқа бөліну.

(Топтық бағалағанда бағдаршам көздерімен бағалайды. Жасыл түс-5; сары-4; қызыл-3)

II. Өтілген тақырыптарды пысықтау, зерделеу.

Топтық тапсырма. (Толық жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады). Партаның үстінде тапсырмалар жазылған үш конверт тұр. Әр топтан бір оқушы шығып сұрақтарды алады. «Кім жүйрік?» ойыны.

Үш топқа бірдей бағдаршамның қызыл көзін көтеру. Тапсырманы орындауға кіріседі. Сары түсті көтергенде жауап беруге дайындаламыз дегенді білдіреді. Жасыл түсті көтергенде жол ашық, **кезекпен топтар қорғайды.** Топтар бір-бірінің жауабын (талдауын) тыңдап, баға береді, қателік жіберсе түзетеді.

Тапсырмалар төмендегі нұсқада болуы мүмкін:

1. Тұманбай Молдағалиевтың «Құстар әні» өлеңін поэзиялық талдау жасаңыздар.

Құстар әні

Жаз өмірін, маз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.
Зымырайды менің бала кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан сезімдей.

Біздің жаққа үйренісіп кеткен бе,
Көңілді ән сап келіп еді көктемде.
Өскен жерін қымай кетіп барады,
Өскен жерге сыймай кетіп барады.

Құстар, құстар, сызылтып ән салады,
Сол әнімен тербетеді ауаны.
Ал адамдар күліп бастап өмірді,
Кетерінде жылай да алмай қалады.

2. Мағжан Жұмабаевтың «Жазғы таң» өлеңін поэзиялық талдау жасаңыздар.

Жазғы таң

Жып-жылы түн маужырап,
Көтерілген жерден бу.
Саф күмістей жалтырап
Тыныш жатқан тұнық су.

Көкке тиген биік тау
Құшақтасқан тұманмен,
Қосылысып есен-сау,
Бал алысқан құмармен.

Ақырын ескен жылы жел
Маужыратып, тербетіп,
Таң атсын деп жайнап гүл -
Өсіп балам ер жетіп.

3. Тұманбай Молдағалиевтың «Ана тілі» өлеңін поэзиялық талдау жасаңыздар.

Ана тілі

Бір ауыз сөз үйреніпсің бүгінді
Менің ана тілімде.
Қазақ болып туғаннан соң бөбегім,
Қазақ болып өлген жақсы түбінде.

Барлық тілді үйренерсің сен әлі,
Жігіт болып саналы.
Қайда жүрсең, өз еліңді ұмытпа,
Өз еліңнің туын көтер жоғары.

Мен анамды ұғындым деп мақтанам,
Тілін білдім, жырын білдім сақтаған.
Өз анасын сыйламаған пақырлар
Отанын да сыйлап көрген жоқ, балам.

Ұлым, менің бұл сөзіме бағарсың,
Жанар кезде өзің де от боп жанарсың.
Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ,
Ал басқасын өзің тауып аларсың.

- 
1. Авторы
 2. Тақырып
 3. Жанр түрі
 4. Идеясы
 5. Шумақ
 6. Тармақ
 7. Бунақ
 8. Буын саны
 9. Ұйқас
 10. Әдеби
 11. Түсіндірме сөздік
 12. Тәрбиелік мәні

Жеке жұмыс. Кестені толтырыңыз, салыстырыңыз.

№	Тақырыбы	Өлең не туралы (идеясы)
1	Құстар әні	
2	Жазғы таң	
3	Ана тілі	

III. Сергіту сәті. «Құстар әні» өлеңін айту. (Әуен қосылып тұрады)

Жұптық жұмыс. Бағдаршамның түстерінің артына тапсырмалар жасырынған. Өз таңдаулары бойынша тапсырманы алып, жұптасып диалог арқылы талдайды. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады). Жұптар бірін-бірі бағалайды. (Тапсырмалар өтілген тақырыптар бойынша алынады. Сұрақтар өлеңді поэзиялық талдаудың кез келген сатысы болуы мүмкін).

IV. Топтық тапсырма. Топтық бағалау (жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

«Ой жүйрік» ойыны

1-топ өлең шумағын қарасөзге айналдырып жазу.


Біздің жаққа үйренісіп кеткен бе,
Көңілді ән сап келіп еді көктемде.
Өскен жерін қимай кетіп барады,
Өскен жерге сыймай кетіп барады.

Мысалы:Туған жерге бауыр басып қалу,
Өскен жерін қимау,..... .

2-топ өлең шумағын қарасөзге айналдырып жазу.

Жып-жылы түн маужырап,
Көтерілген жерден бу.
Саф күмістей жалтырап
Тыныш жатқан тұнық су.

3-топ «Жүзім шоқтары» ойыны бойынша өлеңдердің ішінен табиғатқа байланысты атауларды теріп жазады.



Жеке жұмыс. Шығармашылық тапсырма. (Дарынды және талантты балалар).

Тапсырма:

Ана тілі, туған жер туралы бір немесе екі шумақ өлең құрап жазу.

V. Сабақты қорытындылау. Кері байланыс парағын толтыру.

VI. Үйге тапсырма.

1.Кез келген тақырыпқа өлең жазып, поэзиялық талдап жазу.

2.«Жарты парак» әдісі бойынша, ақын М.Мақатаев туралы мәлімет іздеу, өлеңдерімен танысу.

4-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Ақ кимешек көрінсе. Мұқағали Мақатаев

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топтық жұмысқа төселіп,өлеңнің тәрбиелік мәнін терең ұғынуға, қорытынды жасай білуге, қарттарды сыйлауға үйренеді.

ә) Білімділік: Өлеңді поэзиялық талдаудың толық сатыларын меңгеріп, сауатты жазу,айту және тыңдау қабілеттерінің қалыптасуына жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Мақал-мәтелдер, өлеңдер құрап жазу және шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы терең ойлануға, ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Мақал-мәтелдер, тірек сызба, кесте, бағалау парағы.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.


Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне ізгі тілектер айтады. Топтарға бөлінеді.

II. Ой шақыру. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеруге дайындау.

Шебер болсақ тіл байып,
Шешендіктер бір ғайып.
Мақал-мәтел үйреніп,
Тілімізді шыңдайық.



Мақал – сөздің мәйегі

Интерактивті тақтада мақал-мәтелдер жазылып тұрады.

- ❖ Кәрі - кәрінің сөзі дәрі.
- ❖ Қәрісі бар үйдің, перісі бар.
- ❖ Аталар сөзі - ақылдың көзі.

Сұрақтар:

- Мақал-мәтелдер кімдерге арналған?
- Мағынасы қандай?
- Ата-әже туралы тағы да қандай мақалдар білесіздер?

(Білім алушылар мақалдың мағынасын ашады, ойтолғайды).

Олай болса балалар, бүгінгі сабағымызда ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Ақ кимешек көрінсе» өлеңімен танысасыздар.

Экранда ақын туралы мәлімет беріледі.

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Өлеңді түсініп, тиісті дауыс ырғағымен оқыңыздар.

Ақ кимешек көрінсе

Әже, сен бірге жүрсің, меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.

Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ кимешек астынан сені көрем.

Өңі-түсі өзіңнен бір аумайды,
Немересін ертпесе жүре алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,
Көзіме оттай басылып, алаулайды.

Аппақтығы ұқсайды әрінің де,
Әжемнің де, аумайды тәлімің де.
... Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!
Әже, сен тірі екенсің әлі күнге.
Қия өтпейді...
Ұқсайды ізеті де,
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасынан алып қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде.

Әже, сен бірге жүрсің, меніменен,
Өліге мен өзіңді телімегем.
... Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса ...
Нені көрем??

Мұқағали Мақатаев



Тапсырмалар:

- 1.Өлеңді іштен жеке-жеке оқиды.
- 2.Кезектесіп дауыстап оқиды.
- 3.Түсінгендерін топта талқылайды.

Сұрақтар:

1. Ақын өлеңді қандай сезіммен жазған?
2. Ақын өлеңнің соңғы шумағындағы

Ақ кимешек жоғалса ...

Нені көрем? – деген жолдарында нені айтқысы келді деп ойлайсыздар?

Топтық тапсырма: Өлеңді поэзиялық талдау жасау.(Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

Экранда үлгі тірек сызба тұрады. Дәптермен жұмыс.

1-топ 1,2,3-сатыларын талдап жазады.

2-топ 4,5,6,7,8- сатыларын талдап жазады.

3-топ 9,10,11,12-сатыларын талдап жазады.

Талдап жазып болған соң, экраннан талдау үлгісін көрсету. Топ мүшелері жұмыстарын тексеріп, салыстырады.

Үлгі:



Ақ кимешек көрінсе

- 1.**Авторы** - Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы Райымбек ауданында дүниеге келген

Мұқағали төрт - он бес жас аралығында ден қоя бастады. Ақынның «Үш бақытым», «Отан туралы», «Қасым солай болмаса», «Б. Момышұлына арнау» т.б. бірнеше өлеңдері жарық көрген.

2. Тақырып – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл шығарма. Әдеби шығарма дегеніміз – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – әжені сағыну, аңсау туралы.

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Өлеңнің идеясы – немересінің әжесіне деген сағынышы, махаббаты әсерлі етіп суреттелген.

5. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 4 шумақты.

6. Тармақ – өлеңнің әр жолы, 20 тармақты.

7. Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты.

8. Буын саны – 11 буынды. 6-уы ашық буынды, 5-еуі бітеу буынды, 1-еуі тұйық буынды.

9. Ұйқас – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беретін өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі, шұбыртпалы өлең ұйқасы. (а,а,а,а)

10. Әдеби-теориялық ұғымдар:

Метонимия (алмастыру) – Көзіме оттай басылып, алаулайды. (өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану).

11. Түсіндірме сөздік: телімегем – қимау, оттай басылып – таныс нәрсе, ақ кимешек-әжелер киетін ақ бөз матадан тігілген киім.

12. Тәрбиелік мәні – бұл өлең арқылы ақын жастарды жасы үлкен қарттарды сыйлауға, қадірлеуге, сағынуға тәрбиелейді.

Түрлі ұлттық ойындар арқылы ауызша талдайды.

Мысалы: 1-топ, «Арқан тартыс» ойыны арқылы диалогпен талдайды;

2-топ, «Жалғастыр» ойыны арқылы;

3-топ, «Тірек сызба» ойыны арқылы талдау жасайды. (Айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады). Топтар бірін-бірі бағалауға болады.

IV. Сергіту сәті.

Әжем жиі сауады,

Боз биені баяғы.

Сүті неткен көп еді,

Суалмай-ақ келеді.

V. Жаңа материал бойынша алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

Жұптық жұмыс. «Үзінді жайлы пікір» әдісі бойынша жұптар өздері қалаған шумақты алып оған өз пікірлерін жазады.

Мысалы:

Үзінді	Пікір
Әже, сен бірге жүрсің, меніменен, Өліге мен өзінді телімегем. Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем, Ақ кимешек астынан сені көрем.	Ақын әжесіне деген сағыныш сезімін білдірген.

Қосымша әдебиетпен жұмыс

Әженің ақылы

Әжесі үш немересімен әңгімелесіп отырып, оларға кезекпен сұрақ қойды.

Әжесі: Үйдің алтын қазығы кім? - деді.

Бірінші немересі былай жауап берді: Үйдің алтын қазығы - бала?

Әжесі: Жоқ балам, үйдің алтын қазығы - ана. Ана ақылды болса, бала да дана болады. Ана тәрбиесі - қызға үлгі. Әке тәрбиесі ұлға үлгі. Ана - ақылшың, әке - қамқоршың, ағаң - қорғаушың, інің - сүйенішің, қарындасың - қанатың екенін ұмытпа. Ананы сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі - көзінде, ықыласы - көңілінде, ақылы - сөзінде - деді.

Әжесі: Жоқты бар, ашты тоқ ететін кім?

Екінші немересі былай деп жауап берді: Мейірімді әке.

Әжесі: Жоқ балам. Әке қанша мейірімді болса да, ананың жөні бөлек.

Жоқты бар, ашты тоқ ететін ана. Анасыз бала ұйықтамайды, қатықсыз айран ұйымайды.

Әжесі: Өмір сүру үшін не қажет?- деп сұрады.

Үшінші немересі былай деп жауап берді: Алтын, мал, ақша, қажет.

Әжесі: Жоқ балам, адамның өмір сүруі үшін су, тұз, қыз, ақыл қажет. Су тіршіліктің нәрін береді, тұз астың дәмін келтіреді, қыз көңілдің сәнін келтіреді, ақыл өмірдің мәнін келтіреді.

«Мектептегі мерекелер» журналы №5, 2013

Сұрақтар:

- Әже немерелеріне қандай ақыл айтты?
- Әже сізге қандай туыс болып келеді?
- Әжеңіз сізге қандай ақыл-кеңес айтады?

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

V. Шығармашылық тапсырма. (деңгейлеп тапсырма беру. Білім алушы өз таңдауы, шама-шарқына қарай тапсырманы орындайды).

Жеке жұмыс.

1. «Менің әжем» тақырыбына шағын мәтін құраңыз.
2. Болашақта ақын болғыларыңыз келе ме?
Олай болса, өз әжеңізге арнап өлең жазып көріңіз.

Әже

Ақ самайлы ақ әжем,
Әр бір сөзі дәрі әжем.

.....
.....

- 3.Өзіңіз жазған өлеңді поэзиялық талдап беріңіз.

VI. Үйге тапсырма.

1. Өлеңді поэзиялық талдауға жаттығу.
2. Ы. Алтынсарин туралы іздену. Кез келген өлеңін поэзиялық талдап жазып келу.

5-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Ананың сүюі. Ыбырай Алтынсарин

Сабақтың мақсаты:

- а) **Тәрбиелік:** Оқығанын, түсінгенін өмірде дұрыс қолдана білуге, ананы ардақтауға үйренеді.
- ә) **Білімділік:** Сауаттты талдап, ойын еркін жеткізуге машықтанады.
- б) **Дамытушылық:** Түрлі тапсырмалар орындау арқылы дүниетанымдарының дамуына жағдай жасау.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Түрлі гүлдер, ұлағатты сөздер, тірек сызба, кестелер.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, бейнекөрсетілім.

Сабақтың кезеңдері:

I.Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Шеңбер болып тұрады, көздерін жұмып әдемі гүлді көз алдына елестетеді де, жұпар иісін сезініп терең тыныс алады. Гүлді ең жақын адамына сыйлайды.

Үш гүлдің атын атап (1, 2, 3) топтарға бөлінеді.

II. Ой шақыру. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеруге дайындау.

Ұлағатты сөздер. (Интерактивті тақтада жазылып тұрады)

- Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.

Ы. Алтынсарин

- ... Ана жүрегін сезе біл, оның жанарындағы шапағат пен тыныштықты, бақыт пен қуанышты, алаңдаушылық пен мазасыздықты, абыржу мен ренішті көре біл. Егер сен бала кезіңнен анаңның көзінен оның жан дүниесін көре білуді үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып қаласың.

В.А. Сухомлинский

Берілген ұлағатты сөздерді түсініп оқып, топтар пікірталастырады, өз ойларын ортаға салады.

- Демек, бүгінгі танысатын өлеңіміз кімдерге арналған деп ойлайсыздар?
- Олай болса, бүгін сіздермен Ы. Алтынсаринның «Ананың сүюі» өлеңімен танысамыз.

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Жаңа тақырыпты меңгерулеріне жағдай жасау.

Сұрақ-жауап әдісі: «Серпілген сауал» ойыны арқылы сұрақтарға жауап алу.

- Ыбырай Алтынсарин туралы қандай мәлімет білесіздер?
- Неліктен Ыбырай Алтынсаринды тұңғыш ағартушы дейді?
- Ақынның еңбектерінің тәрбиелік мәні қандай?

Экраннан Ыбырай Алтынсарин туралы қосымша мәлімет беріледі.

Өлеңді түсініп, тиісті дауыс ырғағымен оқыңыздар.

Ананың сүюі

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін,
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең,
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше,
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманы болмас ед өле-өлгенше.

Ыбырай Алтынсарин

Тапсырмалар:

- 1.Өлеңді іштен жеке-жеке оқиды.
- 2.Кезектесіп дауыстап оқиды.
- 3.Түсінгендерін топта талқылайды.

Сұрақтар:

- 1.Ақын өлеңді қандай сезіммен жазған?
- 2.Ана махаббатын неге теңер едіңіз?
- 3.Анаңызға қандай тілек тілер едіңіз?Жүрегіңіздің түбіндегі ең жақсы тілегіңізді дәптеріңізге жазыңыз.

Топтық тапсырма: Өлеңді поэзиялық талдау жасау.(Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады).

Экранда үлгі тірек сызба тұрады.

IV. Дәптермен жұмыс.

- 1-топ 1,2,3-сатыларын талдап жазады.
- 2-топ 4,5,6,7,8- сатыларын талдап жазады.
- 3-топ 9,10,11,12-сатыларын талдап жазады.

Талдап жазып болған соң, экраннан талдау үлгісін көрсету. Топ мүшелері жұмыстарын тексеріп, салыстырады.

Үлгі:

Ананың сүюі

- 1.Авторы** - Ыбырай Алтынсарин (шын аты - Ибраһим, 1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы. Туып-өскен жері — Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арқарағай ауылы. Осы өңірде, Тобыл өзенінің жағасынан топырақ бұйырған. 1850 ж. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға түседі. Мектепті бітірген соң, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады. XIX ғасырда қазақ тілінде Мектеп ашып, халықты сауаттандыру, ағарту саласын қалыптастырады. Төл жазба әдебиетіміздің негізін қалаушылардың бірі. Тұңғыш «Қазақ хрестоматиясының» авторы.
- 2.Тақырып** – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл шығарма. Әдеби шығарма дегеніміз – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Өлеңнің тақырыбы – Ананың балаға деген шексіз махаббаты туралы.
- 3.Жанр түрі** – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі өлшеммен



қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Өлеңнің идеясы – ананың балаға деген махаббатының шексіз және құдіретті күшке ие екенін әсерлі етіп суреттеген.

5.Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 4 шумақты.

6.Тармақ – өлеңнің әр жолы, 16 тармақты.

7.Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты.

8.Буын саны – 11 буынды. 6-ауы ашық буынды, 5-еуі бітеу буынды.

9.Ұйқас – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беретін өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі, қара өлең ұйқасы. (а,а,б,а)

10.Әдеби-теориялық ұғымдар:

Метонимия – Құлындарын көзімен көргенінше

11.Түсіндірме сөздік: кірпік қақпай-ұйықтамай, төбесі көкке жетсін-қуансын.

12.Тәрбиелік мәні – бұл өлең арқылы ақын ананың қадіріне жетуге, бағалауға тәрбиелейді.

V. Жаңа материал бойынша алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

Экраннан «Қарттар үйі» тақырыбындағы бейнекөрсетілім көрсетіледі. (2мин)

Сұрақтар:

1. Бейнекөрсетілімнен не түсіндіңіздер?

2. Бұрынғы кезде не себепті қарттар үйі болмаған?

3. Қазіргі таңда не себепті қарттарды қарттар үйіне алып барады? Оған себеп

не деп ойлайсыздар?

4. Бейнекөрсетілімдегі баланың іс-әрекетіне қандай баға бересіздер?

5. Қандай әсер алдыңыздар?

Топтарға тапсырма:

1-топ берілген кестені толтырады.

Бейнекөрсетілімдегі оқиғаның қатты әсер еткен тұстары	Әсер еткен үзінділер жайлы пікір

2-топ берілген кестені толтырады.

Кейіпкерге сұрақ	Берер кеңесіңіз

3-топ «Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің» тақырыбына өз ойларын жазады.

VI. Сергіту сәті.

Мынау - менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау - басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау - менің оң қолым,
Мынау - менің сол қолым,
Барлық істі атқарған.

Жұптық жұмыс. «Мейірімді ана» тақырыбына өлең құрап жазыңыздар. Өлеңді поэзиялық талдаңыздар. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады. Жұптар диалог құру арқылы талдап береді. Бірін-бірі бағалайды).

Мысалы:

Мейірімді ана,
Жүрегің кең, дархан дала.

.....

Жеке жұмыс. Шығармашылық тапсырма. (Дарынды және талантты балалар).

Тапсырма. Сіз алыста анаңыздан жырақ жерде жүрсіз. Сөзсіз анаңызды сағынасыз. Сол сәтте сағынышыңызды хат арқылы анаңызға қалай жеткізесіз? Жазылмаған ақ параққа «Анама хат» тақырыбында хат жазыңыз.

VII. Сабақты қорытындылау. Кері байланыс жасау:

1. Сабақ не туралы болды?
2. Сабақ сізге ұнады ма? Қай жері ұнады?
3. Не үйрендіңіз? Не қиын болды?
4. Сабақтан қандай әсер алдыңыз және көңіл-күйіңіз қандай?

Ескерту: Көңіл-күйіңіз жоғары дәрежеде болса, жұлдызшаны жасыл түске бояңыз; Көңіл-күйіңіз орташа дәрежеде болса, сары түске; Төмен болса, қызыл түске бояңыз.



VIII. Үйге тапсырма.

IX. Бағалау. «Өзін-өзі» бағалау.

6-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Қайталау (Білімдерін жүйелеу)

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Бір-бірінің жауабын тыңдау, қателіктерді түзету, сын көтеру және әділ бағалауға үйренеді.

ә) Білімділік: Алған білімдерін амалда қолдана білу дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау.

б) Дамытушылық: топтық, жұптық және жеке жұмыс жасау арқылы іскерлік қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Іскерлік дағдыларын қалыптастыру сабағы.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Ребус, тірек сызба, түрлі түсті жапырақтар, бағалау парағы.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезендері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Шаттық шеңберін құрып:

«Жүректен жүрекке»
Қол ұстасып тұрайық,
Достық әнге салайық.
Бірге біліп, үйреніп,
Білімді ұрпақ болайық!

Сабаққа бағыттау.

- Балалар, білімді адам болу үшін адам бойынан қандай қасиеттер табылуы тиіс деп ойлайсыздар?
- Олай болса, сол қасиеттердің ең қажетті екеуін таңдап алып, сол арқылы екі топқа топтасыңыздар. Сыныпты екі топқа бөлу.

II. Сабақтың барысы.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып, жүйелейді.

Тапсырма: Екі топ өз аттарына байланысты мақал-мәтел құрап жазады. Мақалдың мағынасын ашып, ойтолғайды.

Ребус шешіп көрейік!

Парта,,,,, орындық,,,,,,экскаватор,,,,,, 3 ,,тақия (Поэзия)



Поэзиялық талдау бойынша сұрақ-жауап өткізу. (Ұжымдық)

Мұғалім сұрақ қойып допты оқушыға лақтырады, ал допты іліп алған оқушы сұраққа жауап беріп, допты басқа оқушыға сұрақ қоя отырып лақтырады. Сұрақтар өлеңді поэзиялық талдаудың сатылары бойынша қойылады. Сұрақ поэзиялық талдаудың ретін сақтай отырып қойылу тиіс. **Мақсаты:** оқушының есте сақтау қабілетін, жадын дамуына жағдай жасай отырып, материалды қалай меңгергендігін анықтау. (Мысалы: Тақырып дегеніміз не? Жанр түрі дегеніміз не?).

Екінші кезең: Мақсаты: алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

«Мен жақсы көрген түс» ойыны. Топтық жұмыс. Ағашта әртүрлі түсті жапырақтар ілулі тұр. Екі топтан бір оқушыдан шығып, ілулі тұрған жапырақтың біреуін ғана алады. Жапырақтың астыңғы жағында тапсырма бар. (Өтілген ақын-жазушылардың өлеңдерінің тақырыбы берілген. Сол өлеңді толық поэзиялық талдап береді. Жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады. 1-топ «Тірек сызба» ойыны арқылы, 2-топ «Жалғастыр» ойыны арқылы қорғайды. Топтар бірін-бірі бағалайды. Алған ұпайлары тақтаға жазылады).

«Кім жүйрік?» ойыны. «Ғылым таппай, мақтанба» және «Кел, балалар, оқылық!» өлеңдерінің авторлары кімдер?

Өлеңді қай топ бірінші естеріне түсіріп жатқа жазады?

Тапсырма.

1-топ «Ғылым таппай, мақтанба», ал 2-топ «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне поэзиялық талдап жазады. (Жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады. Топтасып талдап жазады).

Қорғаған сәтте әр топтан екеуден жұптасып, түрлі ұлттық ойындар арқылы талдайды.

III. Сергіту сәті.

Кел, балалар, ойнайық!
Тектен текке тұрмайық.
Жемістерді жинайық.
Үзіп алып бақтардан
Жолдастарға сыйлайық!

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс. (Дарынды және талантты балалар) «Білім - таусылмас байлық» тақырыбына ойтолғау жазады.

IV. Сабақты қорытындылау. Кері әсер парағын толтыру.

- Сабақ сізге ұнады ма?

- Не үйрендіңіз?

- Келесі сабақта не үйренгіңіз келеді? Неге?

V. Бағалау. «Жұптық бағалау»

7-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Білімдерін пысықтау (Тест)

Сабақтың мақсаты:

а) **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа, адамгершілікке және жауапкершілікке үйренеді.

ә) **Білімділік:** Алған білімдерін іс жүзінде дәлелдеу.

б) Дамытушылық: Деңгейлік тапсырмалар арқылы жүйелі ойлану, іскерлік қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Сабақтың технологиясы: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы

Оқыту формалары: Жеке, жұптық.

Көрнекілігі: Түрлі жемістер бейнеленген қима қағаздар, себет, тірек сызба.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Шаттық шеңберін құрып:

Жарық болса күніміз,
Жарқын шығар үніміз.
Елін сүйіп, ер жетер,
Біз болашақ гүліміз.

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

2-деңгей:

1. Сұрақтар (Форма: Ұжымдық)
2. Толық жазылым. (жеке орындалады)
3. Диалог (Ауызша айтылым) (жұптасып орындайды)
4. Тестік тапсырмалар. (толықтыру тесті, ашық тест) (жеке орындайды)

Бағалау: Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады. Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

1-тапсырма сұрақтарға жауап беру. Сұрақтарға ауызша жауап береді.

Сұрақ- жауапты ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Мысалы: «Жеміс жинау» ойыны. **Шарты:** Әртүрлі жемістер, жемістердің астында талдау сұрақтары жазылған. Оқушылар өз қалаулары бойынша тақтаға шығып кез келген жемісті алады. Берілген сұраққа жауап беріп, жемісін себетке салады.

II. Сабақтың барысы

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып, жүйелейді.

1. Сұрақтар:

1. Тақырып дегеніміз не?
2. Өлең дегеніміз не?
3. Өлеңнің идеясы дегеніміз не?
4. Шумақ дегеніміз не?
5. Тармақ дегеніміз не?
6. Бунақ дегеніміз не?
7. Буын саны неге байланысты болады?
8. Ұйқас дегеніміз не?

.....

Екінші кезең: Мақсаты: алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

2. **Толық жазылым.** (жеке орындалады)

Тапсырма. Қай автордың өлеңі сізге қатты ұнайды? Өзіңізге ұнаған өлеңді поэзиялық толық жазылым бойынша талдап жазыңыз.

3. **Диалог** (Ауызша айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады) (жұптасып орындайды).

Тапсырма:

1-нұсқа. **Абай Құнанбаевтың «Күз» өлеңін поэзиялық талдаңыз.**

Күз

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, құрай.

2-нұсқа. **Ыбырай Алтынсаринның «Жаз» өлеңін поэзиялық талдаңыз.**

Жаз

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзінде қардың суы.

Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.
Жақындар Құдайымның көктен күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен түні.

Ескерту: Жұптық талдауды түрлі ұлттық ойындар арқылы орындауға болады. **Мысалы:** «Арқан тартыс», «Телефон», т.б. Ойын әдістері балада пәнге деген қызығушылықты оятады. Балада бірін-бірі тыңдау, келген жерден іліп алып кету шеберлігі қалыптасады, ал «Телефон» ойыны арқылы балада сұрақ қою, жауап беру тілдері, зейіні, ойлары дамиды. Сөйлесу мәдениеті қалыптасады.

III. Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,
Бойымызды жазамыз.
Балықтарға ұқсап біз,

Жүзі- жүзіп аламыз.
Суда балық жүзіп жүр,
Бір-біріне еріп жүр.
Қармағының жоғына,
Бәрі бірдей сеніп жүр.

4. Тест тапсырмасы. (Жеке жұмыс)

1-нұсқа.

1. Саған айтам қазақтың қара көзі,
Басталды ғой заманның жаңа кезі.
Үйрет оған өз тілін, ана тілін,
Басқа тілді үйреніп алады өзі – деген өлең жолдарының авторы кім?
а) М. Жұмабаев ә) Ы. Алтынсарин **б) Т. Молдағалиев**

2. Мағжан Жұмабаевтың «Туған жер» өлеңінің идеясы қандай?

3. Өлеңді жалғастырып жазыңыз. Авторы кім?

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
....., (Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік
қақпай,
..... . Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын)

- а) Ы. Алтынсарин** ә) А. Құнанбаев б) М. Жұмабаев

4. Өлеңнің ұйқасын табыңыз.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де - бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

- а) Аралас өлең ұйқас **ә) Кезекті өлең ұйқас** б) Егіз өлең ұйқас

5. Төмендегі өлең, шығарманың қай түріне жатады? Оны кімдер айтады?

Оқуда алғыр бол,
Ойлауға даңғыл бол.
Өмірде әділ бол,
Ашуда сабыр бол.

- а) Қанатты сөз ә) Тілек сөз **б) Баталы сөз**

6. Жоғарыдағы өлеңнің буын санын және буын түрін анықтаңыз.

- а) 6 буынды; 4 ашық буын, 2 бітеу буын ә) 7 буынды; 3 ашық буын, 1 тұйық буын, 3 бітеу буын **б) 6 буынды; 3 ашық буын, 1 тұйық буын, 2 бітеу буын.**

7. Төмендегі өлең, шығарманың қай түріне жатады?

Құдықтың суын төктім, төңкердім де,
Теңізді жалдап өттім, жөн көрдім де.
Құлынның мүйізіне мініп аттай,
Бүгін-ақ барып қайттым ертең, күнге.

- а) Аңыз б) Өтірік өлең в) Баталы сөз

8. Жоғарыдағы өлеңнің бунақ санын анықтаңыз.

- а) 2 бунақты б) 1 бунақты в) 3 бунақты.

2-нұсқа.

1. Өңі-түсі өзіңнен бір аумайды,

Немересін ертпесе жүре алмайды.

Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,

Көзіме оттай басылып, алаулайды.— деген өлең жолдарының авторы кім?

- а) М. Жұмабаев б) Ы. Алтынсарин в) М. Мақатаев

2. Тұманбай Молдағалиевтың «Үйретеді кім оған Ана тілін» өлеңінің идеясы қандай?

3. Өлеңді жалғастырып жазыңыз. Авторы кім?

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.

..... , (Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде,
..... . Ойын ойнап, шыбын- шіркей қуған жер)

- а) Ы. Алтынсарин б) А. Құнанбаев в) М. Жұмабаев

4. Өлеңнің ұйқасын табыңыз.

Ойлаңыз ақыл-білім қайда болмақ,

Денеде, қандай орын-жайда болмақ?

Білу, нану, ұнату - ақыл ісі,

Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

- а) Қара өлең ұйқас б) Кезекті өлең ұйқас в) Егіз өлең ұйқас

5. Төмендегі өлең, шығарманың қай түріне жатады? Оны кімдер айтады?

Ісінде шебер бол,

Ақылға кемел бол,

Қиынға батыл бол,

Еңбекте батыр бол.

- а) Қанатты сөз б) Баталы сөз в) Тілек сөз

6. Жоғарыдағы өлеңнің буын санын және буын түрін анықтаңыз.

а) 6 буынды; 3 ашық буын, 3 бітеу буын ә) 7 буынды; 3 ашық буын, 1 тұйық буын, 3 бітеу буын б) 6 буынды; 3 ашық буын, 1 тұйық буын, 2 бітеу буын.

7. Төмендегі өлең, шығарманың қай түріне жатады?

Қыстың күні шатырға
Алма өсірдім, таң қалма.
Кеме салдым тақырға,
Тундыраға барғанда.

а) Аңыз ә) Өтірік өлең б) Баталы сөз

8. Жоғарыдағы өлеңнің бунақ санын анықтаңыз.

а) 1 бунақты ә) 2 бунақты б) 3 бунақты.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, өз бағасын береді.

IV. Сабақты қорытындылау. Кері әсер парағын толтыру.

- Сабақ сізге ұнады ма?
- Не үйрендіңіз?
- Келесі сабақта не үйренгіңіз келеді? Неге?

V. Бағалау. «Өзін-өзі бағалау» (Мұғалім бағалайды)

8-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Міржақып Дулатов. Оқымысты бала.

Сабақтың мақсаты:

а) **Тәрбиелік:** Тапсырмаларды орындау арқылы оқушыларды еңбек етуге бағыттау.

ә) **Білімділік:** Әңгіменің негізгі ойын анықтай отырып, мазмұнын меңгеруге жағдай жасау.

б) **Дамытушылық:** Жоспар құруға, өзіндік пікір айтуға, ойын жүйелі баяндай білуге дағдыландыру.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте сызбалар, суреттер.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.


Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау

Талпын жақсы болуға,

Күндей сәуле шашатын.
Білім іздеп, өнер тап,
Түнді күндей ашатын.

III. Қызығушылықты ояту.

Қима суреттер бойынша топтарға бөліну О,  

II. Үй тапсырмасының орындалу барысын байқау.

«Кітап»өлеңін мәнерлеп оқыту, сатылай кешенді талдау жасау

IV. Жаңа білімді меңгеруге дайындық. (Жасырынған сөзді табайық).

НННО НННҚ НННЫ НННМ НННЫ ННС НННТ НННЫ
НННБ НННА НННЛ НННА

Қандай сөз шықты?

Оқымысты бала

1.Авторы: Міржақып Дулатұлы 1885 жылғы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысының үшінші ауылында, қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданындағы Қызбел елді мекенінде дүниеге келген. Міржақып Дулатұлы – ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Оның мектеп оқушыларына арнап «Есеп құралы» және «Оқу құралы» деген оқулықтар жазды. 1935 жылы дүниеден өтті.
Мәтінді оқу (мұғалім)

Тақырып дегеніміз не ? Бұл әңгіменің тақырыбы қалай аталады?

2.Тақырып – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындық, өмірдегі болмыс-бітім автор ойының қазығы. Бұл әңгіменің тақырыбы – адам бойындағы жаман қасиет – жалған сөйлеу мен жалқаулық.

Бұл әңгіме қандай жанр түріне жатады деп ойлайсындар?

3.Жанр түрі – Шағын көлемді эпикалық түр – әңгіме. Әңгіме дегеніміз – көлемі шағын, әдеби жанр.

Әңгіменің идеясы дегеніміз не? Әңгіменің негізгі ойы не деп ойлайсындар?

4.Идея – автор тақырып арқылы шынайы өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат- мүддесін, арманын-тілегін білдіреді. Бұл әңгіменің идеясы – баланы тіл алғыштыққа, еңбекқорлыққа баулу.

5.Әңгімедегі кейіпкерлер кімдер? Олар қандай кейіпкерлер?

Кейіпкерлері – әкесі мен баласы.

Қай кейіпкер сіздерге ұнайды? Неге?

Жағымды кейіпкер – әкесі.

Қай кейіпкер сіздерге ұнамайды? Қандай әрекеттерімен?

Жағымсыз кейіпкер – бала.

Мәтінді іштен оқыту.

Бөліктерге бөліп оқыту.

Жоспар құрату.

6. Шығарманың мазмұндық жоспары.

1. Баланың қаладан келуі.

2. Әкесіне айтқан сылтауы.

3. Есіне түсуі.

Жоспар бойынша мазмұндату.

7.Түсіндірме сөздік.

Тырнауыш – шөп жинайтын еңбек құралы.

Ү. Сабақты қорыту.

Мәтіннен қандай қорытынды жасайсыздар?

Менің ойымша бұл мәтіннен еңбекқор болуды, үлкендерді тыңдауды, оларға көмек беруді, өтірік айтпауды үйрендім.

Өтірік өрге баспайды. Өтірікшінің шын сөзі зая.

ҮІ. Бағалау.

ҮІІ. Үйге тапсырма. «Оқымысты бала» әңгімесін оқу, мазмұндау.

Шығармашылық тапсырмалар.

9-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Б. Соқпақбаев. Менің атым Қожа.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушыларды топтарда өз әрекеттерін жоспарлауға, топ ішінде талдап, дұрыс шешім қабылдауға, бір-бірінің пікірін тыңдауға, санасуға шығармашылық атмосфера қалыптастыруға бағыттау.

ә) Білімділік: Әңгіменің негізгі ойын анықтай отырып, Қожа бейнесіне талдау жасау арқылы өз ойын жүйелі жеткізе білуге ауызша және жазбаша ой тұжырымдауға жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Оқушылардың өз ойын тиянақтап, оны дәлелді түрде жеткізуге, тақырып бойынша өз өмірінен мысалдар келтіруге, белгілі бір көзқарасты ұстанып, оны дәлелдей білуге, өзіндік пікір айтуға мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Бейне таспа, дидактикалық тапсырмалар, слайд.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Оқушылар бір-біріне қарап, жақсы тілек жолдайды.

Топқа бөлу (жасырын жазылған сандар бойынша үш топқа бөлінеді).

Психологиялық дайындық (әр топқа шар таратылып беріледі, шардың ішінде әріптер бар. Сол әріптер арқылы сабақтың мақсатын қояды).

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты баяндауға баулу. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші-үйренуші) құру, (жұппен).

I топ. Әріптер арасынан ақынның есімін тап. Автор туралы айт.

II топ. Нақыл сөздің жалғасын тап. Өлеңнің идеясы.

III топ. Артық тұлғаны тап. Өлеңнің түйіні.

III. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

- Балалар, жаңа тарауға өтпес бұрын, бәріміз бейнетаспаға назар аударайық. Мұқият қарап, тыңдайық.
- Бұл кім?
- Бұл біздің сыныптағы Маратбеков Мирас. Мирастың балалық шағы туралы бейнетаспа екен.

Бүгінгі сабақта біз «Балалық шаққа саяхат» тарауын Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа » повесінен үзіндіден бастағалы отырмыз.


Бүгінгі сабақта не жайлы өтеміз, жаңа сабаққа мақсат құра аламыз ба?

Слайд көрсету:

Б. Соқпақбаев және «Менің атым Қожа» повесть, фильм жайлы мағлұмат беру.(Керекті деректі оқушылар дәптерлеріне жазып алады).

Мәтінді оқу (мұғалім оқиды).

Мәтінді оқушылар іштеріннен оқиды. Талдайды.



4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Идеясы –

5.Кейіпкерлері.

6.Жоспар құру

7.Басталуы.

8.Байланысуы.

9.Дамуы.

10.Шиеленісуі.

11.Шарықтау шегі.

III.Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Топтық жұмыс.

Әр топ мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қояды.

Жұптық жұмыс

Жағымды кейіпкер	Неге?	Жағымсыз кейіпкер	Неге?

Қожаға қатысты мінездерді теріп алу.

Алғыр,пысық Өтірікші Ақылды Мейірімді Қу, зымиян Шыдамсыз Тиянақсыз	Ақын Әділетті Әзілқой Арамза Тапқыр Қателіктерін түсіне біледі Жағымпаз
---	---

I топ. «Тұжырым»

Кейіпкер:

Ерекшелігі:

Кімнің бейнесі ұнады?

Неліктен?

Қорытынды.

II топ. «Зерделеу»

«Менің атым Қожа»

Жанр:

Мемлекет:

Автор:

Фильмнің шыққан жылы:

Роль:

Киностудия:

Жүлде:

ІІІ топ. «Түйіндеме».

Шешім.

Шарықтау шегі.

Шиеленісуі.

Дамуы.

Басталуы.

Ойын: «Қай сәт бейнеленген?»

Омырауымды сипалап таппаған галстугым, сөйтсем иығыма шығып кеткен екен. Бұрып әкеп, орнына қойдым да, зып беріп класқа кірдім. Қожаның «**Балық аулаймын**» деп сабақтан кешіккен кезі.

«Есте қалған естеліктер» ізденіс.

Балалар сіздердің аттарыңыздан «Менің атым Қожа» фильмінде басты рөлдерді ойнаған Қожа Нұрлан Сегізбаев, Рая Мухаммедияровна Сәбира Майқанова, Жанар Гүлнар Қарабаеваға хат жазғанмын. Сол хатқа жауап келіпті. Оқимыз ба ?

«Ой түйіндеу».

Жеке жұмыс:

Ерекшелігі	Бұл повесті оқығанда мені қызықтырғаны ...
Тиімділігі	Қожаның бүгінгі сабақтағыдай сәтті күні сияқты күндер туа бере ме ?
Нәтижесі	Мен үшін Қожа қандай кейіпкер?

ІV. Қорытынды.

Бүгінгі сабақтағы көңіл-күйіңіз?

Сабақ қалай өтті: қызықты ма?

Бүгінгі үйренгеніңіз болашақта сізге қажет болады деп ойлайсыз ба?

Бұл тақырыпты ата-аналарыңызға қалай әңгімелеп жеткізесіздер?

V. Бағалау:

Әр оқушы жеке бағалайды, топ спикерлері хабарлайды.

VI. Үйге тапсырма. «Менің атым Қожа» повесін оқу, мазмұндау.

Мағлұматтар жинау.

Шығармашылық тапсырмалар.

10-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өнердің құны (түрік тілінен аударған Сәуле Дағайқызы).

Сабақтың мақсаты:

- а) **Тәрбиелік:** Қазақтың қолөнерін бағалауға, өнерді үйренуге бағыттау.
- ә) **Білімділік:** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру арқылы адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді анықтауға жағдай жасау.
- б) **Дамытушылық:** Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыра отырып өзіндік пікір айтуға мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Қолөнер туындылары, қолөнер шеберлерінің суреттері.

Пәнаралық байланыс: Тарих, сурет.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Оқушылар бір-біріне қарап, жақсы тілек жолдайды.

1,2,3,4 деп саналып төрт топқа бөліну.

II. Жаңа білімді меңгеруге дайындық.

Өнер дегенді қалай түсінесіздер? (топтастыру).

Өзіңіз қандай өнерді меңгергіңіз келеді ? (ой бөлісу).

Өнерді меңгеру дегеніміз – оқу. Ендеше, адам өмір бойы оқуы керек. Ал оқу не үшін керек деп ойлайсыздар? (ойларын тыңдау).

Хан, ұл, қыз, қарақшылар, тор бейнелері бар суреттер тақтаға ілінеді. (суреттер бойынша әр топ шағын әңгіме құрайды).

III. Жаңа білімді меңгеру:

а) Түсіндірме сөздік.

Қарақшылар бекеті – тонаушылардың жасырынатын орны.

Зындан- жерден қазып жасалған қамау орны.

ә) Мәтінмен жұмыс.

Бөліктерге бөліп оқиды, сұрақ қояды (жеке, жұппен).

1. Патша ұлының ғашық болуы .

2. Қойшы қызының талабы.

3. Патша ұлының өнер үйренуі.

4. Патша ұлының қарақшылардың қолына түсуі.

б) Әр бөлік бойынша ортақ қорытындыға келу (топпен).

№	Оқиға желісі	Оқиғаның дамуы
1	Патша ұлының ғашық болуы	Патша ұлы кедей қойшының қызына ғашық болып, әкесінен үйленуге рұқсат сұрайды. Әкесі уәзірін құда түсіруге жібереді.
2	Қойшы қызының талабы	

3	Патша ұлының өнер үйренуі	
4	Патша ұлының қарақшылардың қолына түсуі	
5	Патша ұлының айласы	

IV. Білімді бекітуге арналған тапсырмалар.

I топ: 1. **Авторы:** Халық ертегісі. Ертегілер бізге дейін халықтың айтуымен жеткендіктен, авторы ұмытылып қалған. Сондықтан ондай ертегілерді халық ертегісі деп атайды.

II топ: 2. **Тақырып.** Әрбір адам бір кәсіп иесі болу керек.

III топ: 3. **Жанр түрі** – ертегі. Ертегіде көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Ертегілер қарасөзбен де, өлеңмен де жазылады.

3.1. **Хайуанаттар туралы ертегі.** Хайуанаттар туралы ертегілердегі негізгі кейіпкерлер аң, құс, үй жануарлары болады.

3.2. **Шыншыл ертегі.** Халық өзінің дүниетануындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы іс-әрекетін, барлық мұң-мүддесін, күрес-тартысын, талап-тілегін осы шыншыл ертегілерде жиып-түйген.

3.3. **Қиял-ғажайып ертегі.** Қиял-ғажайып ертегілерінде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар баяндалады.

IV топ: 4. **Идея** – халық тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы, өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Бұл ертегінің идеясы – баланы белгілі бір кәсіпке баулу.

V. Ойтолғау.

Кейіпкерлерді атаңыздар.

Жағымды кейіпкерлер

Жағымсыз кейіпкерлер

Неге?

Неге?

(жеке оқушы)

Қойшының қызының өнерді бағалауының себебі неде екен? (жұппен, топпен)

Патша ұлының орнына өзіңді қойып көр. Қарақшыларды қандай өнеріңмен таңдандырар едің?

VI. Қорытынды.

11-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесі

Тәрбиелік: Табиғат сұлулығын сезінуге, оған қамқор бола білуге баулу.

Білімділік: «Көксерек» әңгімесінің композициялық құрылымына талдау жасау, табиғат пен адам арасындағы байланысы жайында ой түйіндеу.

Дамытушылық: Оқушылардың өзіндік ой-пікірін қалыптастыруға, ойын еркін жеткізе білуін жетілдіру.

Сабақтың түрі: Бекіту сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту

Оқыту формалары: Топпен, жеке, жұппен

Сабақтың көрнекілігі: М.Әуезовтің портреті, кесте.

Пәнаралық байланыс: Тарих, дүниетану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1.Топқа бөлу: «Табиғат», «Қасқыр», «Адам»

2. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші бүгінгі сабағымызды бір-бірімізге жақсы тілектер айтумен бастайық.Партаны айналып отырған оқушылар «Күннің нұры» арқылы бір-біріне жақсы тілектер айтады.

Осындай жылы тілектерімізді бойымызға қабылдай отырып, сабағымызды бастайық.

Әр топ өз тобының аттары туралы пікірлер айтып, қорғайды.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Ойлан, тап, жаз» кезеңі.

«Көксерек» әңгімесін сатылай кешенді талдау.

1. Авторы

2. Тақырып –

3. Жанр түрі –

4. Идея –

5. Шығарманың мазмұндық жоспары:

5.1. Оқиғаның басталуы–

5.2. Дамуы –

5.3. Байланысуы –

5.4. Шиеленісуі –

5.5. Шарықтау шегі –

6. Кейіпкерлері –

Жағымды кейіпкерлер –

Жағымсыз кейіпкерлер –

7.Әдеби теориялық ұғымдар –

Портрет –

Нақыл сөз:

Бата:

III. «Қасқағым сәт» кезеңі.

1. Қалай ойлайсыздар, әңгіме тек Көксерек айналасында ғана ма?

2. Ауыл адамдарының іс-әрекетін құптауға бола ма?

3. Кім қатал, кім өктем? Көксерек пе, әлде ауыл адамдары ма?

4. Жалпы табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсындар?

5. Әңгіме арқылы басты ойды ашатын ең негізгі оқиғалар қайсы?

6. .М. Әуезов оқырманға не айтпақшы болды?

7.Жазушының жанайқайы не?

8.Табиғатқа қарсы тұру, оның заңдылықтарын бұзу дұрыс па?

IV. «Ой толғаныс» кезеңі.

Әр топқа берілетін тапсырмалар .

I топ. Табиғат тобына . Салыстыру. Адам , қасқыр, табиғат.

II топ. Адам тобына. Көксеректің бейнесін сурет арқылы жеткіз.

III топ. Қасқыр тобына. Егер адамдар қасқыр апанын бұзып, бөлтіріктерін өлтіріп, Көксеректі алып кетпегенде, оқиға әрі қарай қалай дамуы мүмкін еді? Көз алдыңызға елестетіңіз жазыңыз.

ҮІ. «Айналым» кезеңі

Әр топтағы оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерін екі сөйлем арқылы жазып, бір-біріне жалғастырып соңғы бала мәтінді оқып шығады.

Ү. Бағалау.

Бағалау парағы

Топ	Бағалау критерийі	Балл	Қорытынды балл
Тапсырмалар			
«Ойлан, тап, жаз» кезеңі	1.Нақты дәлелмен сөйлеу,сауатты жазу 2.Уақытты үнемдеу 3.Сауатты талдау	3 балл	
«Қасқағым сәт» кезеңі.	1.Нақты тақырып бойынша жауап беру 2.Дәлелді жауап беру	4 балл	
«Ой толғаныс» кезеңі	1) Толық ойын жеткізу 2) Салған суреттің көркемдігі 3) Уақытты үнемдеу 4) Пікірін дәлелді жеткізу	5 балл	

«10- 12 » балл – «5» (өте жақсы).

«7 - 9 » балл – «4» (жақсы).

«7 -төмен» – «3» (қанағат).

12- сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Ш. Мұртаза. Бала Тұрар

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың шығармадан алған білімдерін сатылай кешенді талдау арқылы жинақтау, қорытындылау.
2. Өз беттерінше жұмыс істей білуге, өз ойларын анық, еркін, толық жеткізе білуге, сөйлеу, ойлау дағдыларының дамуына ықпал ету.
3. Адамдық қасиеттерге, өз туған жерін, ұлтын сүйетін жеке тұлға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта.

Сабақтың түрі: Жинақтау, қорытындылау.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді талдау.

Оқыту формалары: Жеке, жұппен, топпен.

Сабақтың барысы:


I. Ұйымдастыру кезеңі.

- 1) Оқушылармен сәлемдесу, жоқ оқушыларды белгілеу.
- 2) Сабаққа дайындықтарын тексеріп, назарларын сабаққа аудару.

II. Қызығушылықтарын ояту үшін сұрақтар қою.

1. «Қызыл жебе» романының авторы кім, ол туралы не білеміз?
2. «Бала Тұрар» әңгімесінде кім туралы айтылған?
3. Әңгіменің басты кейіпкері кім?
4. Тұрар оқу мен жазуды, орыс тілін кімнен үйренді?
5. Тұрар әкесімен қалай қоштасты?
6. Тұрардың дәптеріне алғаш жазған сөздерін ата?
7. Айбаровқа Иван Владимировичтің берген ұтымды жауабын баяндаңыз.

III. Үзіндіге сатылай кешенді талдау жасау.



IV. Сабақты бекіту

I топ. Иван Владимирович Ломоносов туралы қандай әңгіме айтты?

II топ. Бала Тұрардың бойындағы қасиеттер өз бойларыңда табыла ма? Табылса дәлелдеңіздер.

III топ. Айбаровқа мінездеме бере отырып, оның жақсы , жаман қасиеттерін тізіп жазыңыздар.

IV. Сабақты қорыту. Әр оқушы сабақтан алған әсерін ауызша айтып өтеді.

V. Оқушы білімін бағалау.

VI. Үйге тапсырма. «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында шағын шығарма жазып келу.

13-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: С. Сарғасқаев. Қызғалдақ пен Қарасора

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Тапсырмалар орындай отырып, жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажырата білуге бағыттау.

ә) Білімділік: Мысалдағы негізгі ойын анықтай отырып, талдау жасау арқылы өз ойын жүйелі жеткізе білуге ауызша және жазбаша ой тұжырымдауға жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Оқушылардың өз ойын тиянақтап, қорытынды жасай білуге мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа білім беру сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Тірек сызбалар.

Пәнаралық байланыс: Қазақ тілі, дүниетану, бейнелеу өнері.

Техникалық құралдар: Магнитофон.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Психологиялық дайындық:

Ана тілім – ұраным,

Ана тілім – құралым,

Ана тілім болмаса,

Мықты болмас тұрағым.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру.

Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты баяндауға баулу.

Тірек тапсырма: Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. **Тілдесім әрекеті бойынша** диалог (үйренуші-үйренуші) құру, (жұппен).

I топ. Мысалдың аты: Түлкі мен тиін

Шумақ –

Тармақ –

Бунақ –

Буын –

Пайдалы сөзіне буындық талдау.

II топ. Кейіпкерлер: Түлкі, тиін, қасқыр.

Портрет: Құлағы тік, көзі моншақтай, тісі өткір, құйрығы ұзын, үлпілдек.

Теңеу: көзі моншақтай

Түйін: біреуге ор қазба, оған өзің түсесің.

III топ. Шығарманың құрылысы:

1. **Басталуы.** Түлкі мен тиіннің кездесуі

2. **Дамуы.** Түлкінің қулығы

3. **Байланысуы.** Тиіннің ақылы

4. **Шиеленісуі.** Қасқырдың күлуі

5. **Шарықтау шегі.** Түлкінің мерт болуы

6. **Шешімі.** Бір айласы тиіннің болып шықты пайдалы.

III. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Шифрограмманы шешу.

15	37	11	6	1	16	7	1	15
Қ	ы	з	ғ	а	л	д	а	қ

22	8	18
п	е	н

16	1	23	1	24	20	23	1
Қ	а	р	а	с	о	р	а

IV. Жаңа білімді меңгеруге дайындық.

Қызғалдақ қай мезгілде өседі?

Қызғалдақ дегенде көз алдымызға гүлдің қандай түрі елестейді?

(өсімдік, гүл, әдемі, хош иісті, көктемде шығады, қызыл, сары)

Қызғалдақ өсу үшін не қажет?

(ауа, су, жарық, жылу, қорек).

Қызғалдақ қайда өседі? (үйде, далада)

Қарасора дегенде не елестейді?

(өсімдік, шөп, иісі жоқ, көктемде шығады, жасыл, көк).

Қарасора өсу үшін не қажет ?

(ауа, су, жарық, жылу, қорек).

Қарасора қайда өседі?

(далада өседі).

Қызғалдақ пен Қарасора.

а) Тізбектей оқыту.

ә) «Пошташы» әдісі бойынша түсінгендерін хат жазу арқылы әңгімелеу.
(оқушылар сұрақтарға хат жазу арқылы бір-бірімен жауаптасады).

Мысалы: Расулдан Арнұрға хат.

Арнұр қалың қалай, сабағың жақсы ма? Сен С. Сарғасқаевтың «Қызғалдақ пен Қарасора» мысалын оқыдың ба? Оқысаң диқаншылардың Қарасораны шауып тастайтын тұсын баяндайтын жерін маған жазып жіберші. Алдын ала алғысымды білдіремін.

Ү. Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Топтық жұмыс.

Әр топ мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қояды.

I топ. Пікірталас картасын толтыру «Қарасора»

Пайдалы	Пайдасыз

II топ. «Тұжырым»

Кейіпкер:	
Ерекшелігі:	
Кімнің бейнесі ұнады? Неліктен?	
Қорытынды.	

III топ. «Түйін»

Кейіпкерлер	Іс-әрекет	Қасиет
Қызғалдақ		
Қарасора		

ҮІ. Қорытынды

Үлестірмемен жұмыс (жеке, жұпмен)

№	Мысалдан үзінді	Қызғалдақ	Қарасора
1	Жан-жағына таңдана қарады		
2	Күн нұрына сәлем бергендей		
3	Сорлы неменеге маз боласың?		
4	Жан-жағыма ұрық шашамын		

5	Ұстазың, сыйлайды	ата-анасын		
---	----------------------	------------	--	--

ҮІІ. Бағалау.

ҮІІІ. Үйге тапсырма. Мәтінді жазбаша сызбаға түсіріп, сатылай кешенді талдау.

Авторы. Сансызбай Сарғасқаев. ...

Тақырып – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түп қазығы. Бұл мысалдың тақырыбы – Әдеби жанр – мысал. Мысал – қысқа оқиғалы өлеңмен жазылған сатиралық шығарма. Мысал жаман әдеттен аулақ болуға, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелейді. Мысал соңында қысқаша қорытынды ой айтылады.

Кейіпкерлері – жануарлар, өсімдіктер, заттар.

Жағымды кейіпкерлер –

Жағымсыз кейіпкерлер –

Түсіндірме сөздік:

Мысалдың негізгі түйіні, тәрбиелік мәні.

14-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Арналы бұлақ – асыл сөз

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Тапсырмалар орындай отырып жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуге бағыттау.

ә) Білімділік: Тараудағы негізгі ойды анықтай отырып, талдау жасау арқылы өз ойын еркін жеткізуге, ой тұжырымдауға жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Оқушылардың өз ойын тиянақтап, қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

Сабақтың түрі: Қайталау (сайыс сабақ).

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жұптық, топтық.

Көрнекілігі: Үлестірме қима қағаздар, сызба кестелер.

Пәнаралық байланыс: Тарих.

Техникалық құралдар: Бейнетаспа.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Психологиялық дайындық:

Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді.

Екі топ бір-бірін таныстырады.

Тапқырлар: Ойшылдар:

Оқушыларды сайыс кезеңдерімен таныстыру.

1-кезең. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім іл»,– демекші кезекті мақал-мәтелдерге берейік. Төмендегі мақалдағы түсіріліп қалған сөздерді тауып, оны өзге тілдерге аударайық.

1. Сөз анасы ... ,
Су анасы (құлақ, бұлақ, тұяқ)
2. Жол анасы ...
Аста ... тәтті,
Адамда ... тәтті. (тұз, дос)
3. ... – тозбайтын тон,
... – таусылмайтын кен. (ақыл, білім)
4. Жақсы сөз – ... (жарым ырыс)
... – арымас,
... – шірімес. (ақыл, алтын)

2-кезең: «Ауыл көркі – тал, дала көркі-мал», – демекші әр топ төрт түлік иелерінің біреуіне тілек айтады.

4- кезең: «Кейіпкерлер әлемі».
«Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісін сахналау.

5-кезең: «Шешендік өнер».
Үлестірме арқылы шешендерді анықтап, сол шешеннің рөлінде сөйлейді.

6-кезең: «Кім жаңылыспайды?»
Топ басшылары жаңылыспай жаңылтпаштарды қайта айтып береді.

7-кезең: «Ер қанаты – ат».
Батырлар жырларындағы тұлпарларды суреттеген үзінділерді жатқа оқиды.

II. Сабақты қорыту.

III. Бағалау.

IV. Үйге тапсырма.

15-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: БІ. Алтынсарин. Таза бұлақ.

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жазушының шығармасын оқи отырып, қамқорлық, жанашырлық сезімдерін ояту, табиғатты сүйуге, аялауға баулу.

ә) Білімділік: Мәтіннің мазмұнын ашып, көркем тілмен өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Оқушыларды тапсырмалар арқылы шығармашылық ізденіске жұмылдыруға мүмкіндік жасау.

Сабақтың түрі: Жаңа білім беру сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Тірек сызбалар.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, музыка.

Техникалық құралдар: Магнитофон.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Психологиялық дайындық.

Оқушылар хормен: Мақсатымыз – білім алу, міндетіміз – еңбектену, білім шыңына шығу.

II. Жаңа сабаққа дайындық кезеңі.

Ы. Алтынсариннің төменгі сыныптарда өткен «Кел, балалар, оқылық» өлеңін еске түсіру.

Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесімен танысамыз.

«Дыбыстар сөйлейді» әдісі.

Т – тапқырлық

А – адам

З – зерек

А – аталады

Б – байсалдылыққа

Ұ – ұқыптылыққа

Л – лайықты

А – азамат

Қ – қадірлі


Үн таспадан бұлақтың сылдыраған үнін тыңдату.

- Ненің үнін естідіңіздер?
- Бұлақтың.
- Бұлақтың суы қандай деп ойлайсыздар?
- Тап-таза, мөп-мөлдір.

Олай болса бейнероликті тамашалайық.

III. Жаңа сабақты меңгеру кезеңі.

Мәтінді сатылай кешенді талдау

- 
1. Авторы. Ы.Алтынсарин ...
 2. Тақырып – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі, автордың айтар ойының түпқазығы. Бұл әңгіменің тақырыбы –
 3. Әдеби жанр – әңгіме.
 4. Кейіпкерлері –
 5. Жағымды кейіпкерлер –

6. Жағымсыз кейіпкерлер –
7. Түсіндірме сөздік.
8. Қырыс –
9. Тағы –

IV. Сабақты бекіту.

I топ. «Су тіршілік көзі» тақырыбына ойтолғау.

II топ. «Сусыз өмір жоқ» тақырыбына сурет салады.

III топ. «Таза бұлақ» әңгімесінің желісі бойынша рөлдік ойын.

V. Қорытынды. «Менің ойымша ...» әдісі (әр оқушы өз ойларын айтады).

МАТЕМАТИКА

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша математика пәнінен таңдау курсының оқытудың білім алушылар үшін тиімділігі зор.

Біріншіден білім алушылар белгілі бір жүйемен білім алып, ойлануға, сөйлеуге, есептеуге негіз қалыптасады.

Екіншіден, теориялық білімді сызба арқылы өздігінен меңгерген оқушы кез келген тапсырманы орындау барысында оңай шешу жолдарын қарастыра алады.

Үшіншіден, Сатылай кешенді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану оң нәтиже береді:

1. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетінің біртіндеп өсуіне ықпал етеді.
2. Логикалық, шығармашылық ойлануын, танымдық дүниесін байытады.

Математиканы оқыту әдісі оқытудың түрімен және сабақтың құрылымымен тығыз байланысты. Сабақтың мақсаты оқу материалының мазмұнына, қолданылатын оқыту әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың дайындық деңгейіне және оқу процесінде сол сабақтың алатын орнына байланысты анықталады. Сабақтың құрылымы әр алуан болады (сабақ үлгілері берілді). Білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуі - математика курсының игерудің ең қажетті бөлігі. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білім алушылардың жауапкершілігін арттырып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

Оқытудың тиімділігін арттыру үшін есеп шығаруды түрлендіріп отыру қажет.

- ✓ қызықты есептер шығару;
- ✓ есеп құрастыру;
- ✓ есепті бір түрден екінші түрге түрлендіру;
- ✓ есепті әртүрлі тәсілмен шығару;
- ✓ кері есеп шығару;
- ✓ есепті тексеру;

- ✓ есеп құрастыруға мағлұматтар іздестіру;
- ✓ дидактикалық тапсырмаларды орындау;
- ✓ танымдық және шығармашылық тапсырмалар орындау.

Математика пәнінде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының тірек сызбаларын қолдану - білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың математикалық тілінің жетілуіне мол ықпал етеді.

Математика сабағында мұғалім білім алушыларға мәселе қояды, ойлаудың жолдарын үйретеді, оқып-үйрену барысында өз бетінше жұмыс жасау әрекетіне бағыт-бағдар береді. Білім алушылар өзара заңдылықтарды, теорияларды ұғындырады, ережелерді қорытып, бірлескен ұжымдық әрекет жасайды. Олар өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау арқылы проблеманы шешуге, шығармашылыққа, ізденушілікке, зерттеушілікке бейімделеді.

Математика пәнінен үлгілік сабақ жоспарлары

1-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Бір саны мен цифрын сатылай кешенді талдау

Сабақтың мақсаты:

- а) Тәрбиелік:** Топ мүшелерін оқу материалын меңгеруге бір-біріне жәрдемдесе отырып, нақтылыққа, тиянақты жауап беруге бағыттау.
- ә) Білімділік:** Әртүрлі тапсырмалар орындау арқылы, бір санының мағынасын, ретін, мәнін түсінуге жағдай жасау.
- б) Дамытушылық:** Ойлау логикаларын дамытуға жағдай жасалынады, өздіктерінен жұмыс істей білуге дағдыланады.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба, сурет.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.



Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Оқушылар бір-біріне қарап, жақсы тілек жолдайды.

II. Ой жинақтау. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгертуге дайындау.

Интерактивті тақтамен жұмыс.

Жұлдыз-сансыз көп,
Ай-біреу-ақ.

Жер-шарында бірден ғана болатын заттарды атаңыздар.(Күн,
Отан, ана т.б.)



(ұжымдық)

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** (дербес тұрғыда әрекеттер іске асады).

Тірек сызба арқылы 1 саны мен цифрын талдау.

1. Анықтама. 1 натурал сан. Себебі, заттарды санауға қолданылатын сандар натурал сандар деп аталады.

2. Тану.

2.1. Жазылуы. 1 цифры екі элементтен (бірі екіншісінен кіші 2 таяқшадан) тұрады. Алдымен кіші таяқшаны жазамыз. Оны тор ортасынан сәл жоғарырақ бастайды да, тордың жоғарғы оң жақ бұрышына дейін жүргізеді. Содан кейін қаламды қағаздан көтермей, негізгі көлбеу таяқшаны жазды. Тордың жоғарғы оң жақ бұрышынан оның төменгі қабырғасының ортасына дейін.

2.2. Оқылуы. 1 санын бір деп оқимыз. 1 санында 1 бірлік бар.

3. Мағынасы.

3.1. Бұл – есептік сан . Себебі, заттардың сан мөлшерін өрнектейді.

Мысалы: 1 оқушы, 1 кітап, 1 мектеп т.б.


3.2. Бұл реттік сан . Себебі, заттардың ретін өрнектейді. Мысалы: 1-ші парта, 1- ші үй, 1- ші сынып. 1 саны сан патшасы болып есептеледі.

Қалғандары осы 1 санынан кейін келеді. Бір саны сонымен қатар жалғыз, біреу, бірінші, тұңғыш, алғашқы деген ұғымдарды білдіреді.

3.3. 1 цифры араб цифры делінеді, себебі, араб цифрындағы он цифрдың біреуі.

Мені келсе білгің,
Мен таяқша бірмін.
Ата- әжеме жол бастап,
Оң қолында жүрмін.

Талдаудың қысқаша жазылуы.



IV. Сергіту сәті.


Аппақ болып таң атып,
Түтін тіке шығады.
Торғай қағып қанатын,
Самғап биік ұшады.

V. Жаңа білімді бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

б) Шығармашылық тапсырма (ұжымдық)

Төменгі суреттердегі заттарды санаңыз.



()



()




()

Төменгі суреттердегі тіршілік иелерінің ақыл-ой жағынан қайсысы бірінші орында тұрады. Жылқы, адам, әтеш.



Әлемдегі бір ғана заттарды атаңыз. Мысалы: ай,, т.б.

Суреттегі заттардың жылдамдығы жағынан қайсысы бірінші?



V. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды.

(Интерактивті тақтамен жұмыс)

Жұмбақ есепті оқып, шешуін табыңыз. Шыққан санға сатылай кешенді талдау жасаңыз:

Бестен төртті алайық,
Қанша қалды, қарайық ?
Қарайық та, санайық,
Санайық та табайық !

(.....)

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші- үйренуші) құру. (жүппен)



VI. Кері байланыс

- Сіздерге бүгінгі сабақ ұнады ма? Несімен?
- Нені үйрендіңіз?
- Қай тапсырмада қиындық туды? Неге?
- Осы тақырып бойынша ойыңыз.

VII. Үйге тапсырма.

2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Бір саны мен цифрын сатылай кешенді талдау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топ мүшелері оқу материалын меңгеруге бір-біріне жәрдемдесе отырып, нақтылыққа, тиянақты жауап беруге бағыттау.

ә) Білімділік: Бір санының қасиеті, сандық сәуледегі орны, салыстыруды әртүрлі тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың өздігінен меңгеруге мүмкіндік туғызу.

б) Дамытушылық: Сандық сәуле, санның қасиеті, санды салыстыру ұғымдарын өз беттерінше жұмыс жасау арқылы ұғынуға бағыт-бағдар беру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Кел, балалар, келіңдер,
Математиканы көріңдер.
Қане, қарап шығындар,
Білім барда оқу бар.

Суреттер бойынша төрт топқа бөлінеді (оқушыларға қиынды суреттер таратылады).

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты баяндауға баулу. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. **Тілдесім әрекеті бойынша** диалог (үйренуші-үйренуші) құру, (жұппен).



Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

II. 1 саны мен цифрын талдау

4. Қасиеті.

4.1. Натурал сандар қатары 1 санынан басталады.

4.2. Әрбір келесі натурал сан алдыңғы саннан 1-ге артық болады.

4.3. Натурал сандар қатары түзу сызық сияқты шексіз, өйткені кез келген санға бірліктен қосып отыруға болады.


4.4. Егер натурал сандар қатарынан кез келген бірнеше санды ретімен алатын болсақ, онда натурал сандар қатарының кесіндісі пайда болады.

1,2,3,4,5,6,7,8,9 – бұлар натурал сандар қатарының кесіндісі.

2,4,6,7,8,9 – бұлар натурал сандар қатарының кесіндісі емес, себебі мұнда 1,3, 5 сандары жоқ.

5,8,6,8,7– бұлар натурал сандар қатарының кесіндісі емес, себебі сандар ретімен тұрған жоқ.

5. Сандық сәуледе кескінделуі



Санақ басы , бірлік кесіндісі, бағыты бар сәулені сандық сәуле дейміз.

Санақ басы 0-ден басталып, бір бірлікті көрсетіп тұр.

6. Салыстыру.

6.1. Кем. Бұл – кем таңбасы <

Жазылуы: $0 < 1$. Оқылуы: Нөл кем бірден. Себебі, сандық сәуледе сол

жақтағы сан оң жақтағы саннан кем болады.

6.2. Тең. Теңдік таңбасы =

Жазылуы: $1 = 1$. Оқылуы: Бір тең бірге. Себебі, сандық сәуледе бір санға сәйкес тек бір ғана нүкте табылады.

6.3. Артық. Бұл – Артық таңбасы >

Жазылуы: $1 > 0$. Оқылуы: Бір артық нөлден. Себебі, сандық сәуледе оң жақтағы сан сол жақтағы саннан артық болады.

III. Сергіту сәті.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары-төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

IV. Дәптермен жұмыс.

Көркем жазу. 1 цифрынның жазылуын ауызша айта отырып, дәптерге көркем жазу (жеке).

Топтық жұмыс:

Бірінші топтың тапсырмасы. Суретті түрлі-түсті бояумен боя.(сурет)

Екінші топтың тапсырмасы. Жәңгір теңізде дем алған кезде табиғат көрінісін бейнелеген 4 сурет салды. Оның үшеуін анасына сыйлады. Жәңгірде қанша сурет қалды? ($4-3=1$)

Үшінші топтың тапсырмасы. Кірпінің екі шары бар еді. Бір шары жарылып қалды. Енді кірпінің неше шары қалды ?

Төртінші топтың тапсырмасы. Экранда көрсетілген суреттен бір санын қатыстырып, есеп құрастырыңыздар.

Ү. Төртінші кезең: Қорытындылау. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материалды қорытындылайды.

Айтылым әрекеті арқылы «Жалғастыр» ойынымен бір санының 4,5,6 сатысын баяндаңыздар.

VI. Рефлексия:

1. Сабақта нені үйрендіңіздер?
2. Сіздерге сабақ ұнады ма?
3. Не қиын болды? ...Неге?.

3-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: $1+1=2$ өрнегін сатылай кешенді талдау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушылар шағын топтар құрамында тиімді түрде жұмыс ұйымдастырады, шығармашылық атмосфераны қалыптастыруға атсалысады, бір-бірінің пікірлерімен санасады, бір-біріне жәрдемдеседі.

ә) Білімділік: Қосу амалын, мағынасын, оның сандық сәуледе кескінделуін, қасиетін амалдарды орындау арқылы білімді өз беттерінше алуға мүмкіндік жасау.

б) Дамытушылық: Тез ауызша есептеуге, өз беттерінше жасаған жұмыстарына қорытынды жасауға дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Армысың досым,
Кел, маған қосыл.
Алақанға салып алақан,
Шеңберге бірге тұрайық.
Жер шарындай айналып,
Әлемге жарық сыйлайық.
Қолымызды көтеріп,
Күннің нұрын алайық.
Ортамызда күн нұры
Құшаққа оны алайық.

Оқушылар қима суреттер бойынша үш топқа бөлінеді.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеруге бағыт-бағдар беру. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. (1 саны)

1-топ : 1 санына анықтама

2-топ: Тану.

3-топ: Мағынасы


1-топ: Қасиеті

2-топ: Сандық сәуледе кескіндеу

3-топ: Салыстыру

III. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру.

Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.



Интерактивті тақтамен жұмыс


Тапсырма. Жұмбақ өлеңді шешу

Мен қосумын – сол үшін мақтанамын,
Барлығын достастырып шаттанамын
(өлеңнің мағынасына ойтолғау жасаңыздар).

1+1=2 өрнегін сатылай кешенді талдау

- 1. Анықтама.** Бұл өрнек қосу амалы. Себебі, бірнеше санды біріктіруді қосу амалы дейміз
- 2. Мағынасы.** $1 + 1 = 2$, 1 мен 1 қосылғыш, «+» қосу таңбасы, « = » теңдік таңбасы, 2 қосындының мәні.
- 3. Өрнекпен жазылуы.** а) Бір торғайды бір торғайға қоссақ екі торғай болады дегенді $1 + 1 = 2$ деп жазамыз.
ә) Бір алманы бір алмаға қоссақ екі алма болады дегенді $1 + 1 = 2$ деп жазамыз.
- 4. Оқылуы.** а) $1 + 1 = 2$ бір қосу бір тең екі немесе бір мен бірдің қосындысы екі деп оқимыз.

5. Сандық сәуледе кескінделуі

а)  $1+1=2$

6. Қасиеті. $2+0=2$ немесе $0+2=2$, себебі қосылғыштардың орындарын ауыстырғаннан қосындының мәні өзгермейді. **Бұл – қосудың ауыстырымдылық қасиеті.**

ІҮ. Дәптермен жұмыс. Көркем жазу. 1 цифрының жазылуын ауызша айта

отырып, дәптерге көркем жазу (жеке). $1 + 1 = 2$ өрнегін жазу.

Ү. Сергіту сәті.

Ұзын мұртты құмырсқа,
Келе жатты жұмысқа.
Допты алды қолына,
Допты қойды жолына.
Оңға қарады, солға қарады,
Үлкен тау деп ойлады.

ҮІ. Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ізденеді, ойтолғайды.

1-топтың тапсырмасы: **Тапқыр болсаң, тауып көр!**


Қандай екі құс бірдей әнді сайрайды ? (40 бет ЛОГИКА)

2-топтың тапсырмасы: **Қане, есептеші!**


Жаңа жылдық шыршаны безендіру үшін Әлия сандықшадан 6 шырша әшекейлерін алды: бірнеше жүзіктер мен 4 сәнді түйреуіштер. Әлия шыршаға қанша жүзіктерді ілді ?

3-топтың тапсырмасы: **Өрнекке мысал келтір, есепте.** $1+1$;

ҮІІ. Төртінші кезең: Қорытындылау. Мақсаты: білім алушылар өтілген материалды қорытындылайды.



Сызба бойынша $1+1=2$ өрнегін ауызша талдаңыз.



ҮІІІ. Рефлексия.

- 1.Сабақ сізге ұнады ма?
- 2.Не үйрендіңіз?
- 3.Не қиын болды? Неге?
- 4.Берген бағаңыз? ...

ІХ. Үй тапсырмасы.

4-сабақ .

Сабақтың тақырыбы: 2-1=1 өрнегін сатылай кешенді талдау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушыларды іздене білуге, өзін-өзі басқаруға,бір-бірінің пікірлерімен санасуға,бір-біріне жәрдем бере білуге бағыттау.

ә) Білімділік: Азайту амалын, мағынасын, оның сандық сәуледе кескінделуін, қасиетін амалдарды орындау арқылы білімді өз беттерінше алуға мүмкіндік жасау.

б) Дамытушылық: Жүйелі ойлау қабілетін, өзіндік талдау, іскерлік дағдыларын жетілдіреді.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық, топтық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:


I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Көптен күткен қоңырау,
Соғылды, сабақ басталды.
Тексерейік түгендеп,
Дәптер, қалам, кітаптарды.
Сабағымыз басталсын,
Пайдасы оның көп болсын.

1, 2, 3 сандарын пайдаланып топқа бөлінеді.

Мысалы:1 санын алғандар1- топ, 2 санын салғандар 2- топ, 3 санын алғандар 3- топ.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. **Тілдесім әрекеті бойынша** ойын « Сен маған, мен саған » (жұптық).



ІІІ. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Тапсырма: Интерактивті тақтамен жұмыс


Азайту амалымын,
Әділдікті жақтаған.
Артық кетсе біреуге,
Дереу алып тастаған



2-1=1 өрнегін сатылай кешенді

талдау

1. **Анықтама.** Бұл өрнек азайту амалы. Себебі, бір қосылғыштың және қосындының көмегімен екінші қосылғышты табу амалы азайту амалы деп аталады. Азайғыш азайтқыштан үлкен болғанда ғана осы амал орындалады. Азайту амалы қосу амалына кері амал. Мысалы: $1 + 1 = 2$; $2 - 1 = 1$
2. **Мағынасы.** $2 - 1 = 1$, 2 азайғыш, 1 азайтқыш, «-» азайту таңбасы, « = » теңдік таңбасы, 1 айырманың мәні.
3. **Өрнекпен жазылуы.** а) Бұтақта екі торғай отыр еді, бір торғайы ұшып кетті. Бұтақта бір торғай қалды дегенді былай: $2 - 1 = 1$ деп жазамыз.
4. **Оқылуы.** а) $2 - 1 = 1$ екі азайту бір тең бір немесе екі мен бірдің айырмасы бір деп оқимыз.
5. **Сандық сәуледе кескінделуі**



ІV. Дәптермен жұмыс. 1 және 2 сандары мен цифрларын көркемдеп жазу.

$1 + 1 = 2$ және $2 - 1 = 1$ өрнегін жазу.

V. Сергіту сәті.

Гүл-гүл жайнап жанамыз,
Жаттығуды жасасақ.
Жақсы сергіп қаламыз,
Қолды белге қоямыз.
Бұрыламыз солға бір,
Бұрыламыз оңға бір.
1, 2, 3 Баспен қимыл жасаймыз.
1, 2, 3


ҮІ. Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

1- топ: Қане, есептеші! Мұрат 3 шар үрледі. Ал оның қарындасы Сәуле Мұратқа қарағанда 1 шарды кем үрледі. Сәуле барлығы қанша шар үрледі ?


2-топ: Сөйлемді өрнекпен жаз. Ағаштың бұтағында қонып отырған екі қараторғайдың біреуі ұшып кетсе, неше қараторғай қалады?

3-топ: Өрнекке мысал келтір, есепте. 2-1

ҮІІ. Төртінші кезең: Қорытындылау. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материалды қорытындылайды



Сызба бойынша 2-1=1 өрнегін ауызша талдаңыз



ҮІІІ. Рефлексия.

1. Не білемін?
2. Не үйрендім?
3. Нені үйренгім келеді? Неге?
4. Сабақ үстіндегі жұмыстан көңіл-күйлеріңіз қандай? Смайлик арқылы көрсетеді.

4- сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Натурал санды пысықтау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Сыйластық пен шығармашылық тұрғысынан қарым-қатынас құруға, топпен бірге ортақ мақсаттар айқындап, оларға бірлесе жетуге талпынады.

ә) Білімділік: Оқушылар өткен материалды қайталау арқылы есептеу дағдыларын жетілдіреді.

б) Дамытушылық: Әртүрлі тапсырмалар орындау арқылы алған білімдерін қолдана білуге, ой қорытындысын жасауға, талдауға дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жүйелеу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Жаңа ғана ояндық,
Керілдік те созылды.
Есінедік ақырын
Тұру бізге тым қиын.
Оң жақтағы көршіге,
Сол жақтағы көршіге,
Сәлем бердік ал енді
Бастау керек сабақты.
Алақанды соққылап,
Табанменен тепкілеп,
Иықты да қозғаймыз.
Содан кейін бәріне:
«Қайырлы таң» дейміз біз.

Кім қандай спортты жақсы көреді ? (шахмат ойнағанды, футбол ойнағанды, суда жүзуді). Сол бойынша үш топқа бөлінеді.

II. Ойсергек «Жалқау үштіктер» . Оқушылар ақ қағазға алдымен оң қолымен, сосын сол қолымен үшті жазады. Содан кейін екі қолдарымен жазады.

Қандай санды жаздық ? (3) (жеке)

III. Үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Бір дегенім – бөрік,
Кисең бойға көрік.
Екі дегенім – етік,
Киер сәнді етіп.

Интерактивті тақтамен жұмыс (ұжымдық)

$3 - 1 - 1 + 2 - 1 + 1 - 2 + 1 + 1 =$

«Теңге ату» ойыны арқылы үш санына талдау. Ауызша айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады.

Ойынның шарты: Әр теңгеге сатылар жазылып қойылады. Атқан оқушы теңгедегі сатыны толық айтып шығу керек. Егер, оқушы айта алмаса, топтағы басқа оқушылар айтуға болады.(жеке, топтық)

IV. Топтық жұмыс.

1-тапсырма.

1-топ: Таяқшадан үй құрастыр. Бір таяқшаны қозғау арқылы үйдің орнын ауыстыр.

2-топ. «Бесінші артық»

3-топ. Ойлан, тап!

T + аң таң $1 + 2 = 3$

Қандай амалдар берілген? (қосу, азайту)

2-тапсырма. Сурет бойынша есеп құрастыру. (ұжымдық)

$2 + 1 = 3$ өрнегін талдау (қысқаша жазылым бойынша).

- | | |
|-------------------------------|-------|
| 1. $2 + 1 = 3$ | 1-топ |
| 2. Мағынасы. | 2-топ |
| 3. Өрнекпен жазылуы | 3-топ |
| 4. Оқылуы | 1-топ |
| 5. Сандық сәуледе кескінделуі | 2-топ |
| 6. Қасиеті. | 3-топ |

3-тапсырма. Жұппен жұмыс

Есепте

$2 + 2 + 1 =$

$3 - 1 + 2 =$

$5 - 3 + 1 =$

$5 - 2 - 1 =$

$4 + 1 - 3 =$

$1 + 4 - 2 =$

$3 + 2 - 4 =$

$2 - 1 + 4 =$

$1 + 3 + 1 =$

4-тапсырма. Ребус шешу (ұжымдық)

;



;



(азайту)

«Жалғастыр» ойыны арқылы азайту амалын тілдесім әрекеті бойынша (диалог) талдау.

$\square - \square = \square$

Ү. Қорытынды. Әр топ бір-біріне пікірлерін, ойларын айтады.

1. Сабақта жаңадан нені білдіңіздер?
2. Не үйрендіңіздер?
3. Қай тапсырманы орындаған кезде қиналдығыңдар?

5-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өткенді қайталау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топ мүшелері талқылауға қатынасып, бірлесе еңбектенуге, шығармашылық қарым-қатынас құруға, бірін-бірі үйретуге, ортақ шешімге келуге бағыттау.

ә) Білімділік: Өткен тақырыптарды пысықтай отырып, алған білімдерімен есеп құрастыру мен шығаруға жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Берілген мысал, тапсырмаларды орындау арқылы ойлау қабілетінің дамуына жағдай жасалынады, қорытынды жасауға дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сабағымызға келгендер, сәлем бердік бәріңе!

Ізгілікке сенгендер, сәлем бердік бәріңе!

Өз бақытын өзгемен, тең бөлісіп көргендер

Сәлем бердік бәріңе! (балалар қол ұстасып, бір-біріне бұрыла қарап, бірге айтады)

«Білімдіге дүние жарық,

Білімсіздің күні кәріп» (ойтолғау)

Сыныпты үш топқа бөлу.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып, жүйелейді

1-тапсырма: Викториналық сұрақтар (ұжымдық)

1) Үш таңбалы санға 1-ді қосса төрт таңбалы сан шығады. Ол қай сан?
($999 + 1 = 1000$)

2) Үстелдің 4 бұрышы бар. Бір бұрышын кесіп тастасаң неше бұрыш қалады ? (5)

3) Екі стақанға бірдей су құйдың. Оның біреуін тарелкаға төңкердіңдер. Қайсы стақанда су көп ? (бірдей)

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру. 999 санына сатылай кешенді талдау жасау (жұптық)

2-тапсырма: Үш таңбалы сандарды қосу мен азайту

I топ: $204 + 605 =$ $215 + 503 =$

$816 - 509 =$ $832 - 543 =$

II топ: $803 - 391 =$ $659 - 282 =$

$910 + 90 =$ $300 - 139 =$

III топ: $981 - 693 =$ $780 - 140 =$

$125 + 255 =$

$623 + 377 =$

III. Топтық жұмыс. Қысқаша жазылым бойынша талдау

- | | |
|-------------------------------|---------|
| 1. Анықтама | I топ |
| 2. Мағынасы. | II топ |
| 3. Өрнекпен жазылуы | III топ |
| 4. Оқылуы | I топ |
| 5. Сандық сәуледе кескінделуі | II топ |
| 6. Қасиеті. | III топ |

Жазылым әрекеті бойынша $965 - 389 =$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді).

1. Анықтама
2. Мағынасы
3. Өрнекпен жазылуы
4. Оқылуы
5. Сандық сәуледе кескінделуі

3-тапсырма. Жұлдызшаның орнына амал таңбаларын және белгісіз санды қой:

I топ: $* : 6 + 6 = 12$

$$*: 7 + 7 = 14$$

II топ: $43 + * = 50$

$$7 * 5 * 5 = 40$$

III топ: $4 * 2 + * = 18$

$$3 * 5 * 5 = 10$$

$$833 * 344 = 489$$

$$498 * 357 = 855$$

$$564 * 25 = 589$$

$$239 * 371 = 610$$

$$664 * 225 = 439$$

$$710 * 125 = 835$$

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру.
(Көбейту)

- | | |
|---------------------------------|---------|
| 1. Анықтама. | I топ |
| 2. Көбейтудің ерекше жағдайы. | II топ |
| 3. Көбейтудің амалының заңдары. | III топ |

Жазылым әрекеті бойынша $965 - 389 =$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді)

Жазылым әрекеті бойынша $6 \times 3 = 18$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді)

1. Анықтама.
2. Бөлудің ерекше жағдайы
3. Бөлу амалының заңдары

4-тапсырма. «Кім жылдам?»

I топ: $5 * 5 * 5 * 5 * 5 = 100 (+, -)$

II топ: Қоңыздар мен өрмекшілер. Бәрінің аяғының саны – 308.

Қоңыздың аяғы – 6

Өрмекшінің аяғы – 8

Қоңыз - ?

Өрмекші - ?

III топ: Тек 6 санын 3 рет пайдаланып 30 санын шығар.(х, -)

5-тапсырма.Есеп шығару, сынау жұмысы


I топ: Бірдей 5 банкаға 15 л сүт құйылды. Осындай 7 банкаға неше л сүт құюға болады ?

II топ: Оқушылар алма бағынан 300 кг алма жинады. Әр жәшікке 20 кг алмадан тең бөліп салды. Жиналған алманы салу үшін неше жәшік керек ?

Қысқаша жазылым бойынша талдау (ұжымдық)

Інісінің 14 асығы бар, ағасының одан 5 асығы артық. Екеуінде неше асық бар ?

1. **Шарты:** Інісінде 14 асық бар, ағасында 5 асық артық
2. **Сұрағы:** Екеуінде неше асық бар ?
3. **Мазмұны:** Күрделі мәселе есеп. Себебі, екі амалды есеп



5. **Шешуі:** $14 + (14 + 5) = 33 (а)$

6. **Жауабы :** 33 асық

IV. **Қорытынды.** Әр топ бір-біріне пікірлерін, ойларын айтып, бағалайды.

- 1.Сабақта қандай қызықты нәрсені білдіңдер?
- 2.Нені үйрендіңіздер?
3. Қай тапсырманы орындағанда қиналдығыңдар?
4. Қай тапсырма ұнады ?

V. **Үй тапсырмасы.**

VI. **Бағалау.**

Р/с	Тапсырмалар	Бағалау критерийі	Балл	Қорытынды балл
1	Викториналық сұрақтар	1.Нақты дәлелмен сөйлеу 2.Уақытты үнемдеу		
2	Үш таңбалы сандарды	1.Нақты тақырып		

	қосу мен азайту	бойынша сөйлеу 2. Сауатты талдау		
3	Жұлдызшаның орнына амал таңбаларын және белгісіз санды қой:	1. Уақытқа талдау 2. Ой жылдамдығы		
4	«Кім жылдам?»	Тапқырлық және жылдамдық		
5	Есеп шығару, сынау жұмысы	1. Шартты жаза білу 2. Сұрағын анықтау 3. Сауатты есеп шығару		

«10- 12 » балл – « 5» (өте жақсы)

«7- 9» балл – « 4» (жақсы)

«6 - 1» балл – « 3» (қанағат)

6-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өрнектер мен әріпті өрнектер туралы білімдерін жүйелеу

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жеке жұмыстар арқылы оқушыларды ынтымақтастыққа, еңбекқорлыққа бейімдеу.

ә) Білімділік: Өткен тақырыптарды пысықтай отырып, алған білімдерін жүйелеу, өз беттерінше жұмыс жасауға төселдіру.

б) Дамытушылық: Берілген деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы ойлау қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамыту.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді тексеру және бағалау

Оқыту формалары: Ұжымдық, жеке.

Көрнекілігі: Қима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезендері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Психологиялық тренинг «Жүректен жүрекке»

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

1-деңгей:

1. Санды өрнектерді толық жазылым бойынша СКТ.

2. Санды өрнектерді қысқаша жазылым бойынша талдау.

3. Әріпті өрнектерді толық жазылым бойынша СКТ.

2-деңгей

1. Жат жазу

2. Тестік тапсырмалар. Мысалы:

Ашық тест, толықтыру тесті, сәйкестендіру тесті, балама тест.

1. **Ауызша тапсырма.** Теориялық білімді меңгеру деңгейін және ой жүйріктігін есепке алу. Айтылым сауаттылығын бағалау. Мақсаты: «Қамшы» ойын ($13 + 27$) – $10 = 40$. Оқыту формасы: Ұжымдық. Бағалау: бірін-бірі бағалайды. 1 ұпай

2. **Интерактивті тақтамен жұмыс.** (теңдеу құру арқылы)

Бір топ бала тоғаннан

Он бес балық ұстадық.

Бөліскенде оларды

Тиді әркімге үш балық.

Сынайын бір ал сені,

Бала саны қанша еді ? $15 : x = 3$

Жазбаша жұмыс. Жұмбақ өлеңнің шешуіне (5) үш санын талдап жазу.

Форма: Жеке жұмыс. Бағалау: Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады.

Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

Бағалау көрсеткіші: Қатесіз жұмысқа -5; 1-2 қатеге – 4;

3. **Сынақ хат.** Мақсаты: математика тілінде оқып, жаза білу.

Бірінші қосылғыш – 52, қосынды – 91 болғанда екінші қосылғыш қандай сан болады ? (39)

100 ондық 90 бірліктен қаншаға артық ? (910-ға)

Қандай саннан 4 ондықты азайтқанда 81 саны шығады. (121)

26 саны 78-ден неше есе кем? (3 есе)

Қандай санды 6- ға бөлгенде 12 болады ? (72)

Төрттен бір бөлігі 17 болатын санды тап. (68)

6 санының кубын тап. (216)

Ең кіші жеті таңбалы санды жаз. (1000000)

480 саны ойланған саннан 16 есе көп. Ойланған санды тап. (30)

Қандай ең кіші үш таңбалы санды 6-ға бөлгенде 4 қалдық қалады.(100)

Форма: жеке, ұжымдық. Бағалау: Экранға қарап тексереді.

4. **Тестік тапсырманы жұптық жұмыс формасында.** Сәйкестендіру тестін алу.

1. Өрнекті мәніне меңзер сызығы арқылы қос:

8 x 7	42	54 : 9	8
6 x 9	63	72 : 8	7
7 x 6	28	49 : 7	9
3 x 8	54	48 : 6	6
9 x 7	56	28 : 7	2
6 x 8	27	18 : 9	3
7 x 4	48	35 : 7	4
5 x 9	24	12 : 4	5
9 x 3	45		

2. Мәндері тең өрнектерді меңзер сызығы арқылы қос:

$$\begin{array}{ll} 14 : 2 & 36 : 9 \\ 32 : 8 & 18 : 6 \\ 27 : 9 & 72 : 9 \\ 40 : 5 & 35 : 7 \end{array}$$

3. Жұлдызшаның орнына керекті амалдар таңбасын меңзер сызығы арқылы қос:

$$\begin{array}{ll} 36 * 6 = 30 & (x) \\ 18 * 9 = 2 & (+) \\ 6 * 5 = 30 & (-) \\ 42 * 7 = 49 & (:) \end{array}$$

Тексеру экраннан тексереді.

4. Шығармашылық тапсырма. Форма: Жеке жұмыс.

Белгісіз санды 2-ге бөлгенде 1 қалдық.

$$x : 2 = 1 \text{ (қалд.)}$$

$$x : 3 = 2 \text{ (қалд.)}$$

$$x : 5 = 4 \text{ (қалд.)}$$

$$x : 6 = 5 \text{ (қалд.)}$$

$x : 7 =$ қалдықсыз бөлінеді. Ол қай сан ?

(Дарынды және талантты балалар).

Бағалау: Мұғалім бағалайды.

Аты-жөні	Ауызша тапсырма	Жазбаша жұмыс	Сынақ хат	Шығармашылық тапсырма	Қорытынды баға
	2	2	2	3	« 5» - 10-13 ұпай «4» - 6-9 ұпай «3» - 1-5 ұпай

7-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Ондықтан аттап ауызша және жазбаша қосу, азайту

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушының топпен қарым-қатынаста болу арқылы өзінің жеке даму деңгейін өсіруге, өз орнын таба білуге, алға қарай тырыса жұмыс орындауға бағыттау.

ә) Білімділік: Өтіп жатқан тақырыпты тиянақтау, түрлі тапсырмалар арқылы негізгі тақырыпты қамту, білімдерін бекітіп, ауызша және жазбаша

есептерді шығара алумен қоса,оның шығу жолын есте сақтауға мүмкіндік жасау.

б) Дамытушылық: Ойлау қабілеттерін шыңдап, шапшандық пен ізденімпаздыққа, өзіне деген сенімділікке дағдыландыру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Саяхат сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, топтық.

Көрнекілігі: Сызба, карта, әр оқушыға деңгейлік тапсырма беті, суреттер, ребус, кеспе сандар, сыйлықтар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

– Бір-бірімізге достық қарым-қатынас және жақсы көңіл-күй орнатайық.
Бір-біріңе күлімсіреңдер де, отырыңдар.

– Қолдарың?

– Орнында!

– Аяқтар?

– Орнында!

– Шетінде!

– Арқалар!

– Түп-түзу!

– Балалар, сендер саяхатқа шығып көрдіңдер ме?

– Саяхаттың адам үшін не пайдасы бар? Зияны ше ?

Ендеше, бүгін біз математика сабағында білім аралына саяхат жасаймыз.

Ол үшін біз **не білуіміз керек ?** (Интерактивті тақтадан көрсетіледі).

Не істей алуымыз керек ?

1. Бағытымызды анықтауымыз керек. Карта ілініп, жүретін жолдармен танысады. Мектептен шығу үшін тапсырма орындалады.

II. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып,жүйелейді

III. «Кім жылдам?» Математикалық диктант. Жазып болған соң нәтижесін тақтада тексереді.

$$9+5=14$$

$$9+7=16$$

$$8+6=14$$

$$8+8=16$$

$$7+7=14$$

$$6+8=14$$

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру. 14 санына сатылай кешенді талдау жасау (жұптық).

IV. Топтық жұмыс. Қысқаша жазылым бойынша талдау **9 + 2 = 11**

1. Анықтама

I топ

2. Мағынасы

II топ

3. Өрнекпен жазылуы

III топ

4.Оқылуы

I топ

5. Сандық сәуледе кескінделуі

II топ

6. Қасиеті


III топ

Жазылым әрекеті бойынша $11 - 3 =$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді).

1. Анықтама.
2. Мағынасы.
3. Өрнекпен жазылуы.
4. Оқылуы.
5. Сандық сәуледе кескінделуі

Ү. Сергіту сәт.і

Есептедік, шаршадық,
 Орнымыздан тұрайық.
 Қимылдатып аяқты,
 Шапалақты ұрайық.
 Отырайық, тұрайық,
 Соқтығысып қалмайық.
 Сәл демалып алған соң,
 Жазуды қайта бастайық. .



Теңдеуді шешу әлемі.

$x + 5 = 35$

$35 - x = 5$

$x - 5 = 30$

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру. (Теңдеу)

1. Анықтама.

I топ

2. Тану

II топ

3. Маңызды түйін (теңдеуді шешу)

III топ

Жазылым әрекеті бойынша $29 + x = 42$ (дәптерге әр оқушы I нұсқа бойынша өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді)

Жазылым әрекеті бойынша $32 - x = 29$ (дәптерге әр оқушы II нұсқа бойынша өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді)

Өрнек мәндерін табу әлемі.

$45 + 5 =$

$45 - 5 =$

$40 - 1 =$

$92 + 8 =$

$23 + 7 =$

$30 - 7 =$

$80 - 4 =$

$95 + 5 =$

Есептер әлемі. (Есепті шығару және екі амалмен шығатындай өзгерту).

Сары қарындаш 17 теңге тұрады. Ал қара қарындаш одан 10 теңге арзан.

Қара қарындаш қанша теңге тұрады ?

С.-17тг.

С.-17т

Қ.қ.-? 10тг. арзан


Қ.қ.-? 10т арзан

$17 - 10 = 7$

$(17 - 10) + 17 = 24$

Жауабы: 7 теңге

Жауабы: 24 теңге



Интерактивтік тақтамен тексеріп, өздерін бағалау.

ҮІ. Шығармашылық тапсырма:(амалдар таңбасы)

1. Ойлан, тап. $(8 \quad 4) \square = 2$

2. Неше \triangle бар-? Неше \square бар-?

ҮІІ. Қорытынды. Әр топ бір-біріне пікірлерін, ойларын айтып, бағалайды.

- 1.Бүгінгі сабақта қандай білімді қайталадық?
- 2.Қай тапсырма сіздерге ұнады?
3. Қай тапсырманы орындағанда қиындыққа тап болдыңыздар?

VІІІ. Үй тапсырмасы.

ІХ. Бағалау.

р\с	Критерийлер	Балл	Қорытынды баға
1	Дұрыс шығарғанына Ұқыптылығына Сауаттылығы		
2	Тендеуді шеше білуі Ұқыптылығы Дұрыс есептеуі		
3	Мәнін дұрыс табу Ұқыптылығы Уақытты үнемдеу		
4	Есепті талдау Кері есеп құрастыру Ұқыптылығы		
5	Уақытты үнемдеу		

«10- 12 » балл – « 5» (өте жақсы)

«7- 9» балл – « 4» (жақсы)

«6 - 1» балл – « 3» (қанағат)

9-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Қайталау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушыларды ізденушілікке, ептілікке, тапқырлыққа, достық көмек көрсете білуге бағыттау.

ә) Білімділік: Тапсырмаларды орындай отырып оқушылар алған білімдерін жетілдіруге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Ойлау қабілеттерін шыңдап, шапшаңдық пен ізденімпаздыққа, өзіне деген сенімділікке дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Жарыс сабақ.

Оқыту формалары: Топтық.

Көрнекілігі: Сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер

Сабақтың кезендері:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сабаққа бағыттау.

Көптен күткен қоңырау

Соғылды, сабақ басталды.

Шешу, іздеу, тапқырлық,

Тағы ортаға тасталды.

Есеп, ойын, бәрі бар,

Кірісейік, іске сәт!

Қол ұстасып тұрындар, әркім өзінің досына ізгілік нұрын сыйласын.

II. Сайыстың шартымен таныстыру:

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топтың аты болады. Топ мүшелерінің саны алтау. Әділқазылар алқасын сайлау.

Сайыстың жоспары:

Сайыстың кезеңі:

I. Таныстыру

«Жасұлан» тобы

Ұраны:

Біз Отанның Жас ұланы,

Шаршамаймыз, талмаймыз.

Алғыр, тапқыр болғандықтан,

Қарсыластан қалмаймыз.

«Жас қыран» тобы

Ұраны:

Біз Отанның Жас қыраны,

Биіктерге самғаймыз.

Ақыл, сана жеткілікті,

Тереңдерге бойлаймыз.

III. Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып, жүйелейді « **Кім жылдам?** »

Интерактивті тақта арқылы эстафеталық тапсырмалар беріледі. Оқушылар эстафеталық жолмен әр тапсырманың тұсына нәтижесін жазады. Қай топ бірінші, әрі дұрыс орындағаны анықталады.

Түйе, бота маң басқан,

Төрт аяғын тең басқан.

Шұнақ құлақ бес ешкі,

Қос лақты қос ешкі,

Төрт қозылы екі қой

Бәрі нешеу, айта ғой? (17)

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру. 17 санына сатылай кешенді талдау жасау

1. Анықтама
2. Тану
3. Мағынасы
4. Қасиеті
5. Сандық сәуледе кескінделуі
6. Салыстыру

«Жаңылтпаштар сайысы»

Әр топтан екі оқушы шығып, жаңылтпашты оқып жарысады. Қателеспей, жаңылтпашты дұрыс оқыған оқушылар жеңіске жетеді.

Ұшы үшкір ұшқыр үш жебе алдым,

Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым.

Есет ағам ет асатар

Ет асатса, бес асатар.

«Амалдар таңбаларын қою»

Екі топқа интерактивті тақтаға алты теңдік жазылады. Сол теңдіктер тура болатындай етіп амал таңбаларын, жақшаларын қою керек. Бұл сайысқа топтың барлық мүшелері қатысады. Қай топ оқушылары дұрыс амал таңбалары мен жақшаларды дұрыс қойса, сол топ жеңеді. Есепті қатесіз шығарайық.

$$4 * 3 * 7 = 25$$

$$4 * 3 * 7 = 7$$

$$4 * 3 * 7 = 19$$

$$4 * 3 * 7 = 5$$

$$17 - 9 = 48 * 6$$

$$32 * 4 = 4 \times 9$$

$$63 * 7 = 7 \times 8$$

$$80 * 10 = 40 : 5$$

$$12 + 28 : 4 - 6 = 13$$

$$21 + 14 : 7 \times 2 + 10$$

$$15 + 27 : 3 - 9 = 15$$

$$54 - 40 : 2 \times 4 = 49$$

«Жанкүйерлер сайысы»

Бұл сайыстың шарты бойынша, жанкүйерлер ішінде сан есімі бар мақал айтулары керек. Мақал айтқан бала қай топқа жанкүйер болса, сол топқа бір ұпай береді.

«Арқан тартыс»

Бұл сайысқа топтың барлық мүшелері қатысады. Арқанның ортасында көбейту амалы деп жазылады. Оқушылар көбейту амалына сатылай кешенді талдау жасайды.

«Капитандар сайысы»

Екі топтың топ басшылары шығып, сөзжұмбақты дұрыс әрі бірінші шешуі керек. «Бөлу» деген сөз шығады. Бөлу амалына сатылай кешенді талдайды.

«Фигуралар сайысы»

Әр топқа бірдей фигуралар беріледі. Сол фигуралардан адам бейнесін жасаулары керек. Фигураны көп қолданған топ жеңеді.

Үшбұрыш фигурасына сатылай кешенді талдау жасайды.

IV. Рефлексия

Бүгінгі сайыста тапсырмаларды орындай отырып, қандай қорытындыға келдіңіздер?

Қай тапсырманы орындағанда қиындыққа тап болдыңыздар? Неге?

Сабақтан қандай әсер алдыңыздар?

10-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Көбейтудің терімділік қасиеті

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топ мүшелері оқу материалын меңгеруге бір-біріне жәрдемдесе отырып, нақтылыққа, тиянақты жауап беруге бағыттау.

ә) Білімділік: Өртүрлі тапсырмалар орындау арқылы, көбейтудің терімділік қасиетін есептеулерде қолданудың тиімділігін түсінуге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Ойлау логикаларын дамытуға жағдай жасалынады, өздіктерінен жұмыс істей білуге дағдыланады.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру («Жұлдызды сағат»).

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау

Шырылдайды қоңырау,

Біз сабақты бастаймыз.

Партамызға отырып,

Өзара көз тастаймыз.

Табыс тілеп көзбенен –

Жаңа білім алуға

Алға қадам аттаймыз.

«Жұлдызды сағат» ойынының ережесімен таныстыру.

«Жұлдызды сағат» - сын сабақ,

Жұмбақты шешіп, ойна күл.

Білімдіден мол талап,

Күтіледі оны біл!

Ал ойыннан қалмайық,

Жұлдызсыз мүлдем болмайық.

Сынып геометриялық фигуралар арқылы үш топқа бөлінеді.

Үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы.

1. Таныстыру сәті. Әр топтың жетекшілері өз тобын таныстырады.

Төртбұрыш: төрт төбесі, төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар.

Үшбұрыш: үш төбесі, үш бұрышы, үш қабырғасы бар.

Шаршы: төрт төбесі, төрт бұрышы, төрт қабырғасы бірдей.

II. Ой жинақтау. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгертуге дайындау. (ребус көбейту)

Көбейту амалына сатылай кешенді талдау жасау (айтылым).

Интерактивті тақтамен жұмыс.

1. Анықтама.

2. Тану. 2.1. Оқылуы.

2.2. Жазылуы.

2.3. Мағынасы.

3. Математикалық белгісі.

4. Қасиеті

$$18 \times 2 = 36$$

$$2 \times 18 = 36$$

Осы өрнек туралы не айтар едіңіздер? Көбейткіштердің орнын ауыстырғаннан көбейтіндінің мәні өзгермейді.

Бұл көбейтудің қандай қасиеті? Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті.

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады). Суреттер арқылы 155 бет

Неше теңгелік ақша берілген ? (5 теңге)

Бес теңгеден неше қатар берілген ? (2 қатар)

Барлығы неше теңге бар? (30 теңге бар)

Қалай есептеуге болады ?

$$(5 \times 3) \times 2 = 30$$

$$5 \times (3 \times 2) = 30$$

Санды қалай көбейтіңіздер ?

Қандай қорытынды жасауға болады?

Үш санды өзара көбейткенде алдымен алдыңғы екі санды көбейтіп, онан соң оған үшінші санды көбейткенде немесе алдымен соңғы екі санды көбейтіп, онан соң оған бірінші санды көбейткенде олардың көбейтіндісінің мәні өзгермейді. Ендеше, бұл - **көбейтудің терімділік қасиеті.**

IV. Сергіту сәті.

Энергиялық массаж «Эвелина».

Аулада қыс мезгілі. Жаздың жылы және жаңбыр жауып тұрғанын елестетеміз.

Жаңбыр басымызға тамшылайды. (Саусақ ұшымен ақырын соққылаймыз)

Алақанмен жағымызды соққылаймыз.

Қолымызды алға созып, шынашақ үстінде, сол қол мен оң қолды, оң қолмен сол қолды соғу.

Иықтарды соққылау (сол қолмен – оң иықты, оң қолмен – сол иықты)

Кеудені кіндікке дейін соққылау.

Бір-бірін омыртқа бойымен соққылайды.

V. Жаңа білімді бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

Көбейтуді орында және нәтижелерін салыстыр:

$$(3 \times 2) \times 5 =$$

$$3 \times (2 \times 5) =$$

$$(5 \times 4) \times 2 =$$

$$5 \times (4 \times 2) =$$

Математикалық диктант.

2 және 4 сандарының көбейтіндісін 2-ге көбейт;

6 және 3 сандарының қосындысын 7-ге көбейт;

36-ға 81 және 9 сандарының бөліндісін қос;

7 және 6 сандарының көбейтіндісінен 24-ті азайт.

Қай өрнекте көбейтудің терімділік қасиетін пайдаланып шығаруға болады ?

(1)

Қатесін тап.

Тура теңсіздіктерді теріп жазыңыздар:

$$20 \times 3 < 560 : 8$$

$$36 : 6 > 45 : 9$$

$$400 - 6 > 60 \times 6$$

$$426 > 420 + 26$$

$$90 \times 3 < 80 \times 4$$

$$500 + 4 > 80 \times 6$$

Өзіндік жұмыс. Поштасы пошта таратты. Бірінші үйге 9 пошта жәшігіне 4 жарнама газеттен салды, ал екінші үйде бір жәшікке 6 жарнама газет салды. Бірінші үйдің тұрғындары екінші үйдегіге қарағанда жарнама газеттерді неше есе көп алды?

Шығармашылық тапсырма (ұжымдық).

Бес төрттік арқылы 19 санын қалай жазуға болады?

V. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды. (Интерактивті тақтамен жұмыс)

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші-үйренуші) құру. (жұппен)

Көбейту

1. Анықтама.

2. Тану. 2.1. Оқылуы.

2.2. Жазылуы.

2.3. Мағынасы.

3. Математикалық белгісі.

4. Көбейтудің қасиеттері.

4.1. Ауыстырымдылық қасиеті.

4.2. Терімділік қасиеті.

ҮІ. Бағалау

Бүгін не білдім? Қандай есептер шығардым?	Бүгінгі сабақтағы көңіл-күйім

11-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Бөлу амалы бар теңдеулерді шешу

Сабақтың мақсаты:

- а) **Тәрбиелік:** Оқушыларды шағын топтар құрамында бірлесе еңбектенуге, бірін-бірі тыңдауға, бір-біріне көмектесуге бағыттау.
- ә) **Білімділік:** Өзара кері амалдарды білу негізінде белгісіз бөлінгіш пен бөлгішті табуға арналған теңдеулерді шешуді үйрету.
- б) **Дамытушылық:** Салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыланады.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау

Сабаққа зейін қойыңыздар. Іштерінен «Қолымнан бәрі келеді!» деп айтыңыздар. Бір-біріңе қарап, жымыңыздар.

II. Ой жинақтау. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгертуге дайындау. Ауызша жұмыс.

А) Сиқырлы шаршының торларын толтырыңыздар.

	16	2
	8	
14		

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады. Ұжымдық жұмыс.

Шарт бойынша теңдеу құрыңыздар: «Мен бір сан ойладым, оны 6-ға бөлгенде 5 шықты. Қандай сан ойладым?»

$$X : 6 = 5$$

- Қандай амал орындадық? (бөлу)
- Не белгісіз?

- Белгісіз компонентті қалай табамыз? Неліктен? Теңдеуді шешейік.

Тағы бір теңдеу жазыңыздар: «Бөлінгіш 16, бөлгіш белгісіз, бөліндінің мәні 4» Теңдеуді қалай шешеміз? Неге?

Бөлуден тұратын теңдеулерді шешуге қандай ережелерді қолданамыз?

X : 6 = 5

- **Анықтама.** Бұл – теңдеу. Себебі, құрамында әріппен белгіленген белгісіз саны бар теңдікті теңдеу дейміз.
- **Тану.**
Жазылуы. Әріпті өрнек солдан оңға қарай теңдік таңбасымен жазылады.
- **Оқылуы.** Теңдіктің сол жағы мен оң жағы жеке-жеке оқылып, содан кейін теңдік айтылады немесе солдан оңға қарай оқылады.
- **Түрі.** Қарапайым теңдеу
- **Маңызды түйіні.** Теңдеуді шешу дегеніміз оның барлық түбірін табу немесе оның бірде-бір түбірі болмайтынына көз жеткізу.
- **Теңдеуді шешу.** Бөлу амалы бар теңдеу.
 $X : 6 = 5$
 $X = 6 \times 5$
 $X = 30$
 Белгісіз бөлінгішті табу үшін, бөлгішті бөліндінің мәніне көбейту керек.

IV. Сергіту сәті.

Бір аяқпен тұра қал,
 Қайтпас қайсар солдаттай.
 Сол аяғың кеудеңде,
 Оң аяқ тұр құлатпай.
 Батыр болсаң ал енді,
 Сол аяқпен тұра қал.

V. Жаңа білімді бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

1. «Теңдеуді дауыстап шығару» тәсілі

Теңдеуді топтағы бір оқушы дауыстап шығарады. Басқалары одан қалыспай, теңдеудің шығарылуын дәптерлеріне жазып отырады.

$$X : 2 = 6$$

$$x : 3 = 15$$

$$x : 3 = 3$$

$$12 : x = 4$$

$$9 : x = 3$$

$$15 : x = 3$$

2. Өзіндік жұмыс (нұсқалар бойынша)

I

$$X : 3 = 12$$

$$16 : x = 4$$

II

$$X : 2 = 7$$

$$20 : x = 5$$

3. Есеп шығару (жеке, топ)

Жылыжайда 320 кг қияр және 260 кг қызанақ жиналды. Көкөніс сақтау қоймасына 280 кг және дүкенге 270 кг көкөніс жіберілді. Жылыжайда неше килограмм көкөніс қалды?

4. Шығармашылық тапсырма

Сынып оқушылары жалғызбасты қарияларға көмек көрсету үшін екі-екіден барса бір бала артық қалады. Үш-үштен барса да бір бала артық қалады. Жолға ең аз дегенде неше бала шығуы мүмкін? (7,13,19,25)

VI. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды.(Интерактивті тақтамен жұмыс)

$$8 : x = 4 \qquad c : 2 = 6$$

«Жалғастыр» ойыны арқылы талдау.

Теңдеу

1. Анықтама
2. Тану. 2.1. Жазылуы.
2.2. Оқылуы.
2.3. Мағынасы.
3. Түрі.
4. Маңызды түйіні.
5. Теңдеуді шешу.

12-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Әрбір разрядының бірліктері сол санға бөлінетін үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу (636 : 3)

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Оқушыларды шағын топтар құрамында бірін-бірі тыңдауға, бір-біріне көмектесуге бағыттау.

ә) Білімділік: Оқушылар үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлуге өздігінен қорытынды жасайды, оларды есеп шығаруда қолданады.

б) Дамытушылық: Оқушылар сабақ тақырыбын талдайды, ой тұжырымдайды, оларды ортаға салады.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, ана тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау

Көктемде табиғат ұйқысынан оянып, жанданады. Жаз келе жатыр, біз енді қала сыртында, орманда дем аламыз.

Күнмен бірге оянып,
Орман жаққа аттанам.
Жапырақтар астында,
Саңырауқұлақ қаптаған.
Армысың, Қайыңды орман!
Армысың, емен, үйеңкім!
Ал, саған, аппақ саңырауқұлақ,
Еңкейіп басымды иемін.

II. Ой жинақтау. Мақсаты: өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгертуге дайындау. Ауызша жұмыс.

Саңырауқұлақта жазылған сандарды разрядтық бірліктерге жіктеу.

369; 482; 693; 246

Сан	жүздіктер	ондықтар	бірліктер
	3	6	9

Саңырауқұлақ туралы ой бөлісу.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ағаш саңырауқұлақтары таңғыш материалдың орнына жүрген. Оларды дәке жеткіліксіз болған кезде пайдаланған.

III. Жаңа сабақ. Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқушылар мұғалімнің басшылығымен үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша және жазбаша бөлу тәсілдерін қарастырады, жазбаша бөлу алгоритмімен және мысалды жазбаша бағанға жазумен танысады.

Ауызша бөлу.

$$636 : 3 = (6 \text{ жүзд.} + 3 \text{ онд.} + 6 \text{ бірл.}) : 3$$

Бөлуді орындаймыз:

- | | |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. 6 жүзд. : 3 = 2 жүзд. | жүздіктерді бөлеміз |
| 2. 3 онд. : 3 = 1 онд. | ондықтарды бөлеміз ... |
| 3. 6 бірл. : 3 = 2 бірл. | Бірліктерді бөлеміз ... |

Жауабы: 212

Жазбаша бөлу

$$\begin{array}{r} 636 \quad | \quad 3 \\ \hline \end{array}$$

1. Бірінші толымсыз бөлінгішті табамыз;
2. бөлінді мәніндегі цифрлар санын анықтаймыз

Бөлу амалын орындаймыз:

$$\begin{array}{r} 636 \quad | \quad 3 \\ \underline{6} \quad \quad 212 \\ 3 \quad \quad \quad \\ \underline{3} \quad \quad \quad \\ 6 \quad \quad \quad \\ \underline{6} \quad \quad \quad \\ \hline \end{array}$$

- | |
|-------------------------|
| жүздіктерді бөлеміз ... |
| ондықтарды бөлеміз ... |
| бірліктерді бөлеміз ... |

Жауабы : 212

IV. Сергіту сәті.

Энергиялық массаж «Эвилаина»

V. Жаңа білімді бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

1-тапсырма.

1-топ. $248 : 2$

2-топ. $484 : 4$

3-топ. $693 : 3$

4-топ. $844 : 2$

2-тапсырма. (ұжымдық)

Қалып қойған санды жаз.

$$\begin{array}{r} 6*8 \quad | \quad 2 \\ \hline * \quad 2 \quad * \\ \hline * \\ \hline 4 \\ \hline 8 \\ \hline 8 \\ \hline 0 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} *6* \quad | \quad 3 \\ \hline * \quad \quad | \quad 3*1 \\ \hline 6 \\ \hline * \quad \quad \\ \hline 3 \\ \hline * \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 8** \quad | \quad 4 \\ \hline * \quad \quad | \quad 2*1 \\ \hline 4 \\ \hline 4 \\ \hline * \\ \hline * \\ \hline 0 \end{array}$$

3-тапсырма

1-топ.

Қораздың ерекше тұқымының құйрығының ұзындығы 369 см. Ал қырғауылдың құйрығының ұзындығы одан 3 есе кем. Қырғауылдың құйрығының ұзындығын тап. (Есепті сатылай кешенді талдай отырып, шығарыңыздар)

2-топ.

Ұзындығы 8 см, ені одан 4 есе қысқа тік төртбұрыш сыз. Оның периметрі мен ауданын тап. (Сатылай кешенді талдай отырып, шығарыңыздар)

3-топ.

Бірінші күні 484 кг көкөніс сатылды. Екінші күні бірінші күні сатылған көкөністің екіден бір бөлігіндей көкөніс сатылды. Екінші күні қанша көкөніс сатылды. (Есепті сатылай кешенді талдай отырып, шығарыңыздар)

4-топ.

Құс фермасы 500 кг жем сатып алды. Оның 234 килограммы тары, жарма одан 2 есе кем, ал қалғаны арпа. Неше килограмм арпа сатып алды ? (Есепті теңдеу құрып, сатылай кешенді талдау жасаңыздар) $234 + (234 : 2) + x = 500$

V. Қорытындылау. Мақсаты: өтілген материал бойынша қорытынды жасайды. Дұрыс жауабын атаңыздар:

Егер бөлгіш 4-ке тең, ал бөлінгіш мына санға тең болса, бөліндінің мәнінде үш цифр шығады:

А)888 ә) 128 б) 244 в)168 г)120 ғ) 200

Егер бөлгіш 3-ке тең, ал бөлінгіш мына санға тең болса, бөліндінің мәнінде екі цифр шығады:

А) 444 ә) 840 б) 448 в) 804 г) 408 ғ) 240

222 және 80 сандарына сатылай кешенді талдау жасаңыздар.

ҮІ. Рефлексия.

Сіздер бүгінгі сабақтан қандай жаңа білім алдыңыздар?

Қандай қызықты мағлұмат болды ?

Қай тапсырмада қиындық болды?

ҮІІ. Үйге тапсырма.

Бағалау. Әр оқушы өзін-өзі бағалайды.

«5» - 10-13 ұпай

«4» - 6-9 ұпай

«3» - 1-5 ұпай

13-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Қайталау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Топ мүшелері талқылауға қатынасып, бірлесе еңбектенуге, шығармашылық қарым-қатынас құруға, бірін-бірі үйретуге, ортақ шешімге келуге үйренеді.

ә) Білімділік: Өткен тақырыптарды пысықтай отырып, алған білімдерімен есеп құрастыру мен шығаруға жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Берілген мысал, тапсырмаларды орындау арқылы ойлау қабілетінің дамуына жағдай жасалынады, қорытынды жасауға дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, оқулық, дербес жұмысқа арналған карточкалар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Қазір жылдың қай мезгілі ?

Бізге көктемді қандай құс әкеледі ? (қарлығаш)

Қарлығаш құсы туралы не білетінімізді ортаға салайық.

Сыныпты үш топқа бөлу

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** алған білімдерін тапсырмалар орындауда пайдалана отырып, жүйелейді.

Музыка әуені.

Бұлттарменен алысып,
Дауылдармен жарысып,
Теңіздің арғы бетінен
Ұшып келдім, тек әттең,
Қауырсыным құлады,
Соған ғана өкінем!

1-тапсырма: Балалар, қараңдаршы, егер біреудің партасының үстіне қарлығаштың қауырсыны құлап түссе, оны қарлығашқа қайтарып беруге көмектесейік. **(қауырсында мысалдар)**

$$27 \times 3 = \quad 186 \times 2 =$$

$$49 \times 4 = \quad 236 \times 2 =$$

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру.

236

санына сатылай кешенді талдау жасау (жұптық).

2-тапсырма: Үш таңбалы сандарды қосу мен азайту

I топ: $163 + \dots = 400$ $\dots + 130 =$

$151 + 279 =$ $810 + \dots = 1000$

II топ: $106 + \dots =$ $600 - 150 =$

$420 - \dots = 200$ $\dots - 59 = 100$

III топ: $300 - 64 =$ $\dots - 71 = 71$

$125 + 255 =$ $623 + 377 =$

Топтық жұмыс. Қысқаша жазылым бойынша талдау (Азайту амалы).

- | | |
|-------------------------------|---------|
| 1. Анықтама | I топ |
| 2. Мағынасы | II топ |
| 3. Өрнекпен жазылуы | III топ |
| 4. Оқылуы | I топ |
| 5. Сандық сәуледе кескінделуі | II топ |
| 6. Қасиеті | III топ |

Жазылым әрекеті бойынша $215 + 254 =$ (Дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді).

1. Анықтама.
2. Мағынасы.
3. Өрнекпен жазылуы.
4. Оқылуы.
5. Сандық сәуледе кескінделуі.

3-тапсырма. Амалдар тізбегін орында

I топ: 180×3

II топ: 180×2

III топ: 180×4

Тілдесім әрекеті бойынша диалог (үйренуші мен үйренуші) құру.
(Көбейту)

- | | |
|---------------------------------|---------|
| 1. Анықтама. | I топ |
| 2. Көбейтудің ерекше жағдайы. | II топ |
| 3. Көбейтудің амалының заңдары. | III топ |

Жазылым әрекеті бойынша $8554 - 389 =$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді).

Жазылым әрекеті бойынша $215 \times 4 =$ (дәптерге әр оқушы өзі талдап жазады, бір-бірін тексереді).

1. Анықтама.
2. Бөлудің ерекше жағдайы.
3. Бөлу амалының заңдары.

4-тапсырма. «Кім жылдам?»

I топ: $5 * 5 * 5 * 5 * 5 = 100$ (+ , -)

II топ: Қоңыздар мен өрмекшілер.Бәрінің аяғының саны – 308.

Қоңыздың аяғы – 6

Өрмекшінің аяғы – 8

Қоңыз - ?

Өрмекші - ?

III топ: Тек 6 санын 3 рет пайдаланып 30 санын шығар.(x , -)

5-тапсырма.Есеп шығару, сынау жұмысы

I топ: Бірдей 5 банкаға 15 л сүт құйылды. Осындай 7 банкаға неше л сүт құюға болады ?

II топ: Оқушылар алма бағынан 300 кг алма жинады. Әр жәшікке 20 кг алмадан тең бөліп салды. Жиналған алманы салу үшін неше жәшік керек ?

Қысқаша жазылым бойынша талдау (ұжымдық).


Інісінің 14 асығы бар, ағасының одан 5 асығы артық. Екеуінде неше асық бар ?

7. **Шарты:** Інісінде 14 асық бар, ағасында 5 асық артық.

8. **Сұрағы:** Екеуінде неше асық бар ?

9. **Мазмұны:** Күрделі мәселе есеп. Себебі, екі амалды есеп

10.Кескіндеу.



11.Шешуі: $14 + (14 + 5) = 33$ (а)

12.Жауабы : 33 асық

III. Қорытынды. Әр топ бір-біріне пікірлерін, ойларын айтып, бағалайды.

- 1.Сабақта қандай қызықты нәрсені білдіңдер?
- 2.Нені үйрендіңіздер?
3. Қай тапсырманы орындағанда қиналдығыңдар?
4. Қай тапсырма ұнады ?

IV. Үй тапсырмасы.

Ү. Бағалау.

Р/с	Тапсырмалар	Бағалау критерийі	Балл	Қорытынды балл
1	Викториналық сұрақтар	1.Нақты дәлелмен сөйлеу 2.Уақытты үнемдеу		
2	Үш таңбалы сандарды қосу мен азайту	1.Нақты тақырып бойынша сөйлеу 2.Сауатты талдау		
3	Жұлдызшаның орнына амал таңбаларын және белгісіз санды қой:	1.Уақытқа талдау 2.Ой жылдамдығы		
4	«Кім жылдам?»	Тапқырлық және жылдамдық		
5	Есеп шығару, сынау жұмысы	1.Шартты жаза білу 2.Сұрағын анықтау 3. Сауатты есеп шығару		

«10- 12 » балл – «5» (өте жақсы)

«7- 9» балл – «4» (жақсы)

«6 - 1» балл – «3» (қанағат)

14-сабақ.

Сабақтың тақырыбы : 11-ден 20-ға дейінгі сандарды құру, оқу, жазу және салыстыру.

Сабақтың мақсаты:

Тәрбиелік мәні: Топ мүшелері оқу материалын меңгеруге бір-біріне көмектеседі.

Білімділік: Оқушылар ондық пен бірліктерді ажыратып, өрнек, мысал құрастыруға жаттығады.

Дамытушылық: Мысал, тапсырмаларды орындау арқылы ауызша есептеу қабілетінің дамуына жағдай жасалынады, қорытынды жасауға дағдыланады.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Саяхат сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, топтық, жұптық.

Көрнекілігі: Аялдамалар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық дайындық.

Бір, екі, үш,

Сынып іші тып-тыныш.

Жалқаулықты тастаймыз,

Сабақты біз бастаймыз.

Оқушыларды топтарға бөлу (өрнек, теңдік, теңсіздік).

II. Ой қозғау.

«Өрнек» тобына:

Жасырын санды тап:

$$2 + * = 9 \quad * - 5 = 3$$

Екі құлағы бар,

Он екі аяқты.

"Теңсіздік" тобына:

$$* + 30 = 100 \quad 8 + * = 10$$

Туысқан бес кісі,

Бірінен бірі кіші.

Бәрінің аты бір,

Ең кішісі шеткісі.

"Теңдік" тобына:

$$100 - * = 10 \quad 90 - * = 20$$

Жоқ өзінде бас та,

Қас та, мойын да.

Ұзындығы жазулы,

Тұр бойында.

III. Өткен материалды бекіту:

– Олай болса, біз бүгін сабағымызда "Математика" еліне саяхат жасаймыз, білімімізді ортаға салайық.

Бәріміз бірге ұранымызды айтайық.

Біз ақылды баламыз,

Жауабын тез табамыз.

Туын ұстап білімнің,

Саяхатқа шығамыз.

1-саяхат "Математикалық оқулық" аялдамасы.

Оқулықпен жұмыс. № 1 Сандарды алдымен өсу, содан кейін кему ретімен ата (жеке).

2-саяхат "Математикалық турнир" аялдамасы.

2-тапсырманы орындау. Сандарды ата (жүппен).

3-саяхат "Бос орындарды толтыр" аялдамасы:

I топ

15 = 1 онд. 5 бірл.

18 =

11 =

II топ

14 = 1 онд. 4 бірл.

12 =

17 =

III топ

13 = 1 онд. 3 бірл.

16 =

19 =

4-саяхат "Математикалық эстафета" аялдамасы:

IV. Сергіту аялдамасы.

«Қара жорға» әуенімен жаттығу қимылдарын жасау.

V. Қорытынды.

19 санын сатылай кешенді талдау.

Анықтама. I топ

Жазылуы. II топ

Оқылуы. III топ

Мағынасы. I топ

Қасиеті. II топ

Сандық сәуледе кескінделуі. III топ

Салыстыру. I, II, III

VI. Бағалау:

– Бүгінгі сабақта нені үйрендіңіздер?

– Қандай тапсырманы тез шығардыңыздар? Тез шығарғандарыңызға қуандыңыздар ма?

VII. Үй тапсырмасы.

15-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Көбейту және бөлуді пысықтау

Сабақ мақсаты:

Тәрбиелік: Ұлттық ойындары арқылы балаларды ұйымшылдыққа, жылдамдыққа, тапқырлыққа, қазақтың салт-дәстүрлерін құрметтеуге бағыттау.

Білімділік: Көбейту және бөлудің кестелік жағдайы туралы білімдерін есептерді шығаруда қолдана білуге машықтандыру.

Дамытушылық: Оқушылардың логикалық ойлау, танымдық қабілеттерін арттыру арқылы шығармашылықпен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Саяхат сабағы.

Оқыту формалары: Топтық жұмыс.

Көрнекілігі: Ұлттық ойындар, дидактикалық үлестірмелер.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақ типі: Бекіту сабағы.

Сабақтың түрі: Ойын сабақ.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

– Балалар, бүгінгі сабағымыз күндегіден ерекше болмақ. Сабағымызға қонақтар келіп отыр. Қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Жақсы оқып сабақты,
Әдеп сақтау сәніміз.
Сәлем бердік сіздерге,
Басты иіп бәріміз.

б) Психологиялық дайындық:

Математика керек әр күнге,
Математика қажет өмірде.
Математиканы оқимыз,
Миымызға тоқимыз.

– Барлығыңа сабақта сәттілік тілеймін!

II. Тірек білімдерін белсендіру:

1. Кез келген санды бірге көбейткенде, қандай сан шығады?
2. Санды сол санның өзіне бөлсе, неше шығады?
3. Нөлді санға бөлгенде, неше шығады?
4. Санды нөлге бөлуге бола ма?
5. 2-ге қалдықсыз бөлінетін сандар қалай аталады?
6. 2-ге қалдықсыз бөлінбейтін сандар қалай аталады?
7. Егер есепте қосу мен көбейту амалы келсе, алдымен қандай амалды орындаймыз?

III. Жаңа сабақ.

– Дәптерімізді ашып, бүгінгі күнді жазып қоямыз. Қазір қай ай? Осы айда қандай атаулы күн бар? Желтоқсанның ...

– Біз қай елде тұрамыз?

– Еліміздің Тәуелсіздігінің неше жылдығын атап өттік?

– 23 қандай сан?

Оқушыларды «Бозжорға», «Құлагер» деген екі топқа бөлу. Бүгінгі сабағымызда осы ұлттық ойындарды екі топқа бөлініп ойнай отырып, математикалық тапсырмалар орындаймыз! Екі топ оқушылары жұлдызша, шаршы, үшбұрыш белгілерімен бағаланып отырады.

1.«Көкпар» ойыны. Ауызша есепте.

Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,
Математикаға орын берсең басыңнан.
Барлық ғылым соған үйір болады,
Досың солар табылатын қасыңнан.

«Бозжорға» тобы **«Құлагер» тобы**
 $18 - 9 + 7 - 8 + 6 - 7 + 3 - 6 + 5 - 7 + 8 - 7 + 6 =$

5. «Асық ату» ойыны. Қай сан орнында жоқ?

Кел, балалар, ойнайық!

Ойнайық та ойлайық!

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық !

«Бозжорға» тобы

$$9 \cdot \square = 540$$

$$\square : 90 = 7$$

$$810 : \square = 90$$

$$\square \square : 7 = 90$$

«Құлагер» тобы

$$1000 - \square = 630$$

$$380 + \square = 540$$

$$700 : \square = 7$$

$$10 \cdot \square = 90$$

3. «Теңге ілу» ойыны.

Ал, достарым, келіндер,

Біріңе-бірің еріңдер.

Біліміңді тексеріп,

Амалды орындап көріңдер.

«Бозжорға» **«Құлагер»**

$$45 - (5 \cdot 2)$$

$$9 \cdot (3 + 6)$$

$$50 : (7 + 3)$$

$$63 : (4 + 3)$$

$$24 : (4 + 4)$$

$$48 : (6 + 2)$$

4. «Қыз қуу» ойыны.

Екі топ теңдеулерді орындайды. (1 ұл, 1 қыз тақтада орындайды)

Теңдеулерді шеш:

$$100 - x = 30$$

$$250 - x = 50$$

$$48 : c = 6$$

$$81 : c = 9$$

$$a \cdot 5 = 10$$

$$a \cdot 9 = 72$$

«Аударыспақ» ойыны.

Қане, тәртіп сақтайық ,

Тез есептеп аттайық .

Алға қадам басқанда ,

Батылдықыпен аттайық.

«Бозжорға» тобы , «Құлагер» тобы

Есеп шығару.

IV. Сергіту сәті.

Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді).

Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді).

Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) .

Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды).

Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды).

Үйіміз бар жерде жақсы ма? (үйді бейнелейді).

Биде айналған жақсы ма? (айналады).

Қазақстандық болған жақсы ма? (бас бармақтарын көрсетеді).

6. «Бәйге» ойыны.

Екі топ басшысының әрқайсысына лездік 5 сұрақтан қойылады.

«Бозжорға» тобы.

1. 5 ондықты 3есе арттыр.
2. 2 жүздіктен тікелей кейінгі сан.
3. 6 ондықтан 2 есе артық сан.
4. 1дм-де неше см бар?
5. 30 бен 50-дің қосындысы.

«Құлагер» тобы.

1. 3 ондықты 2 есе арттыр.
2. 93-тің алдында келетін сан.
3. 1 сағатта неше минут бар?
4. 90 мен 40-тың қосындысы?
5. 7 ондықты 2 есе арттыр.

7. «Қай топ жылдам ? » төмендегі сұрақтарға жылдам жауап беруіміз керек. Қай топ тез жауап берсе, сол топ жеңіске жетеді.

Логикалық тапсырмалар:

- 1 жұмыртқаны қайнатуға 3 минут кетсе, 5 жұмыртқаны қайнатуға неше минут керек?
- Бір сағатта неше минут бар?
- Бір аптада неше күн бар?
- Бір жылда неше ай бар?
- Екі аяғымен түрегеп тұрған адамның салмағы 50кг, бір аяғымен тұрған адамның салмағы неше кг?

V. Үйге тапсырма.

VI. Сабақ қорытындысы.

- Сабақ ұнады ма? (Смайлик белгішесімен көрсету).
- Бүгінгі математика сабағында нені үйрендік?
- Ұлттық ойындар ойнау арқылы тапсырмалар орындадық.
- Есептер шығардық.
- Тақтамен жұмыс жасадық.
- Лездік сұрақтарға жауап бердік.

VII. Білімді бағалау.

Екі топ оқушылары жұлдызша, шаршы, үшбұрыш белгілермен бағаланып отырды.

ДҮНИЕТАНУ

Бастауыш мектептегі дүниетану сабақтарының басқа пәндер сабақтарынан біраз айырмашылығы бар. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының ғылыми ұстанымын мұғалім сабақтарында басшылыққа алуы тиіс.

Ғылым - дамып, толығып отыратын үрдіс. Білім алушылар дүниетану сабақтарында кейіннен жоғары басқыштарда өсімдіктану, жануартану, физикалық және экономикалық география, тіршіліктану сияқты пәндерді өтуде қажетті білім, іскерлік пен дағдылар алады. Сондықтан дүниетану сабағын өткізуде мынадай талаптарды ескеру керек:

1. Мұғалім сабақ мақсатын анықтағанда білім алушылардың таным әрекетін дамыту жөнінен қандай жұмыс жүргізетінін дұрыс елестете білуі тиіс.
2. Дүниетану материалының мазмұнын ғылыми және осы жастағы балаларға түсінікті болуы керек.
3. Білім алушылардың дамуының әртүрлі деңгейде болатынын ескере отырып, жеке тапсырмаларды саралап көрсету керек.
4. Сабақта білім алушылардың шығармашылық ойлауын және таным дербестілігін дамыту жөнінен күрделі жұмыс жүргізіп отыру.

Білім алушыларды қоршаған орта заттарымен, құбылыстарымен таныстырып, олар жайында ғылыми ұғымдарын жүйелеп, көзқарастарын қалыптастыруда «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының мәні зор.

Ұлы педагог Я.А.Коменский «Адам баласы білімді кітаптан ғана емес, аспаннан, жерден, ағаштан, топырақтан да алуы керек. Ал оларды үйрету үшін бақылауды, зерттеуді жергілікті жердегі объектілерден, өздері күнделікті көріп жүрген таныс жерлерден бастау керек», - деп айтқан.

Дүниетану сабақтарында алған білімді басқа пән сабақтарында пайдалануға болады, себебі көп мәселе табиғат арқылы түсіндіріледі.

Мұғалімдер оқытудың жаратылыс (дүниетану) ғылымдарына тән әртүрлі әдістерін қолдануға болады. Бұл бәрінен бұрын балалардың логикалық ойлау негіздерін тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызатын табиғат объектілері мен құбылыстарын тікелей бақылауға қатысты. Жергілікті жерге бақылаулар мен топсаяхаттарын жүргізу, тәжірибелер мен сарамандық сабақтарды жүзеге асыру дүниетану сабақтарында оқытудың сан алуан көрнекі құралдарын: табиғи және бейнелеу көрнекі құралдарын, компьютер және таспа хабарларын табысты түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Дүниетану сабағында «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының міндеті - білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын ояту. Мұғалім білім мазмұнын меңгертуде өз таңдауы бойынша сатыларды бір сабақта түгел қамтуға да болады, ал кейбір жағдайда мәтін 2 сағатқа берілсе, сатыларды бөліп меңгеруге болады. (Үлгі сабақтарды қараңыз) Сырттай қарағанда (7-деңгей) талдау, жаттап алған сияқты көрінеді, бірақ бұл жаттау емес. Сатылай кешенді оқытудың саналық ұстанымы – талдауға берілген материалды оқушы құрғақ жаттамай, терең түсініп, саналы меңгереді. Саналылық ұстанымының белгілері: білімге құмарлық, жігерлілік,

тұрақтылық, зейінділік, интеллектуалдық, жинақылық. Мұндай қасиеттер оқушыда бірден пайда болмайды. Оның қалыптасуына мұғалімнің шеберлігі, пәнге деген қызығушылық, ынта-ықылас себеп болады. (Ғалым пікірі)

Қорыта айтқанда, мұғалімнің жұмысында және білім алушылардың оқу әрекетінде ең үлкен жетістікке жеткізетін әдістер мен тәсілдер жүйесін жан-жақты ойластырған жөн.

Белгілі ұстаз-ғалым Ахмет ағамыздың: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», -дегені әр мұғалімнің жадында болуы тиіс.

Дүниетану пәнінен үлгілік сабақ жоспарлары

1-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Жануарлар дүниесі. Сүтқоректілер

Сабақтың мақсаты:

- а) **Тәрбиелік:** Тыйым сөздер, жұмбақтар арқылы оқушыларды төрт түлікті құрметтеуге, сүтқоректілердің пайдасын жете түсінуге жетелеу.
- ә) **Білімділік:** Сүтқоректілердің тіршілігі туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.
- б) **Дамытушылық:** Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба, жұмбақтар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезендері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сақтайық қане тыныштық!

Бүгінгі сабақ тым қызық.

Ойлан, ойлан және ойлан,

Есесіне бар сыйлық.

Ол не сыйлық?...

Санамызға білім тоқып,

Биіктерге жетейік!

II. Сабақтың барысы.

Бірінші кезең: Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру.

Тірек тапсырма: (Ой қозғау). (Интерактивті тақтада жазылып тұрады). Жұмбақтың шешуін табыңыздар.

Екі қолы селтендеп,
Боксшы ма деп қаласың.
Секіргенде елпендеп,
Көре алмайсың қарасын.
Австралия – мекені,
Қане, қайсың табасың? (Кенгуру)

Арқасында тауы бар,
Иір мойыны тағы бар.
Шөлге төзіп, су татпай,
Жолға төзіп, шаршамай,
Жүре берер жануар. (Түйе)

Тауға шықсаң қалың қар,
Сайға түссең қалың қар,
Байқандар қар астында
Ұйықтап жатқан ... бар. (Аю)

1. Жұмбақтың шешуіндегі сөздерді жалпы атауын не деп атаймыз?
2. Олар туралы қандай мәліметтер білесіздер?
Демек, бүгінгі сабағымыз жануарлар дүниесі туралы болмақ.
Оқушылар шағын топтарға бөлінеді.

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады. Мұғалім оқуға уақыт береді).

Жануарлар әлемі. Сүтқоректілер

Жануарлар – жүруге және сезінуге бейім тіршілік иелері. Олардың дамуы қоршаған ортаның эволюциялық дамуына сәйкес қалыптасқан. Жануарларда ас қорыту, қан айналу, жүйке жүйесі, сезім және жыныс органдары жақсы жетілген. Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы өте зор. Олар азық-түлік, ет, май, сүт, тері, жүн, бал, жібек, мүйіз, бақалшық сияқты әртүрлі өнеркәсіп шикізатын береді. Жануарлар дүниесі

сүтқоректілер, құстар, балықтар мен омыртқасыздар, қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушылардан және т.б. түрлерден тұрады.

Жабайы арыстандар мен пілдерден бастап, үй мысықтары мен адал иттер тіпті кішкентай тышқандарға дейін «сүтқоректілер» болып табылады. Жұмыртқадан дамиды жанауарлардан ерекшелігі – сүтқоректілер өз аналарының жатырында өседі.

Бауырмен жорғалаушылар мен қосмекенділер – салқынқанды жанауарлар. Оларға қолтырауындар, кесірткелер, жыландар, тасбақалар және т.б. жатады. Олардың көпшілігі жылы немесе тропиктік климаттарда өмір сүреді.

Теңіз жанауарлары немесе су жанауарлары мұхиттың, теңіздің және өзен-көлдің тұңғыық терең жерлерін мекен етеді. Теңіз жанауарлары бір-бірінен пішіні, көлемі және түр-түсі жағынан ерекшеленеді.

Сүтқоректілерге қандай жанауарлар жатады?

Сүтқоректілер жер бетінде 200 миллион жыл бұрын пайда болған деп саналады. Әлемде сүтқоректілердің шамамен 4000-нан аса түрі бар. Олардың көпшілігі құрлықта, біразы сулы ортада тіршілік етеді. Сүтқоректілер жылықанды жанауарлар болып табылады. Олар дене қызуын сақтай алатындықтан «жылықандылар» деп аталады. Сүтқоректілер төлдерін өздері туады. Төлдері анасының сүтімен қоректенеді. Олардың өкпелері мен сүйекті құрылысы бар. Сүтқоректілердің жақ сүйектері жейтін азығына қарай ерекшеленеді. Жолбарыстар, арыстандар, кенгурулер, маймылдар, жылқылар, гориллалар, аюлар, сиырлар кеңінен танымал сүтқоректілерге жатады. Адамдардың өзі – сүтқоректілер.

Жұмыртқа салушылар ең қарапайым сүтқоректілер болып табылады. Олардың басқа сүтқоректілерден өзгешелігі – жұмыртқа салып көбейеді.

Қалталылардың құрылысы едәуір жоғары болғанымен, оларда бірқатар қарапайым белгілер де бар. Олар баласын шала туады да, оны анасы ұзақ уақыт қалтасына салып көтеріп жүреді.

Бунақдене қоректілер: кірпі, көртышқан, сұртышқан.

Кеміруші сүтқоректілер: тиін, егеуқұйрық, саршұнақ, үй тышқаны, қоян, суыр.

Тиін – терісі бағалы, дене тұрқы 20-32см, құйрығының ұзындығы 19-31см болатын кішкене, ойнақы кеміруші жанауар. Ағашта ғана тіршілік етеді, өсімдіктекті азықпен қоректенеді.

Жыртқыштар тұқымдасына өзге аңдардың етін жейтін сүтқоректілер жатады. Кейбіреулері үлкенірек жанауарларды, кейбіреулері кішіректерін жейді. **Жыртқыш аңдар:** аққұлақ, аю, қасқыр, ши бөрі, түлкі, борсық, күзен, жолбарыс, арыстан, мәлін, ит. Мәлін мен ит етпен қоректенеді, мәліннің терісі өте бағалы.

Тарбағатай тауында тіршілік ететін мысық тәрізді үлкен аңды жергілікті халық ілбіс деп атайды, бұл – барыс. Оның тұлғасы өте ірі. Аяқтары келте де мығым. Оның дене тұрқы 120-150см, құйрығының ұзындығы 90см-ге дейін жетеді, салмағы 23-43кг тартады. Жүні өте жұмсақ, аздаған теңбілдері болады. Ол адамға шабуыл жасамайды, мысықша мияулап, қатты үн шығара

құлақтарын жымқыра ырылдағаны болмаса, залалы жоқ аң. Жемін аулауға көбінесе іңір қараңғылығында шығады. Негізгі қорегі – әр түрлі тұяқты аңдар. Саны азайып бара жатқандықтан, барыс қорғауға алынған. Барыс қыста немесе жазғытұрым үш күшік туады. Олар – биік тауда мекен ететін жыртқыштар.

Теңіз сүтқоректілері: итбалық, морж, кит, дельфин, кашалот.

Су сүтқоректілеріне тұщы суда және теңізде өмір сүретін сүтқоректілер кіреді. Тұщы суда кәмшаттар, үйректұмсықтар және дельфин тәрізді сүтқоректілер тіршілік етеді. Теңізде киттер, теңіз арыстандары, итбалықтар, дюгоньдар және басқа сүтқоректілер кездеседі.

Теңіз сүтқоректілерінің суда қозғалуға ыңғайлы ескектері немесе жүзу қанаттары болады. Олардың өкпелері болғандықтан, ауа жұту үшін су бетіне шығады. Көпшілік су сүтқоректілерінде суық судан қорғайтын қалың тері қабаттары бар. Дельфиндер мен киттер – ақылды әрі сезімтал жануарлар.

Тұяқты сүтқоректілер: бұлан, түйе, жираф, зебр, бұғы, сиыр, қой, ешкі. Бұл сүтқоректілер шөпқоректілерге жатады. Шөпқоректілерге өсімдіктерді азық ететін сүтқоректілер жатады. Үй жануарлары, бұғы, керік, түйе – шөпқоректілер. Олар өсімдіктерді жылдам шайнап, жұтып жібереді. Азық ыдырайды немесе қорытылады да тағы да шайнау үшін ауызға қайта түседі. Бұл «күйіс қайтару» деп аталады.

Өсімдік жейтін шөпқоректілер көп уақытын өздеріне қажетті қоректерді іздеуге жұмсайды. Керіктер басқа жануарлар жете бермейтін ағаштың ұшар басындағы жапырақтарымен қоректенеді. Ешкі – антилопа азық іздеп, жартастан-жартасқа секіре алады. Ұзын аяқты импала да өсімдік жапырағын жейді. Буйволдар менешкілер сияқты кейбір шөпқоректі жануарлар сүтті болғандықтан, олардың адамға пайдасы мол.

Жойылып кету алдындағы сүтқоректілер.

Жойылу қаупі төнген жануарлар қатарына табиғи өлім мен адамдардың көп аулауы салдарынан саны азайып кеткен жануарларды жатқызамыз. Өнеркәсіптің және ауылшаруашылығының дамуына байланысты жабайы жануарлардың тіршілік ететін аймақтары күннен-күнге тарылып барады. Оларды қорғау үшін табиғи өмір сүру ортасы сақталуда. Құрып кету қаупі төнген жануарлар тізімінің басында африка және азия пілдері тұр.

Киттер әсіресе көк киттер жолақты киттер де жойылып кету қаупіне ұшыраған су сүтқоректілері.

Жер бетінде қызыл қасқырдың, негізінен, ұрғашылары ғана қалғандықтан, қасқырдың бұл түрі жойылудың аз-ақ алдында.

Топтарға тапсырма. (Төмендегі жетелеу сұрақтарын топтарға бөліп беру. Топ мүшелері берілген сұраққа мәтін ішінен мәлімет жинайды. Өздерінің білгендерін де қосуға болады).

- Сүтқоректілер дегеніміз не?
- Сүтқоректілердің қандай түрлерін тануға болады?
- Олардың қандай ерекшеліктері бар?
- Сүтқоректілердің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырыңыз

- Сүтқоректілердің адам өміріндегі және табиғаттағы орны, маңызы.
- Сүтқоректілерді қалай қорғауға болады?
- Түйінді ойыңыз.


IV. Дәптермен жұмыс. (Жинақтаған мәліметтерін төмендегі сызбаға салады. Мұғалім бағыт-бағдар береді). (Жазылым іс-әрекеті орындалады). Форма: Ұжымдық.

Жануарлар әлемі тақырыбын сатылай кешенді талдаудың тірек сызбасы.



Мәтінді сызбаға түсірудегі мақсат, әр сатыда берілетін теориялық материалдардың мақсат-міндеттерін мұғалімнің де, оқушының да сауатты орындауына мүмкіндік туғызу.

Үлгі:



Олардың өкпелері мен сүйекті құрылысы бар. Сүтқоректілердің жақ сүйектері жейтін азығына қарай ерекшеленеді.

3. **Ерекшелігі.** Сүтқоректілердің көпшілігі жылықанды жануарлар болып табылады. Дене қызуын сақтай алғандықтан «жылықандылар» деп аталады. Сүтқоректілер төлдерін өздері туады. Төлдері анасының сүтімен қоректенеді. Жұмыртқа салушылар ең қарапайым сүтқоректілер. Олардың басқа сүтқоректілерден өзгешелігі – жұмыртқа салып көбейеді. Қалталылар баласын шала туады да, оны анасы ұзақ уақыт қалтасына салып көтеріп жүреді.

4. **Салыстыру.** Құрлықтағы алып жануар-піл мен суда тіршілік ететін сүтқоректі – китті салыстыру.

4.1 **Ұқсастығы:** Дүниедегі ең үлкен сүтқоректі жануарлар; Екеуі де сүтқоректілер класына жатады; Екеуі де баласын тірі туып, оларды сүтпен қоректендіреді.

4.2 **Айырмашылығы:** Піл: Құрылықта мекендейді; Мүшелерінде: төрт аяқты жануар; Шөппен қоректенеді; Тұмсығы ұзын және мықты. Кит: Суда тіршілік етеді; Тілімше мұрттары және жүзетін қанаты бар; Кішкентай теңіз жануарларымен қоректенеді, қорегін тұтас жұтады.

5. **Маңызы.** Жануарлардың пайдасы өте көп. Сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе – төрт түлік болып табылады. Олардан сүт, ет, аламыз. Олардың сүтінен түрлі тағамдар жасайды. Қымыз, шұбат – өте пайдалы ұлттық сусындар (жылқыдан қымыз, түйеден шұбат алынады). Жануарлардың терісі өте бағалы. Олардан түрлі киімдер жасайды. Түлкі, құндыздың терісінен тон, бас киім тігеді. Буйволдар менешкілер сияқты кейбір шөпқоректі жануарлар сүтті болғандықтан, олардың адамға пайдасы мол. Мәлін, ит көбінің терісі өте бағалы.

6. **Қорғау.** Жойылу қаупі төнген жануарлар қатарына табиғи өлім мен адамдардың көп аулауы салдарынан саны азайып кеткен жануарларды жатқызамыз. Өнеркәсіптің және ауылшаруашылығының дамуына байланысты жабайы жануарлардың тіршілік ететін аймақтары күннен-күнге тарылып барады. Оларды қорғау үшін табиғи өмір сүру ортасы сақталуда. Адамның қорғауына мұқтаж жануарлар көп. Еліміздің «Қызыл кітабына» бұғы, киік, барыс қорғауға алынған. Құрып кету қаупі төнген жануарлар тізімінің басында африка және азия пілдері тұр. Киттер әсіресе көк киттер

жолақты киттер де – жойылып кету қаупіне ұшыраған сүтқоректілері. Жер бетінде қызыл қасқырдың, негізінен, ұрғашылары ғана қалғандықтан, қасқырдың бұл түрі жойылудың аз-ақ алдында. Табиғатты қорғау туралы заңды тек үлкендер ғана емес, балалар да сақтауы тиіс.

7. Қорытынды. Жан-жануарларсыз біз тіршілік ете алмаймыз. Өйткені, табиғат біздің – анамыз!

8. Нәтиже. Сүтқоректілердің тіршілігін, түрлерін білдім. Оларды бір-бірінен ажыратуды, ерешеліктерін және ұқсастықтарын таразылауды үйрендім.

Айтылым әрекеті арқылы топ мүшелері кезектесіп талдауды айтып шығады.

V. Сергіту сәті.

VI. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.

Білгенге – маржан!

Шөпқоректілер неге тек өсімдіктерді жейді? Шөпқоректілер өсімдік жеуге бейімделген. Олардың тістері жыртқыштардан осынысымен ерекшеленеді. Шөпқоректі жануарлардың тістеуге арналған өткір алдыңғы тістері және шайнауға арналған артқы тістері болады.

Қызықты деректер

- Керіктердің терісіндегі өрнектер бір-бірін ешқашан қайталамайды.
- Жаңа туылған керіктердің бойы екі метр болады.
- Пілдер күніне, кем дегенде, 150 келі шөп жейді. Бұл шамамен 1000 алмаға тең.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жұптық жұмыс.

1.Кез келген сүтқоректілердің екеуін салыстырады. Ұқсастығы мен айырмашылығын дәлелдеп жазады.(Жазылым, айтылым және тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Бірін-бірі бағалайды).

Мысалы:

Қасқыр мен түлкі; жылқы мен сиыр; т.б.

2.Төрт түлікке байланысты тыйым сөздерді теріп жазу.

VII. Рефлексия.

VIII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

IX. Үйге тапсырма. 1.Сүтқоректілер туралы мәлімет іздеу.

2.Кез келген сүтқоректіні сатылай кешенді талдап жазу.

2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Жануарлар дүниесі. Бунақденелілер.
Қосмекенділер. Жорғалаушылар

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жұмбақ, мәтін және түрлі деректер арқылы жануарлардың пайдасын түсінуге, олардың құрып кетуінің алдын алуға күресуге баулу.

ә) Білімділік: Бунақденелілердің, қосмекенділердің және жорғалаушылардың тіршілігі туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өзбетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба, жұмбақтар,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Қарайды нұрлы күн күліп

Қуанышты көздерден.

Тарайды шаттық құлпырып,

Қуанышты көздерден.

Күніміз сәтті өтсін!

II. Өткен материалдарды еске түсіру. (Үй тапсырмасын тексеру).

Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту.

Тірек тапсырма: Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

1. Сүтқоректілер тақырыбын сатылай кешенді талдау. Ауызша орындау. «Жалғастыр» ойыны арқылы талдайды.

2. Оқушылар талдап келген сүтқоректілердің біреуін сатылай кешенді талдайды. Ауызша орындалады. Жұмыстары талқыланып, бір-біріне сұрақтар қояды.

III. Жаңа сабаққа бағыттау.

Жұмбақтарды шешіңіздер.

- Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)
- Ұшады,
Қонады,
Гүлдердің қонағы.
Қысында көрінбейді,

Жазында болады.
Түр-түсі сары ала,
Не нәрсе?... (Бал арасы)

• Алдымен де, артымен де жүреді,
Еңбекшілін елдің бәрі біледі. (Құмырсқа)

• Сулы жерді мекендеп,
Құрлықта да секеңдеп,
Шыбын-шіркей аңдиды,
Жемге қашан жетсем деп. (Бақа)

1. Бал арасы, құмырсқа, тасбақа және жылан, бақа жануарлардың қай тобына жатады? (бал арасы мен құмырсқа – бунақденелілер; тасбақа, жылан - жорғалаушылар; бақа - қосмекенді).

2. Олар туралы қандай мәліметтер білесіздер?

Оқушылар шағын топтарға бөлінеді.

IV. Жаңа білімді меңгеру. Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады)

Бунақденелілер. Қосмекенділер. Жорғалаушылар

Бунақденелілер класы - өте көп, олардың адам өмірінде маңызы зор. Бунақденелілердің алты аяғы болады. Олардың денесі үш бөліктен –бас, кеуде, қарыннан тұрады. Олар топырақта, су бетінде, ауада, өсімдіктер денесінде тіршілік етеді.

Табиғатта жиі кездесетіндер - қоңыздар. Бірінші тобы жәндіктермен қоректенеді. Оларды өсіріп, өсімдіктерге зиян келтіретін жәндіктерді жоюға бақшаға жіберіледі. Екінші тобы іріп-шіріген өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарымен қоректенеді, олар табиғатты тазалайды: өлексе қоңыздар. Үшінші тобы өсімдіктердің бөліктерін жейді: зауза, колорад қоңызы. Жер бетінде қоңыздар - 300 мыңнан астам.



Инелік - қомағай жыртқыш, ол шыбын, маса, соналарды жейді. Тарақан, шілделік, шегіртке, қандала, бит, бүрге деген сияқтылар - бунақденелілер. Бүргелер үйде болады, адамды ығыр ететін паразит. Егеуқұйрық бүргелер қауіпті ауру - оба қоздырғыштарын тасымалдайтын жәндіктер.

Қосмекенділер - суда да, құрлықта да мекендейтін омыртқалы жануарлар. Оларда екі-екіден аяғы және өкпесі болады. Артқы аяқтары алдыңғы аяқтарынан ұзындау болып келеді. Бұл олардың оңай секіруіне көмектеседі. Олар өсімдіктердің әртүрлі зиянкестерін жейді. Қосмекенділер

- салқынқанды жануарлар. Олардың дене қызуы қоршаған ортаның суық немесе жылы болуына байланысты.

Бақа - батпақта, ылғалды орманда, шалғында, тұщы сулы тоған жағалауларында немесе суда тіршілік етеді. Бақалар бунақденелілермен, қосқанаттылармен, өрмекшілермен, балық шабақтарымен қоректенеді. Күз түсісімен қыстауға кетеді, мұз қатпайтын су қоймалар түбінде, өзендер мен жылғалар басында он-оннан, жүз-жүзден топтасып шығады.

Құрбақа - терісі бұдыр-бұдыр болады. Артқы аяқтары қысқа. Олар су қоймаларынан алысырақ мекендейді, тек көбею кезінде ғана суға барады.

Жорғалаушылар - терісін құрғақ мүйізді қабыршақтар жауып тұратын омыртқалы жануарлар. Бауырмен жорғалаушылар - салқынқанды жануарлар. Олар суық ауа райында өздерінің дене қызуларын сақтай алмайды. Олар дене қызуын сақтау үшін күннің көзін көп қажет етеді. Аяқтары қысқа немесе мүлде жоқ болады. Олардың көпшілігі жұмыртқа салу арқылы көбейеді, ірі жұмыртқаларын құрлыққа салады. Жылы жер жұмыртқалардағы ұрпақтың даму кезеңін қамтамасыз етуге көмектеседі. Одан өзіне ұқсас ұрпақ жетіліп шығады.

Кесіртке - далада, орманда мекендейді. Жасыл-қоңыр немесе қоңырлау реңі болады. Түнде індерде, тастардың астында жасырынып жатады, күндіз бунақденелілермен қоректенеді.

Қабыршақты жорғалаушылар - жыландар (сарыбас жылан, сұр жылан) кемірушілерді жойып пайда келтіреді. Жылан уы медицинада дәрі-дәрмек жасау үшін пайдаланылады. Жыландардың денесі жұмыр, ұзын болып келеді. Денесін мүйізді қалқаншалар мен қабыршақтар жапқан. Көздерінде қозғалмалы қабақтары болмайды, олар мөлдір қабықпен жабылған. Күндіз белсенді тіршілік ететін жыландардың көз қарашығы дөңгелек болса, ымыртта, түнде белсенді тіршілік ететін жыландардың көздері жіңішке сызық тәрізді болып келеді.

Тасбақалар. Олардың сүйекті-мүйізді немесе сүйекті-терілі сауыттары бар. Сауыты қамқаның жалпақ сүйектерінен құралған. Кейбіреулері суда, құрлықта тіршілік етеді. Өсімдіктермен қоректенеді, қыста және қоректенетін өсімдіктер құрап кетсе, ұйқыға кетеді.

Жойылып кету қаупі бар бауырмен жорғалаушылар мен қосмекенділер

Жануарларды көптеп аулау, қоршаған ортаның ластануы және т.б. себептерге байланысты құрып бара жатқан немесе азайып кеткен бауырмен жорғалаушылар мен қосмекенділердің түрлері көп. Жойылу қаупі бар қосмекенділер мен жорғалаушылардың қатарында бланкард шырылдауық бақасы, ұршықсап кесіртке, ағаш тасбақасы, таспалы жылан т.б. Ал Қазақстанда даната құрбақасы, қызылаяқ бақа, Жетісу бақатісі, шұбар батбат, кесел, шұбар кесіртке және т.б. қорғауға алынған. Көптеген жануарлар табиғатты қорғау жөніндегі Халықаралық Табиғатты қорғау одағы (ХТҚО) ұйымының «Қызыл кітабына» енген.

Соңғы жылдарда бірқатар теңіз тасбақаларының саны да сиреді. Малазия мен Мексика сияқты елдер оларды қорғау әдістерін қарастыруда.

Топтарға тапсырма. (Төмендегі тірек сызбаны пайдаланып мәтін ішінен мәлімет жинайды. Өздерінің білген мәліметтерін де қосуға болады. Мысалы: 1-топ: 1,2,3; 2-топ:4,5; 3-топ: 6,7,8-сатыларын жинақтап жазады).

V. Дәптермен жұмыс. (Жинақтаған мәліметтерін төмендегі сызбаға салады. Мұғалім бағыт-бағдар береді). (Жинақталған мәліметтерін жеке-жеке дәптерлеріне жазады). Жазылым іс-әрекеті орындалады.

Жануарлар әлемі тақырыбын сатылай кешенді талдау тірек сызбасы.



Тапсырма. Жазғандарын ауызша талдап айтуға жаттығады.

1-топ: «Орамал тастамақ» ойыны арқылы; 2-топ: «Тірек сызба» ойыны арқылы; 3-топ: «Жалғастыр» ойыны арқылы талдап айтуға болады.

Тапсырмалар: Төмендегі торкөздерде әріптер берілген, сол әріптердің тиістісін біріктіріп оқысаңыздар бунақденелінің, жорғалаушының және қосмекенділердің аты шығады.

Б	А	Р	А	С	Ы
Б	А	Л	О	Н	Х
К	Е	Қ	Т	И	А
Ж	Ы	Л	А	Н	Ш

(Бақа, жылан, бал арасы)

VI. Жаңа материал бойынша алған білімдерін, түсінгендерін зерделеу.

1-топ: Қосмекенді - бақаны; 2-топ: Жорғалаушы - жыланды; 3-топ: бунақденелі - бал арасын сатылай кешенді талдап жазады. Мақсат: Дербес іс-әрекет жасауға үйрену.

Топ мүшелері жеке-жеке сатыларын бөліп алып мәлімет жинайды, соңында топ мүшелері мәліметтерді тірек сызбаға салады. Түрлі ойындармен айтылым әрекеті арқылы талдап береді. (әр сатыны әр оқушы жеке-жеке орындауының себебі, біріншіден, дербес жұмыс жасауға үйренеді; екіншіден, жауапкершілікті мойнына алады; үшіншіден, ынтымақтастыққа үйренеді; төртіншіден, тапсырма орындамаған бірде-бір оқушы болмайды).



V. Сергіту сәті

Қызықты деректер

Бал аралар топ-топ болып тіршілік етеді. Олардың тұқым тобында бір аналық ара болады. Жүздеген аталық бал аралар мен мыңдаған жұмысшы бал аралар бірге тіршілік етеді.

Бал аралар қыста ұйықтамайды. Ұяларының ішінде бір-біріне тығылып, топтасып отырады.

Бал араның уынан да дәрі жасайды. Оның балы өте пайдалы. Бал аралар өсімдіктерді тозаңдандырады.

VII. Бекіту.

Проблемалық сұрақтар қою оқушылардың ойлану, өз ойын дәлелдеу сияқты қабілеттерін ашуға септігін тигізеді.

Мысалы:

Бауырмен жорғалаушылар мен қосмекенділердің жойылып кетуінің негізгі себебі неде деп ойлайсыздар?

Оның алдын қалай алуға болады? т.б.(Оқушылар өзара топта талқылап, ойларын бөліседі. Топтар арасында пікірталас орнап, ойларын дәлелдеуге тырысады).

Білгенге - маржан

Бауырмен жорғалаушылар мен қосмекенділердің жойылып кетуінің негізгі себебі неде?

Адамдар жануарларды еті мен терілері үшін аулайды және олардың тіршілік ету орталарын бұзады. Соңғы жылдары ормандар жаппай шабылып, өзен-көлдердің ластануы жиіледі. Осындай келеңсіздіктердің салдарынан жабайы жануарлар күннен-күнге құрып бара жатыр. Бұл табиғи экожүйенің бұзылуына әкеліп соғатыны белгілі.

Шығармашылық жұмыс. Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

«Бал арасының пайдасы» тақырыбына эссе жазу. Суретін салуға да болады. (6 сөйлемнен кем емес)

Рефлексия.

VIII. Үйге тапсырма. 1. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу.
2. Кез келген жануарды сатылай кешенді талдап жазу.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

3-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Құстар класы

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жұмбақ, ырым-тыйым сөздердің мәнін ұғынуға, сол арқылы құстардың пайдасын түсінуге, оларға қамқорлық жасауға, табиғатты сүюге баулу.

ә) Білімділік: Құстардың алуан түрлілігі, тіршілігі туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өзбетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Топпен, жұппен, жеке жұмыс жасай отырып, еркін ойлау, қиялдау және танымдық қабілеттерінің ашылуына жағдай тұғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба, жұмбақтар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Өзіміз туған,
Көбелек қуған,
Жадырап күндей,
Жадырап гүлдей,
Өлкеде өсіп, толамыз.
Жалықпай оқып,
Көңілге тоқып -
Білімді адам боламыз.

II. Сабақтың барысы

Бірінші кезең: Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру.

Тірек тапсырма: Ойын: «Артығын тап»

Шарты: Мағыналас сөздер қатарынан артық сөзді сызып тасатайды.

Мақсаты: Жаңа сабақтың тақырыбын анықтау және оқушылардың белсенділігін арттырып, ойларын ширату.

Көбелек, бал арасы, құмырсқа, торғай, маса;

Бақа, қарлығаш, құрбақа, саламандра;

Тасбақа, жылан, қолтырауын, тоқылдақ.

Оқушылар артық сөздерді тауып, бүгінгі тақырыпты анықтайды.

Енді, құстар туралы жаңылтпаштар айтып көрейік.

Жаңылтпаш кімді жаңылтпас?

- Қара қарғаларға,
Ала қарғалар үйір.

Ала қарғаларға,
Қара қарғалар үйір.

- Бір ақ шымшық,
Екі ақ шымшық,
Үш ақ шымшық,
Төрт ақ шымшық.
- Көк тырна,
Көп тырна,
Тыраулап тек
Көп тұрма.

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.
(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады)

Құстар класы

Құстар - ұшуға бейімделген жоғары сатылы омыртқалы жануарлар. Олар бүкіл жер шарына таралған. Бұл кластың 8000-нан астам түрлері бар деп есептеледі.

Құстың денесін қауырсындар жауып жатады, алдыңғы аяқтары қанатқа айналған, ішіне ауа толғандықтан сүйектері өте жеңіл. Бауырмен жорғалашыларға қарағанда құстардың қан айналу жүйесі едәуір жетілген. Жүрегі төрт камералы. Артерия қандары мен вена қандары бір-бірімен араласпайды.

Құстар - жылықанды жануарлар. Бауырмен жорғалаушыларға қарағанда жүйке жүйесі де едәуір жақсы дамыған. Сондықтан құстардың мінез-қылығы да едәуір күрделі. Олар шартты рефлексстерге оңай дағдыланады.

Бұрын қарастырып өткен жануарлар типіндегі өкілдердің ұрпаққа қамқорлығы болымсыз ғана еді. Құстар болса ұя салады, жұмыртқа басып шығарады, балапандарын қоректендіреді.

Қырсыз төс құстар – Африкада, Арабияда, Австралияда, Оңтүстік Америкада және Жаңа Зеландияда тіршілік етеді. Бұлар - өте қарапайым құстар. Оларға түйеқұстар мен кивилер жатады. Түйеқұстар - қазіргі құстардың ішіндегі ең ірісі. Африкалық түйеқұстың еркектерінің биіктігі 260 см-ге жетеді. Бұл құстар өте шапшаң жүгіргенімен де ұша алмайды.

Пингвиндер - ұша алмайтын құстар. Олар жақсы жүзеді, қаңқа сүйектерінде ауа болмайды, төсінде қыр бар. Пингвиндер Антарктида жағалауларында тіршілік етеді. Құрлықта жүргеннен де, ескектерінің көмегімен суда жақсы жүзеді. Пингвиндер балықтармен, шаян тәрізділермен, ұлулармен қоректенеді. Ұясын жер бетіне салады.

Аршын төс құстар - ең көп тараған құстар тобы. Сүйектері ауаға толы. Аршын төс құстардың көпшілігі ұшады. Құстар түрінің көпшілігі аршын төс құстарға жатады.

Құстардың әртүрлі тіршілік жағдайларына байланысты мынадай экологиялық топтарға бөлінеді: бұталы орман құстары, батпақ-шалшық су құстары, шөл-дала құстары, су құстары, жыртқыш құстар.

Бұталы орман құстарына орманда ұя жасап, қорегін аулайтын құстар жатады. Олардың ішінде жәндіктермен (тоқылдақтар, жүрдек торғайлар, дүпілдіктер, т.б.), өсімдіктердің тұқымымен (шымшықтар, қайшыауыздар, т.б.), өсімдіктердің жемісімен (колибрлер, шірнежегілер) қоректенетін құстар бар.

Батпақ-шалшық су құстары аз ғана. Оларға тырналар, дегелектер, құтандар, балықшылар, тартарлар жатады. Бұл топқа жататын құстардың аяқтары ұзын болады. Аталған құстар ұсақ жануарлармен қоректенеді.

Шөл дала құстары өсімдіктері аз, ашық жерлерді мекендейді. Құстардың бұл тобына түйеқұстар, жүрдектер, дуадақтар жатады.

Су құстары тобы тіршілігінің көпшілігін суда өткізетін құстарды қамтиды. Олардың ішінде мынадай құстар: шағалалар, бірқазандар, аққулар, қаздар, үйректер және басқа да көптеген құстар бар.

Жыртқыш құстар барлық жерлерде де, ормандарда, тауларда, далада, су қоймаларында да тіршілік етеді. Оларға құмайлар, жапалақтар, қаршығалар, сұңқарлар, т.б. жатады.

Құстардың, әсіресе, ауыл шаруашылығындағы маңызы зор. Олар ауылшаруашылық өсімдіктердің зиянкестерін көп мөлшерде жояды. Көптеген құстарды кәсіптік және спорттық мақсатта аулайды. Құстарды қолға үйрету және үй жануарларына айналдыру ісімен ежелден шұғылдануда.

Топтарға тапсырма. (Төмендегі тірек сызбаны пайдаланып мәтін ішінен мәлімет жинайды. Өздерінің білген мәліметтерін де қосуға болады).


IV. Дәптермен жұмыс. (Жинақтаған мәліметтерін төмендегі сызбаға салады. Мұғалім бағыт-бағдар береді). (Жазылым іс-әрекеті орындалады). Форма: Ұжымдық.

Құстар тақырыбын сатылай кешенді талдау тірек сызбасы.



Үлгі:

Құстар тақырыбын сатылай кешенді талдау



үйрендім.

V. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.

Сіз білесіз бе?:

1. Біздің мекенімізде тіршілік ететін қандай құстарды білесіздер? (торғай, сауысқан, көкек, қараторғай, сары шымшық, қарлығаш, тоқылдақ, қарға, суықторғай, тырна, алақанат сауысқан т.б.)

2. Біздің жақта қандай құстар қыстап қалады? Оларды біз қандай құстар дейміз? (сары шымшық, қарға, торғай, суықторғай, тоқылдақ т.б. Қыстап қалатын құстарды «отырықшы құстар» деп атаймыз).


3. Құстарға тән ортақ қасиет қандай? Ал айырмашылығы неде? (Барлығы да ұшады, қанаты бар, тұмсығы бар, жұмыртқалайды; Айырмашылығы: тұмсықтары, дене пішіні, түсі және дыбысы әртүрлі).

4. Құстарға қатысты болжау, ырым-тыйым сөздерді үлкендерден естігеніңіз немесе оқып білгеніңіз бар ма? (Болжау: Егер торғайлар дыбыс шығармай қонақтап отырса, қар жауады. Сауысқан шатыр астына тығылса боран болады. Қарғалар топтасып қарқылдаса аяз болады. Аспанда ұшып жүріп қарқылдаса қар жауады. Қаз немесе әтеш бір аяқтап тұрса, аяз болады. Тырналар ерте көктемде ұшып келіп тырауласа, содан соң жер жыртуға болады. тырналар төмен ұшса, арзаншылық болады. т.б. Құстың жұмыртқасын жарма, бетіңе шұбар түседі. Құстың ұясын бұзба т.б.)

Тапсырмалар орындау.


«Ойын - ой ұштар»

1. Құпиялысөзді табыңыз.



(Тоқылдақ)

Құпиялысөздің кілті:



Жеке жұмыс. Құпиялысөзді анықтап, сол құс туралы мәлімет іздеу. Тірек сызбаға салу.

Үлгі:



VI. Сергіту сәті.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық жұмыс.

«Орман емшісі» тақырыбына эссе жазу. Суретін салуға да болады.

(6 сөйлемнен кем емес)

VII. Рефлексия.

VIII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

IX. Үйге тапсырма. 1. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. 2. Кез келген құсты сатылай кешенді талдап жазу.

4-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Су

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Қанатты сөздер, түрлі тапсырмалар арқылы судың пайдасын, маңызын жете түсінуге, үнемшіл болуға баулу.

ә) Білімділік: Су және оның қасиеттері туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Тірек сызба, жаңылтпаш.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру сәті

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Шаттық шеңберін құру, бір-біріне сәттілік тілеу.

Сабақтың бағыттау (Ой қозғау) (Интерактивті тақтада жазылып тұрады)

Жаңылтпаш айтайық!

Шуақтағы ботамды,

Шуға апарып шуладым.

Шудалаған шудасын,

Суға салдым,

Судан алдым,

Суға салдым.

II. Сабақтың барысы

Бірінші кезең: Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту.

Тірек тапсырма: Қанатты сөздердің мәнін түсіну.

Су мен жер туралы ой - бұл түптеп келгенде адамның өзі туралы ой.

III. Айтматов

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алу. Ойларын дәлелдеу. (Ойтолғау).

Олай болатын болса бүгінгі сабағымыз, тіршілік нәрі - су туралы болмақ.

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Су - тіршілік көзі

Қазақ халқы «Сулы жер - нулы жер» дейді. Су - табиғи байлық. Ғаламшарымызда алғашқы тіршілік суда дамыған, сусыз тіршілік жоқ. Адам денесінде 63% су бар. Су болмаса тірі ағза өледі. Су санитарлық және шаруашылық тұрмысқа да керек. «Тазалық - денсаулық кепілі» дейміз. Су болмаса, тазалық та болмайды.

Су денсаулық жақсарту мен денешынықтыру шараларына пайдаланылады. Судың емдік қасиеті өте зор. Мысалы, белгілі Ессентуки суы құрамында сода және ас тұзы, тағы да басқа минералдық элементтер бар. Ақжайық суында гидрокарбонат элементтері бар.

Су еріткіш. Егер минерал тұздарды ерітетін су болмаса, өсімдік тамыры, өсімдік тіршілігіне соншама қажет заттарды өз бойына сіңіре алмас еді.

Қазіргі кезде өндірістің бірде-бір саласы сусыз жұмыс істеп және дами алмайды. Мысалы, 1 кг қағаз өндіруге 100л, 1т цемент өндіруге 4500кг су қажет.

Су - иіссіз, дәмсіз, түссіз сұйықтық. Ол мөлдір, аққыш. Оның пішіні болмайды. Су - еріткіш. Су табиғатта сұйық күйде, сондай-ақ қар және мұз, бу түрінде кездеседі. Қазақстанның өзен-көл аз жерлерінде еспе суы мен терең қабат аралық жерасты суының үлкен маңызы бар. Халық еспе суын көне заманнан-ақ пайдаланып келген.

Республика аумағында жетіспеген аса артезиан алаптары табылды. Мысалы, Мойынқұмда 300-500м тереңдікте 50мың шаршы км жерді алып жатқан тұтас жер асты «теңізінің» бар екені анықталды. Оның суы ішуге де,

егін суаруға да жарамды. Таяу жылдар ішінде жерасты суы бұдан да кең пайдаланылатын болады.

Қазақстанда жер астынан ыстық (термальды) су табу үшін үлкен барлау жұмыстары жүргізіліп отыр. Термальды жерасты суы өнеркәсіпті, сондай-ақ үйлерді, жылыжайды, фермаларды және моншаларды жылыту үшін пайдаланылады.

Республиканың бірталай өңірінде өте тереңнен атқылап, жер бетіне шығып жатқан емдік қасиеті мол минералды су бұлақтары кездеседі. Олар температурасы және құрамындағы газдар мен тұздардың түрі жағынан әртүрлі болып келеді. Алмаарасын, Сарыағаш, Жаркентарасанда адам ағзасына шипалық әсері бар демалыс орындары, емханалар салынған.

Ғаламшарымызда су мүлде кездеспейтін жер жоқ. Жер қабаттарының бәрі судан түзілген. Жердің су қабығы гидросфера деп аталады.

Гидросфераның көп бөлігін - 96,5% -ын Дүниежүзілік мұхиттың тұзды суы, аз бөлігін құрлықтағы және атмосферадағы су құрайды. Бұлар - өзендер, көлдер, мұздықтар, жер қыртысында - жерасты суы. Атмосферада су тамшылары мен мұз түйіршіктері болады.

Жердің біртұтас су қабығы - Дүниежүзілік мұхит, құрлықтағы су, атмосферасындағы су - гидросфераның үш бөлігі. Гидросфераның барлық бөліктері өзара байланысты. Материктер мен аралдар біртұтас Дүниежүзілік мұхитты төрт бөлікке - төрт мұхитқа бөледі. Олар: Тынық мұхит, Атлант мұхиты, Үнді мұхиты, Солтүстік мұзды мұхиты.

Табиғаттағы су айналымы. Суды қорғау.

Судың тағы бір кереметі - оның су қабаты, ауа қабаты және құрлық қабаты арасында тынымсыз айналыста жүретіндігі.

Күн сәулесінің әсерінен мұхиттар мен теңіздер бетінен жылма-жыл 450 мың куб. Км мөлшерінде су буланады. Судың буы ауа мен жер ағыстарынан шартарапқа таралады да, қоюлана келе бұлтқа айналып, одан жерге жаңбыр және қар болып жауады. Жауған сулар өзен арқылы дүниежүзілік мұхитқа құйылады, біразы топыраққа сіңіп, қалған су буы болып ұшып кетеді. Жер шарында үздіксіз су айналымы болып тұрады.

Адам суды өз қажетіне және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін пайдаланады. Есептеулерге қарағанда, қаланың бір адамы алуан түрлі қажеттігін өтеу үшін тәулігіне 700 литрге дейін таза суды тұтынады. Пайдаланылған су жуынды суға айналады. Ол - ластанған су. Олар канализация жүйесі арқылы ағын суларға, көлдерге, теңіздер мен мұхиттарға жіберіледі. Кейде топыраққа төгіледі.

Суға құйылатын ластаушы заттар көп. Олар: өнеркәсіптің, шахтаның, кен орындарының, мұнай өнеркәсібінің, теміржол және автомобиль көліктерінің т.б. жуындылары. Жуындылар арқылы суға тірі ағзалар, қатты, сұйық, еріген газ күйіндегі қалдықтар барады. Олардан судағы ұсақ ағзалар, өсімдіктер, балықтар қырылады немесе суға ауру таралады. Шаруашылыққа орны толмас аса үлкен зиян келтіреді. Сондықтан суды ластанудан сақтайтын, лас суды тазартатын арнайы қондырғылар орнату қажеттігі туды.

Тапсырмалар:


1. Мәтінді оқып, не түсіндіңіздер?
 2. Сіздерді ойландырған жайт болды ма?
 3. Мәтін тірек сызбасын қалай сызуға болады? (Сатылай кешенді талдау тірек сызбасы).
- Олай болса, тірек сызбаны мәтіннің мазмұнына қарай бірге құрайық.



IV. Топтық тапсырма. Дәптермен жұмыс.

Сызба бойынша жұмыс. Мәтіннің ішінен ең қажетті мәліметтерді сызба мазмұнына қарай талдап жазады.

Үлгі:



4.Қорғау (Экологиясы).Адам суды өз қажетіне және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін пайдаланады. Есептеулерге қарағанда, қаланың бір адамы алуан түрлі қажеттігін өтеу үшін тәулігіне 700 литрге дейін таза суды тұтынады. Пайдаланылған су жуынды суға айналады. Ол - ластанған су. Олар канализация жүйесі арқылы ағын суларға, көлдерге, теңіздер мен мұхиттарға жіберіледі. Кейде топыраққа төгіледі. Ауылдағы өзен, арық жағалауына тасталған қоқыстар да, суды ластайды. Сондықтан суды ластанудан сақтайтын, лас суды тазартатын арнайы қондырғылар орнату қажеттігі туды. Судың да, сұрауы бар

5.Қорытынды.Сусыз тіршілік жоқ.

V. Оқушылардың ойлау белсенділігін артыруға арналған тапсырмалар. Жеке жұмыс.

1-тапсырма. Стақанға су құйып, оған бір түйір қант салыңыз. Не байқадыңыз?

2-тапсырма. «Айналадағы дүниені бақылау күнделігіне» табиғаттағы су айналымының сызбасын сызыңыз.

3-тапсырма. Арал теңізін құрып кетуінің себептері не деп ойлайсыз?

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жеке жұмыс.

«Судың да, сұрауы бар» тақырыбына эссе жазу. Суретін салуға да болады. (6 сөйлемнен кем емес)

VI. Рефлексия.

VII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

VIII. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Суға байланысты ырым-тыйым сөздер және мақал-мәтелдерді жинақтау.

5-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзендер

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жұмбақ, мәтін және түрлі деректер арқылы жануарлардың пайдасын түсінуге, олардың құрып кетуінің алдын алуға күресуге баулу.

ә) Білімділік: Бунақденелілердің, қосмекенділердің және жорғалаушылардың тіршілігі туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға және дүниетанымдарының дамуына жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық

Көрнекілігі: Кесте, сызба, жұмбақтар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Ескерту: Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады. Мұғалім тапсырманың деңгейіне қарай ұпайды және уақытты алдын ала белгілеп береді. Оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі және топтық бағалай алады.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Жаңбыр жауғанда

Жау, жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Арық суы мол болсын!

Өсімдіктер көп болсын!

Жауған жерің гүл ашқан

Көкорай шалғын шөп болсын!

1. Жаңбырдың қандай пайдасы бар?

2. Жаңбыр жауғанда өзен, көлдерде қандай өзгеріс болады?

II. Үй тапсырмасын сұрау

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

1. Су тақырыбын сатылай кешенді талдау. (Оқушылар шеңбер болып тұрады. «Қамшы» ойыны арқылы ауызша талдайды).

2. Ізденіп тауып келген суға байланысты ырым-тыйым сөздер және мақал-мәтелдерді ортаға салады.

Жұмыстары талқыланып, бір-біріне сұрақтар қояды.

II. Жаңа сабаққа бағыттау. (Ой қозғау).

Жұмбақ шешейік!

Жылт-жылт етеді,

Қылышпен шауып,

Жылғадан өтеді. (Су)

Турай алмадым.

Бір шайқап қалып,

Жинай алмадым. (Су)

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Өзендер

Өзен дегеніміз - көлден, мұздықтардан, жер астынан шығатын судан, жылғалардан оймақ арқылы ағатын су ағыны. Өзеннің басталатын жері - оның бастауы. Өзен ағатын аңғар түбін арна, ал бастауға жақын жағын жоғарғы ағыс, одан кейінгісін орта ағыс, ал оның сағасындағы суды төмен ағыс дейді. Өзеннің теңізге, көлге немесе басқа өзенге құятын жері **саға** деп аталады.

Өзендердің ағыс жылдамдығы сағаларында төмендейді, сөйтіп тасқындар жинақталып, өзен сағасы тарам және тармаққа бөлінеді, **атырау** пайда болады. Өзеннің саласы болады, мысалы, Жайық өзенінің оң жақ саласы - **Шаған**. Негізгі өзен барлық салаларымен қоса өзен жүйесін құрайды. Бетіндегі судың бәрі бір өзенге келіп қосылатын құрлық ауданы **өзен алабы** деп аталады. Кішкентай болса да, әрбір өзеннің өз алабы болады. Амазонка өзенінің алабы - ең үлкен алап, оның ауданы 7млн. квадрат км. Өзен ағысы қыста бір қалыпта болады. Көктемде қар суы арнаға сыймай, су тасиды. Жазда су төмендейді (тау өзендері болмаса). Қар ерігенде және қатты жаңбыр жауғанда су тасиды. Сондықтан қыста қар тоқтату керек, ағаштар отырғызып, су қоймаларын жасау керек.

Өзеннің ағу бағыты мен жылдамдығы оның ағын өтетін жер бедеріне байланысты. Жазық жер өзендері кең аңғарлармен баяу ағады. Тау өзендері тезірек ағады, олардың аңғарлары тар әрі терең, ирелеңдері аз болады. Арнаға көлденең тұрған қатты жыныстар мен тас үйінділерінен шоңғарлар пайда болады. Олардан өткен өзен көбіктеніп аспанға шашырайды, кеме жүзе алмайды. Биіктен құлап ағатын өзен сарқырама түзеді. Мысалы, Оңтүстік Америкадағы Ориноко өзені алабындағы Анхель сарқырамасының биіктігі - 1054 м. Қазақстанда Алтайда Көккөл (70м), Іле Алатауында Аюлы (30м), Жоңғар Алатауында Мұздыбұлақ, Тянь-Шаньда Күркілдек (54м) сарқырамалары бар.

Өзендер жаңбыр суынан, еріген қар мен мұз суынан, жерасты суынан қоректенеді.

Жер суы арнаның түбіндегі, жағалықтағы тау жыныстарын басқа жерге көшіреді. Су ағыны күшті болса, арнаны жарып кетеді, оны эрозия әрекеті дейміз. Төмендегі ағыста жыныстар таяз жерлерге жиналып, аңғар аралдары пайда болады. Мұнда аккумуляция - өзен әкеліп жинақтаған материал пайда болады. Өзеннің атқаратын қызметінің нәтижесінде жер бетінде жыралар пайда болады. Су су арнасын тереңдете береді де, арнаның екі жағы саты тәрізді керіледі, оны террастар деп атайды.

Өзеннің маңызы зор. Жағасында халық мекендейді, гидроэлектр станциялары салынады, жер суарады, суын ішеді, балық аулайды.


Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, не түсіндіңіздер?
2. Өзен дегеніміз не?

3. Өзен туралы не білдіңіздер?
4. Өзен жүйесі дегеніміз не?
5. Ерекшелігі...?
6. Өзеннің пайдасы...?
7. Қандай қорытынды жасадыңыздар?
8. Мәтін тірек сызбасын қалай сызуға болады? (Сатылай кешенді талдау тірек сызбасы).

Олай болса, тірек сызбаны мәтіннің мазмұнына қарай бірге құрайық.

Өзен



1. Анықтама. Өзен дегеніміз - көлден, мұздықтардан, жер астынан шығатын судан, жылғалардан оймақ арқылы ағатын су ағыны.

2. Тану. Өзен:

1. Бастауы- өзеннің басталатын жері ;
2. Арна - өзеннің ғасырлар бойы ағатын орны;
3. Саға - өзеннің теңізге, көлге құятын жері.
4. Сала - өзеннің оң және сол саласы болады. (Мысалы: Жайық өзенінің оң саласы шағын).
5. Алабы - өзен барлық салаларымен қоса өзен жүйесін құрайды.
6. Қоректенуі – қар суы, мұздықтар, жаңбыр және жер асты суымен қоректенеді.
- 2.2 Маңызы: Өзеннің маңызы зор. Жағасында халық мекендейді, гидроэлектр станциялары салынады, жер суарады, суын ішеді, балық аулайды.

3. Ерекшелігі. Дүниедегі ең ұзын өзен Ніл өзені. (Африкада) аумағы жағынан ең үлкен өзен - Амазонка.

(Оңтүстік Америка) Қазақстандағы мол сулы өзен - Ертіс өзені.

4. Салыстыру. Іле Алатауында Аюлы өзені мен Тянь-Шаньдағы Күркілдек өзендерін салыстыру.

1. Ұқсастығы: Екеуі де бастауын тау мұздығынан алады. Қоректенуі: Екеуі де мұздық, қар, жаңбыр суларымен қоректенеді.

2. Айырмашылығы: Күркілдекте сарқырама бар. Күркілдек өзенінің ағысы қатты.

5. Қорғау. Өнеркәсіп орындарынан шыққан лас суларды сүзгіден өткізбей, өзенге құяды. Өзен суларын үнемсіз пайдалану салдарынан арнасын азайып барады. Бұл әрекеттер өзендердің құрып кету қаупін тудырады.

7. Қорытынды.....

IV. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.

Тапсырмалар орындау.

Ребусты шешіңіздер.

’



”



(өзен)

Е

1. Сіздің тұрғылықты мекеніңізде қандай өзендер бар?
2. Сол өзеннің ағысы қандай?
3. Өзен суының ластанбауы үшін сіз қандай әрекеттер жасар едіңіз?
4. Өзіңіз білген өзен туралы мәлімет жинап, сатылай кешенді талдап жазыңыз.

V. Бекіту.

Үшінші кезең: Мақсаты: білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық жұмыс. Жеке жұмыс.

«Өзеннің пайдасы» тақырыбына эссе жазу. Суретін салуға да болады.
(6 сөйлемнен кем емес)

VI. Рефлексия.

VII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

VIII. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Суға байланысты ырым-тыйым сөздер және мақал-мәтелдерді жинақтау.

6-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Ауа

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Жұмбақтар және халық даналығы және түрлі тапсырмалар арқылы ауаның пайдасын, маңызын жете түсінуге, табиғатты аялауға баулу.

ә) Білімділік: Ауа және оның қасиеттері туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өзбетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар және өз ойын дәлелдеу қабілеттерінің дамуына жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгерту сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, жұмбақтар.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

II. Жаңа сабаққа бағыттау. (Ой қозғау).

Бірінші кезең: Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру.

Жұмбақтар шешу.

- Бір нәрсе жер мен көктің арасында,
Көрінбейді өзі түгіл қарасы да.
Білінбей жер үстінде жүрсе дағы,
Пайдалы барлық тірлік баласына. (Ауа)
- Бар ма, жоқ па, оны анық білмейсің,
Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің. (Ауа)

Ал, енді балалар екі саусағымызбен мұрнымызды қысайық. Сізге не жетіспеді? Біз ауасыз өмір сүре аламыз ба? Өсімдіктер мен жануарлар ше? Ойларын дәлелдеу.(Ойтолғау)

Олай болатын болса бүгінгі сабағымыз, **ауа** туралы болмақ.

III. Жаңа материалды өзбетінше меңгерулеріне жағдай жасау.

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.
(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Атмосфера. Ауа

Атмосфера - жердің газ тәрізді қабығы. Бұл жер қабаттарының ішіндегі ең жоғары және тығыздығы ең осал қабық. Ол ауа деп аталатын газдардың қосындысынан тұрады.

Атмосфераның төменгі шекарасы - жер беті, бірақ ауа жыныстардың сызаттары мен саңылауларына да енеді. Ауа - иіссіз, дәмсіз, түссіз, көзге көрінбейді. (тәжірибе жүргізу арқылы көз жеткізуге болады).

Атмосфераның айқын байқалатын жоғарғы шекарасы жоқ және ол біртіндеп ғарыш кеңістігіне өтеді. Мұндай шекараны шартты түрде 3000км биіктікте жүргізеді. Жердің тартылыс күші жібермейтіндіктен, ауа таралып кетпейді.

Жер бетіндегі ауа тығыз және ауыр болады. Теңіз деңгейіндегі 1 куб. метр ауаның массасы 0 градус температура кезінде 1кг 293грамға тең болады. 12см биіктікте 310грамм ғана, ал 40км биіктікте не бары 4грамм болады. Биіктеген сайын ауаның тығыздығы ғана емес, сонымен қатар температурасы да, ылғалдығы да өзгеріп кетеді.

Атмосфера 5 сфераға бөлінеді. Ең төменгі қабаты - **тропосфера**. Онда барлық ауа массасының 80% жынысы шоғырланған, сондықтан ол ең тығыз қабат. Биіктігі - поюстерде 8км, экваторда 20км, барлық су буы тропосферада жинақталған. Ауа райының құбылыстары да дамиды. Жерге таяу қабатта жергілікті климаттың негізгі ерекшеліктері байқалады. Жоғары көтерілген сайын ауа температурасы төмендейді, жоғары шегінде -50 градустан - 60 градусқа жетеді. Келесі сфералары: стратосфера, мезосфера, ионосфера және экзосфера. Тропосфера қабатында ғана тіршілік бар, ал жоғарылаған сайын ауа өте сиректеп барады.

Атмосфера жерді күндіз күн сәулесінен қатты қыздырмайды, түнде өте суытпайды. Жерді метеориттерден сақтайды, олардың көбі жер бетіне жетпей жойылып кетеді.

Қазіргі уақытта атмосфера бүкіл дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның басшылығымен зерттеледі. Бұл ұйымға көптеген елдер кіреді. Автоматика, радио, электронды есептеуіш машиналар секілді ең жаңа құралдарды қолдана отырып, материалды жинау және өңдеу бағдарламасы жасалады. Жер бетінде метеорологиялық станциялар салынған. Бақылаушылар температураны, желдің бағыты мен жылдамдығын, бұлтты, жауын-шашынды анықтайды.

Атмосфера қабаттарын радиозондтардың көмегімен зерттейді. Метеорологиялық ракеталар 120км биіктікке дейін көтеріледі. Атмосфераны 400-500 км-ге дейін зерттейді. Ғарышкерлер бақылаулар жүргізеді. Жердің жасанды серіктері 200км-ге дейін атмосфераның жай-күйін зерттейді.

Ауаның ластануы. Ауаны қорғау

Табиғаттағы заттар айналымы арасында белгілі бір үйлесімділік бар. Олар әр қабаттағы өзінің белгілі бір мөлшерін сақтайды. Сондықтан ауаның құрамы тұрақты болып шығады.

Өркениет пайда болған кезден бастап ауаға кездейсоқ заттар қосыла бастады. Оған дейін ауа табиғи жолмен ғана ластанатын. Жанартаулар атқылағанда ауаға бу күйіндегі заттар, улы газдар араласады. Жел арқылы шаң, тозаңдар ұшып шығады.

Орман өртенген кезде көп мөлшерде газдар мен бу ұшып шығады. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдығы шірігенде түзілетін газ заттары да ауаға тарайды. Мұның бәрі табиғи ластануға жатады. Заттар айналымы кезінде ауа табиғи ластанудан өзін-өзі тазартып отырады.

Қазіргі кезде ауаның ластануы адамның іс-әрекеті салдарынан жиілеп отыр. Оны ластайтын - жылу электр станциясынан, мұнай өңдеуден. Металл өндіруден, көліктерден, т.б. шығатын қалдықтар.

Бұлардан ауаға жыл сайын 25 миллиард тонна көмірқышқыл газы, 156 миллион тонна әртүрлі улы газдар араласып жатады.

Ірі қалаларда ауаның ластануы қауіпті шегіне жетті. Қалаға сырттан қарағанда оның үстін түтінді тұман басып жатқанын көресің. Ол тұман газ бен тозаңның араласуынан түзіледі. Содан келіп қаланың ауасы нашарлайды. Ауа температурасын біршама көтереді. Қала ауасының құрамында су болады да, ылғалды ауамен тыныс алу қиындайды.

Ауаның ластануы тіршілік етушілерге өте зиянды. Өсімдіктердің жапырағына қонған шаң оның тыныс алуын, суды буландыруын баяулатады. Ормандағыдан гөрі қалада өсетін ағаштар тіршілігі ерте тоқтайды. Орманда 400 жыл жасайтын жөке ағашы, қала ауасында 50-80 жыл ғана өмір сүреді.

Жануарлар да, адамдар да ауа құрамына сәйкес газ қоспасымен тыныс алуға үйренген. Қоспаның құрамы өзгергенде, басқа газдар араласқанда ағзаның тыныс алуы бұзылады. Сөйтіп, ол ауруға шалдығады.

Ауаға тарайтын кездейсоқ заттардың көбеюінен ауа қабаты өзін-өзі тазарта алмайды. Оны қорғау қажет. Ол үшін арнайы шаралар жүзеге асырылады. Зауыттарға тазартқыш қондырғылар орнатылады. Көліктерден шығатын түтіннің жолына сүзгі қойылады. Сұйық отын газбен алмастырылады. Ауаны тазартудың ең тиімді жолы - көгалдандыру. Бұл аса маңызды іске сіздер де қатыса аласыздар. Сіздің еккен әр ағашыңыз ауаны тазартуға қосқан үлесіңіз болып табылады.

Оқып түсінгендеріңізді топ ішінде талқылаңыздар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.


1. Атмосфера немесе ауа - дегеніміз не?
2. Атмосфера неше сферадан тұрады?
3. Ауаның тіршілік үшін маңызы және ерекшелігі қандай?
4. Қалаға қарағанда ауылды мекендерде ауаның таза болу себептері неде деп ойлайсыз?
5. Ауаны қорғау үшін қандай әрекеттер жасар едіңіз?

IV. Дәптермен жұмыс.

Жоғарыдағы сұрақтарды негізге ала отырып, мәтінді сатылай кешенді талдап жазыңыздар. (Топтық жұмыс)

Үлгі:

Ауа



3. Мезосфера
4. Ионосфера
5. Экзосфера.

2.2. Зерттелуі: Атмосфера қабаттарын радиозондтардың көмегімен зерттейді. Метеорологиялық ракеталар 120км биіктікке дейін көтеріледі. Атмосфераны 400-500 км-ге дейін зерттейді. Ғарышкерлер бақылаулар жүргізеді. Жердің жасанды серіктері 200км-ге дейін атмосфераның жай-күйін зерттейді.

2.3 **Қасиеттері.** Ауа - иіссіз, дәмсіз, түссіз, көзге көрінбейді (тәжірибе жүргізу арқылы көз жеткізуге болады).

2.4 **Маңызы.** Ауа - тіршілік көзі. Ауа қабаты жердің күн сәулесінен өте ысып кетуінен және ғарыштық суықтан қорғайды.

3. Ерекшелігі. Атмосфераның төменгі шекарасы - жер беті, бірақ ауа жыныстардың сызаттары мен саңылауларына да енеді. Кез келген заттың бойында ауа бар. (Тәжірибе жүргізу арқылы көз жеткізуге болады).

Атмосфера жерді күндіз күн сәулесінен қатты қыздырмайды, түнде өте суытпайды. Жерді метеориттерден сақтайды, олардың көбі жер бетіне жетпей жойылып кетеді.

4. Салыстыру. Жер бетіндегі ауа тығыз және ауыр болады. Теңіз деңгейіндегі 1 куб. метр ауаның массасы 0 градус температура кезінде 1кг 293грамға тең болады. 12см биіктікте 310грамм ғана, ал 40км биіктікте не бары 4грамм болады. Биіктеген сайын ауаның тығыздығы ғана емес, сонымен қатар температурасы да, ылғалдығы да өзгеріп кетеді.

5. Қорғау. Ауаның тазалығын сақтау үшін ірі кәсіпорындардың мұржаларына ыс, шаң-тозаң, түрлі улы газдарды тұтатын қондырғылар орнатылады. Айналаны көгалдандыру, ауаны тазартудың бірден-бір маңызды жолы.

8. Қорытынды. Таза ауа - денсаулық кепілі.

V. Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға арналған тапсырмалар.
Жеке жұмыс.

1-тапсырма. Стақанға су құйып, оған бір түйір топырақ тастаңыз. Су бетіне шыққан көпіршіктер нені білдіреді? 1-тәжірибеде нені анықтап көз жеткіздіңіз соны дәптерге жазыңыз. (Топырақтың құрамында ауа бар екені дәлелденеді).

2-тапсырма. Стақанға су құйып, бір түйір қант салыңыз. Не байқадыңыз? 2-тәжірибеде неге көз жеткіздіңіз? Дәптерге жазыңыз. (Ауа қатты заттарда да болады).

VI. Сергіту сәті.

Білгенге - маржан

Ауа райын болжау туралы халық нышаны белгілерінің үлгілері.

- ✓ Қарға тұмсығын қанатының астына жасырса, күн суытады дей бер.
- ✓ Мысық қабырғаны тырналаса, ауа райы бұзылады, бұйығып жатса, аязға көрінеді.

- ✓ Жұлдыз жиі болса, ауа райы қыста суық, жазда ашық болады. Аспанда жұлдыздар аз көрінсе, ауа райы бұлыңғыр болады.
- ✓ Егер қыста желсіз күні түтін жер бауырлап шықса, қар жауғанға, түтін тік шықса, аязға көрінеді.
- ✓ Қарлығаштар мен сұр қарлығаштар жерден жоғарылап ұшса, ауа райының жақсарғаны.

VII. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық тапсырма. Жеке жұмыс.

«Ауаны қорғау» тақырыбына сурет салу.

VIII. Рефлексия.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

X. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Ауаға байланысты ырым-тыйым сөздер және мақал-мәтелдерді жинақтау.

7-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Топырақ

Сабақтың мақсаты:

- Тәрбиелік:** Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы табиғатты, жер ананы аялау және бағалауға баулу.
- Білімділік:** Топырақ, оның құрамы, маңызы туралы білім алып, ең қажетті түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.
- Дамытушылық:** Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта (сабаққа қажетті көрнекіліктер интерактивті тақта арқылы көрсетіледі).

Ескерту: Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады. Мұғалім тапсырманың деңгейіне қарай ұпайды және уақытты алдын ала белгілеп береді. Оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі және топтық бағалай алады.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.


1. **Ауа** тақырыбын сатылай кешенді талдау. («Серпілген сауал» әдісі бойынша ауызша талдатуға болады. Мұғалім допты лақтыра отырып сұрақ қояды, мысалы: Ауаның анықтамасын айтыңыз; Ауаның ерекшелігі қандай? т.б. Мақсат: 2-деңгей айтылым әрекетіне жаттықтыру).

2. Ізденіп тауып келген ауаға байланысты ырым-тыйым сөздер және мақал-мәтелдерді ортаға салады.

Жұмыстары талқыланып, бір-біріне сұрақтар қояды.

III. Жаңа сабаққа бағыттау. (Ой қозғау).

Сөзжұмбақ шешіп көрейік!



1. Қоршаған орта...?

2. Ағаштардың отаны...?

3. Өсімдіктің тыныс алу мүшесі...?

4. Киелі және емдік қасиеті бар өсімдіктің аты...?

5. Өсімдіктің қоректік заттарды қабылдайтын мүшесі...?

6. Өсімдіктен нәр жинайтын жәндік...?

6. Жануарларды қорғауға алған мекен аты...?

Сөзжұмбақтың шешуі қандай сөз екен? (топырақ)

Топырақ дегеніміз не? Ол туралы қандай мәліметтер білесіздер? (Оқушылар өз ойларын, білгендерін ортаға салады.)

Олай болса балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы топырақ болмақ.

IV. Жаңа білімді меңгеру.

Екінші кезең: **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Топырақ

Топырақ деп жоғарғы табиғаттың әртүрлі күштерінің әсерінен қопсытылған, әрі табиғат пен тірі ағзаларға өте бай және сол тіршіліктің негізгі көзі болып отырған жердің құнарлы, өсімдік өсетін беткі қабатын айтады. Топырақ, академик В.И. Вернадскийдің анықтауы бойынша, әрі тірі, әрі өлі денеден тұрады. Топырақтану деген ғылым бар. Ғылымның негізін салған - В.В. Докучаев.

Топырақ аналық тау жыныстарының ұзақ геологиялық мерзімде әртүрлі жолдармен үгілуінің және мүжілуінің нәтижесінде пайда болған. Бұл табиғат күштерінің ішінде температураның, судың, желдің, көшпелі мұздардың әрекеті ерекше. Сонымен, топырақ - жердің бетіндегі өсімдік өсетін, борпылдақ, жұмсақ қабат. Оның құрамында су, ауа, саз, құм, шірінді бар. Қарашірік (перегной) дегеніміз - микроорганизмдердің органикалық қалдықтары, негізінен алғанда, өсімдік қалдықтарын ыдырату өнімі.

Топырақтың ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуды қамтамасыз ете алатын қабілетін оның құнарлығы деп атайды.

Топырақ әртүрлі болады, ол климатқа, өсімдікке байланысты. Топырақты тегіне, құрлымы мен құрамына қарай күлгін, сазды, қара топырақты, қоңыр топырақты, сортаң топырақты, қызыл топырақты, сары топырақты, т.б. деп болады. Ең құнарлы - қара топырақ, оның қарашірігі мол (6-8%), ол жазық далада таралған. Құнары азырақ (4-6%) - қара қоңыр топырақ. Орталық Қазақстанда, Торғайда, Орал үстіртінде кездеседі. Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Орталық Қазақстан облыстарында күнгірт қара қоңыр, жай қара қоңыр, ашық қоңыр топырақтар таралған. Топырақтар құрғақ дала зоналарында пайда болады. Бұл топырақтарда шірінділер мен минералдық заттар көп, суарған кезде өте құнарлы.

Құба түсті топырақтың құнары аз, қолдан суаратын жерлерде таратылады. Сұр құба, тақыр түстес топырақтар құрғақшылық жерлерде кездеседі, құмды аймақтарда тақыр түстес топыраққа күріш егеді.

Күлгін топырақтар қылқанжапырақты орман өсетін өсімдіктердің әсерінен пайда болады. Олар ақшылдау болып келеді, түсі күл сияқты, күлгін топырақты деп аталынуы да сондықтан. Бұл топырақтарда шірінділер аз, құрлымсыз, қышқылдығы жоғары, құнарлығы да аз. Топырағының құрамына қарай құмайт топырақты және сазды топырақты деп бөледі.

Шымды күлгін топырақтар көпжылдық өсімдіктер өсетін аралас ормандар зонасында көп. Бұл топырақтар шірінділерге аса бай және күлгін топырақтарға қарағанда құнарлы.

Сазды топырақтар ауаның және жердің температурасы төмендегенде пайда болады, жер қыртыстарында ылғалдың жиналуына әсер етеді де, өсімдік қалдықтарының орналасуына кесел келтіреді. Шірінділер аз болады, сондықтан бұл топырақтың құнарлығы да аз.

Таулы жердегі далалар құнарлы сұрғылт топырақты келеді, оның ылғалдығы мол (250-650мм), мұнда қысқа күздік арпа, күздік бидай өсіреді.

Ал суармалы жерлерге қант қызылшасы, мақта, темекі, бау-бақша ағаштары, жүзімдер егіледі.

Сортаң топырақтар шөл дала тектес, оның жоғары температурасы мен жауын-шашыны мүлде жоқ деуге болады. Бұл топырақтарға жиналады.

Қызыл топырақ пен сары топырақ темірге, марганецке бай, фосфоры аз, бұл топырақтар өзінің пайда болған жерінде көптеген жауын-шашынның әсерінен қатты шайылады, сондықтан органикалық және минералдық тыңайтқыштармен тыңайтуды қажет етеді.

Топырақтың құнарлылығына адамның іс-әрекеті қатты әсер етеді. Агротехникалық әдістер арқылы өңдеу, органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгізу, сондай-ақ топырақты дұрыс суару арқылы оның сапасы мен құнарлылығы арттырылады.


Топырақ - жер бетіндегі тіршілік өзегі. Адамды асырайтын, киіндіретін мекен - осы, жердің торқалы топырағы. Халқымыздың «Жер - ана, Жері байдың - елі бай» деуі де сондықтан. Топырақты қадірлей білу керек. Оның әрбір мекенін тиімді пайдалану - негізгі борышымыз. Топырақтың жануарларға баспана ретінде де пайдасы бар. Топырақта түрлі құрттар, қоңыздар, ін қазатын тышқандар тіршілік етеді. Табиғатта өсімдіктің жайқалып өсіп, сән беріп тұруы топыраққа байланысты. Сондықтан да адамдар түрлі қи, көң қосып, құнарсыз топырақты өңдейді.

Тапсырмалар:

1. Мәтіннен не түсіндіңіздер?
2. Топырақ дегеніміз не?
3. Топырақтың қандай түрлері бар?
4. Топырақтың құрамы қандай?
5. Ерекшелігі...?
6. Топырақтың маңызы?
7. Топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру үшін қандай шаралар қолданар едіңіз?
7. Қандай қорытынды жасадыңыздар?
8. Мәтін тірек сызбасын қалай сызуға болады? (Сатылай кешенді талдау тірек сызбасы.)

Олай болса, тірек сызбаны мәтіннің мазмұнына қарай бірге құрайық.

Үлгі.



денеден тұрады.

Топырақтану деген ғылым бар. Ғылымның негізін салған - В.В.

Докучаев.


2.2 Топырақтың түрлері. Топырақ әртүрлі болады, ол климатқа, өсімдікке байланысты. Топырақты тегіне, құрлымы мен құрамына қарай:

1. Күлгін
2. Сазды
3. Қара топырақты
4. Қоңыр топырақты
5. Сортаң топырақты
6. Қызыл топырақты
7. Сары топырақты.

2.3 Құрамы. Топырақтың құрамында су, ауа, саз, құм, шірінді бар. Қарашірік (перегной) дегеніміз - микроорганизмдердің органикалық қалдықтары, негізінен алғанда, өсімдік қалдықтарын ыдырату өнімі (тәжірибе жасау арқылы көз жеткізуге болады).

2.4 Маңызы. Топырақ- өсімдіктің тірегі. Адамды асырайтын, киіндіретін мекен - осы, жердің торқалы топырағы.....

3. Ерекшелігі. Ең құнарлы - қара топырақ. Топырақтың ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуды қамтамасыз ете алатын қабілетін оның құнарлығы деп атайды. Құнарлы болуы топырақтың құрамына байланысты.....

4. Қорғау. Топырақ эрозиясы  Су эрозиясы
Жел эрозиясы

Жел, дауылды жауған жаңбыр, топырақтың құнарын шайып кетеді. Осылайша топырақты өз құнарынан айырады. Оны болдырмаудың бірден-бір жолы – ағаштар мен өсімдіктерді көп егу. Себебі, ағаш тамырлары мен өсімдік тамырлары топырақты бекіп ұстап тұрады. Сонымен бірге адамдардың топыраққа түрлі қи, көң қосып тыңайтуы ұтымды нәтиже береді.

5. Қорытынды. Топырақ - жер бетіндегі тіршілік өзегі.....

V. Алған білімдерін зерделеу.

Тапсырмалар орындау. Жұптық жұмыс.

1-тапсырма. Тәжірибе жасап көріңіз.

Бір стакан суға бір уыс топырақ салыңыз. Не байқадыңыз? Топырақтың құрамында қандай заттар бар екен?

2-тапсырма. Сіздер тұрған жерде топырақтың қандай түрі қалыптасқан?

Сортаң топырақты сатылай кешенді талдау жасап көріңіздер.

VI. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жеке жұмыс.

Сіз тұрған жерде топырақтың құнарлылығын сақтау және оны арттыру үшін не істер едіңіз? Өз ойыңызды ақ параққа түсіріңіз.

VII. Рефлексия.

VIII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

IX. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді талдауға жаттығу.

8-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктің мүшелері

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы өсімдікті, жер ананы аялау және бағалауға баулу.

ә) Білімділік: Өсімдік және оның мүшелері, маңызы туралы білім алып, ең қажетті түйіндерді сызбаларға салуға, жазбаша және ауызша талдауды меңгерулеріне жағдай жасау.

б) Дамытушылық Пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға, табиғатты бақылау және зерттеуге жағдай туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Кесте, сызба,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Ескерту: Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады. Мұғалім тапсырманың деңгейіне қарай ұпайды және уақытты алдын ала белгілеп береді. Оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі және топтық бағалай алады.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Қызыл, сары, ақ, жасыл,

Гүлдер өскен жер асыл.

Қандай шіркін ауасы,

Жүректің ем, дауасы.

Айнала гүл,

Бір күнде

Санап шығу мүмкін бе?
Көбелектер толып жүр,
Гүлден гүлге қонып жүр.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

1. **Топырақ** тақырыбын сатылай кешенді талдау. («Тірек сызба» ойыны арқылы ауызша талдатуға болады. Топтағы оқушылар тірек сызба болып тұрады, талдауды бірін-бірі жалғастырып айтады).

Жұмыстары талқыланып, бір-біріне сұрақтар қояды.

III. Жаңа сабаққа дайындық. (Ой қозғау).

Жұмбақ өлең

Суда өнетін ақ маржан

Бидайға ұқсас масағы,
Бірақ жалғыз қатарлы.
Дән-қауызы тізілген,
Нәзік мұртша-шашағы ...

Теңер маржан, күміске ел,
Дәнді, нәрлі, ырысты ол.
Суда көктеп,
Жерде өнер,
Бұл дақылды ... дер. (күріш)

1. Күріш өсімдіктің қай түріне жатады? (дәнді дақылдылар)
2. Күріш еліміздің қай өңірлерінде өсіріледі?
3. Күрішті қалай егіп- баптайтынын білесіз бе?
Демек, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «өсімдік» туралы болмақ.

IV. Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру.

Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.
(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктің мүшелері

Өсімдіктер – табиғаттың жанды денелері. Олар қоректенеді, тыныс алады, өседі, көбейеді, қурайды. Өсімдіктердің өсуіне топырақ, су, жылу, ауа, күн көзі қажет.

Өсімдік - табиғат қазынасы, халық байлығы. Өсімдіксіз жер бетінде тіршіліктің болуы мүмкін емес.

Биомасса, негізінен, өсімдіктерден құралады. Өсімдіктер жартасты тауды, құмды аймақтарды, жасыл шалғын орманды, даланы, батпақты, егістік жерлерді және біздің ғаламшардағы құрлық атаулыны алып жатыр.

Өсімдіктер үш топқа бөлінеді. Олар. Ағаштар, бұталар, шөп тектес өсімдіктер. Ағаштар, бұталар орманда, бақта, саябақта өседі. Ауыл мен қала көшелеріне қарағаш, тал, жөке, қайың, емен ағаштары сән беріп тұрады. Шөп тектес өсімдіктер барлық жерде өседі. Олардың көбі ашық түсті әдемі гүл ашады.

Өсімдіктердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады. Өсімдіктердің әрбір мүшесі белгілі бір қызмет атқарады. Оларды өсімді мүшелер және көбею мүшелері деп екі топқа бөлуге болады.

Өсімдік мүшелеріне тамыр, сабақ, жапырақ, ал көбею мүшелеріне - гүл және жеміс, тұқым жатады.

Тамыр - өсімдіктің жерасты мүшесі. Өсімдік тамыр арқылы топырақтан су мен қорек алады. Тамыр тарамдалып, жан-жағына кең жайылып жататындықтан, өсімдікті топыраққа мықтап бекітіп, қанша дауыл соқса да, құлатпай ұстап тұрады. Тамырда өсімдік ағзасына қажетті заттар түзіледі.

Тамыр ұрықта қалыптасады. Тұқым көктеген кезде ұрық тамыры ұзарып, негізгі тамыр пайда болады, ал одан жанама тамырлар тарайды.

Жаңбырсыз ыстық климатта өсетін өсімдіктердің көпшілігінің тамыр жүйесі күшті дамыған. Ылғалды жағдайларда (су, батпақ) өніп-өсетін өсімдіктердің тамыр жүйесі нашар дамиды.

Тамыр жүйесінің екі түрі болады: кіндік тамыр және шашақ тамыр.

Кіндік тамыр - сабақтың топырақ ішіне кеңіген жалғасы. Жіп тәрізді (беде, жусаған, зығыр), ұршық тәрізді (сәбіз, қант қызылшасы, ақ-желек) шалқан тамырлы (асхана қызылшасы, шалқан), бұтақ тамырлы (ағаштар, бұталар) түрлері болады.

Шашақ тамырлар сабақтың түбінен таралады. Астық тұқымдас өсімдіктер (бидай, кара бидай) шашақ тамырлар болып келеді.

Жапырақ - өсімдіктің ең маңызды өсімді мүшесі. Жапырақта тақта, сағақ және кейде тілше болады. Сағағы болатын жапырақтарды сағақты жапырақтар деп атайды (тал, қайың, терек). Кейбір өсімдіктерде сағақ болмайды да, жапырақ сабаққа жапырақ тақтасының негізінен орналасады. Мұндай жапырақтарды опырмалы жемесе сағақсыз жапырақ деп атайды (бидай, жүгері, алоэ).

Жапырақтар үш түрлі болып шығады. Олар кезекті, қарама-қарсы, шоқты.

Жапырақтың алақандарының пішіндері әртүрлі болады: жүрек тәрізді (жөке ағашы), бүйрек тәрізді (тай-тұяқта), ромб тәрізді (қаратал, қайында), жебе тәрізді (шырмауықта), қылқанжапырақты (қарағай, шыршада).

Жапырақтың үстінгі және астыңғы беттерін өте мөлдір, жазық жасушалардан тұратын жабын қорғайды. Жапырақтың астыңғы жағында көптеген тесіктер – лептесік бар. Ауа лептесіктер арқылы ішке кіреді. Ылғал

көп болғанда жасушалар пішіні өзгеріп, тептесік ашылады да, газ алмасу қарқыны күшейіп, жапырақтан буланған су атмосфераға бөлінеді.

Жапырақ жарық жеткілікті жағдайда өссе, түсі қола жасыл болады. Жарық жеткілікті болмаса, түсі сарғыш болады.

Сабақ - өсімдіктердің жерасты мүшелері мен жерүсті мүшелерін бір-бірімен жалғастырып тұрады. Жапырақтар, гүлдер, жемістер сабаққа бекиді. Тамырдың топырақтан алған қоректік заттары жапыраққа, ал жапырақта түзілген органикалық заттар тамырына сабақ арқылы жеткізіледі. Сабақ арқылы өсімдіктер көбейеді.

Шөптердің сабағы жіңішке, жасыл, шырынды болатындықтан, оларды шөптекті сабақтар, ағаштардың сабақтары жуан, қатты, мықты болғандықтан, сиректі сабақ немесе дің деп атайды.

Сабақ пішіні цилиндр тәрізді (жауқазын), төрт қырлы (қалақай, егінгүлдері), үш қырлы (қияк), жалпақ сабақты (дала өсімдіктері) болып келеді.

Гүл - өсімдіктің көбею мүшесі. Гүлден жеміс пен тұқым дамиды. Гүлдің сыртын жасыл түсті тостағанша жапырақтар мен түрлі-түсті күлтежапырақтар қоршап тұрады.

Күлтесінің ішінде аталықтар мен аналық болады. Аталықтар мен аналық - гүлдің негізгі бөлігі, олардан жемістер мен тұқымдар түзіледі. Әрбір аталық жіпше мен тозаңқаптан құралады. Тозаңқаптың ішінде тозаң жетіледі. Піскен кезде тозаңқап жарылып, одан тозандар төгіледі.

Аналық гүлдің қақ ортасында болады. Аналықтың төменгі жуандау бөлігін түйін, одан жоғарырақ жіңішкерген жерін мойын, ең ұшын ауыз деп атайды.

Гүлдеп болғаннан кейін тостағанша, күлте мен аналықтар құрап түсіп қалады, тек аналық түйіні ғана сақталып, ол жеміске айналады. Жемістің ішінде тұқым болады.

Тұқым - өсімдіктің ұрпағы, онда болашақ өсімдіктің бастамасы және қорек жиналады. Тұқымның құрамында су, минералды заттар, органикалық (крахмал, ақуыз, май) заттар бар.

Мысалы, бидай тұқымында крахмал мен ақуыз көп, ал жаңғақ, күнбағыс, асқабақ тұқымында май көп.

Тұқымның өнуіне су, жылу, жарық керек. Осылар жеткілікті болған кезде тұқым өнеді.

Қарабидай, сұлы, арпа тұқымдары 0-5 градуста өне бастайды, 5-10 градуста қаулап өседі. Қияр, жүгері, қызанақ 10-14тградуста өнеді. Пияз, сәбіз, шырмауық сарғалдақ тұқымдарына өте көп жарық қажет.

Жемістер құрғақ және шырынды болады. Құрғақ жемістерге жаңғақ, бидай, тары, бұршақ жатады. Шырынды жемістерге: қызанақ, қияр, бүлдірген, алма, кара жидек жатады.

Жеміс тұқымы - ұрпақ жалғасы. Өсімдіктер тұқым, жемісі арқылы үнемі көбейіп отырғандықтан, жер бетін жасыл желек жауып, ондағы тіршілік жалғаса береді.

Әрбір өсімдік айналадағы орта жағдайларымен байланысты тіршілік етеді. Жылдың әр маусымында өсімдіктер өзгереді. Күзде күн суыта бастайды, жаңбыр жиілеп, күн қысқарады, Гүлді өсімдіктердің жемістері мен тұқымдары піседі, жапырақтарының түрі өзгеріп, түсе бастайды, көптеген шөптесін өсімдіктердің жер бетіндегі бөліктері қурайды. Қыста өсімдіктер демалады. Көктемде жер жылынып, қар еріп, күн ұзарады да, өсімдіктерді оятады: ағаштардың шырындары қозғала бастайды, жапырақ шығып, өсімдіктер гүлдейді, жазда өсуі мен дамуын жалғастырады.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Мәтіннен не түсіндіңіздер?
2. Өсімдік дегеніміз не?
3. Өсімдіктерді қандай топтарға бөлуге болады?
4. Өсімдік мүшелері?
5. Ерекшелігі...?
6. Өсімдіктің маңызы?
7. Сіздер туған жерде қандай шипалы дәрілік өсімдіктер бар? Халық медицинасында қандай өсімдіктерді пайдаланатынын білесіздер?
8. Қазақстанның өсімдіктер дүниесіне зиян келтіретін факторлардың көбеюі неліктен? Оның себебін қалай түсіндіруге болады?
9. Қандай қорытынды жасадыңыз?
8. Мәтін тірек сызбасын қалай сызуға болады? (Сатылай кешенді талдау тірек сызбасы)


Олай болса, тірек сызбаны мәтіннің мазмұнына қарай бірге құрайық.

Форма: Ұжымдық.


Дәптермен жұмыс. (Жазбаша орындап, сосын ойындар арқылы ауызша талдауға болады).

Үлгі.

Өсімдік мүшелері



- 2. сабақ
- 3. жапырақ



2.5 Қызметі.

1. **Тамыр** - өсімдіктің жерасты мүшесі. Өсімдік тамыр арқылы топырақтан су мен қорек алады.
2. **Жапырақ** - өсімдіктің ең маңызды өсімді мүшесі. Жапырақ - өсімдіктің тыныс алу мүшесі.
3. **Сабақ** - өсімдіктердің жерасты мүшелері мен жерүсті мүшелерін бір-бірімен жалғастырып тұрады. Тамырдың топырақтан алған қоректік заттары жапыраққа, ал жапырақта түзілген органикалық заттар тамырына сабақ арқылы жеткізіледі. Сабақ арқылы өсімдіктер көбейеді.
4. **Гүл** - өсімдіктің көбею мүшесі. Гүлден жеміс пен тұқым дамиды.
5. **Тұқым** - өсімдіктің ұрпағы, онда болашақ өсімдіктің бастамасы және қорек жиналады.

2.6 Маңызы. Өсімдік - табиғат қазынасы, халық байлығы. Өсімдіксіз жер бетінде тіршіліктің болуы мүмкін емес. Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы өте жоғары. Өсімдік - жесек тағам, кисек киім болады. Сонымен бірге өсімдіктерден түрлі адам өміріне қажетті заттар жасайды. Жемістердің құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер бар.....

3. Ерекшелігі.

4. Қорғау. Адамның қорғауына мұқтаж өсімдіктер көп. Еліміздің «Қызыл кітабына» қызғалдақ, ерман шөп т.б. енгізілген.

Табиғатты қорғау туралы заңды тек үлкендер ғана емес, балалар да сақтау тиіс. Мысалы, шыбықтарды сындыруға, ағаштарды кесуге болмайды. Ол зиянкестің ісі.

5. Қорытынды.

Өсімдік -

V. Алған білімдерін зерделеу.

Тапсырмалар орындау.

Жұмбақтарды шешіңіздер.

Жұпар иісі еседі,
Жайнап бақта өседі. (Гүл)

Ағайынды бәрі, шықса - жасыл, түссе - сары.

(Жапырақ)

Жұптық жұмыс.


1-тапсырма. Тәжірибе жасап көріңіз. (Үйде бақылайды).

Бидай немесе жүгері дәнді дақылдарын бөлме температурасында суға салып қойыңыз. Күнде қандай өзгеріс болғанын «Айналадағы дүниені бақылау күнделігіне» жазып жүріңіз.

2-тапсырма. Жапырақ, гүл, сабақ немесе тұқымды сатылай кешенді талдау жасап көріңіздер.(Жұптасып орындайды).

Үлгі:

Тақырыбы: Жапырақ

- 
1. **Анықтама.** Жапырақ -өсімдіктің өсу мүшесі.
 2. **Тану.** Жапырақ тақтадан және сабақтан тұрады.Жапырақтың кеңейген бөлімі – тақтасы.Сабаққа бекінетін жіңішке бөлігі сағағы.Жапырақ тақтасының бүйрек пішінді,жебе тәрізді, жүрек тәрізді, ромб тәрізді.
 3. **Ерекшелігі.** Фитосинтез, су булану, газ алмасу, органикалық, заттарды қорға жинау жапырақ тақтасында жүреді. Сағақ жапырақты жұлынып түсуден сақтайды.
 4. **Салыстыру.** Жай жапырақ бір ғана жапырақ тақтасынан тұрады.Күрделі жапырақ – 1 сағақта 2 одан да көп майда жапырақшалар болады.
 5. **Болашағы.** Атмосферадағы оттегін бөлініп шығарады. Қорек ретінде пайдаланады.
 6. **Экологиясы.** Ауаны улы химиялық заттардан тазартады.
 7. **Қорытынды.** «Ағаш көркі жапырақ»
 8. **Нәтиже.** Жапырақтың құрылысын, қызметін, түрлерін білдім.
Бір-бірінен ажыратуды үйрендім.

VI.Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық жұмыс.Жеке жұмыс. Кестені толтырыңыз.(Жапырақтың түрлерінің ерекшеліктерін дәлелдеп жазады)

түрлері	ерекшеліктері
Жай жапырақ
Күрделі жапырақ

VII. Рефлексия.

VIII. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

IX. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу.Мәтінді сатылай кешенді талдауға жаттығу.

9-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзінді-өзің тексер!

Сабақтың мақсаты:

- а) **Тәрбиелік:** Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, табиғатты аялауға, адамгершілікке және сауаттылыққа баулу.
- ә) **Білімділік:** Өтілген тақырыптар бойынша білімдерін есепке алу.
- б) **Дамытушылық:** Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Алынған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, ойтолғау, білімдерін шыңдауға, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, дербес тұрғыда орындау.

Көрнекілігі: Тірек сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді.

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

1-деңгей:

1. Өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.
2. Өтілген тақырыпты сатылай кешенді талдап жазу.
3. Тест тапсырмалары.

II. Алған білімдерін зерделеу.

1-тапсырма.

Біліміден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез.

Ел мен жер - оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары - біздің басты байлығымыз.

Ы. Алтынсарин (Ойтолғау. Ұжымдық)

Жазбаша жұмыс.

Форма: жеке жұмыс.

Бағалау: Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады. Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

Бағалау көрсеткіші: Қатесіз жұмысқа -5; 1-2 қатеге – 4;

Ескерту: Білім алушыларды партаға тізбектеп отырғызу, оларды екі нұсқаға бөлу.



2-тапсырма. Өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1-нұсқа.

1. Өсімдіктерде тамыр жүйесінің қандай түрлері болады?
2. Шашақ тамырдың қандай ерекшелігі бар?
3. Шөптесін өсімдіктер мен ағаш сабағының құрылысында қандай айырмашылықтар бар?
4. Топырақ дегеніміз не?
5. Атмосфераның қабаттарын атаңыз.
6. Судың тіршілік үшін қандай маңызы бар?
7. Жыртқыш құстар дегеніміз не?

2-нұсқа.

1. Жасыл жапырақтың негізгі атқаратын қызметі қандай?
2. Кіндік тамырдың қандай ерекшелігі бар?
3. Тұқымның жемістен айырмашылығы неде?
4. Топырақ қабатының құрлымындағы қарашіріктің маңызы қандай?
5. Ауа дегеніміз не?
6. Өзен мен көлдің айырмашылығы қандай?
7. Жануарларды қандай жүйелі топтарға бөледі?

3-тапсырма.

1-нұсқа

Жұмбақты шешіңіз.

Аузы бар, тілі жоқ,
Терісі бар, жүні жоқ.
Жүрегі бар, ізі жоқ,
Қанаты бар ұшпайды,
Су астында қыстайды. (Балық)

«Балық» тақырыбын жазбаша сатылай кешенді талдау.

2-нұсқа

Мақалды жалғастырып жазыңыз.

Бұлақ болмаса,
..... болмас еді. (Өзен)
«Өзен» тақырыбын жазбаша сатылай кешенді талдау.

IV. Сергіту сәті.

4-тапсырма. Тестік тапсырма.

1-нұсқа

1. Суда да, құрлықта да мекендейтін омыртқалы жануарлар:
 - а) Бақа, құрбақа, тритон (Бақа, құрбақа, тритон)
 - ә) Кесіртке, жылан
 - б) Қолтырауын
 - в) Тасбақа
2. Қазақстанның биік тау құздарын мекендейтін ірі жыртқыш аң:

- а) Мәлін
- ә) Ілбіс (Ілбіс)
- б) Жолбарыс
- в) Арыстан

3. Жыртқыш құстар:

- а) Жапалақтар, сұңқарлар, қаршығалар (Жапалақтар, сұңқарлар, қаршығалар)
- ә) Қайшыауыздар
- б) Түйеқұстар, киви, пингвиндер
- в) Бірқазан, сары құтан, шүрегей

4. Өсімдіктердің көбею мүшелері:

- а) Тамыр, сабақ, тұқым (Гүл, жеміс, тұқым)
- ә) Гүл, жеміс, тұқым
- б) Дiң, бүр, жидек
- в) Жаңғақ, дән

5. Сабақтарының пішіні төрт қырлы өсімдіктер:

- а) Қалақай, егінгүл (қалақай, егінгүл)
- ә) Қияқ
- б) Жауқазын
- в) Дала өсімдіктері

6. Жердің ауалы немесе газды қабығы:

- а) Гидросфера
- ә) Атмосфера (Атмосфера)
- б) Стратосфера
- в) Литосфера

7. Жердің су қабығы:

- а) Атмосфера
- ә) Биосфера
- б) Гидросфера (Гидросфера)
- в) Литосфера

8. Мұхиттың (теңіздің) бір бөлігі, ол құрлыққа тереңдеп еніп жатқанымен, мұхитпен (теңізбен) еркін жалғасады:

- а) Шығанақ (Шығанақ)
- ә) Бұғаз
- б) Түбектер
- в) Аралдар

9. Қазақстанның ең жылы айы:

- а) Маусым
- ә) Шілде (Шілде)
- б) Тамыз
- в) Қыркүйек

10. Халық нышандарының дұрыстығын тексере отырып, жаңбыр жауарда:

- а) Қарлығаш пен сұр қарлығаштар өрлеп ұшады
- ә) Өрмекші өрмегін өршелене тоқыса
- б) Өтеш кешқұрым шақырса
- в) Аспанда жұлдыз жиі көрінсе

2-нұсқа

1. Терісін құрғақ мүйізді қабыршақтар жауып тұратын құрлық омыртқалы жануарлары:

а) Кесіртке, жылан, тасбақа (Кесіртке, жылан, тасбақа)

ә) бақа, құрбақа

б) Балық

в) Тритон, бақатісті

2. Ұша алмайтын құстар:

а) Қайшыауыздар

ә) Дегелектер, дуадақтар

б) Түйеқұстар, киви, пингвиндер (Түйеқұстар, киви, пингвиндер)

в) Бірқазан, сары құтан, шүрегей

3. Кеміруші сүтқоректілер:

а) Күзен

ә) Борсық

б) Аққалақ

в) Тиін, қоян, суыр

4. Өсімдіктердің өсу мүшелері:

а) Тамыр, сабақ, жапырақ (Тамыр, сабақ, жапырақ)

ә) Гүл, жеміс, тұқым

б) Дің, бүр, жидек

в) Жаңғақ, дән

5. Жапырақ алақанының пішіндері жүрек тәрізді ағаш:

а) Қарағай, шырша

ә) Қайың, қаратал

б) Тайтұяқ

в) Жөке ағашы (Жөке ағашы)

6. Атмосфераның ең төменгі қабаты, онда барлық ауа массасының 80%-ға жуығы шоғырланған, ең тығыз қабат:

а) Стратосфера

ә) Тропосфера (Тропосфера)

б) Мезосфера

в) Термосфера

7. Құрлықты материктер мен аралдарға бөлетін жер шарының су қабығы:

а) Теңіздер

ә) Өзендер

б) Мұхиттар (Мұхиттар)

в) Мұздықтар

8. Ең үлкен, ең терең мұхит:

а) Үнді мұхиты

ә) Солтүстік Мұзды мұхиты

б) Тынық мұхиты (Тынық мұхиты)

в) Атлант мұхиты

9. Жауын-шашын мөлшерін өлшейтін аспап:

- а) Барометр
- ә) Термометр
- б) Гигрометр
- в) Анеронд

10. Халық нышандарының дұрыстығын тексере отырып, күн суытатынын анықтаңыз:

- а) Мысық қабырғаны тырналаса
- ә) Аспанда жұлдыз жиі болса
- б) Мұржадан шыққан түтін жоғары көтерілсе
- в) Қарға тұмсығын қанатының астына тықса (Қарға тұмсығын қанатының астына тықса)

6-тапсырма.

Шығармашылық тапсырма. Форма: Жеке жұмыс.

Жоғарғы қиындықтағы тапсырма. Кез келген екі затты (мысалы, ара мен шыбын; бақа мен құрбақа; өзен мен көл, т.б.) салыстыра отырып сатылай кешенді талдайды. Жазылым іс-әрекеті жүзеге асады. (Дарынды және талантты балалар).

Бағалау: Мұғалім бағалайды.

13 балдық жүйе арқылы бағаланады.

Аты-жөні	Сұрақ-жауап	Толық жазылым с.к.т	Тестік тапсырмалар	Шығармашылық тапсырма	Қорытынды баға
					136 «5»

V. Бағалау: Өзін-өзі бағалау.

10-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Бұлшық еттер

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Қанатты сөздердің мәнін ұғынып, денсаулықтың қадіріне жетуге баулу.

ә) Білімділік: Адам және оның дене құрлымы туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Логикалық ойлау, пәннің ғылыми тілінде сөйлеу қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгерту сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, қанатты сөздер.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Топтарға бөліну.

II. Жаңа сабаққа бағыттау.

Бірінші кезең: Мақсаты: Жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру.

Қанатты сөздерді түсініп оқып, қатеріңізде сақтаңыз!

- Дұрыс жолға қойылған денешынықтыру ойындары оқу білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе.

Ғ. Мүсірепов

- Денсаулықты сақтау үшін, ал онан да абзалы жиі ауыра берудің алдын алу үшін дене жаттығуларын жасаған немесе қозғалыста болған жақсы.

М.Я.Мудеров

- Қанатты сөздерден нені ұқтыңыздар? Ойларын дәлелдеу.(Ойтолғау).

- Олай болатын болса бүгінгі сабағымыз, адам және оның мүшелері туралы болмақ.

III. Жаңа сабақ.

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** Дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді толық, жеке оқып шығу. Мәтінді бөліктерге бөліп, топтарға беру. Мысалы, 1-топ «Бұлшық еттерді», 2-топ: «Қанқа, сүйек және буындарды», 3-топ: «Жүйке және тыныс алу жүйесін» оқып топ ішінде талқылайды, сатылай кешенді талдап, түрлі ойындар арқылы қорғайды. Топтар бір-біріне туындаған сұрақтарын қоюға болады. Топтар бірін-бірі бағалайды).

Адам. Адам денесінің құрлымы

Жер бетіндегі көптеген тіршілік иелері сияқты адам денесі де жасушалар мен тіндерден тұрады. Мындаған жыл бойы адам денесінің

құрлымын зерттеу арқылы ғалымдар мен зерттеушілер медицина тарихында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Адам денесінің құрлымын зерттейтін ғылым «адам анатомиясы» деп аталады. Адам денесіндегі әр жүйе басқа жүйемен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Әртүрлі жүйелердің үйлесімдікте қызмет атқаруының арқасында адам денесі мықты, денсаулығы мықты болады. Егер бір жүйенің қызметі бұзылса, ол тұтас ағзаның әлсіреуіне, дененің ауыруға шалдығуына әкеп соғады.

Адам денсаулығын нығайтып, өзін-өзі рухани және күш-қуат жағынан жетілдіру үшін спортпен шұғылданады. Спорт адамның қозғалыс жылдамдығын арттыруға, шапшаңдыққа, ептілікке, төзімділікке және күшті болуға дайындайды. Сонымен бірге адам бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, атап айтқанда, жауапкершілікке, сабырлылыққа, өзін-өзі қалыпты ұстауға үйретеді.

Бұлшық еттер адам денесінің жарты салмағын бұлшық еттер құрайды. Бұлшық ет - біздің қозғалуымызға мүмкіндік беретін дене мүшесі. Ол арнайы жасушалар тобынан құралған. Мидан сигнал келіп түскенде, сол жасушалар бірден іске кіріседі.

Бұлшық ет «сіңір» деп аталатын созылыңқы жасушалар тобының көмегімен сүйекке жабысып тұрады. Ол байланысқа түскен кезде сіңірді созады. Сіңір өз кезегінде сүйектің қозғалуына ықпал етеді. Осылайша, аяқ-қолдарымыз қозғалыс жасайды.

Біздің денемізде 640-қа жуық бұлшық ет бар. Олар үнемі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бұлшық еттердің қысқаруы, созылуы мүмкін. Бірақ серпімді емес. Олар көбіне бір-біріне қарама-қарсы топ болып орналасады. Бір топ бұлшық ет дененің алға жылжуына мүмкіндік берсе, екінші топ оны кері қайтаруға жәрдемдеседі. Бір топ тартылып жатқанда, екіншісі босаңсып, созылады. Сондықтан бұлшық еттерімізді бірігіп, бір мақсатта жұмыс істейтін топ ретінде көз алдымызға елестетуге болады. Аяқ пен қолдағы бұлшық еттер еріктілер санатына жатады. Өйткені оларды біз ақыл-ойымызбен қадағалап, жұмсай аламыз. Қалған бұлшық еттер жүйке жүйесінен сигнал алған мидың тапсырмасымен жұмыс істейді.

IV. Дәптермен жұмыс.

Үлгі:

Тақырыбы: Бұлшық еттер

1. Анықтама. Бұлшық ет - біздің қозғалуымызға мүмкіндік беретін дене мүшесі.
2. Тану. 2.1 Адам денесінің жарты салмағын бұлшық еттер құрайды. Біздің денемізде 640-қа жуық бұлшық ет бар. Олар үнемі бір-бірімен тығыз байланыста болады.....
- 2.2. Құрылысы. Бұлшық ет арнайы жасушалар тобынан құралған. Мидан сигнал келіп түскенде, сол жасушалар бірден іске кіріседі. Ол «сіңір» деп

аталатын созылыңқы жасушалар тобының көмегімен сүйекке жабысып тұрады.....

2.3.Қызметі. Бұлшық еттердің қысқаруы, созылуы мүмкін. Бірақ серпімді емес. Олар көбіне бір-біріне қарама-қарсы топ болып орналасады. Бір топ бұлшық ет дененің алға жылжуына мүмкіндік берсе, екінші топ оны кері қайтаруға жәрдемдеседі. Бір топ тартылып жатқанда, екіншісі босаңсып, созылады. Сондықтан бұлшық еттерімізді бірігіп, бір мақсатта жұмыс істейтін топ ретінде көз алдымызға елестетуге болады. Аяқ пен қолдағы бұлшық еттер еріктілер санатына жатады. Өйткені оларды біз ақыл-ойымызбен қадағалап, жұмсай аламыз. Қалған бұлшық еттер жүйке жүйесінен сигнал алған мидың тапсырмасымен жұмыс істейді.

2.4.Маңызы. Бұлшық еттер денені күш-қуатпен қамтамасыз етеді. Соның арқасында біз тұру, отыру, жүру, ас ішу сияқты қозғалыстарды атқара аламыз.....

3.Қорытынды. Бұлшық еттеріміз жақсы жетілуі үшін спортпен айналысқаның маңызы зор. Өйткені, «Спорт - денсаулық кепілі».....

V.Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға арналған сұрақтар.

Жеке жұмыс.

- 1.Адамға шаш не үшін керек?
- 2.Адам денесіндегі ең ұзын бұлшық ет қайсы?
- 3.Сынған сүйек қалай бітеді?

VI. Сергіту сәті.

Білгенге - маржан

- Адамның шашы қорғаныш қызметін атқарады. Ол бас терісін күн сәулесінің тікелей түсуінен және суықтан қорғайды.
- «Тігінші бұлшық ет» - адам денесіндегі ең ұзын бұлшық ет болып саналады. Ол санның сыртынан басталып, тізенің ішіне дейін созылады. Осылайша, санның жан-жаққа бұрылып, қозғалуына мүмкіндік береді.
- Сынған сүйектер алдымен теңестіріліп, бастапқы қалпына келтіріледі. Жекелеген бөліктердің сынған жерлеріне гипс салынады, ол сүйектің тезірек бітуіне ықпал етеді. Сауығу кезінде ағза сынған бөліктерді бітістіретін жаңа жасушалар тобын дайындап шығарады.

VII. Алған білімдерін зерделеу.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жеке жұмыс.

Бұлшық еттер мен қаңқанының ұқсатығы мен айырмашылығын салыстыра отырып талдау.

VIII. Рефлексия.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

Х. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді ауызша талдауға жаттығу. Денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдер жинақтау.

11-сабақ .

Сабақтың тақырыбы: Жер - Күн жүйесінің планетасы

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Түрлі тапсырмалар арқылы, оқушының ғарыш әлеміне деген қызығушылығы оянып, ғылымға, ізденіске деген көзқарасының қалыптасуына жағдай жасау.

ә) Білімділік: Ғарыш әлемі туралы білім алып, ең маңызды түйіндерді сызбаларға салуға, өз бетінше жұмыс жасауға, ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік беру.

б) Дамытушылық: Жер шары, аспан планетасы туралы білімдері қалыптасып, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға бағыт-бағдар беру.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгерту сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, жұмбақ, өлең.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Топтарға бөліну.

II. Жаңа білімге бағыттау.

Бірінші кезең: Мақсаты: жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгеру.

Өлеңді жаттап алыңыздар.

Түнде де, күндіз де,
Тілдесем жұлдызбен.
Күнді де тексеріп,
Күнделік жүргізем.
Бағдарлап ғарышты,
Зерттеген Марсты,
Астроном ағамдай
Барлаймын алысты.

Ә. Табылды

1.Астроном-ғалым дегеніміз кім?

2. Астрономдар нені зерттейді?

Олай болатын болса бүгінгі сабағымыз, ғарыш әлемі туралы болмақ.

III.Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау. (Мәтінді, толығымен жеке оқып шығу. Мәтінді бөліктерге бөліп, топтарға беру. Мәтін бөліктерін оқып болып, түсінгендерін ортаға салады).

Жер - Күн жүйесінің планетасы

Жер - күн жүйесіндегі тоғыз ғаламшардың бірі. Жер - әлем денесі. Күн жүйесі - орасан зор жұлдыздар шоғырының (150млрд. мөлшерінде) бір бөлігі, ол Галактика деп аталады. Жерді қоршаған бүкіл дүние - әлем немесе ғарыш деп аталады.

Күн жүйесіне: Күн, тоғыз ірі ғаламшар және олардың серіктестері, астероидтар (кіші ғаламшарлар), кометалар және метеор денелер енеді.

Күн жүйесіне тоғыз ірі ғаламшар: Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон және қуатты телескоп арқылы бақылауға болатын 1600-ден астам кіші ғаламшарлар енеді. Кіші ғаламшарлардың көпшілігінің орбиталары Марс пен Юпитер орбиталарының аралығында жатады.

Физикалық қасиеттері жағынан Жерге ең ұқсас ғаламшарлар - Марс және Шолпан.

Ай - Жер серігі. Ай диаметрі Жер диаметрінің 0,027-сіне тең, ал массасы Жердікінен 82 есе кіші. Жердің шар тәрізділігінің дәлелділігі

Жазық жерде тұрып, айналаға қараған адамға Жер беті тегіс сияқты болып көрінеді. Оны жан-жағынан шеңбер түріндегі көкжиек сызығы шектеп тұрады. Шынында да, ертедегі адамдар Жер тегіс, оның үстіне аспан күмбезі төңкеріліп қойылған деп білген. Күмбезге Күн, Ай және сансыз көп жұлдыздар бекітілген деп түсінген. Олар бір бағытта жүре берген, адам Жердің шетіне жететініне күмән келтірмеген. Ежелгі заманда осындай көріністі бейнелейтін суреттер шіркеу қабырғаларынан жиі орын алған.

Орта ғасырдағы дүниежүзін айналған саяхатшылар Жердің шар тәріздес екендігі туралы жаңа нақтылы дәлелдер әкелді. Еуропадан шыққан теңізшілер үнемі шығыстан батысқа қарай жүзіп отырып, өзінің шыққан жеріне қарсы жақтан қайтып оралған.

Жердің шар тәріздес екендігінің мұнан да басқа дәлелдері бар. Ашық теңізде немесе тегіс жазықта көрінерлік көкжиек дөңгелек пішіндес келеді. Сонымен бірге бақылаушы адам биікке көтерілген сайын көкжиек сызығы алыстай береді.

Жердің тәуліктік айналуы

Адамдар ерте заманда аспан аясының қозғалатынын сияқты болып көрінетінін шындыққа балаған. XVII ғасырдан бастап, Галилейдің ашқан жаңалықтарының арасында жұрт, күнді айналып жүрген жер, ғаламшарлар мен жұлдыздар емес, қайта жер батыстан шығысқа қарай өз осімен айналып, 24 сағатта бір рет айналым жасайтындығын білді. Күннің түнге алмасу себебі - жердің осі тәулігіне бір айналым жасайды.

Жердің жылдық айналуы

Жер Күнді бір жылда айналып өтеді. Күншуақ немесе тропиктік жыл 365 тәулік 5 сағат 48 мин. 46секундқа тең Қолайлы болу үшін үш жылды 365 тәулікпен, ал төртінші жылды 366 тәулікпен есептейді, бұл жылды толық жыл деп атайды.

Жер Күнді 30км/сек. жылдамдықпен айналады. Жер осінің көлбеулігінен күн мен түн өзара тең болмайды. Жазғы күн тоқырауы - 22 маусым күні жарық пен көлеңке шегі Жер үстінен оңтүстікке қарағанда солтүстік жартышарға жарығын мол түсіре өтетін болғандықтан, Күн сәулесі солтүстік тропикке тіп-тіке түседі. 22 маусым күні солтүстік жартышарда күннің ұзақтығы түннен ұзағырақ, ал бұл уақытта солтүстік поляр шеңберінде Күн көкжиекке батпағандықтан поляр күні болады. Солтүстік жарты шарға күн мол түседі. Солтүстік жартышарда жаз басталғанда, оңтүстікте қыс болады.

Қысқы күн тоқырауы - 23 желтоқсан күні солтүстік жартышардың көп жеріне көлеңке түсіп тұрады, ал оңтүстік поляр шеңберінің ар жағында поляр түні басталады. Күн көкжиектен көрінбейді. Бұл кезде солтүстік жартышарда жыл маусымындағы түн күндізгіден ұзағырақ болады. Күн сәулелері оңтүстік тропикке тіке түседі де, оңтүстік жартышарда жаз, солтүстікте қыс болады.

Көктемгі және күзгі күн мен түннің теңелуі. 21 наурыз бен 23 қыркүйек күндері жарық пен көлеңке шектері меридиандарды бойлап өтеді, демек, бүкіл жер жүзінде күн мен түн болады. Сәуле тік экваторға түседі. Екі жартышар да жарық жылуды бірдей мөлшерде қабылдайды.

Сұрақтар:

1. Мәтінді оқып не түсіндіңіздер?
2. Не себепті Жер - Күн жүйесінің планетасы дейміз?
3. Күн жүйесінің тоғыз ғаламшарларын атаңыз.
4. Жердің шар тәріздес екенін тағы да қалай дәлелдеуге болады?
5. Жердің тәуліктік айналуы мен жылдық айналуы арасында қандай айырмашылық бар деп ойлайсыздар?

Тапсырма.

Сұрақтарды негізге ала отырып мәтінді сатылай кешенді талдау. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады. Форма: Ұжымдық).


IV. Дәптермен жұмыс.

Үлгі:

Тақырыбы: Жер - Күн жүйесінің планетасы

1. Анықтама. Жер - күн жүйесіндегі тоғыз ғаламшардың бірі. Жер - әлем денесі.

2. Тану. 2.1 Күн жүйесіндегі ғаламшарлар



2.2 Жер ғаламшарының Күн жүйесін айналуы. Жер Күнді бір жылда айналып өтеді. Күншуақ немесе тропиктік жыл 365 тәулік 5 сағат 48 мин. 46секундқа тең қолайлы болу үшін үш жылды 365 тәулікпен, ал төртінші жылды 366 тәулікпен есептейді, бұл жылды толық жыл деп атайды.....

2.3 Ертедегі жер ғаламшары туралы түсінік.

Жазық жерде тұрып, айналаға қараған адамға Жер беті тегіс сияқты болып көрінеді. Оны жан-жағынан шеңбер түріндегі көкжиек сызығы шектеп тұрады. Шынында да, ертедегі адамдар Жер тегіс, оның үстіне аспан күмбезі төңкеріліп қойылған деп білген. Күмбезге Күн, Ай және сансыз көп жұлдыздар бекітілген деп түсінген.....

3. Ерекшелігі. Тіршілік тек жер ғаламшарында ғана бар.

4. Салыстыру. Ай мен Жерді салыстыру.

1. Ұқсастығы: Екеуі де планета, пішіні ұқсас.

2. Айырмашылығы: Ай планетасында тіршілік жоқ, себебі ауа жоқ. Жерде тіршілік бар, себебі ауа бар.

Ай диаметрі Жер диаметрінің 0,027-сіне тең, ал массасы Жердікінен 82 есе кіші.

5. Қорытынды. Қазіргі кезде ғарышты игеру тез алға басуда. Азғана уақытта Жер төңірегіне екі мыңға жуық жасанды серік ұшырылды. Ғарыш құрал-жабдықтары Жердің табиғи серігі - Айды зерттей бастады.....

V. Сергіту сәті.

VI. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.

Тапсырмалар орындау.

Жұмбақты шешіңіздер.

- Бір зат бар дүниеде құшағы кең,
Ұшқан құс, жүгірген аң бәріне тең.
Адамзат, жан-жануар арасында
Мәңгілік өсіп-өніп өмір сүрген. (Жер)
- Біреудің бір ұлы бар және қызы,

Біледі ол екеуін дүние жүзі.
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,
Жүргенде білінбейді басқан ізі. (Күн мен Ай)

Жұптық жұмыс. Жер, Күн, Ай тақырыптарын сатылай кешенді талдайды. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері орындалады).

VII. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық жұмыс. Жеке жұмыс.

Диктант жазу.

1. Жердің жалғыз серігі -
2. Жерге ең жақын жұлдыз -
3. Күн жүйесінде ғаламшар бар. Олар:
4. Күн жүйесіндегі ең үлкен ғаламшар -

VIII. Рефлексия.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

X. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді ауызша талдауға жаттығу. «Шолпан» ғаламшарын сатылай кешенді талдап келу.

12-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Жергілікті жерді бағдарлау тақырыбын қайталау

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Түрлі тапсырмалар арқылы, сауаттылыққа, тапқырлыққа баулу.

ә) Білімділік: Оқушылардың білімдерін, оларды тікелей өмірде қолдана білуін тексеру, оларды одан әрі жетілдіру, дамыту жолдарын белгілеу.

б) Дамытушылық: Дүниетанымдары, ойлау қабілеттерінің дамуына және ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға бағыт-бағдар беру.

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, жұмбақ, өлең.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, сурет, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Бірінші кезең: Мақсаты: Өткен материалдарды еске түсіру, алған білімдерін тереңдету.

II. Тірек білімдерін қетілдіру

Тірек тапсырма: «Ребусты шешіңіздер»

Көк жиырма”” “көкек (көкжиек)

Ойын: «Менің ұнататын түсім» Мақсаты: Алған білімін кез келген сәтте дәлеледей білуге жетелеу.

Шарты: Оқушылар тақтада ілулі тұрған түрлі-түсті стикердің біреуін (жақсы көрген түсін) таңдап алады. Стикерде ребустың шешуіндегі тақырыпқа байланысты сатылай кешенді талдаудың кез келген сатысы сұралады. (1,2,3,4,5,.....). Оқушылар тізбектеліп тұрып сұрағына жауап береді.

Мысалы: Көкжиектің ерекшелігін дәлелдеңіз, салыстырыңыз немесе анықтамасын айтыңыз, т.б.

III. Алған білімдерін зерделеу.

Екінші кезең: Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

2-тапсырма. Жеке жұмыс.

а) «Жергілікті жерді бағдарлау» тақырыбына диктант жазу.

1. Бақылаушының төңірегіндегі бүкіл көрініп тұратын жер деп аталады. (көкжиек)

2. Аспан күмбезінің жер бетіне түсетін сияқты болып көрінетін жеріндегі болжам сызық деп аталады. (көкжиек сызығы)

3. Бұл сызық бізге көрінетін жерді тұрады. (шектеп)

4. Өзінің тұрған жеріне қарай көкжиек тұстарын анықтауды дейді. (бағдарлау)

5. Адамдар ертеден-ақ дәл, талтүсте күннің тұратынын (оңтүстікте), ал сол кезде заттардың көлеңкесі қарай түсетінін байқаған. (солтүстікке)

6. Жергілікті жерде бағдарлау және жүретін бағытты дәл өлшеп отыру үшін құралды қолданады. (тұс бағар)

7. Жер бетінің қағазға кішірейтіліп түсірілген бейнесін деп атайды. (сұлба)

8. Жер бетінің қағазға өте кішірейтіліп салынған бейнесін деп атайды. (географиялық карта)

ә) Берілген диктантың шартты белгілерін анықтаңыз.

Мен тұрамын, ол орман ішінде орналасқан. Біздің үйді

коршап тұр, қаламен байланысады. Ауылдың

шетінде бар.

IV. Сергіту сәті.

3-тапсырма. Тақтаға 1,2,3 сандары жазылған қима қағаздарды ілу.

Үш парта үш санның бірін тандап алады. Қима қағазда «сұлба», «тұс бағар», «көкжиек» деп жазылған. Сол тақырыптарды сатылай кешенді талдап жазады. (Мысалы, 1-партадағы оқушылар «тұс бағар» тақырыбын таңдаса, сол тақырыпты әр бір оқушы, әр сатысын талдап жазады. Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері орындалады).

V. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** Білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Шығармашылық жұмыс.

«Менің ауылым» тақырыбына эссе жазу. Сурет салуға, өлең жазуға да болады.

VI.Рефлексия.

VII.Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

VIII.Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді ауызша талдауға жаттығу.

13-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Пайдалы қазбалар

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Түрлі тапсырмалар арқылы, жер байлығын бағалауға, оны қорғауға баулу.

ә)Білімділік: Пайдалы қазбалар, олардың түрлері және пайдасы туралы білім алып, қажетті түйіндерді тірек сызбаға салып талдауға, мәнін түсінуге жетелеу.

б) Дамытушылық: Ойлану,пікірталастыру, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға бағыт-бағдар беру.

Сабақтың түрі: Жаңа материалды меңгеру сабағы.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, жұмбақ,

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, математика, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

II. Жаңа білімге бағыттау

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** Жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту.

Тірек тапсырма: Төмендегі кестеде сандар мен әріптер жазылған. Тақ сандардың астындағы әріптерді ретімен біріктіріп жазыңыз, ал жұп санның астындағы әріптерді де дәл солай жазыңыз. Жаңа сабақтың тақырыбы шығады.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
П	қ	а	а	й	з	д	б	а	а	л	л	ы	а		р

(Пайдалы қазбалар)

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** Дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.

(Мәтінді, толық, жеке оқып шығу. Мәтінді бөліктерге бөліп, топтарға беру.

Топта талқылау және баяндау. Топтар бір-біріне туындаған сұрақтарын қоюға болады. Топтар бірін-бірі бағалайды).

Пайдалы қазбалар

Пайдалы қазбалар органикалық және бейорганикалық заттардан пайда болады. Халық шаруашылығында олар табиғи немесе өңделген (темір кені) күйінде пайдалануы мүмкін. Олар сұйық, қатты, газ тәріздес болып келеді. Пайдалы қазбалардың негізгі үш тобы бар:

1. Кенді пайдалы қазбалар (темір, мыс, қорғасын, алтын);
2. Жанғыш пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ);
3. Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар (фосфорит, мәрмәр, әктас, тұз).

Пайдалы қазбалар жердің әр қабатында әр түрлі тереңдіктерде болады. Осыған байланысты олардың кендерін шахталар мен кеншілерден немесе ашық тәсілмен карьерлерден өндіреді.

Саз және құм. Табиғатта құм жиі кездеседі. Ол сары, ақ, көкшіл басқа түсте де болады. Құм тайызда жатады, сондықтан оны ашық әдіспен өндіреді. Сазды да ашық әдіспен өндіреді. Саз қызыл, ақ, көгілдір түсті болады. Саздан кірпіш жасайды. Мәскеудегі Кремльдің қызыл алаңы кірпіштен салынған. Саздан шыны аяқ, табақшалар жасайды. Боксит сазымен алюминий балқытады.

Гранит - қызыл, ақ, сұр түсті кездеседі. Ол жер астында тереңірек және жер бетінде де жатады. Оны өндіру үшін машинамен бұрғылап қуыс жасайды да, оған қопарғыш қояды. Тек өте күшті жарылыс болғанда ғана гранит бөлшектенеді. Граниттен ескерткіштер жасайды, метростанциялар мен үйлерді қаптайтайды.

Мәрмәр - әктастар мен доломиттердің өзгеруі нәтижесінде түзілген кристалды тау жынысы. Ақ, сұр, қызыл, қызғылт және басқа да түсті

болады. Мәрмәрді тас кескіш және бұрғылағыш машиналар арқылы карьерден қазып алады. Ол құрылыста пайдаланылады.

Мұнай - сұрғұлт қоңыр, қоңыр және қара түсті, сұйық, жанғыш зат. Ол күкірт, азот және оттегінен пайда болған. Мұнай жердің терең қабатында жатады. Бұрғы қондырған машина жерді бұрғылап мұнай жатқан қабатқа дейін ұңғыма (скважина) қазады. Қазылған ұңғымаларға құбырлар қойылады. Оны бойлап, мұнай жер бетіне көтеріледі. Мұнайды қоймаға жинайды, цистернаға құйып, темір жолдармен тасиды. Мұнайдан алынатын негізгі өнімдер - сұйық отын (бензин, керосин, машина майлайтын майлар). Мұнайдан спирт, пластмасса, жуғыш заттар өндіреді. Мұнайдан синтетикалық жіп алады, ол жіптен мата тоқылады. Дастархан, полиэтилиннен жасалған пленкалар мұнайдан шығады. Мұнай - өте бағалы пайдалы қазба.

Тас көмірдің түсі қара, жақсы жанады, жылуды көп береді. Ол қатты тасқа ұқсас. Отын ретінде және химиялық шикізат есебінде пайдаланылады. Тас көмірден смола, бояу, дәрі-дәрмек, нафталин, пластмасса, капрон алынады. Тас көмір жердің терең қойнауында жатады. Оны өндіру үшін шойын орнатады. Қазақстанның солтүстік-шығысында Қарағанды көмір бассейні бар. Көмір қара, қоңыр тас және антрацит деп үшке бөлінеді.

Шымтезек батпақта шала шіріген өсімдік қалдықтарынан түзіледі. Құрғақ шымтезек - отын, төсеніш, тыңайтқыш. Шымтезектен спирт, сіркесу, газ, кокс алынады. Оны өндіретін жерді құрғатады, содан кейін машинамен өсімдіктерді жинайды, ұнтақтайды, кептіреді, сосын техникамен жинайды.

Темір және алюминий кендері. Темір кені тастай қатты болады, түсі қоңыр немесе қызыл. Жердің әртүрлі тереңдігінде жатады. Темір тұрмысқа қажетті құралдар алу үшін қолданылады. Адам ағзасында 4 грамдай темір болады.

Шойын мен болат тұрмыста, өнекәсіпте, транспортта қолданылады. Болат пышақ, қасық, қайшы жасайды.

Алюминий кені бокситтен алынады. Бұл - өте жеңіл металл. Ұшақ, ине, қасық, шанышқы, ыдыстар жасауда пайдаланылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Пайдалы қазбалар дегеніміз не?
 2. Пайдалы қазбалардың түрлері.....?
 3. Қасиеттері қандай?
 4. Ерекшелігі....?
 5. Олардың бір-бірінен айырмашылығы....?
 6. Маңызы немесе пайдасы....?
 7. Пайдалы қазбалар жөнінде қандай проблемалар туындайды деп ойлайсыз? Оны қалай шешуге болады?
 8. Қалай қорытындылайсыз?
- Жоғарыдағы сұрақтарды негізге ала отырып, тақырыпқа сатылай кешенді талдау жасау.

IV. Топтық жұмыс.

Оқушылар топтасып, жылдам мәтінді сатылай кешенді талдайды. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асырылады.)

Үлгі:

Тақырыбы: Пайдалы қазбалар



1. Анықтама. Пайдалы қазбалар - жер қойнында кездесетін табиғи минералдық заттар болып табылады. Олар қазып алынады.

2. Тану. Пайдалы қазбалар органикалық және бейорганикалық заттардан пайда болады. Халық шаруашылығында олар табиғи немесе өңделген (темір кені) күйінде пайдалануы мүмкін. Олар сұйық, қатты, газ тәріздес болып келеді. Пайдалы қазбалардың негізгі үш тобы бар:

1. Кенді пайдалы қазбалар (темір, мыс, қорғасын, алтын);
2. Жанғыш пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ);
3. Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар (фосфорит, мәрмәр, әктас, тұз).....

3. Қасиеттері. Олар сұйық, қатты, газ тәріздес болып келеді.....

4. Пайдалы қазбаларды өндіру. Пайдалы қазбалар жердің әр қабатында әр түрлі тереңдіктерде болады. Осыған байланысты олардың кендерін шахталар мен кеншілерден немесе ашық тәсілмен карьерлерден өндіреді.....

5. Салыстыру. Қарағанды көмірі мен Екібастұз.

1. Ұқсастығы: екеуі де көмір кені.
2. Қарағанды көмір бассейні шахталы әдіспен, ал Екібастұз көмірі ашық әдіспен өндірілді.

6. Маңызы. Пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызы өте зор.....

7. Қорғау. Жер байлығын үнемдеп пайдалануымыз қажет.....

8. Қорытынды. Табиғат - біздің байлығымыз.....

V. Сергіту сәті.

VI. Алған білімдерін зерделеу

Тапсырмалар орындау. Жеке жұмыс.

1. Өз туған жерлеріңізде кездесетін пайдалы қазбалардың түрлерімен танысып, қасиеттерін, қолданылуын кестеге түсіріңіздер.

Пайдалы қазбаның түрі	Қасиеттері	Қолданылуы

2. Мақалды түсініп оқып, мағынасын ашыңыздар

Тақырыпқа байланысты тағы да қандай мақал-мәтелдер білесіздер?

1. Жер – қазына,
Саусаң да таусылмайды.

2. Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.

VII. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жұптық жұмыс. Тас көмір, мұнай, мәрмәр тақырыптарын сатылай кешенді талдайды. (Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері орындалады.)

VIII. Рефлексия.

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

X. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді ауызша талдауға жаттығу.

14-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Қоғам. Ауыл - тәрбие көзі. Әдет-ғұрыптар

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Түрлі тапсырмалар арқылы, оқушыларды имандылыққа, кішіпейілділікке, сыпайылыққа баулу.

ә) Білімділік: Оқушыларды ауыл тұрмысымен таныстырып, тәрбие жолдарын түсінуге жағдай жасау.

б) Дамытушылық: Ой-өрісін, алған білімдерін іс жүзінде қолдана алуға мүмкіндік туғызу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Оқыту формалары: Жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: Сызба, жұмбақ.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, математика, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Ескерту: Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады. Мұғалім тапсырманың деңгейіне қарай ұпайды және уақытты алдын ала белгілеп береді. Оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі және топтық бағалай алады.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Өлеңді жаттап алыңыздар.

Құрметтеймін атамды,

Ардақтаймын анамды.

Көкемді жақсы көремін,

Үнемі көмек беремін.

Үлкенді сыйлау - кішілік.

Үлгілі мінез - кішілік.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Бірінші кезең: Өткен материалдарды еске түсіру. **Мақсаты:** жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. **Тірек тапсырма:** Білім алушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс.

Мәтінді сатылай кешенді талдау. («Тірек сызба» ойыны арқылы ауызша талдатуға болады. Топтағы оқушылар тірек сызба болып тұрады, талдауды бірін-бірі жалғастырып айтады).

Жұмыстары талқыланып, бір-біріне сұрақтар қояды.

Ой қозғау

Мақалды түсініп оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

- Балапан ұяда не көрсе,
 Ұшқанда соны істейді.

- Әкең - асыл қазынаң,
 Аға-іні - асқар тауың.
 Ал, досың - әрі асқар тауың,
 Әрі асыл қазынаң.

- Атадан - өсиет,
 Анадан - қасиет.

- Ата - балаға сыншы.

Сұрақтар:

1. Мақал-мәтелдерде не туралы айтылған?
2. Қандай ой түйдіңіз?

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Ауыл - тәрбие көзі» деп аталады.

Мақал-мәтелдердің бүгінгі тақырыбымызға қандай қатысы бар деп ойлайсыз? «Ауылдағы тәрбие көзі» дегенді қалай түсінесіздер?

III. Жаңа сабақ

Екінші кезең: Жаңа білімді меңгеру. **Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

Қосымша әдебиетпен жұмыс.

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тірек сызба бойынша жұмыс жасау.
(Мәтінді оқушылар жеке-жеке оқып шығады).

Әңгіме

Бесін кезі еді. Ас бөлмесіндегі дөңгелек үстелдің басында Асан ағай Есен атаймен әңгіме-дүкен құрып отырған. Оқушы бала Оспан есіктен ентіге еніп, едіреңдеп сөйлейді:

- Әке, Сіз маймылжың әңгіменің майын ішеді деп Есен атама күлуші едіңіз, енді өзіңіз

- Не айтайын деп едің балам?

- Мен сабаққа дайындаламын, өгізді өзің суар.

Кешінде, төргі бөлмеде оңашада ойға батып отырған Оспанға Асан ағай күлімдеп сөзін айтты:

- Балам, бағана кісінің көзінше кідіреңдеп мінез көрсеттің-ау!

- Ой қойыңызшы, осы мен не істедім сонша.

- Үлкен кісінің алдында әдеп сақта, балам. Әдептілік адам баласының абыройын арттырады. Адамға адыраңдамай ақырын сөйле. Әкеге әкіреңдеп, шешеге шекіреңдеп сөйлеген бала жақсы бала емес. Кісіге сөйлегенде ілтипатпен, иман жүзінді бұзбай сыйласым көрсет.

- Құнды сөзіңіз құлағыма қонды, әке, әдепті болу - борышым.

Сұрақтар:

1.Әдеп сақтау деген сөзді қалай түсінесіздер?

2.Үлкен адамның алдында әдеп сақтау дегеніміз не?

3. Тәрбиеге байланысты қандай тыйым сөздерді білесіздер?

Естеріңізде болсын!

Суға түкірме.

Сүтті төкпе.

Дастарханнан аттама.

Үлкеннің жолын кеспе.

Есікке керіліп тұрма.

Бар нәрсені жоқ деме.

Әкеге әкіреңдеме.

Қазақтың осы тыйым рәсімдерін орындасаңыздар, әдепті, қарапайым және иманды боласыздар!

Қазақтың қандай әдет-ғұрыптарын білесіздер?

Қазір сіздер тұсау кесу рәсімдерімен танысасыздар.

Тұсау кесу

Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары: метр жарым ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тұсау кесу тойына ауылдың қыз-келіншек, бәбішелері түгел шақырылады. Ет салып, шай қайнатылады. Тойға келгендер шашу алып келеді. Баланың шешесі шаруаға икемді, елден пысық әйелдердің біріне қайшы мен жіпті ұстатып, баласының тұсауын кесуді ұсынады. Тұсау кесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жіппен тұсау салып жатып:

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Тақымыңды жаз балам,

Қадамыңды қарайық,

Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырынды түре ғой,
Тай, құлын боп шаба ғой,
Оқып бәйге ала ғой,
Қаз баса ғой қарағым,
Құтты болсын қадамың, -

деп өлеңдете отырып тұсау жіпті қайшымен қияды да баланы 3-4 аттатады.
Тұсау кескен әйелге көйлек немесе аяқ киім сыйлайды.

Сұрақтар.


1. Қазақтың салт-дәстүрлерін атаңыз.
2. Тыйым сөздерді атаңыз.
3. Қандай бесік жырларын білесіздер?
4. Әдеп сақтау дегенді қалай түсінесіз?
5. Үлкен кісілерге Сіз деп сөйлей ме, әлде сен деп сөйлей ме?
6. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіздер?

IV. Дәптермен жұмыс. (Жазбаша орындап, сосын ойындар арқылы ауызша талдауға болады).

Форма: Ұжымдық

Төмендегі сызба бойынша сатылай кешенді талдап жазыңыз.

Үлгі.



V. Алған білімдерін зерделеу.

Тапсырмалар орындау.

Жұмбақ шешіп көрейік.

1. Бір нәрсе бес буынды, тиегі бар,
Темірден салбыраған иегі бар.
Болғанда бірі қолда, бірі белде,
Адамға әрқашанда керегі бар. (Ер-тоқым)
2. Бір жыланды таяққа іліп алдым,
Ерге қона, пайдасын біліп алдым. (Қамшы)
3. Аяғыңнан алады,
Көтеріп ерге салады. (Үзеңгі)

Жұмбақтың жауабындағы заттар ненің әбзелдері?

Жұптық жұмыс.

«Қамшыны» сатылай кешенді талдап жазады. (Жазылым, айтылым және тыңдалым әрекеттері орындалады).

V. Бекіту.

Үшінші кезең: Бекіту. **Мақсаты:** білім алушылар өтілген материал жайлы ойтолғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады, өз бағасын береді.

Жеке жұмыс. Бүгінгі тақырыпқа байланысты ойтолғау жазу.

VI. Рефлексия.

Бағалау. Өзін-өзі бағалайды.

VII. Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәліметтер іздеу. Мәтінді сатылай кешенді талдауға жаттығу.

15-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Өзінді-өзің тексер!

Сабақтың мақсаты:

а) Тәрбиелік: Нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге, адамгершілікке және іскерлікке жетелеу.

ә) Білімділік: Өтілген тақырыптар бойынша білімдеріндегі олқылықтарды анықтау, білім, білік, дағдыларының деңгейін тексеру.

б) Дамытушылық: Есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау, шығармашылық жұмыстар атқаруға жағдай туғызу.

Сабақтың технологиясы: Сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: Білімді есепке алу сабағы.

Оқыту формалары: Жеке, дербес тұрғыда орындау.

Көрнекілігі: Тірек сызба.

Пәнаралық байланыс: Ана тілі, қазақ тілі.

Техникалық құралдар: Интерактивті тақта, компьютер.

Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сабаққа бағыттау.

Сыныпта жағымды атмосфера орнату.

II. Сабақтың барысы

Тапсырмалармен таныстыру.

Деңгейлік тапсырмалар: Дербес, жеке, жазбаша орындайды.

2-деңгей:

1. Сұрақтар

2. Толық жазылым

3. Диалог (Ауызша айтылым)

4. Тестік тапсырмалар (толықтыру тесті, ашық тест)

Форма: жеке жұмыс.

Бағалау: Экранда дұрыс талдау үлгісі тұрады. Үлгіге қарап өз жұмысын тексереді. Өзін-өзі бағалайды.

Бағалау көрсеткіші: Қатесіз жұмысқа -5; 1-2 қатеге – 4;

Ескерту: Білім алушыларды партаға тізбектеп отырғызу, оларды екі нұсқаға бөлу.

III. Алған білімдерін амалда қолдану, зерделеу.

1-тапсырма. Сұрақ-жауап.

1-нұсқа.

- 1.Бұлшық еттің қызметі.....?
- 2.Күн жүйесіне енетін аспан денелерін атап шығыңыз.
- 3.Галактика неден тұрады?
- 4.Көкжиек дегеніміз не?
- 5.Бағдарлау дегеніміз не?
- 6.Қандай тау жыныстары пайдалы қазбалар деп аталады?

2-нұсқа.

- 1.Ең ұзын бұлшық ет
- 2.Ғарыш деп нені айтады?
3. Біздің заманымызда ғарыш қалай зерттеледі?
- 4.Көкжиек сызығы дегеніміз не?
- 5.Сұлба дегеніміз не?
- 6.Тас көмірдің қандай қасиеттері бар, оны антрацит пен қоңыр көмірден қалай ажыратуға болады?

2-тапсырма. Жұмбақты шешіңіздер. (Жұмбақтың шешуіндегі затты толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдаңыздар)

1-нұсқа.

Аспай піскен,
Қайнамай түскен. (Жеміс)

Тірек сызба үлгісі:



2-нұсқа.

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,

Балшықтан үй салады. (Қарлығаш)

3-тапсырма. Жұптық форма. Диалог құру арқылы талдау.

Суретпен жұмыс. «Өз үйіңді тап» ойыны. Үй және жабайы жануарлардың суреттерін араластырып қою. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды екі топқа бөлу. Біріккен жұптар қалаған жануарды сатылай кешенді талдайды. (Диалог. «Арқан тартыс» немесе «Телефон» ойындары арқылы талдайды.)

Мысалы:

Үлгі:

Тақырыбы: Жылқы

1. Анықтама.

- Жылқы қандай мал?
- Жылқы – үй жануары.
- Неге?
- Себебі, жылқы – төрт түліктің бірі, адамның күтіп-баптауын қажетсінетін жануар.

2. Тану.

- Жылқыны қалай тануға болады?
- Жылқы - малдың патшасы.
- Неге?
- Себебі, қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал – жылқы.
- Қандай түрлері бар?
- Оны жасына, түріне қарай құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, дөнен, қулық, бесті, бие, ат, сәурік, айғыр, деп ажыратады. Бұрынғы ел қорғаған батырлар жылқы ішіндегі таңдаулыларын жорға, сужорға, жүйрік, тұлпар, қазанат, сәйгүлік, наз бедеу, дүлдүл, арғымақ деп сипаттап, ерекше дәріппен бағалаған.

3. Ерекшелігі.

- Жылқының ерекшелігі қандай?
- Жылқының өті болмайды.

4. Пайдасы.

- Жылқының қандай пайдасы бар?
- Жылқы малының адам баласы үшін пайдасы өте зор.
- Неге?
- Себебі, жылқының еті жесек тағам, сүті, ішсек сусын. Терісі киім. Мінсең көлік.

5. Қорытынды.

- Қандай қорытынды жасауға болады?
- Жылқы малын көбеюіне жағдай жасауымыз қажет.
- Өзің қалай үлес қосар едің?
- Болашақта жылқының асыл тұқымдарын көбейтуге арналған жеке фермамды соғамын.....

IV. Сергіту сәті.

4-тапсырма. Тест тапсырмалары.

1-нұсқа.

1.Кенді пайдалы қазбалар:

- а) Темір,мыс,мәрмәр
- ә) Тұз,кұм,мәрмәр
- б) Гранит,әктас,саз
- в) Шымтезек, көмір, мұнай

2.Жердің пішінін, оның кішірейтілген үлгісін неден көруге болады?

- а) Карта
- ә) Глобус
- б) Сұлба
- в) Барлығы да дұрыс

3.Бетіңізді батысқа беріп тұрғанда оң жағыңызда көкжиектің қай тұсы болады?

- а) Оңтүстік
- ә) Солтүстік
- б) Батыс
- в) Шығыс

4.Бүкіл жер бетін қайдан көруге болады?

- а) Глобус
- ә) Карта
- б) Сұлба
- в) Барлығы да дұрыс

5.Күнге ең жақын орналасқан жұлдыз:

- а) Меркурий
- ә) Жер
- б) Марс
- в) Шолпан

6.Жер күнді қандай жылдамдықпен айналады?

- а) 70км/сағ.
- ә) 60км/сағ.
- б) 50км/сағ.
- в) 30км/сағ.

7.Жыл мезгілдері не себептен өзгереді?

- а) Жердің өз кіндігінен айналуы
- ә) Жердің күнді айналуы
- б) Жерді Күннің айналып шығуы
- в) Жердің Күнді айналып шығуы

8.Оңтүстік Америкада қыс болғанда Австралияда жылдың қай мезгілі болады?

- а) Жаз
- ә) Күз
- б) Қыс
- в) Көктем

2-нұсқа.

1. Мұнай мен газдың қоры қай аймақтарда шоғырланған?

- а) Торғай, Павлодар
- ә) Солтүстік Қазақстан, Қарағанды
- б) Атырау, Орал
- в) Маңғыстау

2. Құмырсқа илеуін түбірлер мен ағаштардың қай жағына салады?

- а) Оңтүстік
- ә) Солтүстік
- б) Батыс
- в) Шығыс

3. Көкжиектің күн шығатын тұсын қалай атаймыз?

- а) Оңтүстік
- ә) Солтүстік
- б) Батыс
- в) Шығыс

4. Жер бетінің жазық, өте кішірейтілген бейнесін не деп атайды?

- а) Глобус
- ә) Карта
- б) сұлба
- в) Барлығы да дұрыс

5. Ғарышқа алғашқы рет кім ұшты?

- а) Т. Мұсабаев
- ә) Т. Әубәкіров
- б) Ю. Гагарин
- в) В. Терешкова

6. Күннің түнге алмасу себебі неде?

- а) Жерді Күннің айналып шығуы
- ә) Жердің өз кіндігінен айналуы
- б) Жерді жұлдыздар мен ғаламшарлар айналуы
- в) Жердің Күнді айналып шығуы

7. Солтүстік Америкада жаз болғанда, Оңтүстік Америкада жылдың қай мезгілі болады?

- а) Жаз
- ә) Күз
- б) Қыс
- в) Көктем

8. Қай күні Солтүстік жартышардың көп жеріне көлеңке түсіп тұрады, ал солтүстік поляр шеңберінің ар жағында поляр түні басталады?

Солтүстік жарты шарда түн күндізгіден ұзақ:

- а) 21 наурыз
- ә) 22 маусым
- б) 23 желтоқсан
- в) 23 қыркүйек

VI. Бекіту.

5-тапсырма. Шығармашылық тапсырма. Еркін тақырыптарға шығарма, эссе, ойтолғау жазу.

VII. Оқушы білімін бағалау. (Бағалау парағы арқылы).

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағлымы.—Алматы, “Ана тілі” баспасы, 1991 ж.—444 б.
2. Ж.Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағы. 4-том, — Алматы, «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1998 ж. — 446 б.
3. Ж.Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағы. 5-том, — Алматы, «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1999 ж. — 301 б.